

Тұрсынхан
БЕРДАЛИНА

ЖҮР
СИМАТЫ






Мурсинхан Жақыпқызы (Сембаевна)
БЕРДАЛУНА

ҒҰР СИНАМЫ

*Өлеңдер, әңгіме, хикаялар,
дастан*



Қарағанды, 2013

УДК 821.512.122
ББК 84 ҚАЗ-7
Б 45

**Б 45 Бердалина Т. Нұр сипаты. Өлеңдер, әңгіме, һикайалар,
дастан-4-кітап -246 б. – Қарағанды:«Tengri ltd», 2013.**

ISBN 978-601-7449-08-7

Тұрсынхан Бердалина елу жыл ұстаздықты жалғастырған “Еңбек ардагері”, ҚР Білім және Ғылым министрлігі марапатының иегері, Қазақстан Журналистер одағының, “Бейбітшілік Әлемі” халықаралық қазақ творчестволық бірлестігі Жазушылар одағының мүшесі.

Тұрсынхан қаламы жүйрік, сөз сарасы анық ақын, аудармашы, жазушы. Бұл кітабында көрген-білгенін, түйсініп сезінгенін өлең жолдарымен айшықтайды. Өмірден түйгені, ой мен пайымы жүректен жыр, һикайа, дастан болып шертіледі. Ақын жырлары Отан, туған жер, парасат, инабат, ілтифат, арман, тілек жөнінде сыр толғайды. Ұлт тілінің жаршысы, қорғаушысы. Қалқының өмір салтын, дәстүрін, қадір-қасиеттерін өлеңмен өрнектейді.

УДК 821.512.122
ББК 84 ҚАЗ-7

ISBN 978-601-7449-08-7

© Бердалина Т., 2013

СӨЗ БАСЫ

Ұлы Жаратушы Тәңір адамзатты Жер бетіне қадірлі қонақ етіп жаратып, жеті қабат Әлем сарайының төрінен орын бергенін бізге жеткен тарихнамалардан азды-көпті білеміз. Әр дәуірде арнайы елшілерін де жіберіп отырған дейді-міс.

Адамзатқа ақырғы елші болып Һазірет Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар келгенін ересек қауым білесіздер, әрине. Осы Мұхаммед пайғамбар әкелген Ісләм дінін таратуда сенімді серіктері болған және олар үлкен бағытгас болған екен. Сол Ісләм дінін қазіргі жетпіс-сексен жасты еңсергендер де терең біле берген жоқ, бірақ бір жақсысы ата-аналарымыздың оқыған намазы, бағыштаған құраны, қорқынышта астофиралла деп, дұрыстықта бисмилла, деп сыбырлап, күбірлеп отырғандарынан бір терең ұғым, мұсылманға қажетті тұжырымдар бар екенін сезініп, жүрек түкпіріне түйгендей едік. Сол сезім партианың да Ісләм дініндей адал, тәрбиелі болу керектігін мойындатумен болды. (Энгельс, Маркс, Гёте, Гегель, т.б. ғұламалар іслам дінін мойындаған, керек жерінде Ленин де үлгіге ұсынғаны анық). Аналарымыз ақжаулығын тастамай, бес уақыт намазын қаза қылмай, ғұсыл суын құйынып, бисмилләсіз дәм-суды ұстамай, ерді, үлкенді сыйлап, тәуірін құдайы қонаққа сақтап, өмір кешті емес пе.

Қандай қиындықты бастан кешсе де, аш-жалаңаш жүрсе де, Тәңірін ұмытқан емес. Содан да болар, Аллаһ жарылқап, Азаматтар ат салысып, бодандықтан босап, алдыңғы деңгейлі еркін мемлекеттің жолындамыз. Көк байрақтың астында бейбіт өмір тілейміз.

Ісләм дінінің негізгі мақсаты: адалдықты, парасаттылықты үйретіп, көкірекке иман егумен қатар адамзатты көркем мінезділікке баулитыны анық сөз. Ісләм дінін танудың, молырақ түсінудің арқасында ғылымның аса маңызды құрал екендігіне бой ұрудамыз. Ғылымы мен діні ғалымы мен ақыны жоқ ел алдыңғы лекте болуы мүмкін болмасы хақ. Саһабалардың өмір ұстанымын біліп, білім салаларына бойлаған сайын, ертеден-ақ қазақтың парасатты, көкірегі көркем ел болғаны айқындала түсуде. Арғы зұлматтарды айтпағанның өзінде, бергі жетпіс жылғы кеңестің кердеңдей басуы, жақсыны жоғалтып, жаманды жерлеуі түкке тұрғысыз өмір кештірді. Ол және оның жақтастары өз шаруаларын түгендеп, түкке тұрғысыз еңбегін бағалатып, омырауларын салпыншаққа толтыруға әуестенді (әрине адал еңбегімен алғандарды айтып отырғамыз жоқ қой. Басқа қойшының қойын қосып СЕЕ атағын алғанды да көргенбіз, ол үшін қой бақпаған басшы да

үлкен атақ алады). Ал бүкіл жұмысшы мен қызметкерлердің бірі ерке, бірі серке балаларын балабақша мен мектеп тәрбиелеп жатты, оларды марапаттау ойға келе бермеген.

Әсіресе қазақта жазу сызу болмаған,- деген қолмен қойғандай сөзге сеніп те, сенген болып та жүрдік емес пе, жоқ олай емес деуге шамасын келтірген жоқ. Айта берсек толып жатыр, осының бәрі ұлт үшін қорлық емей немене.

Ал енді тілге, сөзге келсек... айтарым көп, сізді жалықтырын алмайын деп те, деген ойда да отырмын. Тіпті мемлекет бола тұрып, мемлекеттік тілді алуымызға қаншама қарсылықтар болып бақты-ау.

Барды жоқ деп, болатынды болмайды деп, өздерін «аға» қылып, тілдерін қожа қылды емес пе. Әрине қай заманда да жақсы нәтижелі жұмыстар болатынын жоққа шығаруға болмас, адам жүрген жерде жақсылық пен нашарлықтың болуы ықтимал, тек, жақсы адамды айтып, жақсы шаруаны келешек қажетіне жарату міндет те. Рас құрлыс, т.б. жүріп жатыр, жаңалық шешімдермен жалғасуда. Ал сөз бен тіл қайда? Дәл осы заманда бұл екеуінің тоқырауы жақсылыққа апармайды. Сіздер құрлысшы емессіздер, сіздерге ешкім көп ақша бермейді. Сіздер қашаннан арзан, не тегін жұмыс жасадыңыздар, әлі де сол жолдан таймаған жөн болар. «Бір тиын шық,екі тиын кір», деген шот қаққыштар емессіздер. Сол кездегі тоқырап, құрып тұрған қазақ тілін өз дәрежесіненде жоғары менгеріп, өлең, роман жазып, өз тілін сүйген жандарды сусындатып отырған ақын, жазушыларға мың бір рақмет айтып, мүсіндесе де артық болмас.

Қазақтың тілі - көркем тіл, Қазақ тілін әдеби нұсқасымен сөйлегенде, тілден бал тамғандай сезінесіз. Өйткені қазақ сөзінің *мәні, жаны, әуезі* болады.

Мәні сол - жұмбақтап, мәтелдеп, ишаралап, түсініктеп, маңыздап айтуға, жеткізуге болады.

Жаны сол- жылтасың, күлдіресің, қажайсың, қағытасың, сөз түсінген адамды сөзбен өлтіріп, сөзбен тірілтуге болады. Жарынды мәпелеп, балаңды айналып, аңанды айалай аласың.

Әуезділігі сол – пай-пай, шіркін, деп әндетесің, ай- на -лай -ын, жа- ным, деп, әндете созып, мағұрланып, күлімдеп, шөп еткізіп, бетінен сүйіп, еш аспапсыз-ақ әуездетесің.

Қазақтың сөз байлығын, сөзінің құнарын, сөз саптауын, тілінің мағыналылығын,мәнін талай ақын, жазушы, ғалым айтып та кеткен, жазып та жатыр. Оның бәрін қайталау қажет болмас.

» *Негізгі айтпағым:* 1. Көшелер тезірек қазақ атауларды иеленсе; 2. Қала, өзен, т.б. атаулар өз атауымен аталса (Иртыш емес Есіл, с.с. Қарөткел, Кереку, Қызылжар, т.б. деген керемет әдемі атаулар ғой). 3. Жас-кәріміз компьютерді, шет тілдерін меңгере тұрып, қарым-қатыста, әсіресе мекемелерде таза қазақ тілінде сөйлесек! Бұл аса қиын да шаруа емес қой, тек бәтуа керек және тегін, құлықпен ғана істелетін жұмыстар. Талай жұмыстарды тегін-ақ жасаған едік қой.

Көше толған басқа ұлт есімдері. Басқа елде біздің адамдардың аты жоқ, бар болса санаулы ғана (Франция Абайды еледі, Әміренің жөні бар деп естімедім. Жазығымыз Крыловтан, Лермонтовтан, Пушкиннен Абайдың аударғаны ма? Олай болса Абай Мәскеуде Пушкиннің қасында неге тұрмасқа, біріне-бірі ой беріп, иә ой алып, дегендей. 4. Ойға түйткіл болып жүрген бір мәселе, қазақ сөзін неге қазақ әліпбиінің **h** әріпімен жазбасқа, уақыт жеткен сияқты. Алфавиттегі х, я, ю, щ, ь, ь әріп-белгілер тілге жанаспай-ақ тұрғанын әлі елемей, «көн тартса, қалпына» деп, жүріп жатырмыз. Өмірден үйренгеніміз осы ма? Мәселен: Саһара, гауһар, арһар, руһ, руһаниат, Һұзырқат (петиция), һұқ, жиһаз деу қажет; қазақ дейміз, неге қалық демейміз (халық емес), иаки, иағни (яки емес), ұйат, байан, қойан, ашшы, тұшшы, ... дегеніміз дұрыс болар. Ал Аллаһ атауын көпшілік қақала «**h**» әріпін баса айтып, жалғауды **h-ға** жалғап жүр. Құранға жүгінсек «**h**» ауада қалқып, естілер естілместей үн шығарып, жалғау **h**-дан бұрынғы әріпке жалғануға тиіс. Мыс: Аллаһға сыйыну, Аллаһны білу, -деген сияқты. Түптеп келгенде Қазақ әліпбиінің жиырма сегіз һаріпі қазақ сөзін жазып шыға алатынына кәміл сенім бар. Дәуірдің дәуреніне қарай, заман ағымымен сөздер де өзгеріп (өліп), жаңарып (туып) отыратыны айғақ. Қазақел, Жас Отан, деген сөздер келіп жатыр. Дұрыс айтылған сөзден бала да, үлкен де үлгі алады. Сондықтан әдеби тілде мәдениетті сөздермен көркем сөйлеуге тырысу әр қарт, әр жас қазақтың міндеті болса керек. Әсіресе теледидар жүргізушілері үлкен үлгі болуы керек. Олар асығып, бір сөзін қайталап, немесе синоним сөздермен әрлеген боп, екі қолдары жөнді жөнсіз ербендеп, қонақтар креслоны ырғап, қыздар аяқтарын айқастырып, өздері «бізге берілген уақыт бітіп барады деп үш-төрт қайталап, уақытты ұттырады, осының бәрі мәдениеттілікке жата ма? Қазақшасы бар сөзді орыс сөзімен айта салғаннан дүние дұрыстала ма. Бұл олардың аз оқитынын, біреу дайындап берген тақырыпшен жүре беретіндігін көрсетеді. Сыртқы көз сыншы деген емес пе,



мәселен, *проблема* сөзі эфирден түсетін емес. Ал бұл сөз қазақ қазақ болғалы бар сөз, бергісі *ділгірлік* (Б.Т.) деп аударылған (журнал «Ізденіс-Простор»). Сол сияқты *курс*, *курстас* дейді, неге *бағыт*, *бағыттас* болмасқа, мыс: Кеме түстікке бағыт алды. Осы сияқты сөздерді мындап келтіруге болады. Өз тіліміз, өз сөзіміз, барда басқа сөзді термин етіп ала беру жөн болмас. Қайта біздің сөздерімізді басқа ұлт көбірек пайдаланса, қазақты көбірек таниды. Мәселен, қамыс, боран, т.б. сөздерді, байағыда-ақ бірінші боп Аксаков, екінші Пушкин қолданған екен. Сондай-ақ басқа тілге аударылмайтын батыр, би, хан, перғауындардың жүйрік, пырақ, дүлдүл аттарының аты; қаншама тамақ атаулары; киіз үй құрлысының атаулары, сегіз түрлі киіз үйдің сипат атауын айқындайтын сөздеріміз бар. Басқа тілде мағыналарын ғана түсініктеп беруге болады.

Адам баласының тілі - дыбыстық тіл. Дыбыстар бір-бірімен қол ұстасқандай, қиуласып, сөз, сөз тіркестерін жасап, сөйлемдер құрайды ғой. Сөйлеу де, жазу да осы дыбыстар арқылы өмірге келеді. Тілдің дыбыстауы - оның өмір сүру амалы. Фonetика сөзі де атау сөз болып қалыптасып алған, оны *дыбысжүйе* десек несі айып? Дыбысжүйенің қарастырар мәселелері де сан - алуан. Дыбысжүйе үйлесімсіздікке жол бермейді. Мұндай зорлықтың да қалар мезгілі жеткен сияқты.

Тіл жүйесін тексеріп, жетілдірмек ғалымдардың сөзсарасына бойласақ, бірі - орыс алфавитіне, бірі - араб әріптеріне жүгінші, сөз төркіндерін іздей бастайды. Ал негізін алсақ, сөзді құрып ауызша, жазбапа өрнектеп жеткізу үшін қазақ әліпбиіндегі жиырма дауыссыз, сегіз дауысты дыбыс жеткілікті-ақ. Оның үстіне қазіргі оқулықтар, әсіресе орыс мектебіне арналған қазақ тілі оқулықтары түкке тұрғысыз десек, әдіскерлер, тіл мамандары қарсы болмас.

Сондықтан латын тіліне көшеміз деген тұжырымды естігелі, осы кітабымнан бастап орыс сөздерін қолданғаннан басқа кезде қазақтың төл дыбыстарын қолдануды жөн деп білеміз. Ой бөліп, түсінікпен қарап, оқып, білулеріңіз өтініледі.






ЖҮР СУНАМЫ

ЫРЫМДЫ

АЛЫН ҰЖЫМЫ

ЖЫРЫМДЫ



ӨЛЕҢДЕР

*Өлең - өмірдің нәрі,
Өлең - өнердің мәні.*

*Өлең менің сырым,
Таусылмайтын шыным,
Қасиетті ілім,
Артта қалар ізім .* (Автордан.)

НҮР АСТАНА

(түгелсөз)

Өмір қандай, өмір қандай,
Дүние осы сәтте құлпырғандай
Он жылда ылайық боп Әлем төрге,
Шырақ бол Нұр Астана мәңгілікке.

Нұрлы Астана,
Жырлы Астана
Сырлы Астана
Мәңгілік
Шырақ болып,
Тұр Астана.

Көңіл қандай, көңіл қандай,
Өмірлер таңғажайып туған Айдай.
Күмбездер көк аспанмен жарасады
Күндіз Күн, түнде Айсұлу таласардай.

(қайырма)

Өмір самғай, көңіл таңдай,
Дүние мәңгілікке құлшынғандай
Орынбор, Верный менен Алматының,
Жалғасын тербеді әнмен таң қалардай.

(қайырма)

АСТАНА

Астана ғажап қала, дарын жиған
Есілдің тұла бойы білім тұнған
Әр көше, әр бульварда жаңғырып тұр
Есімі батыр, баба үлгі болған.

Астана көк аспанның айасында
Сылаңдап Есіл ағар сайасында.



Есілдің оң-солының саласында,
Жайнайды сұлу үйлер, әсем бақша.
Адамның ойы асқақ, ниеті ізгі
Талап пен тапқыр ойдан тұрады ізі.
Биіктерге бас болып ақыл, талап
Астанамыз барады жайып қанат

ОТАН

Отан - тақ

Отан - бақ

Ойым - адал

Сөзім - хақ

Отанменен ер жетемін, есейем,
Отанбақта ашылады пешенем.
Менің тілім- тілі Қазақ елінің
Ақтап өтем ана сүті - несібем.

Ер Қазақтың Қазақелі Отаны,
Ой, өнері, сезімі асқақ озады.
Салт-санасы, ұлағаты дәстүрлі,

Басқа ұлттан таппайсың ол ғұрыпты. 2011

НҰР ОТАН

Адамдардың ділгірлігін,
Айғақтадың Нұр Отан.
Жарқын жеңіс сырын ұғып,
Жарқылдадың Нұр Отан.
Ел бірлігі тұрақтылық,
Татулықта танылдың,
Жиырма жылғы ерен жеңіс,
Құтты болсын Нұр Отан
Тыныштықта өмір сүріп,
Сипатымыз сыйланды.
Болашаққа ұлттық ождан,
Ата салтпен аттанды.

ҚАЗАҚТЫҢ ЕЛІ

Қашаннан Аспан, Жер болған,
Қазақ деген Ел болған
Тарихы, Тұлға, тұлпарлар,
Жиделібайсын жері болған.



Қазақтың асы молшылық,
Елтұтқа, дана баршылық.
Кемеңгер, көсем, тектілер,
Құдайға шүкір, баршылық

Қадірін сөздің білгенбіз,
Жайлауда шалқып жүргенбіз.
Тәңірге Ұлы сыйынып,
Шын жылап, шын күлгенбіз.

Бұрынғы өткен бабалар
Ғылымы толық ғалымдар.
Жүрегі тұнған кісілік,
Өресі биік тұлғалар.

Сол асыңдар тегінен,
Кемеңгер, көсемдер шегінен.
Би, батыр, ғалым, ғұлама,
Даналық тұнған бойына.

Бәйбіше - жанның ұясы,
Ауылдың ақыл, ұйтқысы.
Жақсыдан жақсы үйреніп,
Жаманын тыйған жақсысы.

Ата күші, ана сүтімен,
Өнеге сөзді ұғынған.
Мұрагер өсіп, жетіліп,
Қазақ елін сыйлаған.

2011

*Шындық! - деген шың бар,
Шыншыл ғана шығар.
Өтірік, - деген өр бар,
Өңмендегеннің бәрі барар.*
(Б.Тұрсынхан)

АҚИҚАТ- ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Бұлағын ақиқаттың аңсап жүрем,
Ат шалдырар алысқа тынбай желем.
Асыл сөз бұлағының көзін ашып,
Ағызам ақ бұлағын құба-белден,
Ел мен Жер тұнған тарих, мәдениет,
Жақсылар қалдырады мол өсиет.



Бойыма құт боп қонған зерек ілім,
Тегімнен келген маған бір қасиет.

Жаныма құт қаламым берсін қуат,
Еңбектің зейнетін бер қажыр, қайрат.
Бабадан қалған тұйақ жапа шексе,
Қара өлең жанға серік, болсын айбат.

Түнім тыныш, тыныш Отан таңы да,
Жақсы өмір мәңгі менің жадымда.
Күнім, түнім, таңым бірге еліммен
Бұлақ сезім бұлқынады көңілден.

Таудан ағады тазабұлақ тау суы,
Шың басында ақ қар-аспан шындығы,
Арманыңның асқарына қол жетсе,
Сол - ақиқат, ол- өмірдің шындығы.

ҚАЗАҚЕЛ

Қазақел мекен Отаным
Жақсының көрдім тұлғасын.
Өзіңнен алдым өмір нәр,
Өзіңмен мәңгі сырласпын.

Қазақел туған жер досымсың,
Далаңда бөкен жосылсын
Кермеиық, кербез даламда,
Бақытым толы сен барда.

Қазақел мерей мекені,
Өзіңнен ізгілік еседі.
Мөлдір көл, өр тау, бел-бедер,
Жаралған Нұрдан,- деседі.

Қазақел сенің төсінде
Құм, жасыл жайлау, шың да бар.
Ақ аспан, майса, кеңшілік,
Көрмесін қалқым кемшілік.

Қазақел сенде бар байлық
Жерастың толы кен байлық
Сенде туып, марқайып,
Өсіп-өніп жайқалдық.



ӨНЕР ҒОЙ

(зақлия)

Қаратып жұрттың назарын
Жүйткітті ақын қаламын
Өнер де фәниде алданып,
Алады қалықтан бағасын.

Болса да қанша озбырлық,
Шешеді сырды тағдыр нық.
Өнердің даңқын байандар,
Қатал сыншы - уақыт.

Керек жоқ мақтау, мадақтау,
Сол ма екен өмір мұраты.
Даңғаза дақпыртқа қызықпай,
Мақсатқа жету ырыс-ты.

Шабыт па, шабыс па, кім білсін,
Ақында бір сыр бар ғайыптан.
Тағдырды жазбаса қаймықпай,
Аурады жүрегі айықпай.

Ойлардың өресі - өлең ғой,
Ақындық адал жол - өнер ғой,
Адалын жүректің жаза бер.
Алдында кең жазық, биіктер

ЖАЙЫМ БАР

ДҮНИЕГЕ БОС КЕЛМЕГЕН

Жайым бар дүниеге тек келмеген,
Жеркіндікке жөргегім түсті көктен.
Жерортасы Сарыарқа санлақ елге,
Көңілдің терезесін ашып келгем.

Жайым бар дүниеге бос келмеген,
Күн мен түн теңесінен бұрын келгем.
Жер ортасы - Көктөбе деген сөз бар,
Көктөбені іздеуден күдер үзбен.

Жайым бар дүниеге құр келмеген,
Ай сүйіп, Күнсұлуым көңіл бөлген
Жаралып текті атадан ақын болып,
Еліме - өлең алқа ала келгем.



Жайым бар дүниеге жай келмеген,
Руһын тіл құдіреттің биіктетем.
Жоқтаушы, іздеушісі бар қалықтың,
Жеңісін, жарқын жүзін көріп өтем.
Жайнашы, жайнай түспі нұрлы Отаным,
Көп менің биік ойым, тәтті арманым.
Арнайын жырымды да, жанымды да,
Қадірлеп Қазақелге бақ қонғанын.

2012

ҚУАНАМЫН

Қуан, қуан, қуанамын,
Сәтті өмірге қуанамын,
Тәтті өмірге қуанамын
Өмір берген Тәңіріме,
Көңіл бөлген әміріңе,
Қуанамын, қуанамын.

Қуан, қуан, қуанайық,
Жарық күнге қуанайық.
Тыныш түнге қуанайық
Гүл сыйлаған жазираға,
Жанға жайлы жанұйға
Қуанамын, қуанайық.

Қуан, қуан, қуаныңдар,
Денсаулыққа қуаныңдар
Адалдыққа қуаныңдар,
Патшайымдай парасатқа,
Ары таза Адамзатқа,
Қуанайық, қуаныңдар.

БИЛІККЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙМЫН

(ой толғау)

Билік, деген, би-ден шыққан сөз болар,
Би ме, билеуші ме, басқарма ма,
Реңін сөздің тап басу қиын, бар шама
Қызыл тер болып, таласып жатыр соншама,
Таласқаның аз ба еді, қазақ, не шара?
Һан заманнан қалмай еріп келеді
Парақор, жалқау пақырлар



Айтасың бәрің: депутат та депеше,
Парламент, сенат, сайасаткер, төраға
Бәрің аға...
Болмай жүр, бірақ, мол жаға.
Бір басқа екі құлақшын
Кимейді қазақ қапаннан.
Бір мемлекетті көп кісі, сірә, басқармақ,
Шешімін таппай,
Талай жандар сүрінген
Талқылап дау дамайды,
Қорыту сөзде: бір данаға жүтінген,
Мына байтақ Әлемге
Қырағы көзбен Нұрағамыз қарады
Алпыс асып, ақылы толып барады.
Жастықтың желеңі басылып,
Әлемнің біліп жақсы, жаманын,
Әр елдің танып тариһын,
Ел бірлігін сақтауда
Ұйқысы таңға бөлінді.
Талай шаруа жасалды,
Жасалғаннан жасалмағы көп алда.
Құйқылжытып,
Сайасатты сапырып,
Сайасаткер тіл мен жағын безейді,
Реформа керек дей ме,
Модернизация, т.б. дей ме,
Бөтен сөзбен былғайды сөз сарасын,
Жапсырады қазаққа сөз шаласын.
Аз болған жоқ, жасалған реформа
Толықпай тағы заң шықса,
Қайта-қайта жаңа өмір бастаймыз ба?
Қайта-қайта үйленген әумесердей...
Рас, сенуден қалдық
Өмірге, кейбір көңілдерге,
Көлгірлікке ғасырым көнбейді де,
Іздейтіні тұрақты заң мен кәсіп.
Құрғақ сөз ерек емес,
Солқылдақ сөз құрысын,



Айту керек дұрысын.
Оңды-солды сенделген қыңыр сөзден
Туады сенімсіздік пенделерде.
Өмірді салмақтасын Ұлттық безбен,
Құрылсын Ұлт Мемлекеті
Ұлтжанды елден,
Жалтақсыз, орнықты сөз айту керек,
Себебі Қазақелі жалғыз мекен
Қашаннан қазақ үшін болған ерен.
Басқа ұлтта туған жері - деревня бар,
Орныққан біздің елге достар олар.
Достықта тұрғанына қарсылық жоқ,
Достарсыз көңілдерде олқы болар.
Сырт елде талай қазақ тұрып жатыр
Сырт елдің салтын сүйіп,
Өмірін құрып жатар.
Сұқпайды тұмсықтарын ішкі іске
Өйткені Атамекен есте мәңгі.
Отанның болашағы жастар анық
Еш көңіл жасамайды оған тарлық.
Дегенмен Ел басқару оңай емес,
Ысылған Нұрекеннің өзі артық.
Илеген өз терісін пұшпақтасын,
Ақ пейіл адамдарға құшақ ашсын.
Сұрайды қариалар жалғыз тілек:
Қызмет ет қалқын үшін белді буып,
Қамшының сабындай-ақ қысқа өмірде,
Бір басыңа жинама жалған дүние,
Жеке меншік құрама туғаныңнан
Бүкіл қалық сіздікі,
Сіз Біздіксіз
Өтіп алып, білдірме селдірлікті
Жақсы! деген тарихта атың қалсын
Ақыл, Бақыт, Бірлікті берсін Аллаһ.
Болсыншы баға жетпес бір басыңа
Қазақтың байтақ дала тарихында
Жазылсын алтынменен Атың дара!

2005



СЕЗІМ СЫРЫ

Сәуле мен сезім қосылған сұлу сәттерде,
Іздедім таңнан, іздедім бақтан,
Іздейтін едім көктемнен.

Жарысып таңмен, таласа тұрып, теңелдім
Сәуле мен сезім тоғысқан сәтте,
Бақытқа мен де кенелдім.

МЫНА ӨЛКЕ

Мына өлке бала жастан танысым
Анау аймақ атам жортқан алысым
Ана жерде, мына жерде таныс маң,
Жолым түсіп, ата- жұртпен таныстым.

Тау сілемі, сай саласы сабырлы,
Бабам жатыр Жердің ол бір биігі.
Жолаушылар құран-кәрім бағыштап,
«Батыр басы» деп атайды сол жерді.

Мына заман жақсаруда жайланып,
Бабалардың атын атап айбарғып
Жарықтықтар қорған болған кең далам,
Қасиетінді жырға қосам, мен балаң.

Айналайын туған елден, даламнан,
Айналамын бабалардан, батырдан
Бір жаратқан даралықты сыйлапты,
Парасатты ақыл қонды атамнан.

2011

ӨМІР ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Жетпіс жылда өмір сонша өзгердің,
Тілсіз, дінсіз шөлдеп жатыр боз көлім.
Қиын екен тілдің сонша азғаны,
Өлеңімді оқыр ма екен боз қайным.

Кімге өкпелеп, кімге айтам назымды,
Қарыстырды бөтен тілдер жағымды.
Менде көнбей жырлап, жазып келемін,
Тәңірім-ау, сындырмашы сағымды.

Табынудан табынуға өтеміз,
Басқа тілге, әрине, біз бөтенбіз.



Қырыңа алма, жазалама жазғырып,
Бұл қырсықтан тағыда біз өтерміз.

Бейбіт өмір қуантады елімді,
Бөтен сөздер былғамасын жерімді,
Тілге тұсау бола алмас бұл заман,
Болашағым береді алып кегімді.

Өмір жылдар — поэзия жемісі,
Оқымасаң кем боп қалар бір ісің.
Өткен өтіп, кеткен кетсін қайрылмай,
Қазақелдің толық болсын ертеңі.

Өткеніңе, тарихыңа қарап қой,
Талабыңа табан тіреп, көңіл қой.
Ертеңі үшін салиһалы еңбек ет,
Шикілікті қайталамай, талап қой.

Сын көзіңмен қара өткен тарихқа,
Кемшілікті бүркемелеп жасырма.
Табысыңа, талабыңа тасыма,
Бөтен елдің табысына бас ұрма.

Елі бардың еңбегіне орын бар,
Тілегіңе болсын, әмбе, Аллаһ жар.
Көркем сөзім жер боп жетім қалмасын,
Поэзия - жүрек сөзім болсын жар.

Жауапты Адам өткенге де, бүгінге,
Кешегінің кер татымы тілімде.
Тілдің дәмін діннің сәнін сақтайық,
Жас Отанды Болашаққа баптайық.

СҮЙЕНДІМ САҒАН, ТӘҢІР

Жастық. Жалынсам қайта келер ме,
Жастық. Жалындап қайта өсер ме,
Мастық. Мансапқа орап бөлер ме,
Мастық. Денеме қызу бере ме?
Бақыт. Жақсыны жаны коре ме,
Бақыт. Жарлыны жарылықап біле ме,
Қастық. Мақтанды қайта туа ма,
Қастық. Шоқ басып отқа құлай ма?
Жақсы. Жаныңа жақын қонар ма,
Жақсы. Арыңды өлшеп тұрар ма,



Тағдыр. Жаманды өзі илер ме,
Тағдыр. Жаксыны жаншып күлер ме?
Мақсат. Күрескер адам жетер ме,
Мақсат. Жете алмай өмір көшер ме,
Өлең. Өмірге өртен, аралас,
Өлең. Шеттеуің бұдан жарамас!
Арман. Өмірді сүйіп, аңғарсаң,
Арман. Өнер озады Аллаһ оңғарса,
Тәңір. Берерсің өмірге әмір,
Тәңір. Сүйсіндім де, сүйендім саған, Тәңір! 2012

ҒАНҚЫЗ

Бар ма, бүгін, ғанқыз,
Сұлу мүсін паң қыз.
Кереметтей кербез,
Болса, шіркін, паң қыз.
Өзіне өзі сенімді,
Қос бұрымы керілген
Қозғалатын баппен,
Ғанқызға, тек, бақ тең.

СЕНІМ

Сенім мен Мен, серік болшы,
Достығыңа берік болшы.
Жылы жүрек жаным түлеп,
Ғасыр- өмір жарық болшы.
Ғасыр - өмір жалғасады,
Сезім-секем арбаспашы.
Тәңіріңе тәнті болсаң,
Өмір тірлік жол ашады.

Мен сенемін, сенім серік,
Мен боламын сөзге берік.
Жан тыныштық серік болмас,
Өлең-жырым болсын серік.

ОСЫЛАЙ

ҒҰМЫР КЕШЕРМІЗ

Жаралып судан
Дүниеге жетесің.
Ұлы сапар, ұзақ жолда
Фәниден де өтесің.



Дүниеге келген
Ұлағат ұлы сапарда,
Фалсафалық тәлім көріп,
Нақыл сөздер шертесің.
Өмір - маһи
Қайаусыз көңіл өтерсің
Кейде қажып,
Кейде толып, толғанып,
Сапар соңы -
Баһи өмір мәңгілікке кетерсің.
О дүниеге қайту бар,
Сапар соңы - баһилық.
Бастауы мол,
Соңы тар,
Қажығанмен не етерміз?!
Шарасыз пенде шыдамды
Айналар нұрға баһида.
Тарихы, даму сатысы,
Жер қойнында
Қауышып Нұрға
Тәңір тезінен өтерміз,
Бір Аллаһның ризалығы үшін
Осылай ғұмыр кешерміз. 2012

ӨТЕР, КЕТЕР

Жылдар-жылдар өтер, кетер,
Біз қартайар мезгіл жетер
Айаулы сол анамдай боп,
Күндей күліп Бақыт та өтер.
Бапталмаса Бақыт та өлер,
Тіршілікті Тәңір білер
Бақытыңды өзің ұста,
Болашағың өз қолыңда.
Өмір-өмір өтер, кетер,
Өмір тілге кімдер жетер.
Айаласаң айалдайтын
Өмір-өзен - өткел екен.

ҲОШ ИІСТІ АЙНАЛА

Нәзік те көркем гүлдерім.
Көктемде нәркес гүлдедің
Айалап, өбіп аймалап,
Жинадым алуан түрлерін.

Дала жым - жырт тамаша,
Ҳош иісті айнала,
Гүлі өсіп, шөбі шалқиды
Қуанам саған балаша.

2010

ТАҢ РАУАНЫ

Қар астының көгі шығар раңдап,
Масайрайды қуанып бала тыраңдап.
Рауғаш, жалбыз, тал- тараңғы мол шығып,
Қырмызы гүл, қызғалдақтар жайқалған.
Асықпай таң да атады рауандап,
Күлімдеп Күн шығады шәшіп шуақ
Сол сәтте өзгереді дала мүлде
Атырап оранғандай үлде-бүлде.

2010

ҚҰСТАР НЕГЕ САЙРАЙДЫ

Қуанышын

айтып құстар сайрайды,

Қыстың кетіп,

жаз келгенін тойлайды.

Таңның атып,

күн шыққанын дәріштеп,

Әнмен тербеп,

тамылжытып сайрайды.

Құстар әні кәсібі мен жұмысы,

Бірі қонып ұйасына,

бірі жұмыс жасайды.

Егер олар сайрамаса шаттанып,

Сұлулықты

кімдер көріп, байқайды.

Ұшып жетіп,

жер телімге, еліне,

Балапанға

шыбын-шіркей аулайды,



Ауласына

бөтен бастақ үңілсе,
Шыр-пыр болып ,
балапанын қорғайды.

БАСЫЛМАЙДЫ ҚҰМАРЫМ

Қарағайы аралас қайың, терек,
Орман-тоғай, тау-тасқа өскен ерек.
Жұпар исің жанымға жәрдемдесер,
Араласам өмірім өтпес бекер.

Түсінбесең көк орман, тек, құр ағаш,
Қанша жұтсаң құмарың бір тарқамас.
Басылмайды-ау құмарым, басылмайды,
Жақпар тасты құзыңа бір шықпасам.

2010

АЙТАР ӘНІ

Туған жері Қазақтың айтар әні,
Тауы, тасы, орманы, сұлу сәні.
Топырағы торқадай, тәтті ауасы,
Туған жерсіз қазақтың келмес мәні.

Қазақ осы мекенін бағалаған,
Қартты ата,- деп, үлкенді ағалаған,
Кемітпейді бөтенді, күндемейді,
Жоғалтпайды дәстүрін ғұрышталған.

2011

ЖЕТЕРМІН БІР КҮН

Аһау, сағыныш,
Аңсатқан сұлу арманға
Мені алып ұш.
Сағыныш-ау, сағыныш,
Жетер ме саған жігер, күш?

Айтуға анық білмедім,
Шақырды мені үлкен Үн
Өзіңе, мүмкін,
Жетермін бір күн
Алып та асау сағыныш!



*Пенде атаулының бүкіл тіршілік Ғаракеті
Бодлердің өлеңінің бір жолына да
татымайды, -деп базалаған. (Р.Акутагава.)*

ОЙ

Ойды ойлайсың,
Ойдың сәтін ұғасың.
Ұғыну - пікір қорығу,
Безбенде ойдың турасын.
Ой тұғыры елестеп,
Бойға Ес боп жиылар.
Сапасын сана сақтаса,
Білім толып құйылар.
Ақыл, Ой, Сезім дерегі
Еңбекке қажетті керегі.
Қабылдау, Қиал, Ес, Ойлау-
Жоғарғы сана тірегі.
Саналы білім Ой мен Есті береді,
Ой толқиды. Ес дамиды толады.
Тілге тиек Ой пернесі шертілсе.
Тіл байлығы дамып, Білім болады.

2009

ОЙ ТОЛҚЫНЫ

Адам - заман.
Заман- Адам
Қайсысы мықты, кімі зор?
Біріне- бірі құрды тор.
Адам заманды биледі ме?
Заман адамды иледі ме?
Адам заманды жасаса,
Заман адамды асаса
Кім қор? Кім зор? Ойлап көр...
Адамзат амаңыңда
Заманды жамандама,
Заман – заңғар.Өмір алда.
Ақылмен өзің таңда.
Күйме, піспе, тасыма,



Ақылы озған асыл да,
Заманды жаса жасыма,
Өркенді өмір жасыңда
Жақсылық жаса досыңа
Бақыт әкел басыңа,
Ата - анаға, асылға,
Қол ұшын бер
Кәрілігін басынба.
Дүние диірмен тасындай
Айналып кетер, расында.
Өмір тұрады үштіктен:
Өткен өмір,
Өтпекші өмір,
Келмекші өмір,- десіскен
Ал, сен - бала-мұрагер,
Түсінбеске,
Өмір жұтаң, өмір кер.
Бір өмірдің үш түстігі:
Таңертеңі,
Түсі және
Кеші бар,
Өмір өзен, өмір кезбе, өмір паң,
Қайта айналып,
Келер көктем, күзі, қысы, жазы бар,
Өткен шағы,
Осы шағы,
Болашағы,
Атар таңы талай әлі жолығар
Айалай біл! Өмір сұлу, өмір- бал!

МЫҢ СЫР

Жүректен айтар мың сыр бар,
Еститін болса құлақтар.
Сыр болған ол бір армандар,
Ақылдым шеттеп қалмаңдар.
Көңілім наурыз гүліндей,
Қар астын тескен үзілмей
Өзіңе сырдан күй шертем,
Көңілден өзге іздемей.



Арманның мініп тұлпарын
Талаптың туын тігемін.
Даңғылын жолдың тапқанша,
Асылын ойдың тіземін.

ТЕРЕҢ СЫР

Сыры терең.
Сыны көркем.
 Қолаң шашты торысың.
Көнген ерге.
Сыйлы ерке.
 Жанұя
 -оттың шоғысың.
Сын сағатта
мұқалмадың,
 Сабыр тауып ақылдан
Жоғалмадың.
Жұтамадың.
 Мұнды қуып басыңнан.
Мінезіңнен
қайрат табам
 Ақылыңнан қайраттанам
Жер анамсың,
Аруымсың
 Сен болмасаң қайда бағам?!

ЖЕҢІС КҮНІ ЖАСАСЫН

Отан тарих,
Ол- сен,
Ол- мен,
Сіз бен біз.
Тарих - адам,
Адам - Отан
Миллион қалық тұғыры.
Заман өтер,
Ғасыр жетер,
Есте қалар кешегі.
Қайғы - мұңсыз,



Жеткізеді ұрпағы.
Мәңгі ұмытпай
Есте сақта...
Қанмен жуған
Жеңіс күнін!
Ұмытпа, ұрпақ,
Көз жасы көл ананы,
Жетім қалған баланы
Ұмытпа, ұрпақ,
Есте сақта Жеңіс күнін.
Жеңіс күні жасасын!

2011

ДАЛА – МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ

Кербез сұлу дала менің жүрегім,
Кең даланың гүлін терген қыз едім.
Сарсуымда салды сайран шағала,
Оу, шағала, дала қызын бағала.

Сарысуым көне тарих, көне өзен,
Ұрпақтарын әлдилеген, бөлеген.
Күншуақтан қызып жаға құмтасы,
Сарғалдаққа толды өзен жағасы.

Табиғаты даланың алуан сырлы,
Жон, сайларда дәрі шөбі өседі.
Кейде жаңбыр толастамай жауады,
Кейде ышқынып соғады тас бораны.

Қыз мінезді, қызығы көп ауылым,
Күн тамаша, басылды ғой дауылың.
Жолым түсіп келем дәйім ауылға,
Көру үшін бақыт күнін қауымның.

Кербез сұлу далам менен ауылым,
Пай-пай, шіркін, дала менің жүрегім.
Елім -Арқа, далам –дүриа, тамаша,
Сол далада дархан жүрек түледің.

Пай-пай, шіркін,
Кербез сұлу дала менің бауырым!
Кұшпақ жайды жазиралы ауылым,
Ауылымның сүйем барлық қауымын
Пай пай, шіркін далам менің!

2012



АҚ БҰЛТЫМ

Ақ бұлтым аспан көкте қалықтайсың,
Бұйралап ақ шәшінді жалықпайсың.
Жатасың шөккен нардай, маңғаз кейпің,
Баурайсың жүрегімнің нәзік жәйін

қайырма : Бұлттар, бұлттар, жатыр шөгіп,
 Әлемнің аспанында.
 Сол бұлттардан леп есіп, самал желпіп,
 Аспан мен Жер жалғасқан кең жазира.

Ақша бұлттар айала арманымды,
Қазағымның қызымын сол, байағы.
Қанат байлап ұшар ем ғарышыма,
Заман- кеме көндірді айалына.

ТАҢ САМАЛЫ

Таң самалы туады,
Маң ұйқыны қуады.
Ғажайып сиқырлы үн,
Жүректі буады.

Самала жұлдыздар,
Ақ таңда тарайды.
Сығалап түндіктен
Айсұлу қарайды.

Таусыла төзімі,
Күтеді күн көзін.
Көре алмай сұлуын,
Үзеді күдерін.

Ай мен Күн осылай,
Әлі жүр қосылмай.
Айналып, жүреді,
Ғашықтар төсып жай.

2005

ЕСЕНБІСІҢ, КӨКТЕМІМ

Сұлу көктем есенбісің
Жыр сыйлардай көсембісің.
Неге сонша елігемін,
Білемін ғой жаз келерін.

Сұлу көктем, есенбісің,
Айдарыңнан жел еседі.



Жарқыраған жаз келді де,
Жел ызғары бәсеңдеді.

Сұлу көктем есенбісің,
Көктен нұрды себеледің.
Аспан ашық, бұлттары жоқ,
Қаптады құс гүлдерге шок
Сұлу көктем есенбісің,
Қудың қыстың кеселдерін
Тағы, тағы, сұлу көктем,
Сүйіктім боп ораласың.

ЖАДЫРАҒАН ЖАЗ КЕЛІП

Жадыраған жаз келіп,
Бүлдірген тере барғанда.
Жүрекке сұлу наз толар.
Аққу, қаз көлге қонғанда.

Аралап өмір орайын,
Қарқаралы тоғайын.
Қойан қашар алдыңнан,
Секірет тиын арайлы.

Жадыраған жаз келіп,
Бұлбұлдар әнге салғанда,
Қарқаралы таулары
Жүрекке жырды байлайды.

Аралап ну орманды,
Алысты аңсап, қараймын,
Жан жағың толы түрлі ағаш,
Көк аспан тұр жарқырап.

2012

ҚҰРМЕТТІ БОЛ

Ақылың біліміңе серік болсын,
Қызыл тіл жақсы сөзге ерік берсін
«Ақыл дос, ашу дұшпан», - деген бар ғой,
Адал сөз ажарыңа көрік берсін.

Ақылды мидан алар адам тілі.
Қызыл тіл ми болмаса, нені білді?!
Данышпан, ақындарды түсін оқып,
Талаптан біліміңе білім қосып.

Қанаңда қаның ойнар ақыл толса,
Жүрек- матор, ми -ақыл тірлік барда.



Шындықтан өгірікке төрт елі жол,
Өлтірме шындығыңды, құрмет барда!

ӘЙЕЛ! - ДЕГЕН...

Әйелдердің табиғаты ғажайып,
Жақсы әйелдер бара жатыр азайып.
Әйел жайлы ақындарда жазбай жүр,
Жүрек жаны қалды ма екен шайлығып.

Әйел жайлы вальс жазған Шәмші жок,
Мұқағали өлеңіне көңіл тоқ.
Сүйіп, күйген жігіттерде қарт тартты,
Пугачева дұғалап жүр жастарды.

Жақсы әйелді жаным,- дейді жамиғат,
Ұл-қыз тапты ханым,- дейді, азамат.
Әйел жаны таң рауаны секілді,
Әйелдердің сыры тұнық табиғат.

Әйел-ана, сырлас, досың, серігің,
Ұрпағыңды жалғайды сол керігің.
Әйел жанын жалау етіп жүреді,
Болмаса әйел толық болмас өмірің.

Жалын атқан жанартаудай жүрегі,
Өмірі де, мінезі де күрделі.
Баласы мен жары үшін жаны пида,
Ғарыш кезіп, арман асар тілегі.

Әйел-ана көңілдерге гүл еккен,
Әйел-ана жүректерге нұр сепкен.
Әйел Ұлы табиғатқа ұқсайды.
Балапанын ұшырады құстайын.

2012

*Ақынның бір мақсаты:
дене сымбатынан
руһ күшін айырмау. (Түрсынхан)*

АҚЫН – АДАМ

Адам -
Ақынның шын аты.
Ақын – жан, жүректің жүйесі,
Бұл сөздің анық киесі.



Ақын -
Адам боп келді өмірге,
Адам боп мәңгі қалады,
Бұл сөздің анық бағасы.
Адам,
Бақытын буып беліне
Жыр айдынға шомылды
Жүректен жыры төгілді.
Ақын,
Жер бесікте тербеліп,
Достықты адал қалады
Биікке есімін жазады.

ҒИБРАТНАМА, ОЙ ҒОЙ

- АДАМ - бірақ соз; жан жақты ұғым, әртүрлі мінез; түрлі бағыт; жүз түрлі қасиет; жүз бір түрлі ой иессі.
- АДАМ дегенде көзалдыңа мейірім, ұйым, ар, ұйат, әділдік, әсемдік, бірлік, теңдік, иаки қырық қасиет, қырық бір ақыл айла, жетпіс жеті жетістік, тоқсан тоғыз тапқырлық елес беріп, әне-міне дегенше көзге көрінетіні де абзал.
- АДАМ - адамды асқақтата айдарлап, сұлу сөздерімен сыйлап, жан шуағын шашып, жарығымен жылытып, тұратыны әмбеге қуаныш.
- АДАМ адамды құрмет тұтса, құрметтен құрметті болып, құрмет құрметтеушіге де, құрметтіге де жарасып тұратыны тамаша.
- АДАМ - адамды сүйеді, ыстық суығына күйеді, көңілі таза күншуақтай, өзі таза өзгеге таза көңіл ұсынатыны да ғайыптың ғажабы.
- АДАМ - адамша ойлайды, өз ой-санасымен өзгеге ой салады; ойлылар ойдан ой алып, жақсы ойдан жарылқанып та жатады емес пе.
- АДАМ - адамға еңбегімен жанасады, жағады; еңбектегі бейнеті өмірдің зейнетті келбеті болары анық.
- АДАМ - адамнан зормын да деме, қормын да деме; өзін жерде жүріп, ойыңды аспанға атпай, алға, алға ұластырғаның абзал. Сонда биіктен төменді, алды

мен артты көріп, жақсы-жаманды түсініп, арам мен адалды айырап жерге жетерің нақ.
АДАМ мен адамдар ойы бір жерден шыға бермесе де, озық ойлар қадірлі де қасиеттерді құдіреттейді.
АДАМ - адамға жарығын да, жылуын да, шуағын да түсірері әбден мүмкін.
Міне, осындай АДАМ жақсы АДАМ.

НҰР

Болады көздің нұры, күннің нұры.
Нұр,- деген жаратылыс күштің бірі.
Күн нұры нұрландырса жердің жүзін,
Көз нұры сүйгенінің тартар жүзін.
Болады жердің нұры, көктің нұры,
Болады сөздің нұры, жүрек нұры
Көк нұры табиғатты шаттандырса,
Сөз нұры ағызады тілден сырды.
Ізгілік іңкәрлігі - жердің нұры,
Иманнан бастау алар бақыт сыры.
Тәңіріңнің нұрынан раһат тапсаң,
Мол Бақытқа бөленер жүрек нұры.

МАҒАББАТ - ҒАШЫҚ

Мамырда майса гүл жайнар,
Алмалы бақта құс сайрап
Иикметті күндер ұмыт боп,
Ақыл ой Айға аттанар
Бақыттың байтақ бесігі
Бабымен ашар есігін.
Арғымақ күнмен жарысар,
Тербетер сұлу бесігін.

Ғашықгүл мәңгі солмайды,
Азбайды шын ғашық, тозбайды
Шынардай сұлу адамдар
Ырысын, бақытын қорғайды
Қуаныш әнін толғайды.



БОЛАШАҚТЫҢ БАҒЫНА

Тіл - буынсыз,
Ой - түпсіз
Талап талмас қанатың.
Айақ басу,
Қол беру
Адамдықтың парасы.
Басың - сандық,
Көзің - нұр
Сыр ұйасы – көңілің.
Жүрегің - кілт,
Білім - күш
Біліміңмен өрлей түс.
Өнерің – іс,
Қайрат- күш
Арман, мақсат қазынаң.
Заман - заңғар,
Арман - асқар,
Сарқылмасын мақсатың.
Асыл - тастан,
Өнер - жастан
Бағалансын жас шағың.
Балалық - байлық,
Жастық - жалын
Уақыттан қалыспа.
*Жақсылықтан үлгі алайық,
Күн нұрынан нұрланайық
Болашақтың гүлбағына
Қол ұстасып бір барайық.*

КҮНШУАҚ

Ай, Жұлдыз -
Аспан Әлем шырақтары,
Сылындап,
Күн нұрына гүл майысып,
Күншуақ жазын сүйіп, шабыттанды.
Ақ аспан
Ақша бүлттан адаланды.



Самалы
Сұлу желдің сылаң қағып,
Гүл искеп, күн көзінен шәшақ тақты.

Жаз сұлу
Жадыратты жердің жүзін,
Саһарада
Домбыраның келтіріп құлақ күйін
Шалқыды күй, сайратты құс та әнін.

Па, шіркін,
Күннен қуат алады Әлем,
Тыныштық
Сол бір сәтте сайабырлап,
Бас иіп, Қазақелге берді сәлем!

СӨЗДІҢ НҰРЫ

Нұр!- деген сөз бар,
Бір ғажап жаратылыс.
Сезініп сөздің Нұрын,
Өрнекте сөздің сырын.

Қалы кілем өрнегіндей,
Жүйеленіп орын тепкен.
Сөздің мәні жүйесінде,
Мағынасы тіл киесінде,

Орнын тапқан асыл сөз
Маңайға нұрын шашады.
Сөз таппаса орынын,
Көлеңкеде қалады.

Сөзде тағы бір нұр бар
Қырлы пирамидадай
Поэзия - сөз нұры
Шабысы су жорғадай.

ҚУАНЫШТАН ЖҮЗІҢ ЖАРҚЫН

Қуан қазақ азаттық алғаныңа,
Елім жетті аңсаған арманына.
Нұрын шашап аспаннан, күнім күліп,
Саһарамның жайқалып, толғанына.

Көз жіберсем алысқа, өткен күнге,
Неше зұлмат қайғыны қазақ көрген.



Көз қуансын қарашы байтағыма,
Саһ даланың байлығын Ел игерген.

АҚҚУЛАР ӨСЕМ

Қ-сы Аққулар әсем әнім сен,
Көгімнің сұлу сәні сен,
Айдынды шалқар көлдерді
Шаттыққа бөлер мәні сен.

Аққулар, әсем аққулар,
Сазыңда сенің тәтті үн бар.
Саумалды таңмен сырласып,
Әсем бір әнге салыңдар.

Қ-сы: Аққулар әсем әнімсің,
Көгімнің сұлу сәнісің.
Айдынды шалқар көлдерді
Шаттыққа бөлер мәнісің.

Аққулар, әнші аққулар,
Жүрегің сұлу пәксіндер.
Күн күдіретінен сусындап,
Патша көңілің болсын шат.

ҚАРАШЫ

Ақыным, Пушкин, қарашы,
Половцы - Степняк даласын
Сен жазған Тунгуз жабайы.
Қалмақпенен Қазағың
Бәрі ағайын, достықта
Болды азат қорлықтан,
Табынудан, зорлықтан.
Өлеңінді оқыды,
Оқып жадқа тоқыды,
Сөзіндегі шындықты
Іске асырды, бекінді,
Еркіндік алды, желпінді



*Кейде тәтті, кейде қатты айтамыз сөз балаға,
Ақылды бар ма ұғатын. Сөзім кетті-ау далаға.
Айналайын, ұға гөр, кетпесін ақыл далаға.../Тұрсын/*

ҰСТАЗДАР

Жақсы оқы,- деу ұстаздардың ұраны,
Білім, ғылым- ұстаздардың құралы.
Ұстаздардың бақыт кешу сәттері,
Кездесу мен тілдесуден тұрады.

Ұстаздарды ұмытуға нақыл жоқ,
Шәкірттерін еске алатын жылдар көп.
Шәкіртінің шыққан тауын көргенде,
Қуаныштан жаны жайлау, көңлі тоқ.

Жасап талай ағат мінез балалық,
Кейде ұстазға немқұрайды қарадық.
Сәлем жолдап құттықтамай мейрамда
Жалқаулықпен көрсетпедік саналық.

Ұстаздарды ұмытпаңыз, шәкірттер,
Жетелі істі ұстаз ғана дәріптер.
Ұстазбенен бақытты ғой ғалым да,
Алғашқы ұстаз үйретті ғой әріптер.

Ұстаз- аға, ұстаз- ана, бауырың,
Үйретеді мінез - құлық тәуірін.
Бар ынтаңмен ақыл түйіп, білім ал.
Ұстаздарсыз қараңғы өмір - дәуірің.

2004

КІМ БІЛГЕН?

Кім білген?
Мәңгілік сарқылмайтын өмір қырын,
Сыры мен сиқыры мол өмір шерін.
Мән беріп мағынасын түстегенмен,
Жетпейсің ол сиқырдың түптен сырын.

Кім білген?
Сыпсың дүние сиқырлы үнін,
Жақсы да, жаман да жүр көріп күнін.
Тоқтамай, айалдамай тура тартам,
Ұғынам, айтпаса да, күйкі түрін
Кім білген?



Білмес ешкім ертенгісін
Тілеймін Аспанменен жер кеңдігін.
Теңдіктен Отан туы желбіресе,
Жойады Ел мен Ұлттың теңсіздігін.

2000

НЕСІ АЙЫП

Тыныштық иықтан құшақтап,
Үнсіздік ойымды тежейді.
Өтірік шындықты кудалап,
Суырып суыртпақ, өтірікке меңзейді.
Жоқ, - деймін, мұныға көнбеймін,
Өтірік айтпайды ақындар, көр деймін.
Ақынның тілінде апиын, алмас бар,
Ақынның төрінде өтірікке орын тар.
Ойға батып, отырам, кейде, мұнданып,
Мұңымнан өлең бұлақ боп ақса, несі айып.
Талайлар кетті, өлеңге батып, өртеніп.
Жарық жалғаның өсы болса, несі айып?!

БАҚЫТ КЕЛЕР

Айлар, жылдар өтер, кетер,
Біз қартайар мезгіл жетер.
Айаулы сол анамдай боп,
Күндей күліп Бақыт жетер
Бапталмаса Бақыт та өлер,
Күтілмеген көңіл күрең.
Бақытыңды өзің байла.
Болашағың өз қолыңда.
Ғасыр - өмір өтер, кетер
Өмір тілі кімге жетер.
Айалдасаң, айаласаң
Өмір - озен өткел берер.

БӘРІ ҰЙҚЫДА, МЕН ОЙАУ

Сары нәсіл,
Қоңыр бала
Жатыр тәтті ұйқыда,
Терезенің



Ту сыртында
Дің ағаш та ұйқыда.
Бұтақ толы
Түрлі құстар
Маужырайды құлпыра,
Бүкіл дала
Мүлгіп орман
Мамыражай ұғымда.
Уақытта
Таңға айналды
Ұйқы үйірілді көзіме
Аспан әппәк,
Жерім көк - бақ
Күн шапағы төрімде.
Алтын сәуле
Нұрын шашып,
Жылу құйды көңілге.

2003

ТАҢ ҚЫЛЫП

Мәңгулікті, әңгілікті қалдырып,
Есер, масан, жалқау күйден арылып,
Аталықтың аттап табалдырығын,
Сенде бір кез қойшы елді таң қылып.

Құйын мінез, ала бүлік ілезді,
Сырттан сүзіп, шабақтайды өсекті.
Есті жүрек жол бермейді өсекке,
Адал сөзді айтады шын тілекпен.

2009

ЖЕҢЕШЕ - АЙ

(Түркістандағы Жұпарға)

Пай – пай, жеңеше, жеңеше - ай,
Қандай тәтті шұбатың,
Іздемедің ағамды,
Қандай мықты қуатың

Пай, пай, жеңеше- ай

Кездесе алмай жеңеше, кете бардым,
Сәлем айт!- деп, ағаға сауал салдым
Бір көруге өзінді Аллаһ жазсын
Жұпар жеңгем исіне құмар қансын,

Пай - пай, жеңеше - ай!

Жеңеше- ай.



ЖАН СӨЗІМ

Жан сырым саған жазған осы сөзім

Жаманға түспесінші азат күнім.

Өмірден оза шығып жан сезімім,

Жанымды жарылқасын жақұт жырым.

Ойланып, оттай қызу өлең жазам,

Өйтпесем күнім күңгірт, түнім тозаң.

Жүрегім Тәңірімнен жарылқансын

Шабытым, шарықтасаң, құлың болам.

БІР СӨЗДЕН

Бір сөзден семіріп,

Бір сөзден аримын.

Бір сөзден марқайып,

Бір сөзден жайқалып,

Бір сөзден жанамын.

Бір сөзді ұмытып,

Бір сөзді мәңгі ұғамын. 2009

СОЛ БЕЙНЕ МӘҢГІ ТІРЕГІМ

Бір бейне бар көңілде,

Елесі өмір төрінде.

Жөлдай да алмай сәлемін,

Көмілді-ау, бөтен елінде

Оу, бақуатты кең өлке,

Жаймадың құшақ ерлерге.

Мәңгі күн нұрын төгуде,

Топрағыңды самал өбуде.

Бұйырды жаттан топырақ,

Жатыр, тек, мүлгіп атырап.

Жазықсыз, жаумен алысқан

Әкем де менің Батыр-ақ.

Осындай, міне, адамдар,

Жүректе мәңгі жүреді.

Ойымды оңға ұштаған

Сол бейне жүрек тірегі. 2001



ӨЛЕҢ -- ҚҰРҒАҚ СӨЗДІҢ АЙҚАСЫ ЕМЕС

Ақынға қара сөзден өлең оңай,
Орман боп көрінеді жалғыз курай.
Даламның құба белі, жон, тауы мол,
Еліме Бақыт берші Жалғыз Құдай.

Еліммен Бақытты өмір бапталады,
Ақынның асыл сөзі сақталады.
Тәңірге тәнті болып өлең жазам,
Болашақ айтып мені мақтанады.

Өлең, тек, айқасы емес құрғақ сөздің,
Білмейді түсінбеген жырдың көнін.
Өлеңде күрестердің ұлы ісі бар,
Жыраулар -- күрестердің пірі шығар.

Өлеңде Қазақ елдің жан сыры бар,
Жендеттің, жауыздықтың қаңсуы бар,
Талапты тарландарым Әлемге айан,
Әфсана, эссе, айтыста бәйгі алған. 2011

АҚЫН ЖАНЫ

Ақын жаны жалғандыққа бармайды,
Шындық сөзі дүниені шарлайды.
Табиғаттың тамашасын мәнерлеп,
Адамдықты, ақ ниетті толғайды.

Еліктейді Абыз қартқа, аңызға,
Желікпейді желмайалы табысқа.
Ол- Одиссей, ол- Оссиан, Аполлон *,
Шаттанады сөз сарасы табысқа.

Ертегі, аңыз, әңгіме де жазады,
Эссе, юмор, аллегория азабы.
Достық әзіл, оданы да құптайды,
Фэлсафалық толғауы -- сөздің тазасы.

Ақын осы бар жанрды меңгерген,
Ақын жүрек табиғатты еңсерген.
Ақын болып дүниеге келген ол,
Нәзір, назым, пафосты да өңгерген.

* Одиссей (Гомер поемасынан)

Оссиан (111в. легендарный поэт Ирландий, аңыз ақын)

Аполлон (певец любви- махаббат жырышысы)



Ақын осы, қарағым, ақын осы,
Ұлысының жаны ол, шам-шырағы
Алпыс екі тамырының соғуы
Өлең - өмір өзен болып ағады.

ҒАШЫҚТЫҚ

Ғашықтық - жыры жүректің
Күші емес ол құр білектің.
Ғашықтық тілі тілсіз жау
Қасіреті әлсіз жүректің.

Сағыныш коңіл зарығып,
Батады мұңға тарығып.
Айала ғашық жүректі,
Айаққа баспа, жарығым.

Ғашықтың жыры бағың ғой,
Күтпесең ұшар сағымдай.
Есіңнен кетпес таңдары,
Жүректер қалса қосылмай.

Жақұттай жәудір жанарың,
Тозбасын балбұл ажарың.
Жүрсеңде шалғай өзгерме,
Берілме, жаным, өзгеге.

Жырымды алып жетермін,
Айалап сені өтермін
Кездеспей қалса сол бейне
Ғашық боп мәңгі өтермін.

1963

*Қайырлы Таң, әділ Таң,
Әділдік келсін далама,
Сүйемін дархан даламды,
Ұйқыңды аш тірлік көзіңді,
Әлемім болсын көңілді. (Б.Тұрсынхан)*

БІР ТЫНЫШТЫҚ

Аспандағы күміс Айым нұрлы еді,
Ай жарығы түн түнегін түреді.
Түн күзетіп, жұлдыз санап тұр едім,
Ақ бетімді Ай сұлуым сүйеді.



Таң шапағы Ай сәулесін таратты
Талай мәрте Күнім көктен қарады.
Тырыс- тырыс жауған жаңбыр тамшысы
Көзін қысып, әйнегімнен қарады.

Ақ тамшылар терезені қағады,
Ақ маржаннан әйнек моншақ тағынды.
Ақ жауыннан дала шаңы басылып,
Бір тыныштық жүрегіме бағынды.

2005

ӨМІРДІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ

Өмірдің кейбір сәттерін
Отырам болжап топшылап.
Зымырап күндер көшеді
Несібем болсын еселі.

Өмірдің кейбір сәттері
Ғибратты өмір көктемі
Қиындыққа жан шыдар
Сокпасын желдің өкпегі.

Өмірдің кейбір сәттері
Тұрады белес- белдерден
Бір тамшы ғұмыр дүние
Жалғасын тапқан көңілден.

2006

ОЙПЫР - АЙ

Жапырақ қоңыр желден дірілдейді,
Салқыннан жаны суып күбірлейді,
Ойпыр-ай, күбірлейді.

Боз таңда ай сәулелі, молдір аспан
Тыныштық ақ таңменен тым жарасқан
Ойпар-ай, тым жарасқан.

Бір бұлбұл, тыныштықты бұзды сайрап,
Сыр айтты тұла бойды үні жайлап
Оу, Тәңір, үні жайлап.

МЕН СОЛМЫН

Мен байағы солмын, солмын,
Жүрек жылуы молмын, молмын.
Білім алдым...
Оң солымды танып, толдым, толдым.



Өнерді сүйдім өзім, өзім,
Еңбекті сүйді төзім, төзім.
Бола түссін...
Тола түссін өмірде жөлым, жолым.

СҰЛУЛЫҚСЫЗ ДҮНИЕ ТҰЛ

Киелі асыл сөз бұл:
Сұлулықсыз дүние тұл!
Сұлулықтың жолында
Азап пен бақыт егіз құл.
Сұлулықтар Әлемі
Қорғайды адам қоғамын
Үндестігін тап бассаң,
Биігіне бойлайсаң.

МЕЙІРІМ

Ананың мейірімі - күн шуағы
Ана,- деген көңілдің бір бұлағы
Ана, - өмір! Әлемнің өл шырағы!
Жүргімнен Ана!- деп ән пырқалды.
Айналайын,
анадан айналайын
Күншуағым
өзіңмен арайланды
Ана!- деген
маһаббат мейірімі
Ана !-деген
Әлемнің ақ айдыны.
Ана,- дейді Тәңірім, тәбиғатым
Мәңгі өнеге анадан жиған қатым
Жалғыз жалау өмірде ана мәңгі,
Ұқсатамын анама атқан таңды.

СҰЛУ ҚАРТТЫҚ

Берік мінез, биік тұлға, бекем ой,
Оларда жоқ бөтен пиғыл, секемді ой
Нұрлы, назды, жаны сұлу адамдар,
Сұлу күйде қартайады екен ғой.



Аңғармай жол, белестер ауырлығын,
Өмірге ғашық болып жүреді адам...
Жыр серік, шабыт жолдас болғаннан соң,
Тәңірім, қуатыңа сенді қалам.

Өмірде ештеңе де мәңгі емес,
Өткеннің бәрі ертең болар елес.

Қажыған қарттарыма қайрат болып,
Сұлу қарттық мінезбен озды белес.

Сұлу өмір береді екен сұлулық,
Адам- фәндә, өтпелі өмір тым қызық.
Бармақтай сол Бақыт үшін жаралған,
Сұлу болып қартайады сұлулық.

Берік мінез, биік тұлға, бекем ой,
Оларда жоқ бөтен пиғыл, секем ой,
Нұрлы, назды, жаны сұлу адамдар,
Сұлу күйде қартайады екенғой

2009

ӘНШІ ЖАМАЛ АПАЙҒА

Айта, айта «Алтайды»
Жамал апан қартайды», -
деген еді бір кезде.

Ұмыт болды, ілезде...
Енді бір сәт ойласам,
Өмірге өткен бойласам
Асқақтата «Алтайды»
Ешкім айта алмапты.

1989

АЛАТАУ – ТӘҢІР

Алатау маңдай,
Шындары қандай,
Ақбөрік киіп,
Кокке тұр тиіп.

Шың басы ақ қар,
Етегі бақтар
Жайқалып тұнған,
Сайында гүл бар,

Шыршасы жасыл,
Қарағай қалың,



Жағасы толған
Қой, жылқы малың.

Алатау асқар
Шындары асқақ
Қарттыққа басқан
Имейді басын.

Жасасты бірге
Аспан мен Жермен
Алатау таңы,
Атады мәңгі.

Әні бар таңғы,
Күні бар күлген.
Алатау - Тәңір,
Жасасын мәңгі.

*Сылқым сөзбен сыр құйдым,
Саналы сөзден жыр түйдім. (Б.Тұрсынхан.)*

БАЛАЛЫҚ КЕЗ ЕҢ

Балалық кезең, балалық кез ең
Асығыс қайда жөнелдің?
Жетем бе, кусам,
Қайта бір тусам
Қайтару, сірә, бекер ме?!

Недеген тез ең, балалық кезең,
Жалаң айақ жарысқан
Балалық кез ең,
Тамаша кезең
Тотыдай сұлу таранған.

Балалық кезден жастыққа көшкем
Жұлдыздай көкте жайнағам.
Жастықтың шоғы,
Маздаған оты -
Махаббат жыры сайраған .

Балалық кезең, отты бір кез ең
Іздеймін төзім тоздырып.
Мәңгілік есте
Сағыныш кезең
Сақтаймын өмір оздырып.



ТӘҢІРГЕ

Қуат бер Тәңір сүюге,
Достықпен адал жүруге,
Жырымды жазып, күлуге.
Асаудай толқын төрінде
Жүйесін жанның еріткен
Жүрегім Күнге тепе-тең.
Өтті талай жаңа күн,
Туарын тостым таза күн
Жүрекке толсын қуат нұр.

2009

СӨЗ

Д і л м а р д ы	көрсен дірірілдеп,
Ш е ш е н д і к	сөзге тамсандың.
С ө з у а р д ы ң	қу сөзі
С ө з ш е ң г е	қапан теңесті?
Д а н а л ы қ	бар даламда
Д а н ы ш п а н	салған сара жол
К е м е ң г е р л е р	кеңесіп,
А қ ы л д ы	қосты бабалар.
А қ ы л г ө й	ұрпақ жалғасты,
Т і л , Д і н г е	бүгін бой салды.
Өнерлі өрен	жиылып,
С ө з ө н е р і	жалғасты.

ҚАРАҚАТ ТҮНГЕ АСЫҒАМ

Қарақат түннің ғажабын
Түн жортса білер жолаушы
Қалғиды жел де желікпей,
Ай, Жұлдыз сені қолдаушы.
Қарақат түннің ауасы
Дәрмендәрі жан ісі
Жұбатар жанның қайғысын
Жұлдыз - сінді, Ай - қызы.
Қарақат түннің асылы,
Ой қосар көңіл жасыны.
Жыр түртсе жүрек түкпірін
Қағылар жырдың қазығы.



Ой тоқып көңіл көгінде,
Күй құшып, әнге қосылап
Бақыттан елтіп жүрегім,
Қарақат түнге асығам.

2006

ОҢТҮСТІККЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Күзгі аспан күрсініп,
Күн қызуы азайды.
Күн биіктеп алысқа
Тоғай, дала мұнайды.
Далаға түсті көк тұман,
Қоңырлап жер де сарғайды.
Қоштасып аққу, тырна, қаз,
Оңтүстікке жол тартты.

ЖЫР ШАШУ

Қара бұлт нөсерін өткізіп,
Аспанға,
Ақ бұлтқа көз салдым,
Қалауын арманның қамшылап,
Елімнің төріне жыр шаштым.
Бұлт ойнап аспанға асылды
Аспанда
Ала бұлт жаңбыр боп басылды.
Айшықты, арайлы әндерім,
Достыққа Әлемді шақырды.

ЖАНАРЫМДЫ ЖАҚСЫЛЫҚПЕН ҰШТАДЫМ

Жанарымды жақсылықпен ұштадым,
Ұнасам деп, біреулерге, ұшпадым
Тәрбиелі, дәстүрлерді бұзбауда
Балалықтың ғашықтығын құшпадым.
Жерде тудым, биіктерге ұшпадым.
Жер иемнің кіндігінен ұстадым.
Жылылықты, жақсылықты, шуақты,
Жер – Анамның желкенінен ұққанмын.
Жер – Ананың желкілдеген қызымын,
Байтақ елін сүйген сұлу бірімін.
Көкірегім күн нұрынан нәр алған
Желбіреген нәзік өмір гүлімін



Ашық күндей анық менің келбетім,
Бесігімде жан анашым тербеттің.
Саған ұқсас жүрегімде қызу бар,
Сыйғызардай жүрегіме жер бетін.

Адалдықты, ақиқатты бойлаймын
Жадыраймын жан анамды ойлаймын
Қыз жүрегі ұқсас ана жүрекпен
Ана жүрек соғады зор тілекпен.

1997

*Поэзия это не просто мысль,
Это песнь кровоточащей раны.
Или же улыбающихся губ,- сказал Д.Джебран*

МҰҚАҒАЛИҒА

(мадақтау - ода)

Әр жүректе жазулы тұр есімің,
Әркім ашар Кітабыңның есігін,
Бірі жылап, енді бірі күрсінер,
Тұла бойда неткен шындық!-десіп үн.

Айдынына аққу-қазды қондырып,
Сұлу әнді жазды Әлемді таң қылып.
Махаббаттың пейішінен сусындап,
Сұлулықты паш етеді ән - ғұрып.

Шынар шыңға шындық іздеп шығасың,
Терең ойлы, тау тұлғалы бір басың.
Өтіп барады құмар ғұмыр тынбастан,
Шабытыңнан үлгі алады ақын мың.

Ақын жыры шуақ шашса жанға сыр,
Арғымағын өлең,жырдың тұсадың.
Теңеуі жоқ, тежелмейді ғасыр - жыр,
Ұрпағыңның жүрегінде мәңгісің.

2011

ҚАСЫМ РУҒЫНА

(арнау)

Заманымен үндескен,
Аспанменен тілдескен.
Азулы ақын әйгілі
Азаттықпен жүздескен.



Тәңір руһты айбарлы,
Мінез - құлқы жайдары,
Жанға бір ләззәт құйардай,
Өлеңдерің ұрандай

Өміріңнен озыпсың,
Ұрпақты жырға қосыпсың.
Сезімінде сергектік,
Бақытын көрдің қалықтың.

Бесігің алтын Арқа елі,
Назира - назың еңселі.
Танымын жанның жаңғыртып,
Жалынды сөзді селдетті.

Руһқа сіңді қайратың,
Өлеңге қостың айбатты.
Сіңірдің еңбек ұлтыңа,
Жыр - жауһарың қаймақты.

Аспандаған асылсың,
Әніңді айтып тасыдым.
Сұңғыла сыншы - құдірет,
Ұрпағың саған бас иед

2011

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҰЛЫ (Ақселеу Сланұлына*)

Қазақтың асыл ұлы едің
Өмірге ғашық бірі едің
«Сарыарқа», «Дәурен-ай» әндерің,
Артыңда қалды ұлы ісің.

Келді көктем, келді жаз,
Жайқалды селеу иіп бас.
Дала тұнған ақ шашақ,
Селеулі аймақ, ақ масақ

Ойыңа ойлар тең келмес,
Бойыңа бой да тең емес
Сұм ажал қалай алдайды,
Жақсыны неге жалмайды.

* А.Сланұлы – академик ғалым, этнограф, әдебиет және тарих зерттеушісі ҚРМ, ҚЖО сыйлықтарының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ақын, жазушы, сазгер, сері, домбырашы, зергер, аңшы.



Отырған жерің шежіре,
Өңгіме, тарих дүкені,
Қазақтың салтын ұстанып,
Тартқан ең баба - тегіңе.

Ойыңа бойың жарасқан
Сұлу терек сырбаз ең
Жеті өнерді де азсынып.
Түрлентіп өнер іздедің.

Тарихын күйдің негіздеп,
Өлең жыр жаздың еселеп.
Зергерлік затын өрнектеп,
Сайатшыл едің елгезек.

Жаксыны ажал арбайды,
Қыр соңынан қалмайды
Ол дүниенің НЛО-сы
Жаксыны, сірә, таңдайды.

Қабыкенді* де алған ғарыш күш,
Тынбай жүр Жермен жалғасып.
Жалғыздықтан жабығып.
Тосқан-ау ғалым, құрбысын.

Қос ғалым Ғарыш көгінде
Жұлдыз боп жанды көгімде.
Жүздерің Жердің бетінде,
Руһтарың аспан легінде.

Аспанға түнде қараймын,
Жұлдыздарды санаймын
Жаңаарқа аспаны көгінде,
Қос жұлдыз туды толайым

ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИКТЕЙДІ

Табиғаттың таңғажайып құбылысы өзінде,
Жарық дәурен күншуағы көзінде.
Ғұмырнама ғақлиасы сөзінде
Парасатын, ғарасатың қалды туған елінде.

* *Ғ.Әбдіқожаұлы – ҚҒА ның академик ғалымы, ҚРПМА академигі, медицина ғ. д., профессор, дәрігер, әнші, домбырашы, аңсақ, сері, жазушы.*



Дүйім жұртты мойындатқан Ақселеуі Алаштың,
Жан сезімің жастарға үлгі, қарасын.
Елің үшін өшпестей із қалдырған,
Ықыласың, ілтифатың асқақ тым.

Өнегелі жан ең, сұлу ажарлы,
Сарыарқанда дәурен сүрді талабың.
Тоғыз өнер тал бесіктен өріліп,
Күмбірлеттің Арғын - Алаш алабын.

Сарарқадай сылқым сырлы қаламың,
Дәуренайың - мұңлы сыры адамның.
Елің үшін, тілің үшін тәмсілің,
Бауырым,- деп Елдің сырын тамсадың.

Ақселеусіз ажар болмас далада,
Ақселеуін таниды жас бала да.
Дала жоны әшпәк торғын жамылды,
Бас изейді ақ селеулер далада.

Биік тұлғаң жарасушы еді сәніңе,
Алаш Елің қосылып жүр әніңе.
Атыңа сай түрің, тұлғаң, жүрісің,
Ақселеулі дала руһы мәнінде.

Өмір жалғыз, өмір мәні негізден,
Күйзеліс пен күрсіністер көңілден
Сартап болған сағынышты сейілттіп,
Мейірім мен махаббатты сезінген.

Аңсап, шөлдеп, шайқап сөздің тұнығын,
Зерделеймін озық жанның өмірін.
Шексіз құрмет, риасыз пейілің,
Ұлылығың - ой негізі - өлшемің.

Асқар таулар биіктейді алыстан,
Сағым сезім сағынышпен жарысқан.
Жетпіс жылда биіктерден көріндің,
Жүрекжарды сұлу сөзді төгілттің.

ЗАМАНҒА ЖОҚ ЗИАНЫ ЗИАЛЫНЫҢ

Заманға жоқ зияны зиялының,
Сәуле пашар ақыл ой, қиалынан.
Руһани тірліктің жолын тауып,
Арылтады бодандық зиянынан.



Адамға жоқ зианы зиалының,
Жылағанға қамқор ол байағыдан.
Үйретеді тәлімді, парасатты,
Жетелейді мінезге биазылық.

Зиалыны қадірлеп дәріптейік,
Қасиетін дәстүрдің тізбелейік,
Қалықтың жауқазындай жақсылығын,
Ақ киізбен тұғырға көтерейік.

Ой салады зиалы қауым маған,
Шағылмасын шаңырақ, тауың бабам,
Аз ба, көп пе, атқарған ісім болсын,
Өмірімнің жаңылмай жолын табам. 2000

...ТІЛ, ДІНІМІЗ – ҚАЗАҚ

Ұлтымыз, тіл, дініміз қазақ,
Басқа ұлтқа болмайық мазақ.
Ағылшын, орысша сайрай бер,
Өз тілін білмеу тым азап.

Жер, топырақ, суымыз да қазақ,
Қашаннан қазақ өскен жеке дарак
Бесіктен шыққан балбөбек,
Өз тілін білмей, кешпесін азап.

Тіл-діннің руһы, байлығы қазақ,
Тіл, білімге жасаңдар қадам.
Бақыттан байлық озарда,
Тіл білмей қазақ тозар да.

Алаштың атын, Қазақтың затын
Өшіре алмас өңкей құл.
Асыл сөз отын маздатып,
Қуанамын өз тілімде қат жазып.

ЕЛ ӨСКЕН

Даналыққа жеткен де,
Жерге сәуле сепкен де,
Аспан бұлтын тарқатып,
Ұлтына тілін берген де.

Үндестігін тілінің,
Анықтай ашып көрген де



Қиындыққа мойымай
Азаттық күресі жүрген де.

Кемелді ойдың кентінен
Сабақтап жіпті өрген де
Қайғы мұңды ұмытып,
Жаңа өмірді көрген де.

Күресіп шындық белдескен,
Қазақ пен ұлттар елдескен
Бір - бірімен сен,- деспей
Далалық қалық - Ел өскен.

НҰРЛЫ ӨМІРДІ СҮЙЕМІН

Сал жігіттей көрінеді жырларым,
Тәтті өмірді, пәк көңілді жырладым.
Әлі талай гүл құшақтап, Күн құшам
Жазылады талай әппәк сырларым.

Сүйем сені сұлу жырлар сиқырлы,
Сеніменен жаным бірге бір қилы.
Асау жаным бір өзіңнен сусындап,
Күтем сенен жанға сайа бір сыйды.

Айды аймалап, Күнге күліп қараймын,
Жақсылықты жүрек сүйіп қалайды.
Әсем сазды, қоңыр назды жырыммен
Нұрлы өмірді сүюге мен жараймын.

НӘЗІК СЕЗІМ

Ақын - қыран қиалы
Қиаға қыран қарайды.
Жақсыны жаны қалайды
Достықта ақын арайлы.

Ақын жүрек тым нәзік
Мінезі соққан дауылдай.
Лүфіген жүрек басылса,
Өледі ақын ауырмай.

ӨЗЕН АҒАДЫ АРНАСЫМЕН

Өмір өзен жылжиды тынбай ағып,
Әр қойнаудың, әр тастың төсін қағып.



Өзім жайлы жырды да өзім жазып,
Тыншымаймын өмірдің көзін бағып.

Өзен мәңгі жылжиды арнасымен,
Айналады жағалап Әлемді кең.
Өмір – тарих, тарауы тұлпар шабыс,
Қарапайым шындықты негіздеген.

Өмір-өзен жылжиды арнасымен
Бір шомылып қалғайсың Нақ ісімен
Екінші рет сол суға шомылмассың,
Ол үздіксіз ағыста Аллаһ ісімен.

МЕН БІР ЖҰЛДЫЗБАЛЫҚПЫН

(кейінтеу)

Мінезім бар
Алым-берім екпінді,
Ұқсастық бар мінезімде
Теңіздегі,
Нағыз...
Жұлдызбалық секілді...

Нағыз жұлдызбалық секілді:
Жараланам, жұлынам,
Жабырқаймын, жабығам.
Сонда да өлмей,
Қайта түлеп,
Түрленемін, толысам.

Мен бір, жұлдызбалық секілді:
Қиналамын, қидаланам,
Жұлынғандай бір мүшем,
Қиылады қолымда,
Қиралаңдап,
Жыртылады жолым да.

Бірақ, бірақ,
Мен өлмеймін,
Мен өшпеймін өзгеріп.
Түрленемін,
Жетіледі бар мүшем,
Мен бір Жұлдызбалықпын.

Жұлдызбалық су түбінде
Таңғажайып елінде



Мен де жүрмін жер бетінде
Сүйіп туған мекенді.
Ұқастық бар мінезімде,
Теңіз сүйген Жұлдызбалық секілді.

2002

САЛАЙЫН СӨЗДІҢ САРАЙЫН

(сөз сарасы)

Бала едім кеше кекілді
Ақыл-оймен есейдім
Отырған жазып бұл жырды
Мен емес, бір күш секілді.
Ән тыңдап, өлең жазбасам,
Торығып, бір сәт, тарығам.
Атамның тілі-ақындық.
Назерке сырмен толысам.

Сезімім сырды тербейді,
Қиалды жебеп сұлу сыр.
Болмасам да ақиық ...

Көзайым болсын мәңгі жыр
Жыр жазбасам жұғандап,
Өмірге мына сыймаймын.
Күмбезін көкке көтеріп,
Сарайын сөздің салайын.

2002

ТІЛ ТИЕГІ

Тіл тиегі. Тіл - достықтың тірегі,
Тіл - құдірет,
Болашағы қазақтың,
Тіл- ғанибет. Тіл - қасиет,өнеге,
Салт - дәстүрі,
Бақыты мұсылманның.
Тілге тиек. Қазақша сөйлеу мәні
Өз тілінде ойлансаң,
Кіреді сөздің жаны.
Тіл өнеге. Өршіл тіл ықтырады,
Басты иілгіп ,
Айаққа жықтырады.
Тіл құдірет. Қорықпа, көтер мәнін
Ана тілді құрметте,
Қазақел, болашағың.

2010

СҮЙЕМ СЕНІ, ТУҒАН ЖЕР

Отаным өлкем -туған жер
Көркейіп, гүлдеп жайнай бер.
Таза ауа, кәусәр бұлағың,
Көкорай шалғын тұрағың.

Шуақты күнің, жарық ай,
Көлдерің мөлдір гауһардай.
Жүрекке қуаныш құйасың
Көңілде мәңгі тұрасың
Ортақ бізге тойларың,
Бірлік, Бақыт,Берекең.
Көтерем көкке атыңды,
Биіктен орын аласың,
Орындалып талабың
Парасат егіп барасың.
Сүйем сені туған жер
Жүректе мәңгі тұрасың.

2007

ҒАШЫҚПЫН

Мен ғашықпын ...

Ғашық болам әлі де,
Ғашық жүрек
Бағынады Тәңірге

Мен ғашықпын

Аспандағы жұлдызға,
Ай ару мен
Күлімдеген Күн қызға.

Мен ғашықпын

Аспан - әлем көгіне,
Өздеріңді мақтап өтем,
Мүшәйра-жырдың төрінде.

2004

ДАРИҒА-АЙ, ШІРКІН

(мұң - элегия)

Жай тапса көңіл қалауы
Ғашықтың оты жанады.
Ғашықтың көзі –ессіз көз,
Таудан да биік,
Биік-ау, оның талабы.



Қайырмасы: Дарига́й, шіркін,
Өтеді-ау бір күн
Сырласқан түндер,
Сыйлас күн.
Қимай да, қимай,
Қош дер-ау, бір күн, амалсыз.
Неліктен, неге, апыр-ай,
Ғашықтар өткен қосылмай?!

Ғашықтық — мәңгі тіршілік
Айтамын сырын ән қылып
Өксітіп өмірін, мәнжұқ қып,
Қозы мен Байан өтіпті,
Қалдырып өмірін сән қылып,

Қайырмасы

«Ғашықтың тілі тілсіз тіл,
Козбенен көріп, ішпен біл», -
Дегенде, Абай, апырмай,
Білген-ау бәрін,
Білген-ау ,бәрін осылай.

ТІЛЕК ҮН

Мендағы бір атаның баласымын,
Жанымның кім түсінер мағынасын
Тектінің қанасынан жаралмаса,
Өнердің бұйырмақшы қай саласы,
Тектіні жалғастырар текті ұрпақ,
Рудың бәрі текті ойлап тұрсақ
Сәбәбі ,Ұлы Дала үлгі болып,
Батыр, Би Ұлағатты жалғастырған.

Қазаққа Аллаһ берген жеті өнерді:
Баласы бәйгі алып, белдеседі,
Бір сәтте сілкіндіріп Сахараны
Күй шертіп, ән сұлуын селдетеді.

Арқада, әу, демейтін қазақ бар ма?!
Бір ауыз өлең жазбай көңлі толмас!
Жырауы жарылқайды елін мақтап,
Қисығын түзетеді айтыс баптап.



Қазақел әрі аңшы, дүр сайатшы,
Шындыққа тіреледі сөз байаны.
Айатты жатқа біліп, намаз оқып,
Қастерлеп, құрметтейді байағыны.

Байағы бастауы ғой бүгінгінің
Бөлашақ жалғастырсын ертеңгісін.
Қуатты Қазақелі мәнді жасап,
Мәңгіге дәуірлесін қазақ үні.

2011

ӘЛЕМНІҢ БАЛАСЫМЫН

(толқу)

Мен адаммын

Аллаһ! –деймін, азбайды, адал демім.
Жер – жәннәтін -Тәңірім жаратты пәк,
Адам болып өмірге жаралдым сәт!

Ой түйемін, өремін өмір сөзін,
Тарихымнан бабалар көрем көзін.
Әлем қамы мөлдір түс келбетті де,
Мол тыныштық өрнасын жер бетіне.

Алыптардан ақ маңдай туады адам,
Керек десең би, батыр, мырза бабам.
Табиғаттан айналдым жаратылған,
Тік тұрғызған адамды айағынан.

Өмір мәңгі адамды алмастырған,
Тек, ғасырын жылжытып, ауыстырған
Жұмбақ, мына, Әлемнің жұмағының
Баласымын өмірді жалғастырған.

АҚЫЛДЫ МАЗАЛАЙДЫ

Дамылсыз дүние ақылды мазалайды,
Көне берсең ырқына жазалайды.
Мұны да бар жетерлік бір басыңа,
Күндері бар, береді ойлануға.

Жалған дүние ырқына көне алмасын,
Адасқақ, қаңку сөзге төзе алмасын,
Күндерімнің көңілі таза маған,
Сұңқар көңлім бағады тәтті арманды.



Арманым бар бұлақтай буырқанған,
Жүрегімде жасын от жарқылдаған.
Аққу сезім бұйыртып сәттілікті,
Құпияның қақпасын ашты маған.

Таныс маған бұл өмір бала кезден,
«Жақсыда жаттық жоқ», - деп дала кезгем.
«Сырлы айақтан сыр кетсе, сыны қалар»,
Махаббатқа ризамын мәңгі өбкен.

Талапсызға қайранмын тасырайған,
Бал орнына су берген қосып айран.
Шала сөзі секілді шалабындай,
Парасаттың бүгінде парқы азайған.

Жайсыздық күй ойымды мазалайды,
Шындығым бар жүректе жанға жайлы
Мәртебелі Елімнің бірлігі үшін,
Жан жүйемді ақыл- ой мазалайды.

2005

АҚЫЛНАМА

Құлата білсең құларды,
Ақылдыдан құлай біл.
Сұлата білсең жаманды,
Жақсы жолында құлай біл.

Жылата білсең жәллепті,
Жамалыңа жылай біл.
Жұбатпасаң жақыңды,
Жұбатар жақын неғайбіл.

Бала болдың , жас болдың
Көрдің көңіл тоқтығын.
Биіктерге құлаш ұр,
Өмірдің термей боқтығын.

Жақсылықты ұғып біл,
Жамандықты шолып біл.
Жаманды бастан асырмай,
Ақылыңды толықтыр.

Бақытқа үлкен қадам бас,
Жақсылық тілеп адамға.
«Ақырын жүріп, анық бас.
Еңбегің кетпес далаға».

2006



ҮНДЕСУ

(*дүлдүл ақын О. Иранбекке еліктеу*)

Жүрегіміз бірлікпенен үндессін,
Ақ тілектен көңіліміз мың өссін,
Өмірдегі пәк жақсылық сыйластық,
Ынтымақты ту етейік мирас қып.

Нәзік жыр да, махаббатта үлесті,
Әлемде бар ақындардың үлесі.
Сыпайылық - тазалығы жүректің,
Таза жүрек - күтімі ғой тілектің.

2012

ШАРИҒАТ

Шариғат -- бұлжымау заңы Исләмнің
Міндеті болмақ мұсылманның
Нәпсіні тыйып, іздену
Тариһат, Ғибрат ұстанып.
Нақиқат -- шындық таңдауы,
Үндессе құрмет -- мақтаулы
Жүрекпен тану Әлемді --
Марифат биікті аңдауы.

ИМАН СӨЗІН БАЙЫПТА

Имансыздың қателігін айыпта,
Иман сөзін жүрегіңмен байыпта
Жаман іске жүрегіңмен қарсы бол,
Іс-шаранды жүрегіңе лайықта.
Көре тұра еш әрекет қылмасаң
Жақсылықтың жолын нұсқап бұрмасаң,
Бұл әлсіздік, бей - берекет күй кешу,
Иман шартқа, азаматқа лайық па?!

ЖӘМИҒАТҚА ҺҮСНИҚАТ

Нақтан қорық,
иманың болсын ойыңда.
Имансыз, арсыз,
керексіз қай дүниада.
Мұңсыз өмір
сүре алмас имансыз,



Имандының
жүзі жарқын, илан шын.
Имансыздық
қоғамның дерт – ауруы,
Жаман істің
оңай бойға даруы.
Имандылық
қоғамның арқа тірегі,
Адамзаттың
имандылық тілегі.
Ар- ұяаттан
лүфіп соғар жүрегін,
Бірлікте ұста
жүрегіннің тірлігін.
Дүние -заман
қым- қиғаштық куәсі,
Бұл шараға
бар ма өмір дауасы.
Жақсылықтың
дәмін татып, нәрін ал,
Жақсыларға
жақсы келіп паналар.
Жалған дүние
таразысы мөлшерлі,
Коз тойымсыз,
жүрек білсін мөлшерді.
Аллаһ берсін
өмірлерге салауат,
Жаздым арнап
жастарыма һүсниқат
Аллаһ берген
жақсылықты жанға тұт,
Пайғамбардың
үммәті бол, жәмиғат.

2007

ӨМІРДЕН КӨҢІЛ АЙНЫМАС

Дауылды боран соқса да,
Үмітті үзбей тоса біл.
Қалдырып артқа мезгілді,
Болашаққа аттай біл.



Сағат тым жылдам соқса да,
Жүрекке қыспақ болмасын.
Өтсе де ғұмыр мұнарлы.
Сақталсын нағыз құнары.

Қайтпайды уақыт қашанда
Қайтарып ешкім ала алмас.
Өмірдің өткен бейнесі,
Мәңгіге жадта сақталсын.

Дүниә мәңгі, өмір бар,
Сізге де, бізге жетерлік.
Өткен өмір қайрылмас,
Өмірден көңіл айнымас.

2007

ӨЛЕҢГЕ АМАНАТ

Өлеңге салдым назымды,
Өмірден алдым сазымды.
Әуезді әнге қосақтап,
Өлеңмен айттым барымды.

Көңілдегі көркем ой,
Өлеңім саған аманат.
Заңын сүйген шындық сөз-
Ғылым, білім, махаббат.

ҚҰСТАР КЕЛДІ

(Әнге еліктеу)

Құстар ұшып,
Оралды мекеніне.
Көк аспаннан
Қиқулап ән төгілте.

Құстар, құстар
Көгімде қалықташы
Шаттық үнді
Әніңнен жалықпашы.

Тыраулайды –
Тырнаның тұрақты әні,
Созылады аспанда
Бұрыш сәнді.



Құстар, құстар,
Сәніңді сағынамын
Қуанышты
Әніңе қосыламын

Құстар ұшып,
Келеді құстар ұшып,
Мен де тұрамын
Әніңнен бақыт құшып
Құстар келді
Тойлатып айдын көлді
Туған елдің
Өңірі әнге толды

Сыңсып ақ қаз,
Гәккулеп аққу келді,
Ән салады
Сағынып туған жерді
Құстар, құстар,
Перзенті туған жердің
Ажарланды
Келбеті туған елдің.

2004

АСЫЛ АНА

Асыл ана, жүзің нұрлы көрікті
Ізгілікте бір өзіңнен өніпті.
Жомарт жүрек, әділдіктің арасын
Бір өзіңнен, бір сөзіңнен ұғышпын.
Асыл ана, бал тамғандай тіліңнен,
Сөз сөйледің көрегендік ізімен.
Таза тілек, ақыл сөздің пайымы
Бір өзіңнен, бір сөзіңнен өрілген.
Асыл ана, көзің жіті көреген,
Бала сүйіп, ақ бесікке бөлеген.
Маһаббат та, марһаббат та лайықты
Бір өзіңе, тек, өзіңе жүгінем.

2008

БОЛАШАҚҚА

Болашаққа арнаймын жырдың нәрін
Болжаулап болашақты-адам жайын.



Болашақ өзіңменен кеңесемін
Сыр қуып сенімменен теңесемін.
Болашақ , асқақ болсын, алтын айың
Бақытын көру сәті бізге лайық.
Жөргегіне жерімнің бақыт түйіп,
Жәннат бағын мәңгілік аралайын.

2009

БҰЛ МЕНІҢ ҒАСЫРЫМ

Бұл менің ғасырым,
Бұл менің асылым.
Көк туы желпиді
Көкорай жасылын.
Бұл ғасыр жүрегім,
Ғасырмен күлемін.
Ғасырдың қадамыш,
Жыл санап білемін.

Бұл ғасыр мерейлі
Тамыры кенейлі
Тынысын тыңдаймын,
Төріне қараймын.

Бұл ғасыр ғажабын
Жырлаймын өзімше,
Ұрпағым көңлінде,
Сақтайды өзінше.

СЕН ҮШІН

Түн Жұлдыздар қақты жымың.
Ғажабын көрдім түннің,
Түндер, тек, жаратылған,
Ғашықтар, бір сен үшін.
Күн. Алтын Күн тағат тілеп,
Сұлулық ,сымбат сыйлар.
Күн сүйген қымбат ару,
Ғашықтан бақыт құшар.
Жоқ. Уайым, мұң құрысын.
Жылауық жыр тыйылсын.
Шындықтың ағын ақтар,
Жүректен жыр құйылсын.



Бар. Аспанда Ай, Жұлдыздар,
Сұлтан – ұл, Ай – қыздар бар.
Жаралған ғашық – оттан,
Жаһұттай жырларымды ал.

ЕЙ, ЖАСТЫҚ!

Алда асу, шығар биік жетерлік.
Ең алтын шақ – ол - жастық
Қазақ елдің ірге тасын қаласып,
Жалғастырып, жалындашы, ей, жастық.
Отан! – депші, жүрек қанын суытпай
Болашаққа жалға арман мұратты.
Елім! - деген ыстық ықыласыңды
Келер ұрпақ танып білсін, ұмытпай
Асқар-алып, биік шыңда сенікі
Туған Отан, Бақыт, Байлық сенікі
Көркейт, қала, ауылыңды, еліңді,
Қорға қазақ – бауырыңды, ей, жастық !

АЛЛАҒ БІЗДІҢ ПІРІМІЗ

Аллаһ біздің піріміз,
Үмметіміз пайғамбар.
Жалғасымыз Әлемнің
Біледі оны байқаған.
Жақсылық бар халықтың жүрегінде,
Тыныштықты тілейді жер жүзіне.
Әлемге бақыт сыйлайтын,
Сәбидің тілегі бар күлкісінде
Ұлыс қалық Ұлы да бола алады,
Дос жүректен Ұлы күш жаралады
Дос үні мөлдір бұлақ тау суындай.
Дос-Әлем Қазақелмен санасады.
Тарих көште айғыз – айғыз жол жатыр,
Еркіндікте мына ғасыр – ол – Батыр.
Ғасырларды ғасырларға бастайтын,
Алдымызда белес-белес жол жатыр.
Мұсылман шындығына сыйынамыз,
Көк байрақтың астына жиыламыз.
Езілгеннен есейген ұрпағың бар,
Мұһит боп кең арнаға құйыламыз.

2009

СЕНДЕРДІ САҒЫНАМЫН

Қыс –боран бауырында,
Көктемнің жауынында.
Мен сені сағынамын,
Қоңыр күз дауылында.

Анамды сағынамын,
Ажалға бағынамын.
Көктемнің сағымына
Анам деп, ағыламын

Баламды сағынамын
Бақыттан табыларсың
Өмірлік бақ-дәулетті
Еншілеп тағынарысың.

Бауырды сағынамын
Айтуға табылар мұң.
Туыстық бал-дәуреннің
Ұмытпа таңшуағын.

Аулымды сағынамын
Нан-тұзы, дәмі балтын.
Өтіпті-ау тағдыр таңым
Тәңірге табынамын.

Бір шындық білем барын,
Айаулы Тәңір-бағым
Тағдырлар тоғысқанда
Бәріңде табыларсың.

2010

ТАНЫС ӨМІР

(көңіл- күй)

Бір қарасам,
Бұл өмір таныс маған,
Сірә, мен
Уақыттан қалыспағам.
Неғұрлым
Армандасам алыстарды,
Алысым қол жетердей
Жақын маған.

Апыр-ау,
Бәрі –бәрі таныс маған.



Махаббат,
Бала,
Ана қасиеті
Бәрі де байағыдай,
Ертеден таныс маған,
Иәки, қалыспағам

Бұл – өмір
Бала жастан таныс маған.
Құс қуып,
Балықты да қолға ұстағам.
Аспаннан
Ай мен Күннің Нұрын танып,
Тербегіп ақ бесікте
Бала ұстағам.

Жарқылы
Жай отының таныс маған,
Сөз қуып,
Жаманменен жарыспағам.
Уақыт,
Пырақ мініп зуылдайсың
Мен әлі тосудамын
Бақытты қауышпаған.

ЖІГІТТЕР ҚЫЗҒА ҒАШЫҚ, АЛ БІЗ ШЕ ?

(ишара)

Жігіттер ғашық қыздарға.
Жырын да, сырын жазды арнап,
Біз неге қарап қаламыз,
Ғашық боп, біз де жанамыз.

Ғашық көздің қарасы,
Жүрекке жара салады.
Емде деп, салған жаранды,
Мөлгілдеп жанар қарайды.

Ғашығын тұңғыш аймалап,
Сүйеді, күйіп, лапылдап.
Мас болып, дел-сал, күй кешсең,
Елжірей қарар жаудырап.



Сүюдің тәтті ләззаты – ай,
Ғашықтық - тілдің тәттісі –ай.
Қалады есте мәңгіге,
Ғашықтың отты құшағы –ай.

Ғашық бөп қыздар егілер,
Жүректің сыры сезілер.
Жете алмай сүйген досына
Махаббат әндер төгілер.

Қазақтың қызы тәлімді,
Шарпиды жүрек жалыны.
Мәриәм менен Тәтіштей
Айта алмай, жүдеп, сағынды.

Ақ бетті ару арымсын,
Тәңірдің көсқан жары сен,
Дегенде, ыстық құшақтар
Табысты жүрек, сүйіп жар.

ҒАШЫҚПЫН ӨМІР ӨЗІҢЕ

(сезім шаттығы-пафос)

Жанға жайлы жылы жүздің үлгісін
Бір өзіңнен көрдім, сәулем, жыл құсын.
Тыныш тірлік, тұнық көңіл мөлдірі
Бәрі- бәрі бір өзіңнен жұғысты.

Ғашықпын өмір өзіңе,
Айдыны әшпәк көліңе,
Көкорай шалғын көгіңе,
Ғашықпын өмір,
Ғашықпын өмір өзіңе,

Көктем күні- патша Әлемнің еркесі,
Қасиетті Наурыз - жырдың кестесі.
Көкірек көгі көк жүзінде өрілер
Ұлы қасиет жүректерді жүгінтер

Ғашықпын өмір өзіңе,
Айдыны әшпәк көліңе,
Көкорай шалғын көгіңе,
Ғашықпын өмір,
Ғашықпын Әлем өзіңе.



БІЗДІҢ ҮЙДІҢ БҰРЫШЫ

(сыр нақышы)

Неше рет келіп,
Нешеме, қайттым ауылдан
Үзбедім күдер ағайыннан, бауырдан.
 Әр келген сайын,
 Армандап ұзақ қараймын
 Біздің үй тұрған Сарысу өзен бойына.
Қайран да, қайран,
Қайырлы менің ауылым.
Қасқайа қарап, қарсы алушы едім дауылын.
 Тас борап, кейде құм жалап айақ, ауызымды
 Сығалап қарап табушы едім жолымды.
 Бар ма адам, сыйласып созсам қолымды.
Сол байағы ауылдың шалғай шетінде,
Біздің үй тұр ғой күн шығар тұстың өтінде,
Беу, байағы мен жасаған әдемі бұрыш бетінде.
 Бұзылмапты, көзіме ыстық көрінді,
 Он алты жастың қолтаңбасы бұрышым
 Ойлаушы ем сол кез, әр нәрсенің дұрысын.
Балалықтың төрт бұрышы өрілді,
Өрлеу жолға қарайды ұзақ көңілім.
Түседі еске балалауса балғын өмірім.
 Бұрышы үйдің бәз байағы қалпында
 Балалық үйді бағалаймын алтынға
 Асықпа көңіл, басылшы жүрек, алқынба?!
Қалмады менен бағалы затта ауылда
Қалдырғаным төрт бұрыш, төрт қабырға
Жастық жігер көңілден қалды алыста.
 Неге кеттім, тыныштық тұнған ауылдан?
 Қалада жанның жігерлі бағы өсер ме?
 Сағынумен ауылды өмір өтер де.
Арман – Сарысу, ақ шағала жағанда,
Біздің үйдің сән – бұрышын бағала
Ақ шағала! Ақ шағала! Шағала,
Ергелі-кеш біздің үйді жағала.

1999

Ә У Е З Д І М Ү М К І Н Д І К

Н

Д Саумалдай самал есімде
Е Тұнық бір жаздың кешінде,
Т Отырдық үнсіз қарасып,
К Ай жұлдыздай жарасып.

Е

Н Бақытты бапты күй кешіп
Әзіл мен күлкі үйлесіп.

О

Й Ләззәті сол шақ есімде
Жұлдызды әнмен билеттік.

Л

А Арманды жалғап арманға
Р Шығармыз талай асқарға.
Асықпашы таң бүгін
Қос жүрек лүфіл қаққанда.

ЕСІМДЕ

Есімде күн кездескенім өзіңмен,
Тіл қатпай - ақ өбтің менің бетімнен
Мен ойланып, бір сезіммен қарадым
Сені сол сәт бақытыма баладым

Сөзге шорқақ, махаббатқа батыл ең,
Өзіңменен талай таңды атырдым.
Арманыңа арманымды байладың
Жарым осы болар деп мен ойладым

Бірге соқты қос жүректер, біргеміз
Қарттық жетті, бұзылмасын іргеміз
Жанұяның шаңырағы биіктеп,
Шаңырақты түндік жапты иектеп

Арманыңа арманымды байладың,
Жарым осы болар деп мен ойладым.
Жанұямыз жанға жайлы көктеді,
Сен мені сүй, бұл өмірде, тек, мені.

ҚЫЗЫҚ ДҮНИЕ-АЙ

Қызық дүние - ай,
Қыз түлкідей бұлаңсың
Алдандырып,
Алданып та тұрасың



Адамша күйіп,
Адамды сүйіп кез- кезде
Басыңды байлап,
Бұлтартпай бақыт табасың.
Қызық дүние -ай,
Бұлталақтап болмайсың,
Шоқ басқан жындай
Қып - қызыл дауға тоймайсың.
Амалың қалай?
Періште боп та, пенде боп.
Жаманды қуып,
Жақсылыққа бойлайсың.
Қызық дүние- ай,
Амалың бар- ау, жараған
Адуын, кейде,
Бір сәтте маңғаз кейпің бар.,
Беліңді буып,
Дүниені қуып,
Ұғынып, ұқпай өзің де
Көрсетесің бір ызбар.
Қызық дүние- ай,
Қылығыңа қарадым
Қырды кезіп,
Алға тартып барасың.
Сенде тудым,
Сенде өстім,
Ғажап жұмбақ дүние
Жұмағыңнан нәр алдым.

2007

САРЫ БЕЛДЕН САРҒАЙЫП, ТАҢ КЕЛЕДІ

Сары белден сарғайып таң келеді,
Сұлу қыздар, күлім көз паң келеді
Сырға толы жүрегі, зиялы ойы,
Ақылы да көркіне сай келеді.

Сары белден сарғайып таң келеді,
Өмір өзен құлпырып түрленеді.
Сұлу қыздай сылаңдап Астана тұр.
Ғажап өлкем жайнайды, гүлденеді.



Сары белден сарғайып таң келеді,
Жақсылықты Отаным меңгереді
Асықтырма уақыт асықпашы,
Шаңырақтан таң озып, күн күледі.

САУЫҒУ

(әсер)

Орақшының орағының астында
Өлімге басы иілген
Сұлу да, паң Инжугүл секілді
менде жүдеп жүр едім...

Мезгілсіз ажал келе ме, деп, күтумен,
Қалам ба, деп, өлімнің көріп қорлығын,
Ақ жүзімді баса ма деп, Эрба* қою түнегі,
Сольш, семіп өтем бе деп өмірден,
Жүрегім де байаулатып соғатын,
Жарық күнім сөнетіндей болатын...
Жүрегімді жаулап тартты құбылыс,
Құлағыма келді жылы бір дыбыс,
Жарқ етті бір жалын отты жанары,
Құшты, өбті, аймалады амалы
Жылы сөздің ынтызарлық күшімен
Жұлып алды мені мұңның ішінен.
Берік өмір, бекем ойды сый етіп,
Күлдірді өмір тағдырымды ұзартып.
Осы күштің ләззәтінен сусындап,
Раһаттап, тәтті Әлемнен күй тындап,
Сауықтым мен, енді мәңгі өлмеспін!

2011

ЖОЛДАУ

Кездесіп жиі сенімен өлең достасам
Өмір, сенсіз жүрегіме сыр құймас .
Кей кезде сөніп, қоштаспақ болсам музаммен
Жүйкемді жеңіп, жазмышпенен жұлқысам.
Жүрегім жанып жырға да, сұлу өлеңге
Жазамын жанның балшырынына сүйсініп.

* Эрба – (қою, қара түнек)



Мұндай halге түсетін жалғыз мен емес,
Ақынның тілі - Аллaһның тілі, тек емес,
Басқаның бәрі - Адамды алдау құр елес.

2011

К* -ге

(А.С.Пушкиннен)

Есте сол тәтті сұлу сәт
Ғайыптан келген көрініс
Пәктіктің сымбат тазасы
Алдымда тұрды сұлу пәк.
 Әбігер шудан үрейлеп,
 Үмітсіз қажып қайғыдан
 Жабыққан жүрек жүдетіп
 Мұндана қажып тұрғанда

Нәзік үн қалды жадымда.

Жылдар өтті...

Ұйтқыды бүлік тасқыны
Сүйкімді кескін түске еніп,
Арманды кетті сейілтіп.

 Ұмытам, қалай, үніңді,
 Сымбатты көктем жүзінді.
 Сол нәзік кескін жалғады
 Үзілген бір сезімді.

Қараңғы қамау түкпірге,
Жылжиды байау күндерім
Тәңірсіз, еңбексіз, шабытсыз,
Махаббатсыз өмір көңілсіз,

 Міне, сен тағы өралдың
 Қайтадан жаным жанданды
 Ғайыптан келген көрініс
 Фәріштә сұлу жанға азық.

Құштар жүрек лүфілдеп,
Жаңғырып, қайта тірілді.
Тәңір берген шабыт та,
Көз жасы бөлып төгілді,

Эпиграф: Иілмеді- ау, иілмеді махаббат.

Алдандырды сізді арман,
Жастықтың жалын қызығы,



Үркіп ұшты алдыңнан,
Махаббат сұлу ажары.
Әліде болса, үміт зор
Толқып тұр ойдың талабы,
Күзгі таңның шығындай,
Қыз жүрегі шамданды.

2011

БҰЛТ

Соңғы бұлтын аспанның
Жел айдап, қуып, тарқатпақ.
Көлеңке жерге түсіріп,
Күн көзін де жасырмақ...

Аспанды бұлттар торлады
Нажағай жалт-жұлт ойнады
Күн күркіреп нөсерлеп,
Ашкөзін жердің суарды.

Жетер, тоқтат нөсерді
Жер жаңарды, бұлт көшті
Бұтақты сүйді самал жел,
Бұлтты қуды, тыншы сен.

ҚҰСТАР ҰШЫП КЕЛЕДІ

Құстар ұшып келеді лек-легімен,
Сыңғырлайды үндері көк күмбезден
Қуаныштан қанатын әсем қағып,
Көк төсінің базарын күмбірлеткен.

Құстарым, әсем құстарым,
Үшбұрыштап, шығысты нұсқай ұшқан,
Тыраулайды тырналар гүлге ұқсаған.
Қоңыр үнді қоңыр қаз топ-тобымен,
Ала үйректер мойнына «моншак» таққан.

Құстарым әнші құстарым.
Қос-қос аққу айдыңға келді қонып,
Гәккуіне қуандым, көңлім толып.
Айдын көлін аңсаған ерке аққу
Ән салады жүрекке үнін қосып

Құстарым ерке құстарым
Айдын көлін ардақтап аймаласқан
Айдай әпшәк аспанда сәулең тұнған.



Туған жермен сырласып, думан сыйлап.
Сылаң қақты аққу, қаз, ақшағалам.
Құстарға сұлу құштармын.

ШАЙЫР АҒАШЫ

(А.С.Пушкиннен)

Ажарсыз өңсіз шөл дала,
Аңызак желден жарылған
Күзетші болып сол шөлде
Анчар тұр жапа жалғыздан.

Суы жоқ, нусыз, шөл дала
Қарғыстан Анчар* жаралған
Жалғыз жасыл ағаштың
Түбіне уы жиналған.

Анчарға құс та қонбайды,
Жолбарыс жортып бармайды.
Залалын сезіп Анчардың
Тіршілік өзін қорғайды.

Қаңғыған бұлт сіркіреп
Суланса Анчар жапрырақ
Суменен уы сырғанап,
Көз жасы у боп ағылмақ.

...Зорлықшыл патша жұмсады
У шайырды табуға
Келіспеске амал жоқ
Жетті құл да шайырға.

Шайырын алып өлімнің,
Жапырағын алып Анчардың
Өңі кетіп, тер басып,
Келді құл байғұс тірі өлік.

Жетті демі әлсіреп,
Жетер жетпес, хәл бітіп
Сорлы құл өлді, құлады,
Әміршінің айағына бас ұрып.

2011

* Анчар (бойына у жинап, күн ыстығынан у тамшылататын шөлде өскен шайыр ағаш)



ЖАПЫРАҚ

(В.А.Жуковскийден)

Бір бұтақта, тамырлас,
Көңілі, күйі аралас,
Самсап тұр сұлу жапырақ.
Күздің қоныр желінен
Бұтақ деген елінен
Ұшты жалғыз жапырақ
Бұтағынан үзілген.
Дің ағаш сөзін құрады,
Жапырақтан сұрады :
-«Айтшы, жаным, жапырақ,
Жалғыз қайда барасың?»
-Сонда Жапырақ сөйледі:
«Өзімде соны білмеймін,
Бойымды қорқыныш билейді
Жел шақырып, жүр,-дейді.
Тамырласым Еменді
Ұрды оты нажағай
Содан бері ұшамын
Даламен, тау, саламен
Ұшарымды Жел біліп,
Қонарымды Жер білер,
Бұйырған сайға қонармын.
Тағдырыма бағынып».
Сонда, екінші Жапырақ
Досына қарап өтінді:
«Қапаланба, қамықпа,
Тағдыр сені айдаса,
Мен боламын қасыңда!»
Қос жүрек - қос Лавр жапырақ
Бірге ұшты қосып ақыл, бақ.
Қуаныш қызығын көруге
Сайлардан жеміс теруге.
Қос Лаврдан қалыспай,
Мен де ұшып көрейін,
Күш қуатым үлесте,
Ғарышқа барып келейін.

2010



КӨКТЕМГІ СЕЗІМ

Желпіген жеңіл мамық жел,
Айналдым тәтті исіңнен.
Таң қалдырды толғантып,
Таңғажайып толқын жел.

Жаның немен толықты,
Сұлуды қалай ойаттың?
Қандай әнмен оралдың,
Таңданып жыл көктемін!

Қарадым көк аспаға
Нұсқаған өзің һас таңға.
Шұғыла төгіп, нұр шашып
Күліп тұр асқақ Күн қасқа.

Шұғласы коктем ашылды,
Қуанып көңіл тасыды.
Биіктен қарап алысқа
Құлақты тостым дауысқа.

Дауысқа дауыс жетті ме,
Ертегі болып кетті ме,
Әлде, ұшқан кезбе құс
Жеткізді ме мекенге.

Белгісіз маған сол мекен
Кім нұсқап, кім көрсетер.
Шіркін, сол сұлу жерұйық
Ақынға керек жер ме екен.

2010

ЭЛЕГИЯ - МҰҢ ӘУЕНІ

(құрбыға)

Бақыт құс байау жетеді.
Ілезде ұшып кетеді.
Ақылды адам ұстайды
Ақымақ қолын бұлғайды.

Шер - мұңсыз едің жастықта,
Жауыздық берді ашпысын
Жазмыштан алдау көрдің де,
Қайыспай соған төздің де.

Сағаттық үміт алданып,
Болмасын ол да мақтанып



Бақыттан басың айналмай,
Шаттыққа толсын ар-намыс.

Байлық бақыт болмайды,
Бақытсыздық - ол қайғы
Жыраққа қашып алданба
Бақыттың орны толмайды.

Бар үміт қалар үзіліп,
Жүрекке салып күрсініс
Жастығың қалып алыста,
Кәрілік қалар қасында.

ЕСІМІМ ҚАЛАСЫҢ БА

Жайлаудың даласында,
Таулардың саласында,
Сәндетіп анам қойған,
Атым ау,
Есімім қаласың ба?

Сұлу сөз байанын да,
Ақ бата айасында,
Ұнатып анам қойған
Атым-ау,
Есімім қаласың ба?

Жақсылық тірегім боп,
Жүректің тілегі боп,
Ақын-дос бірлігінде,
Атым ау,
Есімім қаласың ба?

Елімде ақын қыз боп,
Орман-ну бұлбұлы боп,
Қазақ тіл досы болып,
Атым ау,
Есімім қаласың ба?!

2012

ӨМІРДІ СҮЙ ҮЗІЛЕ

Өмірді сүйсең үзіле
Өнерге құштар боласың.
Өмірге құштар жүрекпен
Ләззәт отын жағасың.



Өмір деген үлкен үй.
Ғажайыптан өрілген.
Жан ғұмыры жарасар
Махаббатқа бөленген.

Өмір сұлу сырымен
Ақындар сұлу жырымен
Махаббатты жырлайды
Жақсы өмірдің буымен.

2011

БАҚЫТ ҚҰСЫ

(ән)

Сағыныптан шалқып тасып,
Аймаласты екі ғашық.
Ғашық жүрек лүфін ұшып,
Лапылдайды от боп күйіп,
Аймалайды.

Бақыт құсы - арман бағы,
Қос жүректің жанды бағы
Бақыт қонып от басына,
Қос көгершін ұя салды
Жүрек жанды.

Екі ғашық гүлге оранды,
Махаббаты толды бағы
Армандаған нұрлы таңда,
Махаббат құс қонақтады,
Арман баққа.

Бақыт құсы - арман бағы,
Қос жүректің жанды бағы
Бақыт болып от басына,
Қос көгершін ұя салды,
Бағы жанды.

2010

АЛЛАҒНЫҢ ҒАЖАП СЫЙЛЫҒЫ

Аллаһның ғажап бір сыйы
Лаулатты жүрек сөз нұрын

Тұнық та, шаттық күн берген,
Өлең, сен мәңгі менімен.

Аллаһның ғажап сыйлығы,
Өлең - жыр мәңгі менімен.



Бақыттан басың айналмай,
Шаттыққа толсын ар-намыс.
Байлық бақыт болмайды,
Бақытсыздық - ол қайғы
Жыраққа қашып алданба
Бақыттың орны толмайды.
Бар үміт қалар үзіліп,
Жүрекке салып күрсініс
Жастығың қалып алыста,
Көрілік қалар қасыңда.

ЕСІМІМ ҚАЛАСЫҢ БА

Жайлаудың даласында,
Таулардың саласында,
Сәндетіп анам қойған,
Атым ау,
Есімім қаласың ба?
Сұлу сөз байаның да,
Ақ бата айасында,
Ұнатып анам қойған
Атым-ау,
Есімім қаласың ба?

Жақсылық тірегім боп,
Жүректің тілегі боп,
Ақын-дос бірлігінде,
Атым ау,
Есімім қаласың ба?
Елімде ақын қыз боп,
Орман-ну бұлбұлы боп,
Қазақ тіл досы болып,
Атым ау,
Есімім қаласың ба?!
2012

ӨМІРДІ СҮЙ ҮЗІЛЕ

Өмірді сүйсең үзіле
Өнерге құштар боласың.
Өмірге құштар жүрекпен
Ләззәт отын жағасың.



Өмір деген үлкен үй.
Ғажайыптан өрілген.
Жан ғұмыры жарасар
Махаббатқа бөленген.

Өмір сұлу сырымен
Ақындар сұлу жырымен
Махаббатты жырлайды
Жақсы өмірдің буымен.

2011

БАҚЫТ ҚҰСЫ

(ән)

Сағыныштан шалқып тасып,
Аймаласты екі ғашық.
Ғашық жүрек лүфіп ұшып,
Лапылдайды от боп күйіп,
Аймалайды.

Бақыт құсы - арман бағы,
Қос жүректің жанды бағы
Бақыт қонып от басына,
Қос көгершін ұя салды
Жүрек жанды.

Екі ғашық гүлге оранды,
Махаббаты толды бағы
Армандаған нұрлы таңда,
Махаббат құс қонақтады,
Арман баққа.

Бақыт құсы - арман бағы,
Қос жүректің жанды бағы
Бақыт болып от басына,
Қос көгершін ұя салды,
Бағы жанды.

2010

АЛЛАҒНЫҢ ҒАЖАП СЫЙЛЫҒЫ

Аллаһның ғажап бір сыйы
Лаулатты жүрек сөз нұрын

Тұнық та, шаттық күн берген,
Өлең, сен мәңгі менімен.

Аллаһның ғажап сыйлығы,
Өлең - жыр мәңгі менімен.

Армандай алыс қианға,
Қағамын талмай қанатты.
Алланың мәңгі сыйлығы –
Сөз нұры мені жарылқа.
Тәңірдің ғажап сыйы екен,
Ай мен Күнмен сырласу.

ҰЛЫ ЖОЛ – ҰЛЫ КҮШ

(фәлсәфалық толғау)

Ұлы дала, байтақ дала, сар дала,
Сол далада созылады сар – жолдар.
Сан жолдарға шөп те шығып үлгерді
Сар жолдарда кездеседі тағдырлар.

Сар далада жосылған көп жолдар бар
Бабаларға азық болған сүрлеу бар.
Бірі - айналса өзен, сайды, саланы,
Енді бірі - ырғып тауға жол салған.

Ескі жолдар сарабына сүйсінем,
Атам жүрген сүрлеу ғой деп түйсінем
Домбыраның қос шегіндей желі тартқан
Жүрегіме күй естілді. Күрсінем.

Аракідік көрінді, эне, ақ тақыр,
Ақ тақырда, айдау-айдау із жатыр.
Жол сорабы – күннің жүйрік көлігі,
Жаңа жолмен ескі сүрлеу қос батыр.

Көне сүрлеу асфальттармен бөлінді
Созыла барып бір қырқадан көрінді
Зырылдаған жылдамдықпен жарысып,
Машинаның баурына келіп тоғілді.

Төгілді де, әп – сәт қайта болінді,
Жыртыла жылжып шалғындарға көмілді,
Косілген сұлу даланың ізгі жолдары
Жауға шапқан бабамның жолы секілді.

Айқыш – ұйқыш аққан сұлу жолдарда
Халқымыздың тағдыры бар табында
Қаншама ру, тайпалар мен ұлыстар
Ғұмыр кешті осынау өмір жолында.

Өмір – жолдар соқтығысты, қағысты,
Кім дұрыс деп, ақыл – айла бағысты



Ірге ашып, бірде әлсіреп, ыдырап,
Ұлы күштер Ұлы жолда табысты.
Үлкен жолда – Ұлы жолда табысып,
Ұжымдасып қилы жаумен алысты.
О, сар дала, Ұлы дала мекенім,
Тек, сен үшін жанды пида етермін.
Аспан күмбезі – бір шаңырақ адамға
Оны білмей, адам, сонша, надан ба?!
Жо, жоқ! Аспан мен Жер қашанда,
Егіз ұлдай - егіз тұлға адамға.
Жерім-жәннәт, жерім-кербез мекенім,
Жолдарыңды дәтке қуат етемін.
Жолға шыққан жолаушыға жебеуші,
Жер мен Аспан жол болсынын тілеуші.
Тайталасып тауқыметімен тағдырдың
Сыйынамыз бір өзіне Жалғыздың.
Тәуелсіздік табан тіреп, ғаламға,
Көк байрағын желбіретті қазақтың.
Оңға, солға бажақтама , қазағым,
Көрдің талай өмір соқпақ азабын.
Жарты дүние сенің ата – мекенің,
Арманы жоқ, сол Далада өскеннің.
Ақылды ұл – қыз ата жұртын даттамас,
Ала жіпті ессіз ғой деп , аттамас.
Қамсыз ұрпақ болма, шырақ, қарақтар,
Алдарыңда үлкен – үлкен талап бар.

СӨЙЛЕ, ҚАЗАҚ!

Жылым жылқы, ағайын, жылым жылқы.
Мінезім бар салмақты, бір қалыпты.
Кей сәттерде ұқсаймын лашынға.
Өйтпесіме болмайды бұл ғасырда.
Әр ғасырда болыпты бір тар кезең,
Ата жолын құдым дер кей без-ен.
Не түрі жоқ, тілі жоқ, діннен қашық,
Руларға жіктемек өңкей пасық.
Әркім келіп биледі қу заманды
Қалай түзеп аламыз құл заманды.



«Реформа», «магнат», - деп буландырып,
Шет сөздері дес бермей улар жанды.

Не асылдың негізі сөзде емес пе?
Ана тілін білмеген өзге емес пе:
Һаны- ақымақ, қарасы - жайау адам,
Бозбаласы - бошалаң, қызы-һарам.

Өз - өзінді білмесең заман кері,
Жас- кәрісі ұқсас боп жүрер пері.
Сайтандағы алғанын салады ғой,
Сөйле, қазақ, өз тілің – Ана тілі.

2011

КІМГЕ АЙТАМЫН?

Кімге арнаймын жырымды,
Ұғар бар ма сырымды?
Итпе ұйыққан заман кеп,
Бұзып бітті-ау ұлдарды.

Қазақтың атқа мінері,
Мен-мен,- деп, кеуде соғып тұр.
Қатын жолда,- дегендей,
Әр жерге сарып, көшіп жүр.

Қаңыраған қатпарлы үй,
Кемпір- шалдар мекені.
Бала - келін бөлек үй,
Немере тілсіз, көңіл кір.

Осының бәрін жасырып,
Ата- ана отыр абдырап.
Сұрасаң көңіл, күй- жайын
Сыпайы- сұлу сөз дайын.

Пай - пай, қазақ, азабым,
Қайда кеткен намазың?
Жасырғанды намыс,- деп,
Отыр-ау, шал-шабалың?!

2011

АМАЛ НЕ?

Жылардай болып жазамын,
Қазақтың көріп азабын,
Күресерге шамам жоқ,
Енді қайттім, қарағым.

Тегімді менің сұрасаң
Батыр, болыс, қарағым,
Қазақпын, Арғын – ағасы,
Тарақтыдан жаралдым.

Сырымнан сауал сұрасаң,
Заманым үшін қамықтым.
Уайымды қуып жүректен,
Өлеңмен десті таныттым.

Көңілді сырды буамын,
Тұманды серпіп қуамын.
Кеудеме тұнған тұнбаны
Түп- тұнық жырмен жуамын.

Өйтпесіме амал жоқ,
Тіршілікке көңіл тоқ.
Шындықты айтып шалқимын,
Өз- өзімнен балқимын.

2011

БҰЛ СӨЗІМНІҢ МӘНІ БАР

Әндер бар бүгінгі ұрпақ естімеген
Анамнан ол әндерді естіген ем.
Қонақта шалқытатын, үйде сыңсып
Аһ ұрып, жалын атып көкрегiнен.

Сол әнді еске аламын енді мен де
Жөн сұрайтын қарттарым жоқ, емге де.
Талай жақсы асыл сөздер, ән қалды -ау,
Бізге жетпей, өлі тарих - көмбеде.

Біз естіп ек әке, ана, ағадан,
Ашаршылық қалың елді жайлаған
Ауа көшіп, Гәңіртауын бетке алып,
Сүйек қалды қу далада шашылған.

Голощекин жуас елді басынған,
Қаңбақтайын қаңғып келген басұрман.
Мың тұрып, мың құлаған зор қазағым,
Елім- айлап, есі кетіп жылаған.

Бар жақсысын қызыл жауы талаған.
Қазақ асыл, асыл тұқым қалдырған,
Тар жол, тайғақ кешуде де мойымай,
Әдет ғұрпын, әнін, тілін қалдырған.



Бүгінгі ұрпақ тыңда әке атаны,
Көңіл қойып,тыңда тілек,батаны,
Білмегенді біліп, ұғып, жазып ал,
Біз жіберсек, сен жіберме қатаны.

Білімінді жұмса туған еліңе,
Жақсылықтың дәнін сеуіп жеріңе
Білгенінді жеткіз Болашағыңа,
Қазағымды жарылқасын бір Аллаһ.

2009

АЗИЯДА САЛҒАН ӘНІМ

Азияда ақ таңда салған әнім,
Барлық Әлем бас қосты, мақсат мәлім.
Тоты құстай таранып Астанаң тұр,
Қазақтың тамылжытып асқақ әнін.

Отанымның төрінде,
Қазақелі жерінде
Азияда салған әнім,
Шырағы алаулайды

Астанаңның.

Қазақтың сөзі ләззәт, көркі ғажап,
Көкбайрақ еркіндікте қақты қанат.
Жағылды Олимпінің шырақ оты
Жазылды талай дастан, жыр шумағы

Отанымның төрінде,
Қазақелі жерінде
Азияда салған әнім,
Шырағы алаулайды

Астанаңның.

2011

ТУҒАН ЕЛІ

Туған елі- Қазақтың айтар әні,
Тауы, тасы, орманы сұлу бәрі.
Топырағы торқадай, мамық ауа,
Туған жерсіз Қазақтың келмес мәні.
Қазақ осы мекенін бағалаған,
Әже - ата деп,үлкенді ағалаған.
Кемітпеген,еш елді күндемеген,
Тек жақсылық іздерді жағалаған.



ӘЙЕЛ – ӘЖЕ

Әйел жайын мың ойлап, сан толғанам,
Аузым бармай, жамандаудан қорғанам
Жаманы да, жақсысы бар, жарықтық,
Әй, ел!- деген, Ел қаратар нәзіктік.

Әйелдерде батырлық бар, бақыт бар,
Әр әйелдің өмір жолы тың орман.
Азаматты өрге сүйрер жары сол,
Дағдыры мен тауқыметі роман.

Әйел жомарт дағдырына бас ұрған,
Жақсылықта шын пейілмен ағылған.
Ақылды әйел атқарады борышын,
Кейде шаршап, жүдесе де ақылдан.

Әйел нәзік, жұмсақ оның жүрегі,
Қиындыққа майрылмайды, күледі.
Тіршіліктің қиналысын көтеріп,
Кейде ауыр жүкті арқалап жүреді.

Әйел- Әже ақылға бай, көңлі жай,
Ай көркіне ақ жаулығы сайма - сай.
Бұл өмірден миллион өмір тарайды,
Жақсы өмірді жүрегі үнсіз қалайды.

Әйел ару - айалдама есігі,
Тәтті өмірмен әлдилейді бесігін.
Жазылса да повесть, роман өмірде,
Асыл ойдың ақын ашар есігін.

Жазушы бар өмір айалдамада,
Алынбаса өмірден сыры толық бола ма?
Өмір үні жыр көмейден құйылған
Сөз өрнектеу Әже- ақынға бұйырған.

2011

СЫЙЫНДЫМ, АЛЛАҒА СЫЙЫНДЫМ!

(меруерт сезім)

Он сегіз мың ғаламды
Жаратушы бір Аллаһ.
Мұсылман әйел пірісің
Нұр сәулелі - Ф а т и м а.

Жер мен судың иесі -
С ү л е й м е н нақ пайғамбар.
Ұста шебер пірісің -
Д ә у і т ұлы пайғамбар.



Л ұ н м а н һ а к і м -д е р т к е и е,
А м а н д ы қ , с а қ т ы қ п і р і с і н .
Ғ а й ы п Е р е н , Қ ы р ы қ ш і л т е н
С а қ т а н д а р д е р т т е н , т е р і с т е н .

Қ а с и е т ы р ы с , б е р е к е
Б е р с і н Қ ы д ы р , І л и а с
М о л ш ы л ы қ т ы к ү т е й і к
П а й ғ а м б а р (л а р) б е р с і н ы қ ы л а с .

Ө з і р е т Ә л і п а й ғ а м б а р -
Қ а б а р м а н б а т ы р п і р і с і н
Ж е б е г е н ж е л е п б а т ы р д ы
П а й ғ а м б а р Ә л і і р і с і н .

С ы й ы н ы п б і р ө з і ң е
Е л д і , Ж е р д і қ о р ғ а ғ а н
Б а т ы р л а р ә к е п б а қ ы т т ы
Т у ғ а н Е л , Ж е р ж а й н а ғ а н .

Ә д і л д і к т і ң п і р і б о п ,
Ж ә м ш и д п а т ш а ж ү р і п с і ң .
Б і р ө з і ң н е н ү л г і а л ы п
Ә д і л б о п қ а л қ ы м т у ы п с ы ң .

Б і л і м д а р л а р п і р і с і ң
І д і р і с - ұ л ы п а й ғ а м б а р
Т о л қ ы н д ы ө м і р ғ ы л ы м ы н
Ж а с т а р ы м т о қ ы п б і л і п а л .

С а б ы р л ы қ п і р і - А й ұ б б а р
О л д а і р і п а й ғ а м б а р .
С а б ы р л ы қ т ү б і с а р ы а л т ы н
Ж а д ы ң а ж а с т а р т ү й і п а л .

Қ а с е н м е н е н Қ ұ с а й ы н -
Ш е й і т т е р п і р і т о л а й ы м .
Ш е й і т а т а - б а б а н ы
Е с к е а л ы п , қ ұ р а н с а л а й ы н .

А т ы м т а й ж о м а р т і р і с і ң
Ж о м а р т т ы қ т ы ң п і р і с і ң .
Т ө р т т ү л і г і ң б а р б о л с а ,
Ж о м а р т т ы ғ ы ң с а й т ұ р с ы н .

О с ы н д а й і р і п і р л е р і м
Т і л е г і м м е н б і р г е с і ң



ТӨРТ ТҮЛІК ШІРЛЕРІНЕ АЙТАР МҰҢЫМ

Жылқы пірі - Қ а м б а р - а у,
Бұл не болды жалған – ау
Қымызға да су қосып,
Арықты жемдеп алдады - ау.

Түйенің пірі - О й с ы л с ы ң
Кітаптан көріп толқыдым.
Емге дәру шұбатың
Бір жұтымы емге тапшысың.

Ш о п а н ата - қой пірі
Қортық қойлар бар тірі
Жүніңнен киіз басылмай
Табаннан өтті қыс сызы.

Пимакат, пима әлі жоқ
Қарттарымның халі жоқ.
Сіңіріме сырқатты
Синтетика сіңірді.

Ешкі пірі – Ш е к ш е к - а у
Түбітің жылы сүтің бал.
Сені де көру қиын - ау,
Таптырмайды түбіт шәл.

Лақтың еті ақ балдай,
Ешкі түбіті мақпалдай.
Тастан тасқа секірсең,
Қуанушы едім баладай.

Сиырдың пірі - З е ң г і ата
Болмасын сөзде бір қата
Қатындар би болған соң,
Сиыр болды пұл,мата.

Сиырды олар саумайды,
Басына жаулық салмайды
Қала мен дала жарысып,
Дүкеннің шалабын жаулайды.

Қатығын, майын сатады,
Көк сүтін шәйға қатады.



Берекесіз дастарқан
Жайылмай жанға жапалы.

Мал жоқ деп, тағы зарлайды,
Жылқыны жау жалмайды
Ақ сүтті қазақ сатпаған,
Ырымға осы жатпайды.

Егінді де салады,
Жауынға сауын шалады
Сатынып қалған қазаққа,
Тарылды Д и н а н (баба) танабы.

Сағынып барсаң санасты,
Зар сөзден «сурет» салады.
Сараңдық пірі- Қ а р ы м б а й,
Ауылға неге жарасты.

Ананың аңсап сармайын
Ауылға мойын созасын
Сатынған сана сақтамас
Таразы, теңге бақталас.

Қиамет күні З ұ л қ а й ы л
Таразыға салады
М ә л і к - дозақ періште
Жеті қат жерден табады.

Айтқан жерде пәле жоқ
Тірі жанға аштық жоқ
Ойласаңшы ертеңді,
Бесуақ намаз, тәубәңді.

Қ ұ р а н Кәрім ойыңа,
Ш ә р и ф а т т ы мойыңда
Жақсы ісің жетер мұратқа,
Жаманды қусаң бойыңнан.

Ұлы А л л а һ н ы ң құлымын,
Үмбетімін М ұ һ а м м е д
Сүйіктімсің Мұхаммед
Ы б р а һ ы м шын досымсың.

М ұ с а, И с а, І л и а с, Қ ы з ы р -
пайғамбар

Дініме саулық, бер айбар.
Жақсылықты жаттайын,
Құранның сөзін қаттайын.

2011



ЕРЕК АҚЫЛ

Мен де ойшылым,
Ақылымда болжайды,
Дәрменсіздік
Дәрмен дәрі болмайды.
Түсінбесті
Бір әлсіздік торлайды.
Саналылық
Біраз жайды барлайды...
Бар ғой жәндік
Өмірлері тым бөлек,
Жылан неге
Жылан тумауы керек.
Бар мақұлық
Сүреді өмір әртүрлі
Тебіссе де,
Егеспейді тегмен...
Ал, Адамзат,
Адам болып, тудың сен
Тәрбиеле
Өзінді өзің іеінмен.
Көргенсіздік
Көргенділік болмайды,
Қателіктің
Орны ешқапан толмайды.
Ақыл ойла
Адамның заты болуға,
Сана керек
Әлем сырын тоқуға.
Адам деген
Атқа лайық бола біл,
Ақыл - баспен
Пендешілікке болма құл.

2011

КӨҢІЛ ІҢКӘРІ

Ортаймас көңілдің іңкәрі,
Таппапсың жігіттің сұңқарын
Жастықтың алабұлт алауы
Салған-ау жүрекке қылауын.



Қызыл гүл құлпырған от қуат,
Болар ма күз келсе ол қуат.
Гүл солып, жазира қуарса,
Періште-ау, сол қызды сен уат.

Жайнаған жаз өтіп күз келер,
Алмасар, өзгерер бұл дүние
Махаббат пейілін жүректің
Өзгертпе, тәңірім, бөл ие.

Сұлу қыз жүруші ең сыландап,
Еркелеп, еркінсіп, бұрандап,
Көркіңе ісің сай болса екен
Кездессін бақыттың таңы алдан.

Талай қыс, талай жаз өтті тез,
Тамұққа асығар келді кез.
Сыландап жайқалған жаз өтіп,
Қоңыр күз биылғы келді тез.

Қоңыр күз қоңырлап құбылды
Нәсерлеп жауыны себіді.
Желіккен жан мұңы сейіліп,
Іңкәрлік жүрекке егілді.

Азамат мойнына асылдың,
Бақытың сел болып тасыды
Тіл қатпай үнсіз тек ұнатып.
Тауыпсың асыл жар, ұғысып.

ӘСЕМ ӘНІМ ШАЛҚЫСЫН

Күн суығы салқындатты ақылымды, қанымды,
Бұлшық сыздап, ұйып қапты,
Буын қинап жанымды.

Ауру түрі үстемелеп, басынғысы келгендей,
Менде көнбей тырысармын
Менен бостық күтпегей.

Салқын ауа, сыйла маған таза қуат, мол ақыл,
Қанам жеңіп, тән ширасын,
Талап тозын тынбасын.

Жазира жаз Күн сыйласын, нұрға бөлеп алтын күн
Сүйек балқып, қан жылынар
Жәйна, жәйна, алтын Күн.



Жаным жылып, толқын шуақ шашылсын
Өмір өзек мәнді болып,
Әсем әнім шалқысын.

2011

*Дүниені мінсіз жырлайды,
Ақынсыз өмір жылайды.
Ақындар мәңгі жырлайды.
Өмірге, мына, сондықтан олар сыймайды. Тұрсын*

КЕРБЕЗ ҚЫЗ

Ойпырым,
Ойпырым, ойпырым - ай,
Кербез қыздың сипаты - ай,
Сылаң сыпайы жүрісі,
Гүл фәрішта күлкісі.
Қара қиғаш қасын - ай,
Қос бұрымды шәшін – ай,
Қараса көз тоймаған.
Пісте мұрын, маржан тіс,
Алма мойын, шіркін – ай.
Сөзі сұлу, асылдай
Керме иық осындай
Кербез сұлу, жасындай
Исі жұпар аңқыған,
Қызды көрсем көңіл жай.

2011

ҮШ ҮМІТ

ҚЫЗ - АНА - ӘЖЕ!

Осынау ұштасқан үш ұғым – көрік,
Өмірге берік, адамға бақыт сыйлайды.
Үш асыл - сөз тіршіліктің білегі,
Үш асыл жан - шаңырақтың тірегі.
Үш тіршілік - Ұлы Әлемнің мәні,
Үш ғашық, үш жар - өмірдің сәні.
Қыз - бұлақ, Ана - өзен, Әже - мұһит
Қыз - жұлдыз, Ана - ай, Әже – шуақ.
Қыз қылықты. Ана ақылды. Әже – дана,
Қыз жүректі жаулайды, болады ана.



Ана көңілі балада, жар ол пана,
Жақсылыққа баулиды Әже - сана.
Кеше қыз, бүгін ана, ертең әже,
Қыз-елік, ана-серік, ақыл- әже.
Қыз - көктем, ана - жаз,әже – жылы.
Қыз -өмірдің сәні, көңілдің сыры.
Ана -өмірдің нәрі, шаңырақтың сәні,
Әже -өмірдің бағы, ақылдың сағы.
Үш ұғым, үш үміт, үш бақыт,
Үш парық - таусылмас үш тақырып.

2007

ЖУСАНДЫ ДАЛА БАЙАННАМАСЫ

Дала ғой, дала дайырлы
Қазаққа Жер ол қайырлы
Туған жер, туған ауылдан
Түтіннің ісі жайылды.

Кеш түсе самал саумалап,
Жусанның ісі аңқиды,
Біле ме оны жас ұрпақ,
Түсінбей сөзге маңқиды.

Қазақтың қоны қалыңды,
Баптайды төрт түлік малыңды
Жатқада жала жаппайды,
Жүрек тілі жалынды.

Жусанның ісін мақтайды,
Сәйгүліктерін баптайды.
Дала ісінен жадырап ,
Жусанға аунап ұйықтайды.

Жусанды жерім жанұя
Отаным үшін жан пида.
Жусанымды сағының,
Жазамын жырды ағылта.

Сүйгенім үшін жусанды,
Жабайы деп жек көрме.
Тариһымды танытар
Жыраулар жазды көп терме.

Қазағым болған тәкаббар,
Ақылды, алғыр, бәһәдүр.



Тасқа қашап таңбасын,
Теңізде тұнды тарихын.

2011

ЖАЙЫЛЫМ

Ауылдың малын қара ,балпаңдаған,
Ақ изен,боз жусаннан бал таңдаған.
Басы күрдек,түбі орам қызыл изен,
Аруана қызыға қыдыра жеген.

АҚ БИДАЙ

Кекіресіз ақ бидай
Заманың өтті қалықтай
Сағынғанда саламын
«Ақ бидай» әнге жалықпай

БОЗ КӨДЕ

Көктем, жазда көде өсер
Қысқа жапырақ дәмді өсер.
Күз жауыннан жетіліп
Боз көде баурын көтерер.

ТӘТТІ ӨМІР

Керек пе, сізге, тәтті өмір?
Қалайды сәтін пәк көңіл.
Тәтті өмірде де сұрау көп,
Сұраусыз өмір - қатты өмір.
Тәттінің дәмі таңдаулы,
Жүрекке жылдап қонады.
Сұрауы қатты өмірден
Тәттіні дәмдеу өзіңнен

КҮРМЕУІ КӨП ДҮНИЕ

Күрмеуі көп күрделі
«Ақыл- ойлы дүние»
Ғарыш -сана,жер -сана,
Адамға тән сән дүние.
Сезім сәулең жарылқап.
Жанға қуат бөласың.
Ақ сәулеге шомылып,
Жүрек нұрға толасың.



Алқаракөк аспаның
Жермен жаны тілдескен.
Жұмбағын пешіп Әлемнің
Адамзат өмір сыр кешкен.

Дүние неткен ғажап ең,
Сені сүйген балаң - Мен.
Өмір- өзек- қозғалыс
Тіршілікке не жеткен.

Күрмеуі көп дүние
Ұғуға сені тырыстым.
Жеті қат жер, аспаның
Адамға болсын ырысты.

2011

БЕС КҮНДІК ЖАЛҒАНДА...

Бес күндік, мына, жалғанда,
Панданба, жаным, таңданба
Адамдық пенен адалдық
Қол жетпес, сірә, болған ба?!

Бес күндік, мына, жағанға
Алданба, жаным, алданба.
Кісілік пенен кеңдіктің
Пайымын табу арман ба?!

Бес күндік, мына, жалғанда,
Жұлдыздай жарық із қалса.
Еске алып өткен күндерді,
Азаттық күнін ардақта.

Бес күндік, мына, жалғанда,
Фәниден озып барғанда
Алдыңнан шығар аңқылдап
Тер төккен еңбек, парқың да.

Райын тауып құрметтің
Еліңнің бапта шырайын.
Бес күндік мына жалғанды
Малданба, жаным, алданба.

2011

ЗАМАН АЙ

Заман – ай,
Өмірдің бұл бір ғажабы - ай



Заман да,замап,замандар
Ғаламда талай заман бар
Жақсыға онда орын көп,
Жамандарға көңіл тар.

Заман –й,

Өткен ғой талай заман жәй.

Өтсе де қилы замандар
Сүруге өмір амал бар
Жақсыда жаттық бола ма,
Заманға көңіл толар ма?

Заман –ай,

Коңіл де ,кейде, қалады –ай.

Заманың болса ку түпкі
Тазы боп адам шаласың
Бозторғай қонса көгалға
Қуанып та қаласың

Заман –ай,

Саған да бақыт қонады -ай

Заман болса қарбалас,
Өмірің де жанталас
Бірі -ку, бірі -сұм болып,
Арбап та тұрар козқарас.

Заман –ай,

Алдырып бойды адаспа -ай

Заманды заңсыз зарлатпа,
Заманды жауға торлатпа
Заманды Адам жасайды
Білімді мыңды жықпақ та

Заман –ай,

Заңды болсын амал -ай

Адамда болсын иман шарт
Заманға қажет Жарғы -қат
Әділ болса заң (нұқ) - құжат
Бірлікте болар Адамзат.

Заман –ай,

Қазақел болсын аман -ай.

*Түйін. Өтті,кетті талай азап, талай мұң,
Түсіндіре алар ма екен заманың.*

*Әр заманда қуаныш бар, бар азап,
Құтқарады азаптан, тек, Адамзат.*

ӨЛЕҢІМДЕ ӨМІР БАР

Өлеңімде өмір бар
Құдірет күші - көңіл бар.
Түсініңдер жарандар
Түсінбеске өмір тар.

Табылар көңіл нәсібі.
Өлеңім - өмір өрісі.
Тұпшынып өлең оқысаң,
Көрінер өмір Өр ісі.

Өлеңде сөздің мәйегі,
Өлеңде даудың дәйегі.
Өлеңді оқы жәмиғат,
Нәршырын сонда ғадауат.

2011

ОЙ ҚҰРСАУЫ

Өн бойыңды кейде ауыр ой құрсаулап,
Мойындатып қарттығыңды күрсінтер.
Шырмауықтай шырмап алған шырғалаң,
Көзің талып, жүрек кей сәт дүрсілдер.

Бұл сұраудың сәбәбі де бар шығар
Жоққа қажып мүжілмеуің мұң шығар.
Салмақ мінез, таудай талап жарысып,
Бітіміне кеңдік арқау сай болар.

Жайсаң жанның жан сарайы ғұмырлы,
Бар сырының құпиясы құлыпты.
Жүрек сезім негізіне жүгінсең
Қазынасы, көмбесі де жұпыны.

Санасына салмақ түсіп жатады,
Жүйкесіне артық жүк те батады.
Жақсы не, -деп, жаман не, -деп, түсінбей,
Жалқау жандар мол ұйқыға батады.

Пенде ғұмыр байансызсың, мойында,
Жалғандығың жалпақ жұртқа жариа.
Ауыр сәттер сайабырлап, бәсеңдер,
Терең ойдан көңіл озса, дәриә.



Ой тереңі шымбайына тартады,
Ұйтқысы мол, түбі терең, салмақты
Өмір,- деген екен ғой, тек, қозғалыс,
Армандарға қолың жетсе, сол табыс.

Ана құстай әлпештенсе жүрегің
Көңіл толып, ой құрсаудан босайды.
Орындалса асыл арман, тілегің
Сезім сергін, сезілмейді-ау қарттығың.

2011

ЖАҚСЫ ІС

Жақсы іс жаса ақыреттік азығың
Ақылдының көкірек көзі - жарығың
Дүниенің ажар- көркі жақсымен
Ақыл-нақыл, байлық руһы - азығың.

Жақсының ісі шарапатты сөзімен
Сезімі жарқын тартады ақ көңілімен.
Жақсының жақсы ісі өмір берер,
Өзін көріп, сөзін ұқ, жан семіртер

Жақсының жылы сөзі ем болады,
Жылытар қызулы отқа тең болады.
Ұқпайды кебір надан жылы сөзді,
Ақыры ақымаққа жем болады.

Дүние отер- кетер айалдамай,
Көрікті өмір жүзі байан болмай.
Дүние бұлаңдаған қызыл түлкі,
Қайрылмас қарт - базардың ажар көркі. 2011

СӘРЕСІДЕГІ ОЙ

Бүгінгі күн ырызық,
Қызыр баба жүрген шығар,
Әр шаңыраққа қыдырып.

Бүгінгі аспан тамаша,
Бүйрек-бүйрек бұйра бұлт
Көз тартады таласа.

Аспан толы көп шырақ
Жер адамға жай тұрақ.
Құран кәрім Нұры һақ.

Құраннан тарап Ісләм дін,
Тұла бойға дарыған,
Адамды мәнді жаратқан.

Ғалақ сүресі , аяттан,
Рәббиім мені жаратқан.

Үйретіп құранды таратқан,
Тазалық, таным, ұстаным,
Кіршіксіз жүрек, пәк ұғым,
Ол Әлемнің Рәббісі.

Дәулеттің меншік дүниесі,
Адал шырақ майындай.

Достар мен әңгіме құрдық жәй
Тазалық- иман жарымы,
Иман Бақыттың шыңы.
Ақиық шындық сұранды.

Құранды оқы ес барда
Ақылсызда дес бар ма,
Нағыз Бақыт Ісләмда.

Лә иләиллә Аллах,
Мұхаммадүр рассуллаһ
Аллаһ – Тәңір бары – бақ.

Рамазан айдың өресі,
Жыл он екі айдың төресі,
Қайрымды қасиет иесі.

Ақ пен қара ажырап,
Тура жолы мүбәрәк,
Жақсылық озық, тағдыр нақ.

Иә, Аллах,
Дұрыс жолды бере гөр
Амандық саулық, ере бер,
Бірімін құлың, сүйе гөр.
Иә, Аллах,
Сен ұлысың, пәксін,



Жақсы істерге жақсың,
Жақсы ісіммен сүйсінтсем,
Төсе маған даңғыл жол,
Мәртебеге жеткіз қол.
Таң аттырдың Рәббім
Күнді де көркем шығардың
Көк пен Жердің қорғаны.
Сенен өзге Тәңір жоқ
Қүдіретіңе көңіл тоқ.
Мейірім төктің айырып,
Пенделіктен арылтып,
Заманым дінге бет бұрды.

Нақ тағала ерекше
Мейірім шарапат еселеп,
Жомарттықты таныттың.
Жақсылығы жарасқан,
Білімі Елмен таласқан,
Мұсылман Ел - Қазақстан.

Қазақ болып тұтасқан,
Ұлыс болып ұйысқан,
Ынтымақ, Бірлік ғасыры.
Дін қасиетін қадірлеп,
Ынтымақты дәріптеп,
Сәресі таңын қарсы алдым.

Қызыр бабам қыдырып,
Таратады ырызық,
Құран кәрімі Нұр құйып.

Эпиграф : Жамандықтан жақсылыққа,
Әлсіздіктен күштілікке,
Жалқаулықтан іскерлікке
бет бұрдық.

*XXI-ғасыр – өткел Ғасыр,
Қазақ болып тұтасқан ғасыр,
Ұлт болып ұйысқан ғасыр,
Ынтымақ, бірлік, береке ғасыры,
Тіл мен Дінді қасиеттеу ғасыры,
Адамдықты дәріптеу ғасыры.*

2011



ҰҚСАУ

(сол ақынның сырласу)

Мен де сіздей ақынмын жыр көкसेген,
Жақсы жырға жанымнан сыр төккен ем.
Аймен, Күнмен тілдесіп шабыт қуам,
Көңіл, шіркін, жүйрік қой көк дөненнен.
Шуақ шашар шабығым зеңгір көктен,
Жазиралы даламнан, жұпар гүлден.
Табам ба,- деп Ақ Нұрды шарқұрамын,
Қуат ап туған жердің көк нәрінен.

Бабамның қанасынан дарыған ба?
Талантты Аллаһ берген ағынан да.
Жырлап өтсем қалқымның арман мұңын,
Тілеуқоры бола алсам арман бар ма?
Абай, Сәкен, Мағжандай бола алмаспын,
Шабысын жүрегімнің тыйа алмаспын.
Өлеңінен қазақтың жұпар шашып,
Ақ нәсердің лебіне тойа алмаспын.

Көкірек ашар керімсал ақ Нәзірам,
Саһараның сарқылмас күйін салған,
Ақындық Тәңірінен қуат алып,
Шындықты айтып өтсем, болмас арман.
Бірлікке, Ынтымққа үндеу салсам,
Жігер құйып отынды қыздыра алсам,
Көркейтсем көрігімен өлең - жырдың
Бір мақсат, бір мүддеден рақат табам.

2011

ОЙТОЛҒАҚ

Өмірді, әсте, кіналай көрме қарағым,
Өзіңе өзің бола алмасаң дара құл.
Талайлар жүр ғой ұқсата алмай еншісін,
Тоңмойынға, түсінбеске өмір тұл.
Жер шалғайға қашса да кім құтылған,
Бәрәбір өз көлеңкесіне тұтылған.
Ерте тұрып, ойлансаң сәл не етеді.
Бесінде сені көлеңкең қуып жетеді.
Әппәк боп таңда Әлемнің күні атады,
Аптап ыстық, сарғайып сәске жатады.



Күн еркенің айналыс жолы тым ғажап,
Бесіннен ауып, қызарып барып батады.

Сұлуын сүймек, туарын Айдың тосады
Ай тосып Күнді, асықпай аңдып жатады.

Толықсып туған сұлуға бұға бір қарап,
Тіл қата алмай бозарып ақ таң атады,

Күн аңдып Айды талай ғасыр асықты,
Айырған кім, осындай екі ғашықты.
Ай да, Күн де бірін- бірі көре алмай,
Мұңайа жылжып, ұйасына батады.

Күнде осылай: Ай күрсініп атады,
Шуақ шашып, Күн шапақтап шығады.
Бірін-бірі көре алмай Ай мен Күн
Сарғайа күтіп, ұйқыға кезек жатады.

Осындай ғажап табиғаттың тылсымы,
Адамзатқа жеткізбейді шын сырды
Қуанамыз Күн шығып, Таң атқанға,
Жер ғаламға кезек құшақ ашқанда

БОЛАШАҒЫҢ ЕРТЕҢІҢ

(*nikip caran*)

Ұлылықтар ұлылықтың өлшемі,
Өлең сөздің - сөз сарасы , өресі
Жүрек сыры сезімнің гүл патшасы,
Бүгінгі Ұлан - болашақтың шарасы.

Өнер - тарлан беріледі Аллаһдан,
Өрге жүзер өнерлі бар, болма алаң.
Ұмытылмас ұлттық ұлы құндылық,
Елді, жұртты тану керек тұлғадан.

Тұлғаларды баптау, қорғау - өсиет
Әр қалықтың өз дәстүрі- қасиет.
Саналы ұрпақ - болашағың, ертеңің,
Менің қалқым ұлылыққа бас иед.

2011

ҚАЗАҚТА БӘРІ БАР

(*шалқу*)

Қазақ елім - Қазақстан,
Берік туды, алға ұстан.
Киелі атың - Тәуелсіздік
Дос қалықтар шындап ұққан.



Күнің шуақ, жерің жасыл,
Салт - дәстүрің асқақ асыл,
Бақ - береке ынтымақта,
Тасқа шығар жасыл қына,
Бақ дәулетің елге мұра
Бір Тәңірден медет сұра.
Биіксің сен аласармас,
Аласалар таласа алмас.

Бақыт қонды, Ел, басыңа.
Жақсылықтан асып та, таспа
Бақ дәулетің жедел- жүрдек
Құлашты жаз, әдептен озба.

Бірліксіз Бақ та қонбайды,
Тірліксіз Тақ та болмайды.
Аллаһдан баһуат сұрайық
Қадірлеп Бақ пен Һантақты.

Тарауы толық дініміз бар,
Жікшілдікке қара жер тар.
Үш жүздің басы қашанда бірге
Сөгілмесін Қазақы ірге.

Кісішілдік қасиеті ұлттың
Елдігіміз келбеті жұрттың
Абайлап басып, Аллаһдан сұрап,
Шыншыл өмір болсын тұрақ.

Қашаннан Аспан, Жер еді,
Қазақ,- деген Ел едік.
Тариһы тұнған ғажайып,
Жиделі Арқа жері еді.

Қазақтың асы молшылық
Елтұтқа - дана, елшілік,
Кемеңгер, көсем, тектілер,
Құдайға шүкір баршылық.

Қадірін сөздің білгенбіз,
Жәйлауда шалқып жүргенбіз.
Тәңірге Ұлы сыйынып,
Шын жылап, шын күлгенбіз.



Бұрынғы өткен бабалар,
Оқусыз ғалым - даналар
Жүрегі тұнған кісілік,
Өресі биік тұлғалар.

Кемеңгер, шешен, көсемдік
Сол асылдар ойында
Ғұлама, һәм би, батыр,
Даналық тұлға бойында.

От басында бәйбіше,
Ауылдың ақыл - ұйтқысы.
Тектіден туған тектілер
Тартып та туған тегіне.

Ата күш, ана сүтімен
Өнеге, дәстүр ұғынған.
Мұрагер өсіп, жетіліп,
Тектілік сіңген ұл- қыздар.

2011

БІРЕУ ЖАЛҒЫЗ

Қуанышта, қайғыда да біреумін,
Сағыныштың сәтінде де біреумін.
Тау беткейге жалғыз шыққан шынармын,
Ыстық күнде жалғыз нүкте мұнармын.

Жайауы жоқ түнде жалғыз жалқымын,
Арман атты ақ теңізде балқыдым.
Жалқы түннің ақ кемерін аралап,
Жұлдыз санап, Айға мініп қалқыдым.

Жапан жалғыз, жалған жалғыз, мен жалғыз,
Жалғыздарға жалғыз Ай мен Күн куә.
Қанша толық болса тағдыр маңайда,
Жалғыздардан жаралыпты Жаһан-дүз

Жалқы, сері, еркін өскен біреумін,
Мені аймалап ұйасына кірер Күн
Көк астында Жаһан толы біреу-көп,
Отбасымның бір шетіне тіреумін.

2003

ШЫНДЫҚ ҮШІН

Сөзім салқам, ашшы үнім апылыса,
Қара көздер жалтақтама, жасырма.
Шындық үшін шыңдалайын ширығып
Ақтық демім қалғанынша бойымда



Оза шаптым алға шығып талайдан
Таң қалады бастарынан бақ тайған.
«Мінезділер» шоғырынан ықпаймын,
Табиғатым тура мінез дарытқан.

Кейде қатал, кейде қырғи мінезім,
Абзал жанға сөзден маржан тіземін.
Руһыма қарсы келсе тағдырым,
Ойларым бар тереңге тамыр түзетін.

Сыр сүйемін, шаттықтың шерін толғаймын,
Өртеңдей ыссы қалауын жанның қолдаймын.
Табанды тіреп, қайсарлық мінез танытын,
Болашаққа Гибрат, Таным жолдаймын. 2004

ШЫНДЫҒЫМ ШЫРАЙЛАНҒАН

(ынтымақ пен келісім айдарына)

Шындықпен шырайланам,
Шындық бар тарих таста.
Мұнайсам мұнарланып,
Дәуірге бауыр басам.

Дәриға дархан далам,
Шежірең басты қадам.
Кірпікке мұң үйрілсе,
Елестер, баба, тұлғаң.

Жол сорап -дәуір ісі,
Болыпты перзенті ірі.
Бабасы батыр болса,
Ұрпағы басар ізді.

Көңілге түйгенім бар,
Бұл өмір наданға тар
Адами мол амалдан,
Әдемі қарттық болар.

Шындыққа бой ұр, мұра,
Қисынсыз ойды бұрма.
Өмірлер толық болсын,
Ұрпаққа сабақ қонсын.

Парасат кемелді шақ
Санаға саңлау салар,



Текті мен тексіздіктің
Жіліктеп жігін табар.

Өмірге дерт бермесін,
Есікті жат кермесін
Тағдырдың жан дауысы-
Саналы перзент берсін.

Сапалы ғұмырлар бар,
Жалғасар мұрагер бар.
Шыңыраудан шындық ізде,
Бір Аллаһ болады жар.

Шындықтан шырайланған.
Елім бар нұр жайнаған.
Таразы иманды Ісләм,
Бір күшке сыйған тұлған.

2011

МЕКТЕБІМ

Айаулы алтын мектебім
Білім ап сенде көктедім
Сүйікті менің мектебім

Сенде оқып, көкке сермедім
Төріне білім өрледім
Сүйікті менің мектебім

Алғысым саған көп менің
Ғибратын ұғып ұстаздың
Дос, құрбымен табыстым.

Айаулы мектебім, мектебім
Сенде өтті қызықты көктемім
Өзіңсің жастықтығым мектебім.

АРҚА ЖЕРІНДЕГІ АРҒЫН ЕЛІНІҢ БІР ТАРМАҒЫ БОЛЫП КЕЛЕТІН АРАЛБАЙ БАБА АСЫНА

Кіріспе: Бабалардың батырлығын ескерсем,
Жігер ойнап көтерілер шоң еңсем.
Тым тереңде қазақ тағдыр тамыры,
Жақсы күнге жетелейді сабырды.

Ата тегім әруақты, қымбатты,
Бабалардың ұғам сырын сымбытын,



Жанарыммен мазарларын аймалап,
Иншаллаһ, - деп тұрам іштен табынып.

Арнау: Қоңырау шалды Ғазым балаң-ұрпағың,
Артыңда бар талай тарлан ұлдарың.
Кешпір,баба, кештеу білсек атыңды,
Жетпіс жылдың зар табы ғой бұл тағы.
Алғыс, алғыс Аралбай ұрпағына,
Көтеріп тұр бабасын ұшпағына.
Батыр баба атағын байандады,
Көнбейді ұрпақ нарықтың қыспағына.
Жүрегінен толқын тілек тудырып,
Ұрпақ жалғар мәртебеңді асырып.
Қазақ тұтас, қасиетті, руһты,
Жайқалып тұр жерде Бақыт жәннәты.
Арқаның батыр, биі, қыраны көп,
Бар қазақ басын қосты ұланы боп.
Жаудан қорғап Ұлы Елін,байтақ Жерін,
Құдіретті есімдер ұраны боп.
Бабаларым қорған болған еліне,
Ұлтарақтай жерін бермей бөгдеге.
Аталарым әйгілі аптал азамат,
Тізе қосып, берік болған сертіне.
Арыстары Арқаның асылдары
Тыныштықта тың-тындап жатыр бәрі.
Дүрілдетіп ас берді ұрпақтарың,
Есіміңді біледі жас - кәрісі.
Бір рулы елдің басы - бабасы,
Ас берілді , өмір өзі таразы,
Бәрімізге ортақ түпкі негіздер,
Толған ғажап аспан жердің арасы.
Ұлағатты, қуатты, айбары асқақ,
Саһараның төсінде алтын аймақ.
Тегеурінді елу ел қатарынан,
Терезесі тең түсті, ғасыр айғақ.
Еркін елміз,Қазақел ұланымыз,
Жарасып тұр ана тіл, құранымыз.
Қажымайды қазағың, қайсар елің,
Бірлік, шындық, ынтымақ ұранымыз.

2011



ЕЛ ДАМУЫ

(Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына толғау)

Жиырма жыл Елдің тәуелсіздігі,
Толайымды табыстарға қол жетті.
Ол үшін, тек, цифр ғана санамай,
Салалайық нәтижелі пайызды.

Шын мәнінде қаржы үнемі дамыды,
Әлеуметтік сала деңгей қамтылды.
Қалықаралық ынтымақты анықтап,
Жаңарды ел, жаңа дәуір қанықты.

Қазақтарда қалыптасқан дәстүр бар,
Негізделген тәрбиелі һұқы бар.
Он жетінші Ассамблея төрінде,
Ел басшысы атап өтті сөзінде:

Жиырма жылдың тәуелсіздік тариһы,
Достық пенен келісімнің штриһы.
Осы жылдар тәуелсіздік төрінде,
Ұлтарасы, Дінарасы танылды.

Талай жылда дін һұқығы қаралды,
Сара жолы туған діннің таралды.
Руһани ұлт дәстүрін дәріптеп,
Барлық жігер дін жолына жаранды.

Тәуелсіздік -Тыныштық пен Келісім,
Ата заңы - негізі оның, желісі.
Еш ұлыстың дәстүр, дінін кемсітпей,
Мұсылмандық алды ұлы жеңісті.

Мәдениет бірлестігін дамытып,
Аймақтарды жадау күйден арылтып
Ұлтаралық қатынасты қалыптап,
Сайасатты зерттеп, нәтижеледі.

Біздің елде ұлт арасы шындықта,
Түсінікпен қарайды ұлты басқаға.
Қалыптасқан тыныштықта ықпалды,
Тапталмайды ұлт дәрісі, тариһы.

Қазақ елі көп ұлттардың Отаны,
Келісті оның еңбегі де, талабы.
Үлгі өмірге шыдамдылық, тәубәсі,
Басқа ұлттың әл қадірін табады.



Отан ортақ, Қазақ елі- мекенің,
Ынтымақтық сайасаттың екені.
Осы дәстүр қалыптасты Ғаламда,
Салт -дәстүрдің ықылас, ынта сепкені.
Мұсылманға дәстүрлі дін - Ислам,
Тәуелсіздік -зайырлы елдік жариа.
Ислам діні тазалық пен шындықта,
Біледі оны жас бала да, қариа.

Тыныштық пен тұрақтылық нығайсын,
Қазақ тілі негізі ғой тіл-қаттың.
Міндеттерді бірлестікте атқарып,
Азаматтық тәрбиені нығайттық.
Дінді, тілді, мәдениетті сыйлаймыз,
Ұлтаралық достық жөйін жырлаймыз.
Жақсы дәстүр, қасиеттер жарасып,
Тәуелсіздік жолын мәңгі жасаймыз.

Мақсатымыз, мүддемізге сай болсын,
Әлем ғарыш жақсылыққа бай болсын.
Орындалып тәуелсіз Ел мақсаты,
Қалқымыздың әл- аһуалы сай болсын.
Көк байрақты гүлден Қазақстаным,
Қалқым аман , тыныш болсын заманым.
Шыңға шығу - Ата заңның арқасы,
Аспанымыз бейбіт болсын, ағайын.

2011

ҒАЖАЙЫП ҚАРҚАРАЛЫ

Қарқаралы ғасырдың көзі,
Тәбиғаты - Жәннәттің өзі.
Ғажап қой, ғажап, Даналар жері,
Қаздауысты Қазыбек елі.

Көркіңнен көрем көсемдік келбет,
Бабалар жатқан жоталы, өр бет.
Орманың сұлу қақтырды таңдай,
Шырша мен қайың кербездер қандай!
Ажарың Айдан тапқандай қоныс,
Күнсұлу келсе жайқалды еңіс
Көркінді көріп толқыды жүрек,
Жібек жел сүйді руһты жебеп.



Ғажайып әуен көңілге тұнар,
Ғашық боп саған ,бөлдым мен құмар.
Қонақжай құшақ қанатын жайып,
Сиқырлы үні таққандай тұмар.

Аспаның ашық, алабұлт көшкен,
Бүлдірген, жуа орманда өскен,
Алқара көктен ақ жауын бүркіп,
Жұмақтың жұпар самалы ескен.

Сылаңдап қалам көргенде сені,
Сүйе бер,сүйші бір қызды менді.
Һауасы жұмсақ,бұлағы балдай,
Сұлуға сендей таппадым теңді.

Өшпейді,әсте, көңілден сырын,
Топырағың, тораңғың – ырым.
Қасиетінді қастерлеп ұғып,
Арналды саған армандай жырым.

2011

ЖАРЫҚ СӘУЛЕ

Жарық сәуле - аспандағы Ай – Күні,
Нұрланады сол сәуледен жер жүзі.
Ғасырлардың өміріне нұр күйған,
Алтын сәуле - ақындардың өлеңі.

Өлең – өмір - ақынжандар арманы,
Өлең сөзі - жүректердің қорғаны.
Өмір - өлең,өлең - өмір өзегі,
Тек, тарихтың алмасады кезеңі,

Тәуелсіздік - жарық сәуле айғағы,
Ата заңы - Қазақелдің айбары.
Құран сөзі - имандылық құралы,
Тіл мен Ділім - мәңгіліктің ұраны.

Көк түсінің түсіндей көк байрағым,
Анам тілі - қазақ тілде сайраймын.
Мынау ғажап,мынау менің байтағым,
Жарық сәуле жүректерді жалғасын.

Тәуелсіздік,Қазақелі - жыр әні,
Көк Тәңірі қасиетгі Нұр таңы
Нұр ұшқыны араласын Әлемді,
Қазақелі - бейбіт өмір тұлғасы.

2011



АЛШЫС БЕС

Алшыс беспен белдестім,
Арғымаққа теңестім
Бәйгіні сен алсаң да,
Жыр додасын бермеспін.

Алшыс беспен елдестім,
Жақсылықпен селбестім.
Қайран жастық - күншуақ,
Қарттықпен қадірлестім.

Алшыс бесім ерледің,
Компьютерде терледім.
Немереден сабақ алып,
Техникамен белдестім.

Демді ішке тартамын,
Жүрекке намыс артамын.
Компьютерді қызықтап,
Көп ұйқыға бармадым.

Өмір неткен қызықсың,
Жалқауларға шыжықсың.
Шалқимын, сәт, шаттанам,
Өлең жазуға аттанам.

Алшыс бестің атымен,
Арғымақ жырдың бабымен
Жаңғырды жаным ғасырда
Ақмоншақ жырдың затымен.

Алшыс бестің белесі,
Сөгілді сырдың көбесі.
Кеудемді кернеп өлең - еаз,
Төрге озды жырдың төресі.

Алшыстан тоқсаныңды алқымдайын
Жүрегім сол байағы қалпындасың
Періште көңілімді құлазытпа
Өмірдің ағысында жарқылдайын. 2011

«К» КҮЗ КӨҢІЛ

Көңілсіз күзгі күндерден,
Көңілге күйкі күй келер.
Көк күмбезі күмбірлеп,
Көңілсіз кеуі күн кешер.



Көңілсіз күзгі күндер-ай,
Көлгірсіп, көңіл кірлетпе.
Көгеріп көпен көктейін,
Күлімдеп көкте күн күлсе.

СЫБДЫРЫҢНАН СЫР ҰҚТЫМ

Сыбдырыңды естимін , алтын түс күзгі жапырақ,
Сағынып та, сарғайып тосады сені атырап.

Қалтырайсың ақырын, сыбырлайды ақылың,
Жүрегінді ұғамын, сенде бір менің жақыным.

Сыбдыр сырың сынқылдап,Еліңменен сырлассың,
Сырыңнан түйіп сағынып,сыбырыңнан сыр бақтым.

Қалтырайсың ақырын, сыбырлайды ақылың,
Жүрегіннің қағысы сабыр берді ақырын.

2004

ДӘУРЕН

Жақсы дәурен, жайлы өмір

Баста мәңгі тұрмайды.

Уақыт - өмір зымырап,

Бәрінен қолың босайды...

Күш қайраты өртайып,

Өтеді дүние,сол қайғы.

Дегенмен, жүрек - маторын

Жақсылықты толғайды.

Жұдырықтай жүрегін

Сезім сырын қозғайды.

Қартайма, жүрек қажыма

Жан сырды жазбай жантайма.?!

КӨКТЕМ МӘҢГІ

Мәңгі көктем, сән көктем, шетсіз, шексіз жыр төккен.

Сәлем саған сый көктем, сені жырмен көмкерем.

Көңілсіз болса, кей күндер,көңілді көктем көркейтер

Күтемін сені жылдарда, қайырлы сұлу көктемдер.

Жарылқа жайсаң жанымды,жасампаз жақұт көктемдер,

Көктемнен нәзік сыр ұғып, Маһаббат мәңгі өркендер.

2004



ӨЛЕҢГЕ

Сен менің бақытым, бағымсың,

Жарылқар жанымды сәнмсің.

Сен менің бүгінім, ертеңім

Жансайа, жаңдауыс мәнімсің.

Сен маған ақылысың, жақынсың,

Мен сенің ән- құсың- ақының.

Мен бүгін биікте шынармын,

Сен маған мәңгілік құмарсың.

Таң барда таң атпай қоймайды,

Күншығар, күнбатар тағы бар

Болашақ сөзіңді толғайды.

Көңілде сағыныш сазы бар.

Өмірдің қысы мен жазы бар,

Сүйемін, күйемін жазып ән.

Тыңдасам сұлу сөз сарабын,

Қайғы мұң сейіліп барады.

Өмірдің көктемі, күзі бар

Өмірдің айнадай жүзі бар.

Сән көктем сал күзді айалар

Сабырлы сайалы назы бар.

Өмірде бүгін бар, ертең бар,

Тағдырға бағынбас еркі бар.

Ойларым жүйткіді жүйріктей,

Қол созым биікте Бақыт бар.

2010

КҮЗ ДЕГЕНІҢ

Осы екен ғой күз дегенің,

Өлеңімнен сені іздедім.

Күн салқыны ширықтырды,

Қызу қанды жүрегімді.

Көңіл сырын күз ұққандай,

Сөз білместер тұншыққандай.

Тәтті екен ғой күз саумалы,

Жүректерге күш құйғандай.



ӨМІР НОТАСЫ

Ұмтылмайды жүрек оған
Маһаббат сайа таппаған.
Тағдырынды толықтырсаң
Жансерік қой ол саған.

Жүрек толқып, елегзиді,
Таппай тағат көңілден
Сүйудің бір бейнесі боп,
Қалпын алды өмірден.

Сөзіңді ұғып сұрқиалы,
Жанарыңа көз тіктім.
Тілінде у сөзін майда,
Енді өмірден не ұқтың?

Тәтті ұйқыда тамсанғандай,
Тағдырынды таппадың.
Құдай берген бақытыңа,
Неге балта шапқаның.

Жақсы өмір жанға қуат,
Жадыратар жаныңды.
Тағдырыңа жазылған нұр,
Сәуле шашып, мәңгі жүр.

Тағдыр сені табыстырып,
Көңіл жетер жар сүйдің
Өмір зайа кетпес үшін,
Жүрекке адал мән түйдің.

Табысса таза тағдырлар,
Іңкәр жүрек басылар
Маһаббат өмір нотасы,
Әніне жүрек қосылар

ТОЛҒАНЫС

(Размышление)

Көне көз Дананы,
Көсіле сөйлеген
Көсемді көріп,
Ойланды Жастық.
Ойланды да,
Сауалын қойды жасқана:



- Ата, ақырзаман осы ма?-деді Жастық.
Үлкен қоңыр қой көзі сәл күлімдеп,
Сұрағы асау болса да,
Сұрай білгеніне разы боп,
Данышпан ойлы,
Сабырлы салқын пішінде,
Үңіліп жастың көзіне
Салиқалы тіл қатты:
-« Бастаманың басы жоқ,
және оның жоқ соңы»,- деді Дана дамылдап.
Сонда ойлады нас жастық
Сөзін қариа дананың...
Болса,егер,бұл соны,
Неге қарт соңы болмасқа?
Желкесін жастық қасыды,
Терін сүртіп маңдайдың.
Бастама бассыз бола ма,
Басталды қайдан басы оның?..
...Бір күндер Жастық қартайды.
Тұлғасы дана мәңгі есте
Соңының соңы жоқ, - деген.
Бұрынғыдай соңынан
Басталды тағы жаңасы
Бастаманың басы жоқ,
Жоқ оның әлі соңыда...
...Қартқа басып кіл жастық
Айналды әже - атаға
Қадірлі қарттық, мол ақыл
Табысты жастық соңында.
Осы екен ғой байағы
Дана сөзі даланың
«Бастаманың басы жоқ,
жоқ екен оның соңы да,-
деді ішінен қайталап.
Қартқа тартқан сол Жастық:
«Өмір ғажап жүйткіген,
Дүние мәңгі диірмен,
Айналады тынбайды,

МАТА (КЕЗДЕМЕ) ЖАЙЛЫ

Айрылды қасыл қамқадан,
Күлдәрі, жанат, мақпалдан.
Жасанды мата қаптады
Денеге бізін қадаған.
Қамқа киген қыздарым,
Үлбіреген күлдәрім,
Бір - бір ұштау көзімнен
Мауыты, құндыз, көмшәтім.
Күмістеген көкшолпым,
Үкіленген ақтопым,
Ертегі болып барады
Қынама барқыт бешпентің.
Бүрмелі көйлек белбеулі
Кеудешесі ақтүлкі
Құндыз, бұлғын тақиа
Кетер ме екен бақиға.
Кіселі белбеу жарасар
Жігітке сұлу мүсінді
Алтын мен аптап күмістеп
Ертоқымы келісті.
Сусарбөркі басында
Құмай тазы қасында
Аңшы да, әнші серілер
Парасат толы сезімдер,
Қайта оралшы, фәріштә?!

- Маталар:** *Күлдәрі – үлбірек таза жібек (шифон);*
Қамқа – алтындаған, не күмістеген зерделі жібек
мата;
Манат — базалы шұға, сырт киімдік мата;
Мақпал — пүліш (плюш), тығыз тоқылған, түгі
қысқа, өңі тегіс, жылтыр.
- Үлбір -** *асыл аң терілері (меха):*
Бұлғын - *(соболь)*



- Құндыз - (бобер)
 Жанат, тарбақ - суыр, тарбак
 Ақкіс, кәмишәт - (қуница)
 Сусар, аңтатыр - (ондатра)
 Күзен - (хорек)
 Ақтүлкі - (белая лиса)
 Алтайы қызылтүлкі- (красная лиса)
 Қарсақ - (карсақ)
 Зорман - қарсаққа ұқсас, одан жүні қалың, қара
 қылышығы қысқа, сирек, сәл қоңырқай
 Мәулім - тағы орман мысығы (дикая кошка)

Біздің қазақ қалқы зейін зерделілігінің арқасында асыл матаны бөзден ажырата білген, әрі әр матаны тұрмыс тіршілігіне қолдана білген, матаның қадір қасиетіне орай, бағасын дұрыс межелеп, әр матаға лайықты ат берген:

- Шөжім - іш киімдік, арзан, жұқа мата;
 Шыт - гүлді, гүлсіз болып келетін мақтадан жасалған
 жұмсақ жұқа мата;
 Бәтес - (ақ бәтес) ақ шаңқан нәзік ақ үлбір мата
 Тібін - әр түсті қалыңша мата
 Жібек маталар: - торқа, торғын, қырмызы, құбылайжібек, жолақ
 жібек, қамқа.
 Торғын - қымбат бағалы жұқа жібек таза мата
 (Торғын шәлі басында...)
 Торқа - ең қымбат кездеме.
 (Той торқалы (бағалы) болсын...)
 Дүриа - жылтырауық тығыз келген жібек
 (Дүриа көйлек үстінде)
 Патсайы - қалың жібек.
 Қатипа - жол жолы бар, қалың-жұқасы бар жібек мата.
 Парша - алтын мен күмісті парлап, аралас келтіріп,
 тығыз тоқыған жалтыраған жібек мата.
 Баршын - жолақты жібек
 Бойақ (бойақтай) - бойалған кездеме
 Бөз(бойан) - бойалған, өңсіздеу, астарлық кездеме
 Борлат - қызыл түсті жұқа кездеме
 Биқасап - еңсіз, жібектен тоқылған мата.



- Қызжым* - сапалы жүннен тоқылған түкті мата
- Паң барқыт* - гүлді гүлсіз, алуан түсті болып келетін, паңдана құбылып, дірілдей үлбіреген құбылмалы, таза, көйлектік мата
- Барқыт* - құлпырмаса да таза (натуральный) жіптен сәл қалыңша тоқылған
- Ши барқыт* - түгімен түксізін кезек келтірген барқыт қой, ешкі, түйе жүндерінен де жұқа, не қалың етіп, қажетіне қарай тоқыған (кеудеше, көкірекше, бокебай, шәлі, бір байлар, шұлық, қолғап, шекпен, т.б.)
- Шұға* - таза жүннен өңді өңсіз етіп, тыс киімдікке тоқылған қалың мата.
- Мауыт* - өңі майда, түкті шұға тектес. Барлық аң терілерінен газжап кйімдер тігілген, ерекшесі.
- Құлынжарғақ* - бие ішіндегі құлынға бес-алты ай болған кезде, соғымға, не ас тойға сойылған, кейде жарып алынған құлыншақ терісінен тігілген тон, өте құбылып тұрады, әрі жеңіл болады (қазірде норка, стриженая норка, щипаная норка дейміз ғой), ол кезде де түрлі аң, мал терілерінен сондай киімдер жасалған. Бұл қалықтың тұрмыс деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді емес пе.

ӨМІР, ӨМІР

Бүршік бүрін жарғанда

Гүл қауызын ашады

Күншуаққа шаттанып,

Табиғат тыныс алады.

Өмір сенсіз жүре алмаймын,

Өмір сенсіз күле алмаймын

Өмір, өмір-ай

Гүлге оранып жаз келсе,

Жаным жазбен жадырар.

Жауқазындар, лалагүл

Тау бөктері жамылған

Сен едің өмір амалым,

Сен едің өмір алаңым

Өмір, өмір-ай



Ақ жауыны себелеп,
Айдын көкті арала.
Толқын төсін аймалап,
Ақшағала жағала.

Өмір сені сүйемін
Күдіретіңе бас иемін
Өмір, өмір-ай.

О, МАТЬ

Велика и неизменна
Наука - этнопедагогика.
В ней сила народная,
Сила материнская,
Как заветная мечта.
И заветы - вечны,
бессмертны.

Великой неизменной,
В науке главная
Это - мать
Это - первое слово,
Это - закон жизни,
Это - космический корабль,
Это - вселенский закон.
Это - небо, это - земля

Это слово -мать
Мать - народ,
Мать - человечество
Это вечность
в вечной заботе,
В вечном труде,
В вечном
притяжении Земли!

О, мать!
Моя гордость, моя любовь,
И ты гордись мною.
Ты вечная, генетическая
Программа человечества.
Вся жизнь вселенная
начинается с тебя



О, мать , любимая,
дорогая моя,
Мама моя!!!

2006

ООВО УЧИТЕЛЕЙ «ҰСТАЗ»

(девиз)

Ұстаз - это учитель учителей,
Ұстаз - это воспитатель детей,
Ұстаз - это гордость людей,
Ұстаз - это энциклопедия мыслей.
Ұстаз - это отец и мать,
Ұстаз - это советник и брат.
Ұстаз - это милая мама,
Ұстаз - это гордое имя.

2011

МЕН ҚАЛАМ АДАМ БОП...

Жарқырап күн орнына күн болмасын,
Айдың да ақ жүзі боп мың толмасын.
Ойым - теңіз, мұқиттай сырым барда,
Тылсым жырдың есігін айқара аштым.

Керемет ғажайып барын сеземін,
Аспан мен тілдесіп, көғалда жүремін.
Өмірдің үзіліп, солғанын көрмеспін,
Жетесіз жандарға көк төрін бермеспін.

Ақылдың жібегін көйлек қып киемін,
Көргенде нашарды налимьын, күйемін.
Айрылған Менінен ақымақ көрінер,
Меннің де болады байаны көңлі кең.

Бізден де бұрында Күн нұры төгілген,
Жайқалып кокорай, жемістер согілген.
Құлазып коңілің, жүдесе жүрегің,
Өкінбе, толтырар өмір оз шарасын.

Мың сырдан бір сырды көрсетпей жасырып,
Табиғат, Күнсұлу тұрады айласын асырып.
Табиғат құбылып, кок дауыл соқса да,
Жалынды жырыммен мен қалам адам боп.

2011



ТАСТА ДА БАР ТІРШІЛІК...

Таста да бар ғой тіршілік,
Адамның таза арындай.
Үгеді үрлеп ақ желдер
Болғанша ақ тас мәрмәрдай.
Көрсем ғой,шіркін, көзіммен,
Тау Қазан Каррара қаласын
Ертеден даңққа бөленген
Ақ мәрмәр Ақ тау баласын.
Каррардың ақтас мәрмәрін
Әкелсем қазақ далама.
Тұғырлы алып сарайды
Орнатсам арнап балама.
Күнде өтсе балам жанынан,
Есіне алып анасын.
Ақ мәрмәр алып ақ мүсін
Көрінсе Қазақел таңынан.
Ертеден даңққа бөленген
Ақмәрмәр тауға барайын
Немерем, балам өтсін деп,
Мәрмәрдән көпір салайын.
Көрейін өмір талабын
Мәрмәрдән қала салайын.
Мәрмәрдай әшпәк мақсатты
Ту қылып, төрге қадайын.
Мәрмәрдің мапа мәйегі
Сезгендей көңіл дәйегін.
Ұлпадан түйіп құлпытас,
Анама балтас қойайын.
Мәрмәрдан мақсат қалайын,
Мәңгілік мәрмәр болайын.
Сыры мол құпия жүрекпен
Парасат мүсінін жасайын.
Таста да бар ғой табиғат,
Адамның таза арындай.
Тас мүсінде де тыныс бар
Адамның парасатындай.

Жұлдыздар зулап ақкандай,
Жасырын жымың қаққандай,
Ақжүрек абзал адамдар
Адал арды баққандар.

Адамдық арым - ақ мүсін
Көңілдің көркі - ақ құсым.
Ақкүмбез - асқақ байтағым
Аққұсым - қазақел айбарым.

1977

КҮЙ ТЫҢДА

Күй тыңда, құрбым, күй тыңда,
Ұғасың дәуірлер тынысын.
Күй емес ол бір құлшынған,
Мұһит па дерсің бұлқынған.

Айбыны ой сап көңілге,
Сылқылдап сылқым күледі.
Енді бірде мұң қуып,
Зулайды, зырлап, құйқылжып.

Күй тыңда, жаным, күй тыңда,
Ұғарсың баба мұң зарын,
Қуаныш, қайғы, жеңісін,
Ұққанша, жаным, күй тыңда.

Алуан ой сап жүрекке,
Құйылтар төпеп өткенді
Болашақ бойлап көгімде,
Ойатар талай көктемді.

Күй тыңда, құрбы, күй тыңда,
Бабаның бейнет ғұмыры.
Биікке елді көтерді
Бақыт Күн көктен Нұр төкті.

Күй тыңда, құрбы, есінемей,
Әруаһ жатсын бір аунап.
Бабалар ғұмырнамасын
Береді айтып ежіктей.

Ақзерде ой сап көңілге
Үн қосты күйші әділ, нық,
Қол ұстасып барады
Кәрілік пен Балалық.

2008



ҮНСІЗ ӘУЕН

(Гете ізімен толғау)

Үнсіз әуен мәпелеп көңілімді,
Үңілемін Әлемнің күмбезіне,
Самсаған сақ жұлдыздар жымындайды,
Жымыңы күлкісі ме, әлде үні ме?!

Көк аспанның күмбезі шатырым ба?
Жарық Жұлдыз жарықар батырым ба?
Құс жолымен аулыңа барар едім,
Үнсіз салған әуенді ұғамын ба?

Үнсіз әуен естілді құлағыма,
Сылдыр қаққан асқардың бұлағы ма?!
Көк аспанға мың жұлдыз жарасады,
Шапағымен ақ таңның таласады.

Мың - сан жұлдыз ақ таңмен таласады,
Шаттық іздеп, бейтарап тарасады.
Үнсіз әуен бой билеп жатыр едім...
Аспан жерге жетіпті аласарып.

Ақ таң жетіп, аспаным аласарды,
Жалғыз жұлдыз ұзамай қара салды
Жүрегімде қалықтап үнсіз әуен,
Жымындады жұлдыз боп жастық дәурен.

Бала күн - бал кезімде батыр едім,
Жұлдыз санап, шалқамнан жатыр едім,
Ағып түсті қасыма жалғыз жұлдыз,
Үнсіз әуен, әніңе балқып кеттім!

Әлі іздейді жүрегім сол әуенді,
Таппадым ба, таптым ба сол жұлдызды?
Үкілі үміт арманы аласармай,
Жөн сұрайды Үркерден, жол іздейді.

- Аспанда не бар?
 - Жұлдыз бар, Айдай әппәк.
 - Жерде не бар?
 - Құндыз бар, тау мен тастақ!
- Үнсіз әуен мәпелеп көңіл қоспақ.



Шолпан, Шоқай, Санжарлар, Темірқазық
Шежіресін Жерімнің жатыр жазып,
Жерге төніп Аспаннан Жұлдыз қала,
Жазып жатыр байлығын құндыз дала,
 Үлкен менің қуаныш,мақтанышым,
 Міндетім де көп менің ақтар ісім.
 Бақыт,- деген батырым атқа қонып,
 Көк жүзінен мені іздеп, Жерге қондың.

Үнсіз әуен жүректен үзілмейді,
Бақыт,-атты батырым мені іздейді.
Бай болғанша бармақтай Бақыт бер,-деп,
Құдірет әуен Аллаһдан мың тілейді!

 Үнсіз әуен жымындап қарсы алады
 Қуаныш барда қиындық та бөлады.
 Үнсіз әуен мамырлап көңіліме,
 Үңілемін Бақыттың құмбезіне.

Жарық Жұлдыз, жарылқа, батырымсың,
Үнсіз әуен, мәпеле, бақытымсың.

Әуенімен ұғысып дара үннің

Сырын ұқтым ғажайып дала түннің
 Қол ұстасып ғашықтар түншығады
 Аймалайды ғашықты түн құшағы.
 Асыр салып ойнайды асау толқын
 Албырт жүрек аптықса мұң құшады,

Түн құшады екі жас түншығады,
Адалдықты аймала түн құшағы,
Оу,Тәңірім! Қара түн, қамықтырма,
Арамдықты адалға жолықтырма.

 Көрсетпе сүйгендерге қайғы,азап,
 Екі жас махаббатын етпе мазақ.
 Абайла, махаббаттың жүрек қылын
 Үзбей шерт деп, айтқан ғой, атам қазақ.

Махаббатты мәңгілік,- деп ұғындар
Берік болсын қос босаға тұғырлар
Шаңырақтың шаттығына бөленіп,
Үнсіз әуен тағдыр мәнін ұғындар!

1997



ГЕТЕ МҰСЫЛМАН

(қошамет, мұңды лирика-ода, элегия)

Данышпан, ақын Гете,
Мәңгілік қалдың есте
Дарының даңққа бөленіп,
Өлшеусіз жаздың сыр өзге.

Немістен жаны жаралып,
Ақылға қосып талабын,
Сүйсіне оқып, Шығыстың
Сүйіпті ақындар ғажабын.

Зерделеп Шығыс жер бетін
Таныған мұсылман келбетін.
Данышпан мүсін, жас дәурен,
Оқыпты Қазақ құранын.

Құдірет күші жарылқап,
Құраннан бас алмайды.
Аллаһға құлшылық етеді,
Жадына сап құран сүрені.

Иліп Ісләм дініне,
Бас қойып тағзым етеді.
Бес парызға жүгініп,
Тәңірге құлшылық етеді.

Бір біліп,біреу білмейді,
Діндерге басқа ермейді,
Ісләм дінін қанықтап,
Сыйынды, Тәңірді мойындап.

Айласын ақын асырды
Шіркеуден дінін жасырды.
Өртенбес үшін тірідей,
Фанаттан ақыл асырды.

Шүкіршілік, Аллах!- деп,
Намазға бас ұрады,
Әлем әдебиеті төрінде
Әрқашан Гете тұрады.

Гетенің өлмес өлеңін
Тәржімалап Лермонтов,
Құдіретті Абай аударып,
Баға жетпес құнды етті.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ақындық асқақ ұғымнан,



Қалғыған таудың маужырын
Ұғыпты ақын тау сырынан.

Құдірет күші әлдилеп,
Өмірге келген сол дарын.
Сезген ау, сірә, Ісләмнің,
Мәңгілік қасиет қадірін.

Жаратқан да, Жасаған да сезді ме,
Дарынды іздеп, дүниені кезді ме?!
Күн де батар, түн де болар қараңғы,
Мұсылманның руһы шам боп жанады.

Сол дарынды тапты Аллаһ адалдан,
Шын мәнінде дарын мәңгі жаралған.
Тәнін тастап, кеудеден жан шығарда
Үш өсиет артына сөз қалдырған:

Біріншісі - «Иіс сабын, жылы су,
Жусын менің тәнімді.
Ақ шүберек - ақ бәтес
Ақ тәнімді орасын.
Құбылаға басымды
Қаратып мені жерлесін,
Құраннан Фатиһа сүресін
Үш рет оқып жебесін».

Екіншісі - «Дүние жұмбақ опасыз
Өшпес ешкім қапасыз,
Әйелім мен балама
Тиесілі байлықты
Рәсімдеп қалдырдым.
Қалған байлық кедейге,
Көп балалы әйелге,
Мүгедекке, кемтарға
Аллаһдан болсын мың раһым»

Үшіншісі, соңғы өсиет:
«Құран Кәрімге бас ием,
Құранымды өзіммен
Көміңдер бірге, төзіммен.
Қабірімнің басына
Жазыңдар мәрмәр тасына:
«Сүйікті неміс перзенті
Жерленді Гёте бұл жерде».



Жаратқан мені жарылқа,
Аллаһдан Ұлы емеспін.
Пәтуасыз өмірдің
Парықсыз құлы емеспін
Бір арман қалды өмірде
Орындалмай ой кешкен
Алланың қасиетті жеріне
Жете алмадым Меккеге»,- деп,
Ұлы ақын, Ұлы данышпан,
«Аллаһ, Аллаһ, Аллаһ!»- деп,
Жұмды көзін мәңгіге!

Мәңгі жарық дүние,
Бір сәт тұнды.
Қос жанардан қос мөлдір
Ыршып жерге
Қос маржандай мөп - мөлдір
Көздің жасы,
Кебе қоймай сол жерде
Ұзақ жатты.
Құшақтаған құраны
Тас құрсауда-
Алақаннан ажырап алынбады.

Ah!

Мылқау ажал ақын жанын мұздатты
Тар дүниені тастап руһы шың асты.
Фәндәшілік әуресінен босанып,
Бір мұсылман о дүниеге жол тартты.
Паһ!

Мәңгі жасар, мәңгі тірлік күн бар ма?
Көк пен Жердің арасы алыс тұлпарға,
Аллаһға айан не шарасы Әлемнің
Руһы мәңгі Данышпан Ұлы Ақынның.
Оу,

Данышпан, бітті жерде сапарың
Атыңды атап Әруағыңды қозғадым.
Лермонтов пен Абай, басқа ақындар
Қүдіретінді жырға қосып, мақұлдар.
Па!

Дүние Әлем таныды неміс ақынды,



Құранды оқып, қабылдап дінді қанықты.
Сол қасиет бөлеп Тәңір нұрына,
Шапағатыңмен мұсылман ақынды айала.
Беу!

Биікте руһы данышпан батыр ақынның
Бір құдірет оны ерек жаратқан
Фәндәшілік әуресіне бой салмай
Жер әлемді руһы мәңгі қаратқан.

О, данышпан,
Оу, ақылдар, Ақындар
Тыныштықта, әруаһтар, жатыңдар,
Өздеріңе ұқсап тусын Бөлашақ
Сонда Руһтар биіктейді асқақтап!

2009

«КИЕЛІ КІТАПТЫ» ОҚЫҒАНДА ТУҒАН ОЙ

Күнәсіз, құнды, тәлімді,
Әрлі де, әлді көңілді
Мойнына күнә артпаған
Адамдар мәңгі өмірлі.

Жасаған бізге панасың
Пәледен сақтар данасың.
Қателесіп іс қылса,
Кешірім жаса балаңа.

Ақыл бер үстеп жаратқан
Көз талып, көңіл қалмасын.
Пенделерде қасірет бар
Көңліңнен таса болмасын.

Тәңірім жазсын жақсылық,
Жан- тәнге берсін адалдық.
Есімін Тәңір қайталап,
Адамша өмір жасайық.

Дінсіздіктен сақтасын
Адал дін мәні бапталсын
Дін тәлімін сүйгенді,
Тәңір қолдап жақтасын.

Жаратқанның жайлауы
Жасыл құрақ жансайа.
Тұнық суын тұтынсаң
Береді қуат жаныңа.



Ақ күста аңсар мөлдiрдi,
Көңiлдi сақта көлгiрден.
Адам жан-тәнi Тәңiрден
Адамға сыйла өмiрдi.

Жаратқан ие қорғайды
Үмiтсiз адам болмайды
Аллаһның өзi сыйлаған
Жырымды жүрек толғайды.

Тәңiр нақты мақтайық,
Жақсы мiнездi сақтайық
Жалқауланып ұйықтап,
Есiнеп текке жатпайық.

Жүрекпен сүйiп, сыйынып,
Денсаулық бер деп, қиылып,
Жан сезiмiмен тұшынып,
Тәңiрден медет сұрайық.

Бiр емес, талай қарады,
Ажалдан жанды құтқарды.
Түлетiп қайта қырандай,
Рақым, мейiрiм сыйлайды.

Аспан Жерден биiк те,
Бiр күш бар, тегi, биiкте.
Қорыққан да, қуанған,
Айтады атын тiлекте.

Жаратқан жанды Жание,
Әлемге, ғажап, сол ие.
Жарық күнге рақым бер,
Көлеңкеге де бол ие.

2010

РӘББИМ АЛЛАҒ!

Рәббiм Аллаһ, дiнiм Исләм,
Нәбиiм Мұхаммед ғалейһиссалам ?
Жолы бар мұсылманның қырық парыз,
Адал жүрек фәндаңа қылма қарыз.

Жатсам, тұрсам тәубемдi ұмытпаймын,
Арамның жиғанына қызықпаймын
Өз шаруам өзiме жетiп жатыр,
Аллаһның ырзығынан құр болмайын.



Жақсыдан жақсы туса шынар болар,
Жаманнан жақсы туса пырақ жанған.
Жамандық жақсыларды қапа қылма,
Аһиретте басыңа сауал туар.

2010

ӘСИЕТНАМА

Кісішіл ғой кісілік,
Ұлтшыл адам - ұлтжанды.
Адамгершілік - адамдық,
Намысшыл да, намысқой.
Дұрысы осылай, біліп қой.
Шылпылдаған шылғилық
Шылғи түбі былшылдық
Не үшін қажет?

Жүрегіңмен сезе біл
Не артық, иәки не кемін,
Не шылық бар, не быллық,
Не дөрекі, не дөкір,
Бөлмасын сөзге ол көпір.
Шылық - быллық не керек,
Ұлтжандылық тым қажет.
Адамзаттың ақылы
Ақыл сөзді тасиды.

Би - батырын бағалап,
Атағын ғасыр асырды.
Батыры бағып Бақытты,
Атағы селдей тасыды.
Үш жүзді жиып бірлікке,
Үйретті Елді тірлікке.
Жеті ата білу парасат,
Білмеген оны адасад.

Русыз болма, руды біл,
Қазақтың ырым-дәстүрі,
Ырымы қазақ қасиет,
Бабадан қалған әсиет.
Жетесіз желік күйлесе,
Қай қазақ оған бас иед



Құрмет тұт жеті бабаңды,
Туысқа сыйла жылы сөз.

Қазақ руһы қалықпен
Өмірде мәңгі қалады.
Достық пен бірлік тоғысса,
Мерейі үстем болады.
Өмір үшін шөлдеген
Жақсылық пен пейілден
Жүректердің сусыны
Раһат тауып қанады.

*Осыны жазған ақынның
Шырағы мәңгі жанады!*

2005

ТҮН - ӘТКЕНШЕК

Түн ұйқыда.
Тек, мен әлі ойдамын.
Ақындардың әлеміне бойладым.
Жыр - әткеншек тербетеді даланы,
Жүгіреді менің жүрдек қаламым.
Түн сабырлы.
Терезеде айдың жарық сәулесі,
Таңғажайып ғаламның сыр - дәурені.
Даналардың асыл сөзін топшылап,
Тербетілген әткеншектей әуремін.
Түн тамаша.
Таң да жақын қалыпты.
Жан - тәнімде шаршаңқырап қалыпты.
Түн - әткеншек тербетеді әнімді,
Ұйықтайын дамылдатып жанымды.

2010

БІР ӘРІПТЕН СӨЗ БАСТАЙЫҚ

Ұлытаудың ұлдары
Ұлытаудың ұланы,
Ұста ұлды ұлықтап
Ұлылықты ұтады.
Ұлымсың ұлтжанды
Ұлыс боп, ұжымдас,
Ұсақтық ұстанбай
Ұлымен ұрандас.



Уақытта жоқ мекен және тұрақ,
Желігеді жүйткіді мініп пырақ.
Уақытпен санасып, саңлақ тартсаң,
Арманыңа жетесің, қалқа - шырақ.

НӘЗИРА, НАЗЫМ

Жүректе мақсат, қайрат та бар- ау,
Болмасын әсте жүрегім жадау.
Айаулы менің нәзіркеу, назым,
Жетем бе қуып, жүйрігім жадау.

Жадауға мініп жаралы болмай,
Жалқауға қарап жолдарда қалмай,
Сөндірмей дәйім қуатын жанның,
Жинайын өрден пәктіктің тасын.

Үш қасиет марапаты мақталсын,
Ақыл, Рақым, Әділеттік жақталсын.
Сегіз сипат Аллаһға тән зерлі оқу,
Жарасып тілмен сақталсын.

*Ғайат, Ғылым, Құдірет, Көру, Есіту,
Қалау, Сөйлеу және Тәһкиін,*

Әркімнің болсын зерделей оқу ойында,
Бір мысқал ақыл фәндәнің болсын бойында.

2010

МАҒАББАТ ҚОЙ ТҮТҚАСЫ БҰЛ ӨМІРДІҢ

Ана қандай,
Құшып сүйген сезіммен
Жанарынан жан раһаты сезілген
Жан жүрегін баласына арнайды
Жан жүйесі бала үшін езілген.
Ана сондай,
Сезімі сәл дір еткен,
Жақсылықты тілейді бар ниетпен
Сүйген жүрек артық болып анадан
Қол ұстасып, сүйгенімен жарасқан.
Жар қандай,
Бір жүректің төрт құлағы, тілі бар,
Ұл қыздарым оны жақсы біліп ал.

Үш құлағы: ата, ана, бауырың
Төртіншісі барған жұртың тәуірің.
Жар сондай,
Бір жүрекке сыйғызасың төртеуің,
Дала гүлдің жинай жүрші өртенің,
Жақсы адамға төрде талай орын бар
Махаббат қой тұтқасы бұл өмірдің.

2010

ДҮНИЕНІҢ БАР ДЕЙДІ БАС - АЙАҒЫ

Дүниенің бар дейді бас- айағы
Данышпанның дәлелі, бар айғағы.
Дүниенің басында жаңа тудым,
Жеткенім жоқ, білмеймін, қайда айағы.
Кешегісін көремін бүгінгісін,
Уақытпен дүние болады ісің.
Дөңгеленген дүниеге- уақыт өлшем,
Уақытқа түспесін жарқын ісім.
Жүрегімді тербейді асыл сөздер,
Сынай қарап тұрғандай тескен көздер.
Кемел ой мен көне сөз жарасады,
Күрмелейді ойымды көпен сөздер.
Ақындыққа қосайын ылажымды,
Қыран көңіл іздейді асқар шыңды.
Аллаһ берген сыйымды аласартпай,
Жүріп келем іздеумен Бидайықты.
Тереңіне бойладым өлең- арман,
Көкірегіме жимадым сөзді жалған
Іздемедім «сүйретпе», әлде, «арқа»,
Өлең оқып, қуандым жас балаша.
Түсінбеске өмірдің өрі жалған,
Жүрегімнен өлең - жыр орын алған.
Талайларды көтеріп, мына, жалған,
Талайлардан жан себіл өшпін алған.
Сарарқадай Саһара сайағымын,
Мінезім қыздарындай байағының.
Алмақ болса, астына айағының,
Көреді батыл ісін Бидайықтың.
Бидайыққа ұқсасын күн қарыған,
Үкі тақтым Аққұсқа жыр дарыған.



Сұңқарларды сабылтып састырғанмын,
Бүркіттің де қыранын бұқтырғанмын.
Алашымның Азаматын сүйемін,
Жамандарды көрсем налып, күйемін.
Сол себепті Бидайықтай батыл боп,
Өлең - жырға асыл сөзді түйемін

2010

МОМЫННЫҢ МОНОЛОГИ

(толғау)

Өмір өрі тұрады екен
Қуаныш, реніштен.

Тау да болған жаралы,
Сар дала болған қайғылы.

Кім екен сар даланы күдіренткен,
Кім өзі құба жолды дүбірлеткен
Қайғыға адам төзіп тұра алмаған,
Сондықтан батырларым белін буған...

Өткеннің мұңын теріп өкінбеймін,
Есіне Болашақтың түсірмекпін
Өткенсіз бүгінгі жоқ, ертең болмас,
Еске алмай бабаларды көңілім толмас.

Дүние тарылмайды, толығады,
Тіл мен жақ жүрегіме табынады
Сезімді серік етіп жыр жазамын,
Оқыған, түйген білім танылады.

Өмірден өткен талай кемеңгерлер,
Кемеңгерді өмірге берген кімдер?
Ой жүгіртші, ойланшы Болашақта,
Данышпанның атын ғана жаттама,

Бос жүрме, білімді қу көкірекпен.
Бар ма жиған кітап- сөрең топтама.
Теледидар сапалы білім болмайды,
Компьютер де көшірме ғой - көзталма

Бір ақынның өлеңіне үңілсең,
Оқып тоқы жазбаларын өміршең.
Егжей - тегжей әр саланы біле жүр,
Көкейіңе білім тұнып төгілер.

Ақша адамға Ай да Күн де болмайды,
Жоқтың орны ақшаменен толмайды.



Ақша, дүние- көздің құрты деген ғой,
Топырақ құймай адам көзі тоймайды.

Бабалар тасқа жазды шежіресін,
Жанымен қолдап, қорғап ел іргесін.
Біз неге сайабаққа тас қоймаймыз,
Батырлар өр тұлғасын мүсіндейтін.

Сайажол, сайашықтар қаңырап тұр,
Білмейді Болашағым тарихын дүр.
Кенерлі шығыршықты тақта болса,
Отырса дерек оқып, жадқа түйіп.

Көшеде түк әсер жоқ ойланарлық,
Қажет-ақ, таза ауаны қайдан алдық?
Отырса қымыз ішіп, қазы кертіп,
Кафеге жастарымыз бармас қайтып.

Демалар тамылжыған жағажай жоқ,
Қарттардың жетіспейді жекежайы
Жағасы өзен көлдің бақылшықтар,
Жуады мәшинесін «бизнес байың».

Бабалардан сөз қалды ой түйін боп,
Көшебақта жазылған бір сөзі жоқ.
Көгілдірден көреді атылған, асылғанды,
Танымайды Ақселеу, Сәбит, Бекболатты.

Ақылдар, ақылмандар сөз зергері,
Танытып, дәстүрлейді кемеңгерді.
Поэзия тілінде қасиет бар,
Түсінсең қасиетін жан сусындар.

Мұсылман, зор руһты, өр қалықпыз,
Патшаға, бас иеге біз жарышпыз.
Айшықты Астананы ел таныды,
Өмір сұлу болса екен бір қалыпты.

Елімде қымбатшылық бой алмасын,
Өтірік, сауда саттық төр алмасын.
Аунаған герман- зорман машинасы,
Жаңартқан «мерседес» боп сатылмасын.

Орыс қазақ болмайды мақтағанмен,
Есек те жылқы болмас баптағанмен.
Есек пен арғымақты жарыстырса,
Қалмай ма сол есектің алқымы ісіп.



Әр ұлттың қасиеті, өз тегі бар,
Тектіліктен тарайды дәстүр талғам.
Қанасында қазақы қаны ойнайды
Кетсе қазақ неміс боп, негізі оңбас.

Ғасырлар бедерінің өлшемі бар,
Ақылсыз, жамандарға дүние тар.
Жаман жақсы болмайды мақтағанмен,
Жабыдан тұлпыр тумас баптағанмен.

Әр ру Ұлысымның шам- шырағы,
Үш жүздің үш тармағы сақшылары.
Мүддесін тұтастықтың қорғайды олар,
Саф жырым ғасырымның кардиограммасы.

Қазақы мәдениет тіл пернесі,
Дін мен тіл фәлсафаның негіздері.
Тереңге тамыр тартқан бәйтеректей,
Шежіре қазағымның діл тірегі.

Сырласам өлеңіммен мұңдасамын
Сөзімді ақылдыға сыйға тартам.
Кісілікті танымын кісілерден,
Аулақтаймын бос кеуде «ірілерден».

Ақын жүйрік, ендеше, ақыл жүйрік,
Жайламасын жүректі ешбір күдік.
Әр істің бас- қасында болсын Адам,
Осымен аяқтайын, сөзім тәмәм. 2010

Автардан аударма:

Сайабак (парк)
Мүсін (статуя)
Сайажол (аллея)
Сайашық (сквер)
Көшебақ (бульвар)
Жағажай (пляж)
Жекежай (особняк)
Сайажай (дача)
Қана (вена)

ӨМІРДІҢ БЕС ҒАЙЫБЫ (Стихия)

Көгілдір аспан - бүркіттер
Алтын күн - құстар
От жалын - адамдар

Құнарлы қойнау - қара жер
Мөлдір айдын - дельфиндер

Әппәк ашық Әлемде
Құс ұшып, дәмін тереді,
Адамдар өмір көреді,
Еңбектің дәнін себеді.
Осының бәрі махаббат,
Ұлылық болып келеді.

ЕБІНІҢ ЖЕЛІНДЕЙ

Еб* болдың елім өзіме,
Ебінің желі ескендей.
Айалап мені өсірдің
Ебідей сүйіп көктемде,
Қорғашы Отан қолдашы
Қүдіретті ебі желіндей,
Сырларым бар мөп - мөлдір,
Қорған болар ебідей.

ЕСІГІН ҚАҒАМ...

Болашақтың есігін қағам,
Жүрегімді алып бұлқынған.
Асықпа достым. Жырымды оқы,
Өлеңімде өмір бар сұлу, сыр тұнған.
Аспанымның күмбезін қағып,
Ұшамын көкке бұлқынып.
Талайын жырдың жазамын көкке,
Жазамын гүлге тұшынып.
Теңіздердің тереңін қағам,
Ескегі болам қайықтың.
Тағдырымды тербетеді,
Әлдилейді сезімімді мөп - мөлдір
Болашақтың есігін қағам,
Арманымды жетелеп.
Жырымды арнап Жиһангерге,
Жақсылық отын маздатам.

*Еб - қорған, пана болар құдірет желі

Болашақтың көремін күнін,
Шаттыққа толы шұғласын.
Нұрланады нұр насаты,
Ақын жүрек жырласын.

Ақындарда өмір, өнер, өре мол,
Ағызады сөздің майын дәйім ол.
Отырса да, жүрсе де ой үстінде,
Сұлулыққа түсінде де ғашық ол.

Әлемге де ғашық ақын әуенге,
Жастың да, көрінің де Әлемінде.
Есігін ашып әр таңның, әрбір күннің,
Жазады өлең ғашықтықтан өмірге.

2011

ӨМІР АЙАН

Өмір ірі,
Оңайлықпен алдырмас,
Өткеніңе өкінбе, өмір нойан.
Өзгермейді, өлмейді өмірбайан.
Талай өмір өтеді бір басыңнан,
Отырғызар тақырға шыдамасаң.
Өмір - өзен өтеді айалдамай,
Жаңғырады жақсы ісің өмірге айан.

Өмір, - деген адамның талқысы ғой,
Сол өмірдің ақындар жалқысы ғой.
Өлең үшін жан қинап, жапа шексе,
Бір асыл зат соңында қалғаны ғой.

Одан артық бақыт та, байлық болмас,
Ақындардың ортасы сенсіз толмас,
Сен кеткенмен өмірден оза шауып,
Жақсы сөзің- жаһұт сөз мәңгі тозбас.

2012

ӨМІР НЕДЕН ТҰРАДЫ

немесе

ЕСКЕРЕДІ ЕРТЕҢІМ

«Ел бүгіншіл, Менікі ертеңгі үшін».

А.Байтұрсынұлы

Өмір тұрады:
кеше,
бүгін,
ертеңнен.



Кеше туып,
Бүгін таңда ержеткем.
Бүгiнiмде бұқпаламай, белдесiп,
Ертеңiмнiң сағымымен тiлдескем
Кеше таттым балалықтың бал дәмiн
Жақындатып жастық шақтың арманын.
Ертелi кеш ертеңiмдi аңсадым,
Артқа тастап бүгiнгi күн жалғанын.
Несiне бүгiп, жасырам бүгiнiмдi,
Бағалар ма адамдар мың iсiмдi?
Кешегiмде кешiгiп, бүгiн бұқсам,
Ескередi ертеңiм ұлы iсiмдi!

АҚИҚАТЫМ ЕРТЕҢИМ

Кейге ерте,
Кейге бақыт кеш толған.
Ерте келсе есерленiп,
Басы айналып, мас болған.
Қонбай бақыт,
Толмай арман қор болған
Талай жан жүр
Жағымпаз боп зорланған.
Бақыт қонып,
Арман толып, биiк болған
Талай жан бар
Жақсылыққа болған қорған.
Бiреу ерте,
Бiреу кеш табылады таңдарда,
Бақ көтерiп, тақ көтерiп,
Қоғамға ес болған да.
Түлкi құйрық
Бұлаң қаққан, бұла бұлтаң, бұл өмiр
Қиындыққа қарсы тұрар,
Ағзамызда бар темiр.
Ойы озықтар
Сырласады ертеңмен.
Ертеңiмен тел тербелiп,
Ақиқатты табады ақын Ертеңнен.

2012



АТА СЕРТКЕ ЖЕТЕДІ

Арқа жері- асыл топырақ даласы,
Далада өсті бар Қазақел баласы.
Ұланғайыр жерін сақтап бабалар,
Жорық салды туын жықпай аталар.

Даналыққой данышпандар екені,
Батырлықтың бақыты орда мекені.
Бабалардың мұрагері - балалар
Ата сертке, әділдікке жетеді.

Алыптарым арманына жетпеді,
Шыға алмады белестердің шыңына,
Бабалардың қасірет, дертін ұмытпай,
Игерейік, қол жетпеген бар істі.

Келген сайын Жаңаарқаға айналып,
Қарсы алады сары күзі найқалып.
Астық пісіп, еңбек қайнап, түрленіп,
Жарылқайды алтын күзі жайқалып.

Ит көйлекке сәби кезден жыр тұнған,
Менде биік мәртебеге ұмтылам.
Жерім, елім - бәрің үшін марқайып,
Жүрегіме тілегімнен жыр туған.

Кемімесін өмір – тірлік, береке,
Арта түссін марһаббатар тірлікте.
Қуатымен құдіретті достықтың,
Қуантайық Болашақты бірлікте.

2012

ЕСКІРМЕС ЕЛЕС

Ескінің бәрі ескірген емес,
Жаңаның бәрі бағалы емес
Ескіні ескі бағасыз деме,
Жаңадан артық ескі бір елес.

Ескірсе, мейлі, дүние тозар,
Ескі сөз-нақыл өмірге қосар.
Ескінің тұрқы жаңарту болар,
Жаңашыл өмір бәрінен озар,

ЖОЛЫМДЫ ЖАРЫЛҚА

Сырласып өлеңменен әлі отырмын,
Ұзақ түн, ел ұйқыда, дала тыныш.



Сөз нұрның сәулсі қасиет төгіп,
Сыр жазам ақ қағазға үйіп, төгіп,
Жатайын, тыныштықта ұйықтайын,
Тәтті түннің ұйқысын иықтайын.
Жолымды Жарылқаса Аллаһ - Тәңір,
Төртінші жинағымды жуықтайын.

2012

ЖАРАТУШЫ ЖАРЫЛҚА

Иә, Аллаһ –жаратушы
Жебей гөр бар жақсыны
Жебеп-желе адалды, ақ сезімді
Жарылқа ұстаздық бек төзімді.
Жазы өтті талай, күзі өтті,
Өсті ұлан – жастықтар
Ұстаздар жүзген кемеде
Сезімі сергек өмір бар.

Ұзақ жол бар білімде,
Қайырма қысқа әуезін.
Ғалым мен Ұстаз жолы ұқсас,
Тербелсін Отан төрінде.
Елу жыл ұстаз, ірісің,
Ғалымның сенде бірісің.
Шәкіртін, бүгін ғалым ол,
Өрісің, әрі жемісің.

Айаулы ұстаз - ақ патша
Береді дәріс ақ таңда,
Тандар таңға ұласып,
Білімді болады бар бала.
Мектепті мәңгі сыйлаймын,
Елу жыл дәріс жинадым.
Әдісті өңдеп тәсілмен,
Ардагер ұстазбын көсілген.

Ұшырып талай шәкіртті
Үйреттік талмай пәктікті.
Болғанын көріп адамның,
Қуанып соқты жүрек нық.
Таусылмас тірлік төл тілі
Тербетіп сырын жүректің.
Дүние диірмен мәңгілік
Тіл, ділді айттым ән қылып.

2011



ҚАЛАДЫ ЕЛЕС

Бір салқындық сананы ширатады,
Шымырынан жүрек жан ширығады.
Салиқалы сезімге қанат бітіп,
Алға ұмтылып озады жыр тұлпары.

Белес- белес
Елес - елес
Бұл өмірде
Ештеңе де мәңгі емес.
Ертең - ақ,
Бардың бәрі
Жоғалып, қалады елес.

Шабыт тұлпар қиын болды демейді,
Адал жүрек жақсылыққа меңзейді.
Жүрек талмай қос қанатын қағады,
Бір жәйсыздық жүрегіңе батады.

2011

КЕЙДЕ КӨҢЛІ ЕЛЕГЗІП

Көңілім кейде елегзіп,
Сезімім барады үркек боп
Ойанам, кейде, селк етіп,
Үнсіздікке алаң боп.

Суық тер шыпшып маңдайда
Өнім бе, әлде, түсім бе
Дүрсілдеп жүрек бір сәтке,
Ой жүгірттім шалғайға.

Түнгі тырсыл дыбысты,
Тұрғандай тыңдап бар Әлем.
Осы бір салқын тыныштық
Туғызды ойдан жыр өлең.

Түнгі Әлемге құрдас боп,
Жыр атқа қондым жолдас боп
Түн дыбысы - түнгі әлем
Жүрекке тұнды бір әуен..

Мүлгиді түн. Ел ұйқыда, тыныштық,
Ана шеттен ит үреді дыбыс қып.
Түн тыныштық баттым ойға тұңғиық
Биік үйлер үндемейді телміріп,



Қала деген қызықсыздау даладан,
Не іздедім, күйбеңі көп қаладан.
Елгезек ой дүниені шарлады
Далам артық осы сұлу қаладан.

Ойым да көп, сезімім де елгезек,
Жүйрік көңіл тыншымайды бір мезет.
Түсім ойға, ойым өрге жетелеп,
Түсімде де жолға шығам жоқты іздеп.

Бала кезде ұйқы қатты, түс тәтті,
Қуалаушы ем түсте не бір көп затты.
Қағып - қағып қанатымды самғаушы ем,
Биіктерден биікке ұшып талмаушы ем.

Ұшып жүріп жер жәннәтін көремін,
Самғап биік адамдарға төнемі
Енді қалай қонамын деп қобалжып,
Жүрек зулап, жаңғырды жалпақ Әлемім.

Екі рет ұшып, екі рет қондым уанып,
Оқуға түсіп, екі мәрте қуандым.
Қос дипломды қанжығаға өңгердім.
Еңбек етіп елу жылды еңсердім.

Түс көруде, сірә, текке емес- ау,
Жақсы жорып, тілек тілеу керек - ау.
Тіршіліктің жүрек пен мый жүрісі,
Түсіңменен байланыста бларды - ау.

Түстің тегін жықсылыққа жори біл,
Түсінде де сөйлейді екен бақыт күй.
Жақсы жайда жатсаң жақсы түс көріп,
Түсінде де сайрайды екен қызыл тіл.

2012

СЕН МЕНІҢ ӘНІМСІҢ

Тауларда маһаббат гүл,
Сайларда марһабат гүл,
Жаз келсе жадырайды
Гүл жайнап атырап бұл,

Көп гүлдер,
Көк гүлдер,



Жүректер жанысың,
Махаббат сәнісің
Сәнді гүл,
Әнші гүл,
Сен менің әнімсің.

Шыңдарда бақыт гүлі,
Бақшамда жаһұт гүлі,
Жаз жайнап күлдіреді
Өмірдің жаңа гүлін

Көп гүлдер,
Көк гүлдер,
Жүректер жанысың,
Махаббат сәнісің.
Сәнді гүл,
Әнші гүл,
Сен менің әнімсің.

2006

АСҚАҚТАТАР АУЫЛДАСЫ

Адамды ардақтайтын ауылданмын,
Көктемде нәсерлетер жауындаймын
Көктемде көңіл бұлты ашылады,
Жанымды жадыратып жалындаймын.

Ақынын ардақтайды қарты, жасы,
Ақыннан жаралғандай таудың тасы.
Ақынын айалайды аспанда Аққу,
Ақынын асқақтатар ауылдасы.

Ақынның өзі кетсе сөзі қалар,
Жан сырын жыр толқыны бұрқырытар.
Қос жанар жақсылықтан шуақ шашып,
Сан тарау арман жолын жырмен жалғар.

2010

ЖЫР КҮЙІ, ШІРКІН, МАЗАЛЫ

Сезімім, кейде, секемшіл,
Жүрегім дүрсіл қағады.
Зергер көңіл төзгенмен,
Жыр күйі, шіркін, мазалы.

Сәл сыбдырдан сеземін,
Найзағай тектес жарқылды.



Сезімге серік сәуле боп.
Аспанның бұлтын кеземін.

Жүрек зулап желпінді,
Ебі желдей екпіні
Сусылдап құрақ шөп басы,
Сәлемін елге береді.

Сезімге менде бой бермей,
Алға адымдап келемін,
Уақыт диірмен дертіндей,
Мәреге жетсем, деп едім.

Бар еді біраз арманым,
Алатау жаққа бармадым.
Қолымнан бәрі келер деп,
Жолымды кері салмадым.

Бір сезім жүрді елес боп,
Бір үнді жүрек қалады.
Аққағаз жұтып сианы,
Сөрелер толып барады.

Алда қыруар істер бар,
Жылға жылым жалғассын.
Талай жаз, талай көктем бар,
Арманды ойым жалғасын,

Қалам алсам қолыма,
Тілімнен маржан тамады,
Жүрек түпте не барын,
Кім бойлап, кім табады?!

Қазақша ойлап білмейтін,
Көр кеуде әзді көремін.
Қайран жаным жабығып,
Тілімнен уды себемін

Мәңгіріп кейде отырам,
Мазасыз күйді жамылып,
Шалқытпны шабыт шерімді,
Жан жүйемді қамшылап.

2012

БАЛА ҒАШЫҚ

Тәтті түстей өтті дәурен, өтті күн,
Күлімдеді Көк аспанда алтын Күн..



Жастық өмір барады өтіп басымнан,
Бала ғашық өте шықпа қасымнан.
 Өзіңе айтар тілегім де, назым бар,
 Бала ғашық бал дәуренде сабыр бар.
 Махаббаты мәңгілік сол жас дәурен,
 Бала ғашық жан сырымды қабыл ал.
Бала ғашық тағдырына табынбай,
Асау қиал алдандырды сағымдай.
Сағыныптың сарғайарын кім білген,
Өтер жылдар сағынышым басылмай.

2012

ДАНЫШПАННЫҢ СӨЗІНЕ КІМДЕР ИІП, ЕРМЕГЕН?!

Талай ақын, қаламгер,
Құлашын көкке сермеген.
Данышпанның сөзіне,
Кімдер иіп, ермеген.
 Жаратқан ием, жарқыным,
 Бас иіп өтер әр күнім.
 Өтсе де ғасыр алмасып,
 Басылмас шабыт, қарқыным.
Сайра тіл, жағым жаңылма,
Туған ел сұлу таңында,
Табиғат егіз адаммен,
Тіл тауып кезек бағынса!

САЛҚЫН САМАЛ

Таудың салқын самалы,
Жаныңа жәйләп жағады.
Тау секілді адамдар,
Таудан алады бағаны.
 Таудың салқын самалы,
 Тұла бойға тарайды.
 Таудай талап берсе де,
 Бармақтай бақ бағалы.
Таудың салқын самалы,
Көк Тәңірінің амалы.
Көзін ашты еркіндік,
Көңілден кетпесін ажары.

2012



ӘДЕМІ АСПАН

Жұлдызды көрсем жүрегім жалын,
Қалайша сені сүймейді жаным.
Сенде бір сыр бар әдемі аспан,
Биіктен қарап тұрасың маған.

Ғажапсың неткен
Әдемі аспан.

Жұлдыздар жарық болсыншы түнде,
Жымыңы сұлу, сәнбесін мүлде.
Сылаңдап сұлу жылжиды Ай да,
Іздейсің кімді, барасың қайда?

Жұлдызым жарық
Болсыншы түнде.

Түніңнен аспан күндізің жарық,
Қанатым болса, көрер ем барып.
Дариғай, шіркін, арманым жоқ - ау,
Біліммен алсам сырыңды қанып

Арман жоқ, шіркін,
Көрсем бір барып.

ШАБЫТТАНАМ

Көктегі күннен де,
Жердегі гүлден де,
Жылы сөзді үннен де
шабыттанама

Арайлы таңнан да,
Майда самалдан да,
Жып - жылы жанардан да
шабыттанама.

Достардың ақ пейілі,
Көршінің ақ көңілі,
Жақсылық таратқанда
шабыттанама.

Шаршасам шәй қайнатам,
Өкінсем өлең айтам,
Жадырап сонда көңіл
шабыттанама.



Шындықтың шалқарында,
Пейілдің дарқанында,
Жан - дүнием тербелгенде
шабыттанам.

2012

ҚАЙТА ОРАЛМАС

Ағады өзен, ағады,
Көзіңнің жауын алады,
Жағанда сенің жүруші ем
Қалдырып ізін табанның.
Сарсуым сыңсып ағады,
Мені кім еске алады?
Құмынды сенің жалдаушы ем,
Тоздырып күсін табанның.
Сағынып сені еске алам,
Өзінде туды асқар ән.
Сағынған көңіл- хош өлең,
Өзендей зулап ағады ән.
Өлең - жыр жанды қозғайды,
Өзінсіз мәнім болмайды.
Басқа ауа, басқа өлкелер,
Туған жердей болмайды.
Еш жер, су сендей бола алмас,
Арнасы Сарсу жоғалмас .
Өкініш бал шақ өткені,
Ешқашан қайтып оралмас.

2012

КІМ ҰҒАДЫ

Құмға шыққан гүлдей нәзік,
Фәлсафаны кім ұғады?
Сол адамға берер едім,
Аймастан мың тұлғаны.
Құмға шыққан құм сағыздай,
Жалғасады жылға жылдар.
Құм көшеді, ел қонады,
Таза бұлақ суың балдай.
Сол бұлақтан бастау алған,
Жыр - өнімді ұсынамын.



Қабыл ал да, тыңда жүрек,
Ғибрат, дәстүр ұғынасың.

Жырлай берем өмір таңын,
Гүлге ораймын Отан бағын.
Жүрек сыйын қабыл алып,
Ақын қызды бәрің сағын.

2012

БҰЛ СЕҢІҢ МӘҢГІ ҚАРЫЗЫҢ

Кінәсі жоқ заманның,
Өкпелеймін жаманға.
Ұл-қызды бердің анаға,
Жамандық берме адамға,-
Деп тілеп таңда тұрамын,
Жақсымен сұхбат құрамын.
Жалғанның жақсылық жылуын,
Тауыспа, Аллаһ, сұрарым.
Жақсыға жақсылық парызың,
Дүние жинап алданба?!
Адал бол ана, Отанға,
Бұл сенің мәңгі қарызың.

АТА БЕСІК

Түгіскен мен үлкен, кіші Толағай,
Арап қыры, Көнек тауы атамдай.
Бозкөлдiң биік бетегелі бетіне,
Түрлі түсті масаты кілем жайғандай.
Ата бесік тербеді бізді Далада,
Далаға қарап өседі сұңқар, бала да.
Желге тосып кеуденмен жұпар жұтасың,
Далада туып, далада өскен тамаша.
Ардақтысы ауылдың қариа - қарттары,
Шежіре шертіп, сапырар қымыз далада.
Әшпәк түні жалғасып ақ таңына,
Еседі желі аймалап дала тасын да.
Сарымсақ жұпар Толағайдың басында,
Ашшы да, тәтті, бал дерсің оны, расында
Оңайлықпен бергісі жоқ сармаса,
Ызылдап келіп қонады мұрын, қасына.



Байтағыма байлансын ақыл ажарым,
Ғұмырымның көккұсына жарайын.
Көктемім күліп, жазирам гүлін шашқанда,
Ел аралап, сағынып саған барамын.

2012

СӘУІР СӘУЛЕ ШАШҚАНДА

Сәуір сәуле шашқанда,
Тобылғы гүлін жарғанда,
Гүл теріп , мен де жүріп ем,
Толағай таудың баурында.

Бір жер бар таулы, тамырлы,
Бір жер бар сайлы, қыратты.
Арқаның жері кең байтақ,
Даласы жазық, нулы бақ.

Ақтау, Ортау, Қызылтау, Ұлы таулар,
Жаңарқасы сәні ғой Сарыарқаның.
Аққу ұшып, қаз қонған Сұлукөл бар
Айналайын Арқаның алқабынан.

БИКТЕП МЕН ДЕ БАРАМЫН

Бала кезден түстім ойдың соңына,
Арманымнан ақыл жидым бойыма.
Батқан күннің қызығына малынып,
Жүгірмедім жалғанның ойын-тойына.
Атқан таңға асыла ерте тұрамын,
Денсаулық тілеп, Аллаһдан медет сұрадым.
Өлеңімді оқып, досым шықты алдымнан,
Қуаныштан биіктеп мен де барамын.

ДІНІҢЕ СЕН, БАҒАЛА

Дінді дұрыс бағала, дініңе сен,
Дінге сені бастаған піріңе сен.
Дұға тіле Аллаһдан жәннәт тіле,
Сол адамға о дүние жәннәті тең.

Имансызға иланба күнә басып,
Иманыңмен ләззәт ал Ғибадаттан.
Қанағат, сабыр, тыныштық, тәубаң болса,
Күнәдан пәк, сол жандар шын мұсылман.



БІР ҒАСЫРДАН ӨТТІК-АУ БІР ҒАСЫРҒА

Бір ғасырдан өттік-ау бір ғасырға,
Баба өмірі айналды дастандарға.
Талай ғасыр күрескен қазағымды,
Қалай ауыз барды тәй-тәйлауға.

Іргетасы елімнің қалаулы еді,
Бодан өмір қазақтан қалды тегі,
Күмбір- күмбір күмбездер күмбірінің,
Жаңғырығы желменен тербеледі.

Шындықты айтсақ тазарар көңіл кірі.
Тау - тастағы таңбалар өмір ізі,
Адам жүрек жаралы әлі күнге,
Алма кезек дүние мәңгі тірі.

Тарих жатыр шежіре жазып түйіп,
Есте мәңгі дүние ғұмыр күйік
Жеңісіме қарашы, тарпаң өмір,
Алашым тұр төбесі көкке тиіп.

Қанша жүрек тұншықты ұрыс кектен,
Қазақелі жаралған асыл тектен.
Жас ұрпағым жаниды күш - жігерін,
Әлі ашады Алаштың шыққан тегін.

Саналылық сақтайды сабыр айла
Ілім - білім жарасар тұла бойға.
Ғасырларда жазылды жыр дастаны,
Қанша асылдың майрылды алдаспаны.

Келері сол қолымнан жырмен қайрау,
Ұлым батыр, қыздарым сөзге байлау
Тұғырлы бол, тағлымда ұрпағыңды,
Түлкі өмірге тұсалтпа тұлпарыңды.

Мен сенемін ұрпақтар ұланына,
Айналады жырларым ұранына
Биіктерден биікке желбіретіп,
Көтереді көк туын Алаш Орда.

2012

ҒЫЛЫМНЫҢ ШАМЫН ЖАҒАЙЫҚ

Иә, Аллаһ жаратушы,
Жебе барлық ұстазды.



Жебе ұстаз ақ сезімін,
Жарылқа ұстаз төзімін.

Жаз өтті, талай қыс өтті,
Жетіпті талай жастықтар.
Ұстаздар жүзген кемеде,
Ғылым бар, мәңгі өмір бар.

Ұзақ жол бар ілімде,
Қайырма қысқа, әуенін.
Ғалымға ұстаз ұқсассың
Отанның тұр төрінде.

Елу жыл сабақ беріпсің,
Жасыңа жас қосылып.
Айаулы болды балбөбек
Өрісің, әрі жемісің.

Ақылды ұстаз - ақ патша
Береді дәріс ақ таңда.
Ілімнің мол жолында
Білімді болар бәр бала.

Мектепті мәңгі сыйлады,
Елу жыл дәріс сыйлады.
Әдісті өңдеп тәсілмен,
Мұғалім - ұстаз көсілген.

Ұшырып талай шәкіртті,
Үйретті шындық, пәктікті.
Шәкірттің көріп талабын,
Қуанып соқты жүрегі.

Ұлы бол жастар, ойлы бол.
Ұлылар ортақ заманға.
Ұстазды сыйла заманым,
Білімдер керек адамға.

Дүние көңілі қартаймас,
Ашылса көзі білімнің.
Қайталанбас қарттық бар,
Қол үзбе жастар білім ал.

Үлкен жүрекпен ұғайық,
Өсиетін ұлы Абайдың.
Бір кірпіш болып қаланып,
Ғылымның шамын жағайық.

2011



ӘЙЕЛ АНА

Шуақты көктем - әже, ана, асыл жар.
Отбасының сәні, сыры сұлу жар.
Мына Әлем әйелдермен әдемі,
Тербетеді ақ бесігін адал жар.

Әйел - ана ізгіліктің шуағы,
Шаттық шәшіп, өмір сыйлап тұрады.
Көктем нұры Көк Тәңірден тараған,
Әйел - ана мейірімнен жаралған.

Ана жайлы асыл жырлар тербелген
Көктем келіп, сезімді сыр кернеген.
Табиғат пен ана жаны түрленіп,
Күлімдеген көктем келді гүлденген.

2012

АРАСЫ...

Сұлулық пен махаббаттың арасы
Сезесің бе, қас қағым сәт қарасы.
Дүниеде ұмытылмас сол бір сәт
Тіл байланар, таусылғандай шарасы.
Сұлулық пен махаббаттың арасы,
Ашылғандай сезімнің бір санасы,
Айта алсаң, басқаша сен айта ғой,
Болмас оған еш адамың таласы.

2004

АНА ТІЛІ

Биік мақсат, ұлы арман,
Оздырар ой сөзімді.
Ұлтыма деген ұғымды,
Жойа алмас ешкім сезімді.
Тіл үйрену тілхаттан,
Таптырмас мектеп елара
Үзілер жіптей созылар
Түсінбеске өліара.

Алтын толы сандықтан
Туған тілім мың артық.
Оқып, жазып, құмартып
Ғибратынан үлгі алдық



Алтын дінгек, алтын кілт,
Ана тілім - айбарым.
Ана төсін аймалап,
Ақбесікте тербелдім.

Қазақ үшін қазақ тілі
Ақиқат, таза сипатты.
Қисын, сыны, құдірет күші -
Әлем, Ислам, Мағрипаты.

Төлтума қазақ сөздері - ай,
Дау тоқтатқан кездері - ай,
Суырыпсал шешен сөзінен,
Данышпан, патша безгені - ай.

Руһы таза, ойы анық,
Көркем тіл қазақ сөздері.
Тыңғылықты, ойы өктем,
Тариһы тағлым дәрісті.

Көнеден келген көп тіркес,
Мәтел боп елге жайылған,
Өлеңші сөзін бумалап,
Үлгі сөзбен қайырған.

Ертедегі Қазақел,
Көршілес тілді көп білген:
Араб, парсы,
Қытай, һасаки
Аралас жазба нұсқамен.

Шатаққа қазақ көнбеген,
Ғұлама қазақ көреген.
Ауызекі түпнұсқа
Сөз нәрін тілмен безеген.

2012

ӨМІРГЕ ТӨЗ

(Бір құрбыға)

Шыншыл жан айтпай қалмас бір іңкәрін,
Өсекші өлеңім – ау, жеткіз бәрін.
Жүректің оты азайып, жан суыды,
Суық сөз төкпей қоймас улы зәрін.

Болса да заман сұлу, өмір әсем,
Кей сәтте қызықсыз – ау, дүние,- десем,



Жүректің жалын кезі өтті ме екен,
Жастығың, өкпе назың кетті ме екен?
Білмеймін, біле алмадым ғашық зарын,
Көп болды мені сүйген ғашықтарым.
Жөнсізге сеніп, сенбей бағаладым,
Сынға алып, сөзін тұсап, бағамдадым.
Ғашықтық дастандарын көп оқыдым,
Сенсем де, еенбееем де ой толқыды.
Дегенмен өзен - өмір байансызы,
Жүрекке бір түйткіл сезім салды.
Өмір сөзі болған соң өмір бар ғой,
Қосылу - махаббаттың байаны ғой.
Ғашықтық махаббатпен ол - екі сөз,
Сүйсең де, сүймесең де өмірге төз.

2012

СЫН - АҚ

Мәз болады жастарың,
Орысша сөйлеп, шатқанға.
Ол сөздің білмей мәнерін:
Чо, чо,- дейді, к черту-лап.
Орыс та емес, көп қазақ,
Қазақ та болмай барады.
Жалбыр шәпті кекілді,
Ведьмаға ұқсас сарасы.
Тырнақтары сойаудай,
Қастары жоқ, жауырдай.
Секс, ақша, кафе,- деп,
Қыдырады өткелеп.
Қыздарда қылық қалмады,
Әжесін сүйіп бармады.
Кіндік ашық, құйрық бас,
Қырық асты, әлі жас.
Омырауы алқылдап,
Емшегі тұр салпылдап.
Ерні құрдың артындай,
Кім алад бұл қалпында-ай.
Білімді болсаң білер ең,
Ондайларға күлер ең.

Арсызданған ажарды,
Айнаңнан көріп жүдер ең.

Жігіттермен жатады,
Қымбаты жоқ, қаралы,
Бар мақсаты той болып,
Жігіттің басын шатады.

Сүйемін сені «котик» деп,
Мысыққа, итке таңады
Аңқау жігіт алданып,
Кредитке батады.

Тойдан тойды жасайды,
Алтындап ене, апасын
Жауын суындай шашады.
Ата-ана ақшасын.

Қарыз, кредит алады,
Жігіттің мойнына салады.
Көше кезген көк сидақ,
Үйіне кетіп қалады.

Қит,- десе қашып кетеді,
Жүгіріп сотқа жетеді,
Үйренгені үйдегі,
Үлгі - өнеге қыздағы.

Екі айақты, адам бас,
Үй болуды ойламас
Үй шарасы қиын,- деп,
Жесірлер жүр құйын боп.

Баласы жоғы батпандай,
Құр атқа мініп шапқандай.
Баласы бардан бас сауға,
Білмейді... қайдан? ...байқамай.

Қала толы қыз - қатын,
Апалы - сіңлілі бос қатын.
Бір бөлмеде жүр паналап,
Ақшалыларды жағалап.

Үйаты жоқ, ары жоқ
Қыз атын өтірік жамылған.
Талайлардан айрылған,
Қара шәпші жайылған.

Күйеуге бір шыққаны
Айғақсыз атын жасырмақ.



Одан да кейін неше еркек,
Сүйгені болып табылмақ.

Осындай қыз - қатындар

Үйлерінен қашық жүр.

Білмегенсіп шешесі

Құдағи болып барып жүр.

Шешенің тілін алмайды

Аулына да бармайды.

Аулындағы ағайын

Тұрмыста деп, ойлайды.

Есіне түсіп ойнасы,

Бүлік ашу айласы,

Ауызданған кәсібін,

Өлгенше бәдік қоймасы

Жігіттер де ақымақ,

Ақымақты әр қыз басынбақ

Қыз емесін білген соң,

Неге сонша бас ұрад.

Қазақта адал мақал бар:

«Есік көргенді алма,

Бесік көргенді ал»,

Болады сол адал жар.

Ал, жігіттер, жарағым,

Дұрыстыққа қарағын.

Дүзқараның барма қойнына,

Жүзің солады, қарағым.

Жүзі қара, бейшара,

Сынға көнбесе не шара,

Дүзелер қыздар түрі жоқ,

Жетімдер көп, кім пана?!

Өкпелеме қыздар,

Жүректерің сыздар

Мен айтпасам, кім айтар?

Айта алмас ер ақындар.

ҒАСЫР ҚАРЫМЫ

Дүние, тамақ қымбаттап,

Сөз арзан боп болды.

Көрмейтінді көргіштер...

Керетінді көрмейтін адам толды.



Мәрмәр мінез таусылып,
Мүйіздесер мәнгүртгер.
Ескерткішті тоздырып,
Қу тақтайды төрге ілер.

Болмашыдай болғанына бөсиді,
Өзіне өзі ғашықтайын жосиды.
Орынсыз сөз сын болмас,
Жан жарасы құр қалмас.

Нанын тауып жейтіндер бар,
Нанын қауып жейтіндер бар.
Мақтанға масайып марқа тартып
Өтірікке еліктеп жантайған бар

Жақысының аты озады.
Жаман ат шабан болады.
Ғасырдан ғасыр озғанда,
Жақсы сөз ақыл боп қалады.

ЕЛІК ТАҒДЫР

Елік тағдыр жүргенмен сырт айналып,
Жүргендейміз сырт козге асып - тасып.
Дала келді қалаға көшіп, ауып,
«Аквариумда» қалқиды балық болып.

Төрт қабырға төрт есік - квартира,
Бақшасы жоқ, бағы жоқ көзге қанық.
Бірі қазақ, бес орыс көршілер бар,
Даласы жоқ, ауласы қазаққа тар.

Заман сырын салмағын сезінемін,
Уайымнан қамығып езілемін.
Қилы ойдан дымданып қарашығым,
Ұйқыда да ой мүжіп, аласұрдым.

2010

БҮГІН ДАЛА КӨҢІЛСІЗ

Бүгін дала мұнартып тұр, көңілсіз,
Содан ба, әлде, құлазымын төзгісіз.
Кейде өмірге қапаланам, қайғырып,
Болам, кейде, бұл өмірді көргісіз.

Мүмкін мені сүйетіндер бар шығар,
Жүрген жері онындағы тар шығар.
Жақсылықты өз жүрегім сүйген де,
Мені сүйген үлкен жүрек бар шығар.



Тосып жүрем, тоса берем мәңгілік,
Өлеңіме қосам сені ән қылып
Мейлі ақын, мейлі батыр болсаң да
Бір келерсің өмірімді таң қылып.

Өмір қызық, өмір сүру тамаша,
Жақсылығын теріп, түйіп қарасаң.
Бірде жылап, бірде күліп жүреміз,
Өмір терең, жүзуге жүрек жараса.

Қысқа ақылдың ұзын тілі қақсайды,
Өмір - өзен тосқауылды тоспайды.
Тілден тауып бақытсыздық, бейшара,
Шыдамайды жүрек содан тоқтайды.

Өмір - боран, өмір - дауыл кезбесің.
Білесің ғой жалғыз жүрек төзбесін.
Екі жүрек қосылып, шаңырақ құрады,
Қос жүрекпен қиынға қарсы тұрады.

Бұл өмірдің салтын біліп сабырын,
Дұрыс сөзбен қасымнан кім табылдың.
Қажысам да қиналамын өзімше,
Жеңілдетіп жүректі, шағынамын өлеңге.

Сырласым да, досым сенсің өлеңім,
Сені сыйлап, құрметтеп өтемін.
Атымды айтып, ғибратымды тыңда деп,
Өлеңімді көкке жазып кетермін. 2012

КҮТЕМІН

Кешім де, таңым да өтеді,
Жазамын өлең көшелі.
Еркімнен ессіз күтемін,
Тамаша бір күн кемелін.

Қапалы көңіл көп сөзден,
Орынсыз керістен, көк сөзден.
Дәл қазір кіріп СЕН келсең,
Көңілдің көзін ашар ма ең.

Жылауға, достым, болмайды
Көзде ақау, кемшілдік.
Ойды түзеп қорғайды
Бойдағы қасиет- емшілік.



ЖАС ОТАН

Жас па, әлде, кәрі ме?! Отан біреу.

Жасыңа да, қартыңа Отан медеу.

Жастар үшін «Жас Отан» жайнай түссін,

Тәуелсіздік тұғыры – қуат, күшің.

Жастар Отан қанаты -қалық күші

Мәдениетті, білімді, дәстүрлі ісі.

Насиһаттап Алаштың ерен ісін

Ерліктерін Алаштың паш етер мың

Болашақтың жастары – бақыт жолы

Қанға сіңген қабілет, қасиеті.

Көзқарасы сапалы, сөзі уытты

Жастар қазақ жүрегі- бірі Алаштың

Жарық жұлдыз жанары, гүлі Алаштың.

Алты Алашты Әруаһ жебеп желе,

Жас қанатын қатайтып «Жас Отанның».

Санамыздан адал ақыл, сен кетпе.

Сөзі шипа, саналы, іңкәр ақын.

«Жас Отан» бола берсін үмбетке үлгі

«Жас Отаным»- Отандас ақылды қос

Сын сағатта пақырға болма күлкі,

Бірігіп, біліммен жас тізе қос.

Еңбегің жансын, жақсы жас дос

Ойнап-күл, бірақ жүрме бос.

Ақыл қос, өмірден бақыт тос.

2012

ҚҰР ЕЛЕС

Сырттай сүйю

Сезімдерді сүзбелеу.

Саумал сезім-

Сырттай сүйю

Сусын басар себелеп,

Сең соққандай,

Сүлдеріне симайсың

Сырттай сүйю,

Секілді бір құр елес.

Сырттай сүйю

Себебіне сезім сеп.



Сүйгендіктен
«Сұлу, сұлу», дегізбек.

Сезіміңді сыйла,
Сәулем, сүрмелеп,
Сұлулыққа табыну,
Сағынышты бір елес.

2004

АЛАШЫМНЫҢ ДАЛАСЫ

Сыйлайықшы ақ мекенді- жер шарын
Ақбозы мен Көжбоз атын Аспанның
Ақ бесікте әлдиледім бауырымды,
Алтыннан да қымбат әсем ауылым.

Сарыарқа Алашымның даласы,
Қойнауында асыр салған баласы.
Алтын ғасыр қосты басын ұлыстың,
Даналық пен Балалықтың арасын.

Дана болып қартайуды ойладым,
Ұстаз ақын - қызығына бойладым.
Алаң да, алаң, алаңдай жүріп артыма,
От жігерді Болашаққа сайладым

2004

ҚУАНЫШТАН ЖАЙНАСЫН ЖҮЗІҢ ЖАРҚЫН

Қуан қазақ азаттық алғаныңа,
Далам жетгі аңсаған арманына.
Нұрын шашып аспаннан күнім күлді,
Сахараның керіліп толғанына.

Көз жіберсем алысқа өткен күнге,
Неше зұлмат қайғыны қазақ көрген.
Көз қуансын қарапшы байтағыма
Өзі игерді даланың кен байлығын.

Ел көркіне қарасын басқа ел жұрт,
Жер көркейткен елменен ерді көркейт.
Жаңғырта түс дәстүрді, салт-сананы.
Қуаныштан жайнасын жүздер жарқын.

Қуан жұрт, қуан қазақ, қуанамыз,
Туған ел қуанышта, шаттанамыз.
Аспандап намыс туы желбіресін,
Рухты, дербес, дара, азат жанбыз.

2012

АҚ КЕПТЕР ҰСТАТПАЙ ҰШТЫ - АУ

Кеудемде менің көп ойлар.

Жүрегімнің тереңіне

Кім бойлар?

Ақ кептерім

Ұстатпай ұшып,

Кеудемнен

Соны қуып,

Әлі жүріп келем мен.

Ақ кептерім

Ақ шағылға айналды

Теңізді сүйіп,

Ақ толқынға байланды

Ақ кептерім,

Ақ шағылым, сағыныш

Теңіз толқын

Жүрегіме бағыншы.

2005

ТЫҢДАШЫ ТІЛ ҚАТАЙЫН

Тыңдашы, сәтке. Тіл қатам, құрбы, мен саған.

Болады кез – кез біреуді аңсап, шаршаған.

Жыламай, күлмей

Жүресің кейде жабығып,

Не табасың,

Бұлқынса көңіл қамығып?

Күндерде бір күн көмілер жүрек қараңға,

Адымда алға. Келешекке алаңда.

Өмір көші жылжиды

Қатал, заңымен,

Ойла, ойна,

Жүрегіннің сәнімен

Жалғыз жүрек гүл болмайды өмірге,

Жасыма жүрек өкпелеп жерге көмілме.

Еркелеткен

Кездерін ойла сағынып,

Күл де, ойна

Жүрек жанға бағынып.

2005



ҚЫЗ– КӨКТЕМ

Келді Наурыз – қыз- көктем,
Керілді кербез жел өктем.
Ақ боран арты жаңбыр боп,
Ширатты жерді көктем кеп.
Көрпесін сөгіп ақ қыстың,
Женгенің жаулығын жұлқыды.
Айаз қарт шешіп шапанын,
Алысқа асыға бұлқынды.
Жылғалар жылжып ағады,
Табиғат бір - бірін бағады.
Әзілдесіп Наурыздың жұпар желі,
Жадырап жүрегі жазбен сырласады.

КЕЗДЕСУЛЕР

Өмір сәті
Кездесулерден тұрады.
Кездесулер достықтың басын құрады.
Бөлек жүрсең
Ата - анаңмен кездесу
Сағынышты,
Ғанибет бұл жүздесу.
Көре алмай көп жыл
Дос- құрдас жүрді шалғайда.
От жаққан ошақ басында,
Кездесу болса, тым басқа.
Ағайын, туған,
Жерлестер қалды ауылда.
Ойымда біраз қауым да.
Сәтті күн туып,
Кездесіп ойын - тойларда.
Балапан, балғын
Жас өскін түсер ойыңа,
Сағына жүріп,
40, 50 жылдар өткенде,
Шақырады кездесу тойына.
Кездесу кеште.
Түлектермен қауыштық.

Күлкілер гүлдеп,
Таңырқап кешті тауыстық.
Кездесу кештен
Ұмытпастай
Қалсын есте қуаныш.

Арайлап атар
Арманым бар ойымда
Оқырмандармен кездесу,
Үміт оты жайында.
Құшаққа басып,
Қуантса лебіз үндері,
Ол үлкен қуаныш ақынға.

Сынына төзіп,
Салиқа сөздерді есітіп,
Мәдениет пен
Әдебиетпен тілдесіп,
Осы шақпен,
Болашақпен жүздесу
Бақыт қой мұндай кездесу.

2011

МЕЗЕТТІК БАҚЫТ

Бір мезгіл тұнып уақыт,
Мен үшін тоқтап тұрғандай.
Тек, бір мезет күй кештім,
Бақытқа бөлеп туған Ай.

Көңіл сенбей күрсініп,
Кезеңде тұрып ой кешіп,
Селт етті сезім сол сәтте,
Қуаныш күйін еңсеріп.

Бір сәтке бәрін ұмытып,
Бір қуат берді мезет күш.
Сөл кезең өтті жұбатып,
Мезет күш кетті қуантып.

Ізі қалды көңілде
Қуаныштан сол кезгі
Мезеттік бақыт кезеңнің
Тұнығы тәтті кез еді.



Ақ жаңбырдай бұрқақтың,
Ношы қалды көңілде.
Мезеттік бақыт кезі еді,
Уақыт неткен тез еді.

2004

МЕН МҮСІНМІН

Мен мүсінмін, мәнмін, үлгімін,
Табиғатпын, нәзік гүлмін,
Өзгереді табиғат, мен ержетем,
Өр табиғат төсінде шалқып өсем.

Мен Әлеммін, мәңгілікпін, сәндімін,
Айтам әлі айтылмаған әнді тың.
Парасат пен сұлулыққа жыр арнап,
Махаббатты жастанамын ән қылып.

Мен әнімін, тарих және таңмын
Жаратылыс құбылысына тәнмін.
Балама ана, немереме әже боп,
Салт-санаға көз болуға бармын.

Мен Күнмін, түнде Жұлдыз, Аймын,
Таң Нұрымен сырласуға саймын,
Туын тігем ақиқаттың Әлемге,
Жүрегімнің шындығымен баймын.

ДҮНИЕ ӨТЕДІ ҚАС, ҚАҒЫМ, БІР СӘТТЕ

Уақыт зымырап, дөңгелеп,
Бүгіні ертеңмен жалғасып барады
Керуен түзіген уақыт жүгіндей,
Бір ғұмыр дүние жаутаңдап қарады.

Адамдар алаңдап, аптығып,
Үнемі жүгіріп, асығып барады.
Бүгіндер ертеңмен қолдасып,
Бұл дүние үмітте болады.

Өзен, көл, теңіздер көктемде толады
Аққулар айдыңға қос-қостан қонады.
Еңлік пен Кебектер, Төлеген - Жібектер,
Сәнімен өмірдің тұғырда болады.

Мен сүйген дүние болсыншы періште,
Қос жүрек жырлайды күлкісі келіссе.



Айдынның аққуын, ананың әлдиін айала,
Дүние өтеді, қас қағым, бір сәтте.
Маһаббат гүлдері жайқалсын,
Артыңа бұрылма, алға тарт уақыт,
Құстары сайраған һас көктем,
Тұрады жанымды елітіп, жайлантип.

МЕНИ ЕСІҢЕ АЛАСЫҢ БА

(дос Жан-ға)

Көріп күнді нұр жамылған,
Көктем гүлін жаңа ашылған.
Жүрсен еңбек құшағында,
Мені есіңе аласың ба?

Армандасаң алысты да,
Зулап жетсең Марсқа да
Ән шырқасаң той-думанда,
Мені есіңе аласың ба?

Соқса самал тұнық кеште,
Достығымыз еске түссе,
Шаттық симай құшағыңа,
Мені есіңе аласың ба?

1964

АДАМЗАТ ҮШІН ҮЛКЕН ҮЙ

Түні бойы жымыңдап, күлген Жұлдыз
Уақыттың жеткенін пайымдайды.
Көзін қысып, жыраққа барады,әне,
Күннің шығар мерзімін айқындайды.

Қараңғы мен жарықты жалғастырған,
Маһаббат пен Бақытты қолдастырған
Ай батса да батпаған Жарықжұлдыз
Айдар тағып ақынның жолын ашқан.

Маңғаз аспан маң әлем айасында,
Жер шоқтығы биікпен таласуда.
Сенің арқаң жер тіреп биіктеуім
Қаз тұрғыздың ақынды баурында

Тәкаббарлықпен қарадым паң өмірге
Есіме алдым өткенін зар дүние.
Аспанын жерден айырма кең дүние
Дүниені теңестір үлкен білімге.



Шаңырақ - аспан, кереге - көгім жарасқан
Түрленген дала, көк туым тұр тым асқақ
Уыққа қадап тігемін Отан байрағын,
Осыны, қалқым, байқа, бақыт - бақ
Аспан мен Жердің арасы байтақ,
Елтұрақ тулы, ұлтты бар Қайсақ
Осыны , балам, жадқа түй,
Адамзат үшін ұлағатты үлкен үй.

ҰҚСАСТЫҚ

Отырмын ашып беттерін
Парақтан парақ аударып,
Абай мен Пушкин томдарын.
Біреуіінде «Қысқы кеш»,
«Зимний вечер» бірінде.
Ойға шомдым іңірде.
Бүгін де сондай ақ боран,
Долдана соғып, шулайды,
Жарысып жүрегім тулайды.
Енді бірде сыңсиды,
Аймалап, сүйіп қайынды,
Терек тұр маңғаз сабырлы.
Терезе тырс-тырс қағылды,
Ақшақар мен Айзақарт
Шақырады далаға.
Ұйтқып, ұлып, ақ долы
Терезені өрнектеп,
Ойу-өрнек салады,
Отырмын ойды өрнектеп,
Ұқсамақ болып ақынға
Ұқсасын, мен де, расында!

2003

КӨҢІЛ КӨЗІ

Жанарың бұлақ судың мөлдіріндей,
Сылқылдап күліп өзен ағады өрлей.
Аршасы, шыршалары бұраң қағып,
Келбетің қоймас, сірә, ғашық етпей.



Тау тасың зер саларлық саналыға,
Сикырлы тас мүсіндер ерек дара,
Өрнегі өткен күннен тіл қатқандай,
Сол үннен жүрегіме жыр толғандай.

Сол таудың етегінде сайа бағы,
*(Балдырған балаларды айалайсың
Заманның нәзік жанды ерке қызы
Светлана Тұрсынбекова, еңбегің бағалансын)*
Саф ауа жанды тербеп айалады.
Самалың ақ бетімді сыйпап, сүйіп,
Табиғат талабымды аймалады.

Міне, тұр Қарқаралы тау сілемі,
Ән салып шыршалары, қайың биші
Секіріп қызыл тиын талдан талға,
Қоңыр қойан секіріп кетті жарға.

Табиғат неткен ғажап, тіл жетпейді,
Көз тоймай, жүрек жаным еліктейді
Поддубник, опята, маслята - грибы теріп,
Сұлу әнге еріксіз бердім ерік. *Қарқаралы, 2011*

ТАУ – ТӘҢІР

Тау самалы таңғы ұйқыны ашады,
Тауға шықсаң жалқаулықтар қашады.
Тау басынан айналаңа қарасаң,
Кең жазира ән салғандай, қарашы.
Тау төбесі Аспанға бой созады,
Тауға шықсаң ой-арманың озады.
Тау самалы сауықтырып жаныңды
Таудай талап көңіліңе қонады.

Тау басынан тау бұлағы тасыған,
Ғазел суын бір жұтуға асығам.
Тау жуасын тауып алып тамырдан,
Бірін иіскеп, бірін шайнап жұтынам.

Тау қиадан Арһар қарап таң қалды,
Тау Арһардың көркін көріп тамсандым.



Тау тағысы көзден ғайып болғанмен,
Тау жаңғыртып, қуаныштан ән салдым.
Тауда ән салсаң көкірегің керілер,
Тау тауысқан мергендер мен серілер.
Тау тасында оркиіктей секірсең,
Тау қызықты тауда шаршап, деміксең.
Тау бұлағы балмұздағы анамның,
Тауқымыздық қыпқыл сүті даламның.
Таусарымсақ иісінен сеңгіріп,
Тал шыбығын ат қып мінген балаңмын.
Тау киесін ата-бабам білгентін,
Тауға түнеп жазираны кезгентін
Таудан түсіп, желі тартып жайлауда,
Тау бөктерде бәйгі, жарыс бергентін.
Тау көбелек арша талға қондың да,
Тау самалдың ебіне әбден қандың ба?
Тау желімен жарыса кеп жүгірдім,
Ұшып кеттің, саған мазақ болдым ба.
Тауға шығам атар Таңның алдында,
Тау қалады батар Күні артында
Таудай тілек тілеп тәует етемін
Тау Тәңірі мен балаңмын, жатсынба!

2013

ФӘЛСӘФАЛЫҚ ОЙ

(толғау)

Бұл өмірді қоғам, -деп те атайды
Қоғамды адам жасайды,
Сондықтан ол құбылыс.
Қоғамда өмір сүретін
Адамдар оның жүрегі,
Сондықтан өмір сүреді.
Парасатты дүниеде
Арлы болса жүректер



Саналы қоғам орнайды.
Санасыз болса тілектер
Мәдениет сөзі жұтайды.
Қоғамның аты - Мемлекет
Қоғамның жүгін реттер
Қаны қайнап қанада
Лүфіп соғар жүректер.
Қоғамдық құрлыс - Мемлекет
Сайасаттан кенде емес,
Мәдени қоғам құрлысы
Рухани істер емлесі,
Қоғамнан бөлек сана жоқ,
Рух негізі де Мемлекет.
Шын мәлімет қозғасақ:
Қоғам, сайасат, мемлекет-
Басты-басты құрылым,
Осылар ерек тұжырым.
Осындай қоғам көшесін
Адам еркі құрады.
Еркіндіктегі адамдар:
Зұлымдық пен Ізгіліктен тұрады.
Бұл екеуі тіркесіп,
Тарихты бірге бағады,
Адамның жалғас өмірі
Мәңгі қызмет қылады.
Тағы айналып бұл қызмет,
Бостандыққа соғады,
Бостандықтан бастау ап,
Ізгілікті тосады.
Іске асқан құбылыс
Мәдениетке жатады.
Мәдениетсіз еркіндік
Жанына адам батады.



Ерік, түйсік - егіздер
Нәпсіге де соғады,
Нәпсіні адам тыйа алмай,
Менгере де алмай сасады.
Сондықтан оны тойтарып,
Азаттық күші басады.
Бірінші еркі адамның-
Табиғатқа бағынған;
Екінші еркі шектеусіз-
Зұлымдық пен Ізгілік.
Білектесер кез келсе
Жаратқанның күшіне
Сенбесіңе бола ма.
Оның күші өлшеусіз
Кейде озып,кейде тосып,
Ықыласпен төзеді.
Еркіндіктің өлшемі-
Адалдық пен Парасат,
Оны әркім біледі...
Зұлымдықты жойа отырып,
Ізгілікке жетеді,
Міне, осы мәдениет
Нағыз өлшем өзегі.
Сол арқылы қалыптасқан
Көзқараста шындық бар.
О, дүние ғаламат,
Еркін қоғам, парасат,
Тек, шындыққа сыйыншы
Қазақ- орда -қалықты
Қоғам етші Бақытты!

2004

БАҚЫТҚА БАРАР ЖОЛ

*Сіз, әрине, таныстарыңызбен
достарыңызға көмектескіңіз келеді*

Жолдың түрлері мол..

Қара жол,ысылған жол, ғасырдан ғасырға өткен сараптал жол,тас жол, сүрлеу, асу бермес асқар жолдары, тіпті көрші үйге апаратын да жол болады. Ал ғашығыңа, арманыңа, бақытыңа апаратын жолдар да бар, Иә, теңіз, су, аспан жолдарын айтпай-ақ қойалық. Бұл жолдарды сіздер білесіздер,біразынан өттіңіздер де. Ал ол жолдарды көрмегендер де, одан өтпегендер қаншама. Сондықтан сізбен біздің білгенімізді, көргенімізді басқалар да оқып, көңіліндегі көлеңкені қуып, жүректеріне жылылық ұйалатар ой кешсін деген ойдамыз.

- сол туғандарға, достарға, жалпы адамзат баласына көмек корсетейік;
- солардың ішінен өз өмірімізде көмек болып жүрер дос табайық;
- осы әңгіменің жоғарғы тұсына, не жүрекке оның атын жазып қойайық;
- оның астынан өз атыңды жаз, әрі атыңа мән беріп қара; жақыныңа бір жақсылық (жақсы кітап болса да) сыйлап көрші;
- осы ойларды кітапша етіп, таратып көріңіз, не әңгімелеп беріңіз;
- одан оқығаны, естігені жайлы сұрап көріңіз. Не түсінген екен?

Сөздің де неше түрлі мағынасы сияқты, естудің де, оқудың да түсініктері көп екенін көресіз. Әркім өзінше айтады,тек ойы ұқсас болса екен.

*Бақытқа барар жол оған да, сізге де
қауіпсіз болсын деп жазып отырмыз.*

Бақыт

Сіздің өмір сүруіңіз мен үшін өте қажет

Шын, келеңсіз өтірігі мен алдауы, саудасымен дау-дамайы көп өмірде, бұл екеуіне қол жеткізу оңай бола қоймас. Адамдардың көбі өмірден рақат тауып, ауырлықтан аулақ жүргісі келеді, иаки сен тимесең мен тимейін-ғой. Сіздің жеңіске жетуіңізге адамдар, орта, қоғам, дос-жарандар кедергісі болады. Олардың сүреңсіз қылықта-



рынан шаңырақ шайқалып, өмірдің опасыздығы болып, кей жағыдай-да денсаулық та бұзылуы әбден мүмкін. Сіздің басыңыздан бұл әңгімелер өткен. Рас білу бар, немесе біліп жазу бар. Осыны оқып отырып сіздің ойыңызға талай әңгіме, мысал оралады. Жексұрын қылықтар адамның мүмкіндігін кемітіп, бақытын жеткіліксіз етеді.

Ал шындығында, сіз басқа адамға керексіз. Олар сізді тыңдайды. Біреуге көмегіңіз, біреуге ақылыңыз керек-ақ. Жақындарыңыздың бақытсыздығына, кемшілігіне жүрекпен қарайсыз, қынжыласыз, көмекке де барасыз. Осы ойларыңыздан кейін сіз де көмекке барасыз. Біреу біреудің қалтасына бақыт салып бере алмаса да, дегенмен олардың бақытты болуына мүмкіндік бар екеніне ой саласыз. Олардың көңіл күй пердесі ашылып бақыт жолына айақ басады. Сол жақсылық түсіністіктен сізге де үлкен бақыт жолы ашылуы мүмкін, ашылады да.

Бақыттың қауіпсіз тура жолын ашу сіздің қолыңызда.

Өзіңізге ұқыпты болыңыз

Ауырып қалсаңыз өзіңізге қажетті жағыдай жасап, күтіңіз.

Көп адамдар түрлі аурумен ауырса да, өзін басқадан бөлектемейді, емделмейді. Мұның соңы дұрыс болмайды, Ауру асқынады. Сіз көмек жасайсыз. Оның емделіп күтіну керектігін қатты ескертесіз. Бұл да көмек.

Деніңізді тазалықта ұстаныңыз.

Қолды жуып, таза ұстамаса, ауру әкеліп және оны басқаға да таратуы ықтимал. Ол өте қауіпті. Сіз одан өтініңіз ол жиі жуынып, әсіресе жұмыс түрлеріне байланысты, күнделікті тазалықты үнемі естен шығармауын ескертіп отырыңыз.

Тіс тазалығы үнемі бақылауда болсын.

Әр тамақ соңынан тісті жуып отырса, тіс жарақаттанбайды. Осыған үйреніп, кішкене күннен қалыптасу керек екен. Сонда ауыздан нашар иіс те шықпайды. Бұл біреу үшін емес өзің үшін қажет. Үйреніп алғаның жөн.

Дұрыс тамақтану да шарт.

Нашар тамақтанатын адамдардың өзіне де, өзгеге де көмегі жоқ. Олардың күш-қуаты әлсіз, қабілеті төмен болады. Кейде олар маза-



сызданып, тырысып жүреді, ауруы да мүмкін. Жақсы тамақтану үшін ерекше ас мәзірі (меню) керек емес, тек мезгілінде, дұрыс ауһаттану және ауһаттың ас болатын түрлерін қолдану керек.

Демалу.

Рас, жұмыс үшін өміріңді өткізуің мүмкін. Бірақ қажетті мезгілде, уақытыңда дем алып, күтініп отырмасаң туғандарыңа масыл боласың. Шаршаған адам көп нәрсені дұрыс ұқпайды, ұқыпсыздау болады, қателіктер жіберуі ықтимал. Өзі атқаратын жұмысты біреуге сілтей салуы мүмкін. Сондықтан жүйке жүйесіне зақым келмес үшін жыл, ай, күн мезгілдерінде белгілі кезектікпен дем алуға үйретіңіз және үйреніңіз.

Сіздің денсаулығыңыз өзіңізге көп байланысты екенін ұмытпаңыз.

Қалыпты болыңыз

Анашаны еш уақытта да пайдаланбаңыз.

Оны пайдаланатын адамдар өзін қоршаған ортаның қандай екенін айырып білмейді. Шынында олар сіздер сияқты «бұл жерде емес» жолда болсын, үйде, әлде басқа жерде олармен ұшырасу қауіп тудырады. Олар қателік оймен «өзін артық санайды», не «күштімін деп ойлайды», немесе осы сәтте «өзін сонша бақытты» сезінеді. Осындай ойлардан көңіл-күйі адасады. Ондай адамға бұл дәрменсіздік екенін, қош айтысу керек екенін ұғынуына көмектесіңіз.

Ішімдікпен әуестенбеңіз.

Ішкіш адамдар мәнсіз, «құлақсыз», тоғышар келеді. Ішімдік алғашқы кезде оларды ширатқан сияқты болғанымен, келе-келе олардың, қабілетін күрт жойады. Ішімдіктің дәрігерлік көмегі бар деп есептеу, тым даңғаза көтермелеу. Еш уақытта жүргізушісі ішкен самолет, поезд, автоколікке отырмаңыз. Кішкене рюмка үлкен қайғыға соғуы мүмкін. Ішімдіктен болатын зиандыққа жол бермеңіз. Адамдардың молшерден асып кетпеуіне, негізі ішпеуіне көмек жасаңыз.

Жоғарыдағы нұсқауларды ұстансаңыз адам өмірі мәдениетті болып, тәтті өмірде тағатты боласыз.

Азғындыққа салынбау

Секс - адамзат жанұя құрып, балалы болудың мүмкіндігі, егер дұрыстықта болса, ол қанағатшылдық және бақыт беруі ықтималды.



Табиғат та, адам өмірі де үзілмей жалғассын деп, тілектеспіз. Жыныс қатысындағы келеңсіздік жайлар ауыр қал - жағыдайға ұрындырады, ал табиғат мұны есепке алмағандай көрмеңіз.

Өз серігіңізге адал болыңыз.

Жеңсікқойлықта (сексте) серігіне адал болмау, адамдардың өмір жалғасуына зиянын келтіреді, қабілетін төмендетеді. Бұл жөнінде жазба беттерінде көп былық шаруаларды шындыққа бергісіз етіп жазады, әсіресе орыс тілді прессаларда (жазбалаларда). «Кінәлі болу» қаталдығынан, қызғану, кектену жынның сорақысы. Қай күні қаталдық кектің үстем аларын ешқайсысы біле бермейді.

Кемелдікті, көңіл еркіндігін, түсінік түйсігі болу керек, деген сияқты сөздерді көптеп айта беруге болады, бірақ не асыл сөз шайқалған шаңырақты, бүлінген өмірді орнына келтіре алмас. «Кінәлілік» сыртыңнан пышақ салғаннан да ауыр жаралайды. Оның үстіне денсаулық ділгірлігі (проблема) болады. Серігіңіздің адалдығын (верность) талап етпесеңіз денсаулығыңыздың бұзылуына жол ашасыз. Бұл кездерде, қысқа мерзімде, (венерия) мерез ауруы жеңіліс тапты дегендей сөз айтылады. Бірақ бұл сөз өзіне жауап бере алатындай деңгейдегі сөз емес. Қазіргі таңда жазылмайтын мерез ауруы бар екеніне сеніңіз. Жыныстық қатыстағы азғындық бұл таңға таңсық емес. Индияда керемет күшіне енген буддизм өз күшін жойғанына сегіз ғасыр болған екен. Себебі тарихшылардың айтуынша, буддизм жыныстық қатысты шатыстырып, шәт-шәлекей жасаудың негізі болғаны айғақ, әсіресе буддизм монастырларында (өкпау үйлерде) осы кезеңде де, қандай да бір мекеме буддизмді қолдаса, ол мекеме құрып, жойылып, жоғалады. Мәдени білімі төмен жанұйалар, жанұйдағы ерлі-байлы адамдардың сенімсіздігі, қорғансыздығы ошақтағы шоқтың сөнуіне, жанұя күйреуіне әкеп соғады. Бір сәттік қызығушылық, өмір бойы өкінішке қалдырып, бақытсыз етуі мүмкін. Бұл жайдан маңайыңыздағы адамды қорғау үшін айта жүріңіз. Ең бастысы өз денсаулықтарыңызды сақтау және серігіңізбен рақатты өмур сүру екенін есте ұстау.

Секс (жеңсікқойлық болмай) адал болса, қуанышты, бақытты, өмір сүрудің жолындағы қажетті қадам, әрине оның жолы таза, сенімді, ұстамды, берік болса!

Баланы сүйіп, оларға көмек жасау

Бүгінгі бала ертеңгі оркенниетті Болашақ. Бүгінгі таңның кей сәтінде, баланы дүниеге әкеліп, оны жолбарыспен бір торға отырғы-



зумен паратар жағыдай кездеседі. Бала жан- жағына қарап, бақылауды білмейді, қандай ортада екенінен бейқабар, шын мүмкіндіктерінен қағажулы. Олар сау тірлікке шығуы үшін сүйіспеншілік көмек қажет. Бұл сыпайы тірлік. Өмірде қанша ата-ана бар болса, сонша тәрбие түрлері бар. Кей тұста «былай», немесе «солай» өсіру керек делінеді. Ал баланы «былай да, солай да» дұрыс тәрбиелемесе, ертең өздері опық жейді, қиындық, қайғы көруі де мүмкін. Бірі:

- а) өздерін қалай тәрбиеледі, солай тәрбиелесек дейді;
- ә) енді бірі, заманы қандай, соған бейім тәрбиелейік дейді;
- б) енді бірі баланың еркін өзіне беру керек дейді.

Бұл әдістің ешқайсы да жеткілікті кепілдей алмайды:

- а) тәрбиесі қай заманғы, аштық кезі ме, соғыс кезеңі ме т.б.
- ә) қалайша, ол бұл баланың заманына толықтай келер ме?!
- б) тәрбиесі, бала өзін өзі басқара алар жаста ма, немесе оның жанұйжасы, жағыдайы жеткілікті, дәрежелі ме, ақылы толық па, т.б. салдарлар баршылық қой.

Тәрбие ше? Бұл материалистік идеяға, иаки есепшілдік көзқараспен, қарабас қамын күйттеуді көздеуі де мүмкін ғой, т.б. өзімшілдіктер белең алуы ықтимал болар. Адам, негізі, біреудің ойлап табуы, немесе жасауы арқылы емес, э в о л ю ц и я л ы қ, иаки қандай да бір ғажайып өсу-даму жолында пайда болып отыратынын нақты шебер түсініктеу қиын, бірақ түсінуге болатын құбылыс. Сондай баланың жүйкесі ғажап әсерлерден жыл өткен сайын толығы түседі, нәтижесінде үлкен кісілік қатарға келеді, ақиқатында жоғары өнегесімен тамаша тәрбиелілігімен ерекшеленеді. Осыған қарамастан бұл қағиданы да (теория), жоққа шығаруға болады, себебі, жүйесі жетілген, ақылы толған қаншама адамдардың қылымыскер болатынын алға тарта айтсақ, бұлар өркенниетті Болашақ жасап, немесе қарттар өмірін қуанышқа болей алмайды. Балғын бала үлбіреген ақ қағаздай. Сондай аққағазға дұрыс емес жазу түсірсек, теріс қабар болады. Енді бала да сол көргенін, үйренгенін жазады ғой. Заман тіршілігіндегі түрлі ділгірлікте дүниеге келген бала бірі – қаблетті, кейбірі туа есалаң кем, ал бірі – осы кезеңде (норкоман) есірткішіл болып, жарымес болып тууда. Ал баланы көп ойыншық, тәтті тағаммен, немесе тым еркіндікте еркелете еркін сатып алу мақсатымен тәрбиелеудің соңы да қайғылы болуы мүмкін. Міне қатты ойланатын кез. «Қазіргі кез



баладан гөрі азулы аңды, ит, мысықты тәрбиелеу жеңіл»,– деген де сөздер айтылады. Осы заман басының қиындық түрлеріне де байланысты, соған сайып, бала туу мөлшері де азайды деген ойдан да аулақ емеспіз. Тағы бір күрделі себебі, әкенің ішімдікке салынып, бала тәрбиесін өзінен басқаға аударып тастауы. Ең ауыр кез, байының өзі бес балаға татитын кезі. Кімді бағып, кімді қалай тәрбиелеу тауқыметі туады. Саналы жанның санасына көп сұрақ туады. Айрылысып кетсе, баланың өгейліктен, намыстан, жетім деген сөзден жігері кеміп, жүйкесі жіңішкереді, ал ажыраспаса ішімдікті көріп өскен безбүйректі қабылдауы мүмкін. Ілуде бір әйел темір қазық бола алады. Кейде ол да сынып, жарақаттанады, кейде өмір талқысына төзе алмай, жеңіліс табады, қайырымсыз қатыгез адам пайда болады, кейде ол да негізіне бой тартады. Мұндайлар жастардың арасында жүр десек, кім кімнен тәрбие алады, жаман жақсыдан ба, әлде жақсы жаманнан үлгі ала ма, кімнің ақылы басым. Мүмкін жаман циркаштай қызықтырып, көрікті қыздыруы да мүмкін-ау. Міне, қиындықтың көптүрлілігі. Басты мақсат, баланы өмірдің қай бағытына бейімдеу. Бұған біраз әсерлер бар:

- а) өзінің мүмкіндігі мен бейімділігіне қарай кім бола алады;
- ә) бала өзі кім болғысы келеді;
- б) балаңыздың кім болғанын көргіңіз келеді;
- в) бала кім болуы үшін қандай мүмкіндіктер бар.

Бірақ, бір мәселе қашанда есте болсын, қай жағыдайда да балаға дұрыс өмір келмейді, егер ертелі-кеш өз күшіне сене алатын жоғары-құлықты, жоғарынабатты, жоғарымәдениетті адам болып қалыптаспаса. Бұған жетпесе өзіне де, өзгеге де масыл болып жүреді. Міндетті түрде құлық, инабат, мәдениет үш қасиет қатар жүрсе, күш сонда.

Баланы қанша сүйіп жақсы көрсеңіз де, ол тәрбие болмайды.

Сіздің балаға деген махаббатыңыз оның дұрыс өмір сүруге өз күшін салуға бағытталуы қажет. Егер дұрыс жолдан тайса, ол кездейсоқтық емес; әр жаңа қоғам, адам келеңсіздікті басынан өткеру үшін әдейі сынақ жасайтындай. Осы тұста баланың (жігіт-қыздың) жоғарыда айтылған ой-түйіндерді қортындылауына көмек жасаңыз, ол дұрыс қабылданса, үлкен жетістік болары сөзсіз. Ең жақсы қадам баланың ақылына ақыл қосып, достық көңілді ұстану. Рас балаға



адал дос керек. Ол дос, негізі, жанұйда болғаны абзал. Ең бастысы баланың ділгірлігі (проблема) не екенін білу. Бала сәби күнінен азамат болғанда да бақылаудан тыс қалмауы, олардың көмегін қажетсініп отыруы керек (иаки жеңіл-қиынға жұмсау, басты бір шаруаны орындауын өтіну, бір жұмыстарды атқаруына сену т.б. міндеттеу) түрлі міндеттер жүктеу, баланың да көп нәрсеге міндетті (долг) екенін және қабілетін жетілдіреді. Егер балаға бақытқа баратын жолда осындай кезеңдер болатынын ұқтыра алсаңыз, ол сіздің ойыңызбен келіссе, балаңыздың бақыт жолын аштым деп ойлаңыз, бала да сол жолға түскеніне сезім ләззәтінде болады. Бұл оған да, сізге де үлкен олжа деп біліңіз.

Баланың еңбегі зайа кетпес үшін ортасының жақсылық парасаты да болуы қажет, (Ал, қазіргі бизнестік өмірде көмектесіп, жетілдіріп, аяқтандырып жіберудің орнына, кеме кенерінен (борт) лақтырып жіберуге дайын). Бала жақсылықты затпен қайтара алмаса да, жүрегімен, қоз қуанышымен терең білдіре алады.

Бақытқа баратын жолда баланың бөбек күнінен (өз еркімен өмір сүрер) ержесту аралығында үлкен көмектен, сену сүйіспеншіліктен кеміс болмағаны жөн.

Ана, ананы сыйлаңдар және көмек қорсетіңдер.

Балаға, кейде, ата-анасын түсіну қиынға соғады. Себебі ұрпақ пен ұрпақ арасында сүйіспеншілік болады. Дегенмен ол аса қатты кедергі болмаса керек. Егер адам қуатсыз, әлсіз келсе түрлі өтірікке, келіспеушілікке себептер іздеуге жүгіреді. Осы тұрғыда екі ұрпақ арасында ұғыспаушылық болады. Балалар ата-анасымен тіл табысуға шебер. Орынсыз дауыс көтеріп, басып тастамай-ақ сауалды келісе пешуге ұмтылыс жасаған дұрыс. Егер бала ашық, адал болса, ол түсінетіндей, тыңдайттындай дәлел келтіруге болады. Егер осы тұста екі жақ бір бірін түсініп, келісімге келетін болса, ымыраласуға болады. Ылғида біреуге бағыну мақсат емес, бірақ түсінісуге тырысу керек. Байқасаңыздар, ата-ана баласын өз дегеніне қонуіне, айтқаны дұрыс деп, оларды сендіруге әрекеттенеді. Бала ата-ана алдында, оның тәрбиелеп өсіргеніне қашанда қарыздар, әрине, шынында өсіріп, тәрбие-



леген болса. Көп ата-аналар балаларына тәуелді емес, олардан тәрбиелегеніне жауап- көмек алуды ойламайды да, соған қарамастан кейде ата-аналардың бала көмегіне зәру мезгілі жетін-ақ қалады. Сондықтан, еш кедергі сылтаусыз сыйлап, оларға көмектесу қажетті. Естеріңізде болсын: адамда ата-ана біреу ғана. Мұны әсте ұмытуға болмайды.

Бақытқа барар жолда ата-анаңмен немесе өзіңді тәрбиелеген жандармен жақсы пиғылда болып, адал, кіршіксіз жүрекпен жолға шыққан дұрыс болады.

Жақсы үлгі көрсету.

Әр адам қайткен күнде де бір-біріне әсер етеді. Ол әсерлер жақсы да, жаман да болуы мүмкін. Өз өмірін жақсылықпен өткізіп жүргендер жақсы үлгі береді. Кім не айтса да бұл үлгі қайтсе де жақсы әсер береді. Ал жақсы үлгі бергеніңізге басқа біреудің мүмкін көре алмағандықтан, не сізге кесір жасау ойымен ұнатпай кедергі жасауы мүмкін. Бірақ көңіл түпкірінде ол сізді сыйлайтын болады. Ақыр соңында сіздің мүмкіншілігіңіз артады, себебі сіздің жақсы үлгіңіз арқылы, бір адамның зиянкестігі жойылады, кемиді. Ол жетістік! Осы жақсы үлгі көрсету мінезіңізден әсте таймаңыз.

Бақытқа барар жолда маңайыңызға жақсы үлгі көрсетуден жалықпаңыз.

Шындықпен өмір сүруге тырысыңыз.

Өтірік жақсы болып көрінетін адамдар жөнсіз қателіктер жіберіп алады. Өтірік ақпараттар дұрыс жүруге кедергі келтіреді. Адам өмірдегі ділгірліктерден дұрыс, шын қабарлы болып жүрсе ғана дұрыс шеше алады. Егер айналадағылар өтірік айтса, ол адасады, айағында оның еңбегі еш болып, күрт төмендейді. Өтірік ақпарат түрі түр-түрлі: оқу орнында, жұмыс орнында, қоғамда және мамандық айналасында болуы мүмкін. Көпшілік жандар, әдейі, сені өз мақсатына пайдалану үшін де жасайды. Шындық – сол, сіз үшін шындық болса ғана. Ешкімнің сізге өтірік ақпарат беруіне, сізді оған сендіруіне еш нұқы жоқ. Егер сіз үшін бір нәрсе шындық емес болса, иаки ол шындық емес.

Барлық жағдайда да өз ой, өлшем, көзқарасыңыз болсын. Өтіріктің айасында өмір кешкен адамнан бақытсыз жан жоқ.

Зиан келтіретін өтірікті жеткізбеңіз.

Өтірік қабардың түбі біреуге қорқыныш, кек, ашу ыза әкелуі мүмкін. Ондай өтірік адамды түрлі қатыгездік жасауға соқтырады. Ол



адам өмірін бұзуы ықтимал. Ол өтіріктен опық жеуі мүмкін, егесу, ренжісу туады. Көптеген соғыс оттары да сондай қатыгез өтіріктерден болғаны белгілі. Өтіріктен шындықты ажырата білуге үйрен.

Өтірікке куәгер болма.

Өтірік қарғану, куә болу «өтірікшіл» деп есептеледі. Өтірікшіге үлкен қарғыс тиеді.

***Бақытқа барар жолда
шындықтың жолымен жүреді.***

Кісі өлімін болдырмаңыз.

Ерте заманнан көптеген елдер кісі өлтіруге қарсы тыйым салды, ондайда қатты жазалайды. Кейде ол тыйым «өлтiрме» деп естілгендей, дұрыс аударылса, бұл ереже анығынан «өлімді болдырмаңыз» делінген екен. Сөздің мәнісіне қарай «өлтiру», «өлтiруді іске асыру», - екі сөз, айырмасы өзгеше, тірінің өмірін қиюға тыйым және өзін заңсыз қорғауға тыйым жасайды. «Өлтiрілді» мүлдем басқаша іс. Анықтыма бойынша, өлтiру заңсыз бір немесе бірнеше адамның өмірін қию, әсіресе ашу үстінде. Өлтiру оп-оңай іске асырылуда. Осындай, сіз де, сіздің жолдастарыңыз, жанұяңыз күштімсымақтардың қолынан өмірін жойа салатын қоғамда өмір сүру мүмкін емес. Ақымақтар, қаскүнемдер, есі дұрыс еместер өлтiру арқылы өз ділгірліктерін оп-оңай шешкілері келеді. Кейде себепсіз ақ танымайтын адамдарды да өлтiреді, еін себепсіз. Осындай қисынсыздықты жою үшін осыған қарсы белсенді қамқорлық, тиімді бағдарлама міндетті түрде қажет. Бұл да сіздің өміріңізге, дұрыс болуға мүмкіндік береді.

Бақытқа бару жолында сіз адасып, қателік жасап, досыңызды, әлде жанұяңыздан біреуді, немесе басқа біреуді өлтiрсеңіз, не сізді жазықсыз өлімге душар етсе, сіз бақыт жолына ешқашан шыға алмайсыз.

Заңға қарсы жұмыс жасамаңыз.

Белгіл қаулыны, не заңды бұзу қарсылық болып есептеледі. Заң және ресми қаулыны заңгерлер, сот орындарын басқарушылар шығарады. Ереже бойынша заң мәліметі жазылады. Жақсы ұйымдасқан қоғамда шығарылған заң басылымдарға шығып, бұқара қалық құлағына жеткізіледі. Күшті тәртіп болмаған қоғамда (қылмыс та көп болады)



заң адамымен, заңгерлермен ақылдасу, немесе заңды оқып білу керек. Мұндай қоғамда заңды білмеу сізді жауапкершіліктен босатпайды делінеді. Әр адам жасына қарамай заңсыздықты, оған не жататынын білуі міндетті. Бұл жадығаттарды оқып, сұрап білген дұрыс. Заңсыз әрекет, тек кінәлі болу ғана емес, ол үшін тиісті жерлерде жауаптануға тура келеді: жазалану, ұятқа қалу, салық төлеу, не түрмеге отыру сияқты жазалар тартады. Ондай адам ұсталмай жүрсе де, өзін қорғауға шамасы келмейді. Жазалының құтылып кетем деп ойлауы ойдан туған жалған әсер ғана. Мемлекет пен өкіметтің заң машинасы заң бұзғанға бар күшімен төнеді. Бұл машина заңсыздыққа қарсы күресушінің де қарсыласы болады. Істің дұрыстығы, бұрыстығы заң алдында әлсіз. Есепке тек заңда не айтылды, сол ғана алынады. Егер заң бұзушыны көрсеңіз, не байқасаңыз міндетті түрде олай жасамауға көндіріңіз. Ол заңсыз іске қатысыңыз болса, сіз де қор боласыз. Мәселен, сіздің (компания) бірлестіктегі есепші жалған ведомость жасайды дейік, соның кесірінен бірлестік күйреуі ықтимал, ал сіз жұмыстан айрыласыз. Жұмыссыз қалу тірліксіз қалуға соқтырады. Сондықтан заңды кең көлемде талдап, үнемі көріп, біліп жүру қажетті. Белгілі бір ұжымның мүшесі ретінде, шығарылған заң, немесе қаулылардың түсінікті, анық тілмен жариалануын талап етіңіз. Заң алдында барлық адам бірдей деген үдерісті ұстаныңыз. Билеуші таптың өзінен де, заңды бұзбауды алға тартып талап етіп, оны орындату да есте болсын. Үлкен-кішінің заңнан толық қабары болып, «нені істеу керек», «нені істемеу керек» екенін толық білуіне көмек жасай жүріңіз. Ең болмаса заңға қайшы жұмысқа қарсы екеніңізді сездіріп, қабақ шытсаңыз да түсініп қалар. Кейбіреулердің заңнан тыс істеген жұмыстары өзіне пайданы күреп келтіріп жатса да, бәрібір мемлекет машинасының құрығынан құтыла алмайды.

*Бақытқа барар жол қорқыныш үйретін,
жазымсыз істер арқылы жолға шығуды
ешқашан ұсынбайды.*

Қалық орнатқан, ел үшін, адам үшін жұмыс жасайтын өкіметті қолдаңыз.

Ұстанымы жоқ, озбырлығы күшті адам немесе ұйымдар басшысына жауыздық жасап, оны өз пайдасына ғана пайдалануға тырысады. Ал біреулердің, иә басқаның келеңсіз пиғылын қолдап отырған үкімет күйрейді. Бұл сол мемлекетте өмір сүріп отырған әрбір адамға,



жанұйаға кесел келтіреді, сол жауыздың өзіне де қырсығы өз пиғылынан асып кетеді. Тарихта мұндай үкіметтердің құлағанын тура дәлелдеуге болады. Мұнда өкіметке қарсы тұру жауыздықтың неше түрін машықтайды. Адам, дегенмен мұндай қатыгез озбырлықтарға қайтсе де қарсы тұрады. Ешкім де ондай өкіметке белсенді жұмыс жасай алмайды. Сонда бұған қарсы заңсыз қимыл жасамай-ақ, ондай өкіметтен аулақтану қажет, әрі жаңа тың өзгерістер (реформа) жасау керек. Дәл қазір де сондай мемлекеттер бар, тек ондағы жергіліктілер үнсіз қарсылықпен олардың ісіне қарсы. Үнсіздік мәңгі болмауы мүмкін... Ондай үкімет басы аса қауіпті жағыдайда отырады. Ал керісінше үкімет бөтен ойлылар үшін емес, қалық тұрмысын жақсарту үшін тыңғылықты жұмыс атқарса, оған шын жүректен көмек жасауға дайар болу керек. Басқару дейтін пән (управление) болады, мектепте «мемлекет және һұқ негіздері» оқылады, бірақ бәрі үстірт жүреді. Нағыз қазіргі таңдағы мемлекет жөнінде түсініктеме жоқ. Ал «Басқару» нәні: «сайаси үнем», «сайаси фәлсафа», «сайаси басқару», т.б. делінеді, негізінен мұның бәрі техникалық ілім қағидалары. Заң мен һұқтан жас шамасына өзгеріс кезеңіне орай нақтылы білім берілуі керек. Онда кездесетін күрделі немесе атаулы сөздерге әр мәтін астында сөздік беріліп, жеке түсініктеме, анықтамалар берілгені жөн болар еді. Әрине қазіргі таңдағы оқулықтарға көптің көңілі толмайды, тіпті келеңсіз тұстары қаншама.

Айттып айтпай не керек Отан үшін жанын, қанын қиатындар қалық. Ал үкімет басына толтырып, алған ой идеясын ғана құйа бермек. Мұндайда тіршілікті жасайтын Адам — Сіз.

Бақыт жолында біреудің тұқыртуымен жүру мүмкін емес. Мейірімді үкімет, адам игілігі үшін жұмыс жасайтындар мен төғысады, жолыңды жеңілдетеді. Мұндай үкімет үшін қанша болса да көмек көрсету артық етпес.

Қайырымды, жігерлі адамға залал келтірмеңіз.

Өздері қайратсыз, қайырымсыз адамдар, барлық адам ызақор, жаман, деген ойда болғанымен, сіз бақыттысыз, маңайыңызда ақкөңіл, кеңпейіл адамдар көп, байқаңызшы.

Дәлелдейтіндей болсақ қоғам қайырымды адамдардың ұжымы. Мемлекет тарапында жұмыстағылар қоғам өзаты (лидері), жеке бөлімдегілер өз жұмысын адал атқарушылар, жалпы оның бәрі



қайрымды адамдар. Олай болмаса, олар қоғамның жақсаруына ат салысып, жұмыс атқармаған болар еді. Мұндай адамдардың жауы да болады, себебі олар өз белсенділігімен біреуге кедергі болуы мүмкін. Өмірге және қоғамға жақсылық сол адамдарға көп байланысты.

Қайрымды, жігерлі адамдардың көп болуына байланысты жер бетіндегі өмір жалғасады, кемшілік жойылады, жақсылықтар алға қарыштайды. Олардың соңына түсуші, аңдушы, қаралаушылар да болады, сол үшін де дұрыс шешім қабылдап, дұрыс көзқараста болу керек. Тіршілік көзі оған да сізге де қатысты.

Бақытқа барар жолда қайрымды, жігерлі адамды қолдаңыз, олармен жолыңыз жеңілдейді.

Өз ортаңызды сақтап, жақсартыңыз.

Жүзіңіз жақсы. Кейде адамдар өзіне қарап көруді ескере де бермейді. Оларды да айналадағы адамдардың бір бөлшегі деп қарайды ғой. Оларды да сыртынан сөз ететіне сенгісі келмейді. Мүмкін киімі қымбат, иіс май, жұпар, далаптары да жеткілікті пығар, бірақ өзін-өзі қуантуды ескере бермеуі мүмкін, ал негізгі құнттылықтарды өзін бағдарлағаның жөн, бұл ортаңды да сыйлағаның болады.

Рас, жұмыстан, түрлі жағыдайлардан, кейде кір, шаң басуы мүмкін, бірақ бұл артынан өзінді ретке келтіре алмайсың деген сөз емес қой. Кейбір шынығушылар (спортта) тері ағып жүрсе де, тазалығы көрініп тұрады. Келеңсіз көріністер жанға да, тәнге де, рухқа да әсерін, залалын тигізбей қалмайды, ақылын, һұқын да төмендетіп жіберуі ықтимал. Егер түсі жылы жарқын жүзді қуанышта болса, адамдардың ақылы, ойы, һұқы көтеріледі. Ондай еңсесі көтеріңкі адамдарға мадақ сөз айтып, жақсы сезіміне қошамет жасап, керек болса көмектесіп те жіберген жөн. Сөз көмегінің өзі олардың еңсесін көтеріп, өзін-өзі сыйлау һұқының жетілуіне себебін тигізеді.

Өз үй жайыңызды және жұмыс орныңызды тәртіптеп, таза ұстаңыз. Үйін, жұмыс орнын тәрбиелі ұстамаса, ол оның заттарының бүлініп, бұзылуына әкеледі, өз нәрселеріне қожалығы жоқ, бөтен адам сияқты болады. Оларға жасында ешкім жөнді сыйлық бермеген болар, берсе де, апа-ағалары алып қойып, иелік бермеді ме екен. Жасынан өз иелігі болмағандай. Мұндай адам автокөлігіне де құнтсыз болуы мүмкін. Сондай мінез қырсығынан көлігінен де, үйінен де, бас-



қа да заттарынан айрылып жүруі де мүмкін. Кедейлік деген осы, еш нәрсеге ие болмаудан басталады. Онымен қоймай өз үйіне, жұмыс орнына дұрыс ие болмағандар маңайындағыларға да кедергіліктер жасайды. Ойлансаңыздар бұған көптеп мысалдар келтіруге болады. Бұл адамдарға көмек беруге болады. Ол үшін алған затынды орнына апарып қой. Келесі жолы сол жерден табасың, бұған аз ғана уақыт кетеді, ал қайда қалғанын білмесең, келер жолы жоқ іздеумен қаншама уақытың кетеді, осыны естен шығарма. Өзіңді де, өзгені де осылай үйретуге дағдылан.

Әлемшарымызға қамқор бөлуге көмекші болыңыз.

Планетамызды сақтау әркімнің борышы десек, біреулерге бұл үлкен жұмыс болып көрінуі мүмкін, кей адамдар бұл мүмкін емес деп те ойлайды. Ал қазіргі заманда Әлемнің басқа бір шегінде болып жатқан жайлар сіздің үй-жайыңызға да әсер етуі мүмкін. Мәселен, Венерадағы ғарыш зертеулеріндегі жаңалық, біздің планетамыздың да сондай құлдырауда болуы мүмкін екенін, ондайда өмір сүру мүмкіндігі болмайтынын аңғартты. Егер, орманды түгел отап, ағаштарды түгел кесіп құртып, өзен, көл, суларды боқтыққа толтырып, айналаңызды кірлетіп бітірсеңіз өмір үзіледі, тоқтайды. Себебі, Жер үстінде қапырық ыстық орнайды, ал жаңбыр әлгі кір қоқыстан күкірт қышқылы болып жауып, бар тіршілік өліп, жоғалуы әбден мүмкін. Солай болған күнде де, мен не істеймін, менің қолымнан не келеді? - деп айтуыңыз мүмкін. Ал, шын мәнісінде, әр адам дұрыстықты айтып, дұрыстыққа беймдей, қателіктерді көрсетіп, айтып отырса, ол да үлкен көмек. Біреу түсінеді, біреуі тыңдап, келесі бір келеңсіздікті түзетеді. Осылай сатылай азды көпті тәртіп орнай бастайды.

Планетамызды қорғау ауладан, ауылдан басталады да, мектепке, жұмысқа барар жолда, немесе үй арасының тазалығында жалғасын тауып жатады. Сонда, өзен - көл жағасында, дем алып, етқарып жеген жерлерде тазалық болар еді. Осы мемлекетте, не осы жерде тұратын азаматтар мынау менің мемлекетім, менің жерім, елім, ол менің үйім деген таза ойда болса, тазалық болып, ауа, су ластанбай, ауру азайып, денсаулық мықты, көңіл-күй көтеріңкі болар еді. Қаламыз кір, су



қоймалары лас, ауладағы қоқыстар ағып жатыр, иесіз ит мысық аулаға иелік жасап (қариалар тамақ береді, айаған түрлері), қауып ала жаздап, түн болса шабалана үріп, ұйқы бұзады. Бұл келеңсіздіктің бәрі аспаннан жауған жоқ қой, иаки адамдардың қылығы. Қазір тағы бір келеңсіздік шықты, ол үй маңына бұдан 30-40 жыл бұрын коммунистік (субботникте) сембілікте егілген ағаштарды кесуде, орнына бір қайың, не бір шырша ексе өкпе жоқ қой. Ал оның есесіне көшедегі ағаштардың бауры алынса ғой, сонда бұрылыстағы келе жатқан көліктер жақсы көрініп тұрар еді, көшедегі ағаштың биік бойы тіршілікке колеңке емес пе? Рас шірігенін тәртәптесе, қисығын түзесе, орнына пирамида терегін, не шырша ексе, шіркін, ғанибет-ау. Біздің бабаларымыз бала жүре бастағаннан жұмсап, еңбекке бейімдеген. Малды қарап келші, қозыны көгендендер, көрші үйдегі апанды шәйға шақыршы, беті қолынды жуып келе ғой, деген сияқты сауалдар мен баланы жалқаулықтан арашалап, шынықтырып, уақытымен жүріп тұруға дағдыландырып отырған. Жаман әдетке бой алдырмау тәсілдері көп болған. «Аурудан да бойға сіңген әдет жаман», - деген емес пе? Біздің айақ басып тұрған планетамыз ұсақтан үлкенге дейін жинақтала отырып қорғалады емес пе?

Егер әр адам кішкентай болсын, үлкен болсын еңбек үлесін айналасына қоспаса, бақытқа барар жол салынбайды. Жол жоқ жерде әркім адасады.

Жаман әдеттен арылып, жақсы іске дағдыланайық!

Ұрлық жасамаңыз.

Біреудің дүние мүлкін тәрік етушілер, өз дүниесін тәркіге салады. Қандай да бір жағыдайда өзіне дүние жасай алмаған адам, дүние ешкімге жолдас емес, - дегендей пиғыл көрсетеді. Ал соның бір шәркесін алып көріңізші!

Ұрлықшы айналасындағы адамдарға ненің қайда кеткеніне жұмбақ жасайды. Қымбат затқа арзан жолмен ие болғысы келеді, бірақ ол ұрлықтың оған қымбатқа түсетініне ой жүгіртпейді. Керемет ұрылар да ұрлығының төлеміне жылдап түрмеде отыруларына тура келген. Ешқандай түрме тәтті өмірдің бір сәтіне де татымайды, ұрланған зат тағдыр қорлығының айырбасына тұрмайды. Ұрлық



қымбатқа сатылмайды, үнемі қорқынышта, тығылумен күні өтеді, бостандығынан айрылады. Ұрлық адал табыс емес, адал еңбекке жатпайды, немесе есі дұрыс еместікті көрсетеді. Өздері недер екен: жарамсыздық па, әлде, ессіздік пе?

*Бақытқа барар жолда , ұрланған
жүк жақсылыққа жеткізбейді.*

Сенімге серік болыңыз.

Егер адам маңайына сенімді болса, ол тәуекелшіл. Егер сенген адамы сенімсіз болса ше? Адамгершілікті қарым қатыс үшін екі жақтың да сенімі қажет. Онсыз адалдық мүмкін болмайды. Сенімге берік адам жоғары бағаланады, сенімсіз адам адам қатарынан ысырылады.

Сөзіңізге тұрақты болыңыз.

Уәде берсеңіз, орындаңыз. Болмаса, ескертіңіз. Уәдешіл адам бағалы. Сөзінде тұра алмаған адам, сенімсіз адам деп, танылады. Сөзінде тұрған адам сенімге кіреді, жүреkte жүреді. Сөзінде тұрмайтындар шеттетіліп, дұрыс қатысымнан қалып, шиден тысқары болады. Ойланбай уәде бермеген абзал. Қолыңнан келетін шаруаға тайқақтай беруге де болмайды, қолыңнан келіп тұрып көмегің болмаса, саған сенбейді, сені де ешкім қолдамайды.

*Бақытқа барар жолда сенімді серік
жолыңды жеңілдетеді.*

Қарызыңызды қайтарыңыз.

Адам өmrінде біреуге қарыз болуы, әрине, мүмкін. Адам дүниеге келген күннен қандайда бір берешегі болады. Ол берешегі өсіп жетілген сайын қосыла түседі. Мәселен, дүниеге әкелгені үшін, асырап жеткізгені үшін ата-анасына қарыздар; досына, Отанына, ұжымына, т.б. берешек, қарыз, парыздары болады. Ата-анана міндетсінбе. Ата-ана алдында қарыздар екенін сәби айта алмаса да жүрегімен түсінеді. Мұндай қарыздардың өтелуінің алғашқы кезеңі: сәбидің күлкісінен, баланың зыр жүгірген тілалғыштығынан, көмекке дайын тұруынан, тіпті ұл-қызының жақсы, тәртіпті болуға ұмтылуы, сабақты жақсы оқуы, ілтипатты, кішіпейіл, т.б. жақсы қылықты болуларынан көрініп тұрғандай. Ал мұндай жақсы қылық көрсетпесе: «мен еш-



кімге қарыз емеспін», «мені өмірге әкел деп, мен сұраған жоқпын», «ата-анам жаман, маған түк істеген жоқ», «өмірде еш жақсылық жоқ, өмір сүру қиын», деп тұрса бұдан оның өмірі жеңілдемейді, қарызы үстемеленіп, көбейе түседі. Қарыз мерзімі ұзарып, салмағы өсіп, ауырлай түседі. Бұл үлкен қарыздан құтылу жолы ауырлап, біреулерінің өмірі келеңсіздікке ұшырап, жан-дүниесі езіліп, ауыртпалықтарға ұшырап, тіпті қоғамға да кедергісі мол бөла түседі. Қарызының: адамгершілік, әлеуметтік парыз ба, әлде қаржы қарызы ма, айыра түсіп, оларды өтеудің жолын қарастырған жөн. Күшіне қарай іс жасап, қарыз-парызын мезгілді межеде қайтарып отыруға үйретіп, көмек жасау абзал.

Бақытқа барар жолда, оған біреу қарыздар болып, не өзі қарыздар болса, Бақыттың жолы қиындай түседі.

Еңбекқор болыңыз.

Жұмыс үнемі жайлы да жеңіл бола бермейді. Дегенмен жұмыс істеген адамнан гөрі, жұмыс істемеген, өмірін бос өткізген, мақсатсыз күн кешкен, не істерін білмеген, тойшыл, ойсыз, жалқау, ата-анасына немқұрайды қараған жандар өте бақытсыз болып, тіпті ақыл-есі кемшіл бола бастап, көмекші қаржы алатын (өкіметке мың рақымет) мүгедек болатыны да бар. Шама-шарқынша бір іспен шұғылдана, ауруынан жеңілдеп, парызынан құтылып, көңіл-күйі дұрысталып, ауруы ескіріп, жазылып та кетерлік жайға келіп, руһы көтеріліп, саналы бола бастауы мүмкін. Жалқаулармен жақындасу сізге де, қоғамға да қауіпті. Сол себепті қандай да жұмыс құлағын ұстауына жәрдемдесіңіз.

Бақытқа барар жол қиын, тура да кең, ол жолда еңбек сүйгіш адамға үлкен орын бар және ол жол үлкен жеміс жолы.

Қажеттілікте болыңыз.

Қазіргі жүрдек көлікті, көптетікті механизмдері бар күрделі құралымды (оборудование) заманда тірлік жасау, досқа, ортаға, болашақ өмірдің деңгейіне қатысты да болып келеді. Сауда да, техникалық және гуманитарлық ғылымда, мемлекеттік мекемелерде қажет-



сіз болу өмірде барлығына және болашаққа да қауыпты болуы мүмкін. Бұған сәйкес келетін көптеген мысал келтіре аласыз.

Адам қашанда өз тағдырын басқаруға ұмтылады. Кейде түрлі азды-көпті қадамдарда да (ырымдар сияқты) өз тағдырына көмек іздейді. Өз тағдырын басқарып үйренген сәттен айналасын меңгере бастайды, өзінің қажеттілігін аңғарады, өз мүмкіндігін түсінетін болады, Аллаһның берген сыйы деп бағалайды, біліміне, іскерлігіне жіті қарап, дұрыс атқарады. Сол кезден ерлікке, не басқа жетістіктерге жетеді. Шын қажеттілігі дәлелденеді. Қажеттілігіне қарай тіршілік жасайды, қажетсіз болса, құрып бітуге де айналады. Қажеттілік мүмкіндігін аңғарсаңыз қолдау жасап, мақтап, мадақтауға сараңдық жасамансыз. Бұдан да жоғары көрсеткішке жетуіне мүмкіндігі бар екенін аңғартып, талап деңгейін көтере түсіңіз.

Көріңіз. Көретінді, көруге тұрарлықты көріңіз. Бақылаушы сіз, бақылау бағасы сізден болсын. Бақылау қызғанышсыз не біреу-міреулердің нұсқауынсыз тура, адал бөлсын. Дұрыс бағалап, көргісі келмегендерді дұрыс түсінікпен жолға салыңыз. Бір іс әрекетті дұрыс бағалай алмағандарға, не істерін білмей қиналғанда, сол жағдайатқа сырттан қарап сынауға, шын жүрекпен көруге көмек жасаңыз. Егер өз жұмыс нәтижесін сырттай қарап көре білмесе, ол қателігіне тұншығып, шырмауықтан шыға алмайды. Онда ешбір директив, бұйрық, жазалау оның қиналысын шеше алмайды. Оларға қайда, қалай қарау керек екеніне ақыл беріп, қортындыны өзі шығаруына көмек жасауға болады. Бала болсын, үлкен болсын ол өзінің көргісі келгенін ғана көреді. Сондықтан қажеттіліктің, мүмкіндіктің бақылау негізі болғаны жөн.

Біліңіз. Сіз жөнінде теріс дерек алған адам болды ма? Бұл келеңсіздіктің теріс әсері болды ма? Бұл теріс жалған мәліметтің әсері сізге қандай кемшілік келтірсе, сізде біреу туралы солай жалған пікір естуіңіз мүмкін ғой. Жалғанды, шындықтан айыра білу, түсіністікке әкеледі. Кей адамдар өз мақсатын қиындықсыз орындау үшін жалған сөзге барады, кейбірі анығын білмей жатып, ойланбай айта салады. Қажет мәліметтерді есту арқылы емес, көріп, біліп, қажеттіні қажетсізден айырып, өтірік пен шындықтың арасын ажырату үшін білімділік қажет. Осылай істеген де ғана адам өз ісінің қажетті маманы екеніне көзі жетеді. Не нәрсені қандай жағдайда да білгіңіз келсе, оны әбден бақылап, түсініп, қарап, іздеп тауып, біліп, қажет болса жаттап та алған жөн. Онсыз қажеттілігіңіз жеткіліксіз болып, маман



бола алмайсыз. Өмірде табысқа жететін адамдар білім алуды үнемі жетілтіп отырғандар. Мәселен, инженер техника жаңалығына құлақ түріп, үнемі білін отырады, спортсмендер жарыс нәтижесіне жету үшін үнемі дайындықта болады, ұстаз күнде оқып, жадығаттарын жинақтап, сабақтарын күніне жоспарлап отырады, сонда ғана қажетті жақсы маман болады. Білімін толықтырмаса, мәшине рулін дұрыс ұстап, түрлі тетігін меңгере білмесе жол апатына ұшырайды. Барлық қажеттілікте білімді болмаса, содан қажетсіздік туындайды. Өзімшіл өр кеуде ғана болдым, толдым, бәрін білем деп ойлайды, ондай ой тоғышарлыққа әкеледі. Адам неғұрлым көп білсе, солғұрлым биіктеп жүреді. Білген сайын білгісі келеді, білімі толған сайын Әлемге жаңа көзқараста болып, өмір жақсылығын саралап, молынан қабылдай түседі. Жаңашылдық жарық қоруі үшін баланы туа білімге, өнерге, адалдыққа баулу қажет. Оны жалғастырып, толықтай түсетін жақсы мектеп. Білім дарытатындар таңдаулы болуы қажет. Мұғалімнің бәрі бірдей емес, бірдей бола да алмайды. Бір ұстаз отыз балаға білім құйа алса, бір мұғалім он балаға ғана білім бере алады, қалған оқушының қабылдаған қабылдамағанымен жұмысы болмайды, тіптен оған уақытын да жеткізе алмайды. Кешегі білімді ала алмаған бала ертеңгі білімді оған қоса алмайды. Осылайша кемшілдік қосылып, көбейе түседі. Ол мұғалімді ұнатпауы да мүмкін, жақсы оқыған баланы да жек көре бастайды. Бір күндерде көпті жек көріп, өмірдің де бағасын білгісі келмей, көп нәрседен түңіліске ұшырайды. Одан әрі жақсылықтан қашқақтап, жамандыққа үйір бола бастап, өзіндейлермен табысып, келеңсіздіктерге душар болады, сырты жылтыр, іші түтінге айналады. Өзін де, ісін де жасырын ұстайды. Мұны аңғарып, дер кезінде көмек берілмесе, асқынған ауру сияқты, емі табылмайды. Сондықтан тәртіпсіздік көбейеді, тәртіпсіздік көбейген сайын соттау көбейеді. Бұл заңның жиі өзгеруіне әкеледі. Ал кейде әділетсіз болған сот шешімінен де, адам өмірі өзгеріске ұшырап, қатыгез жауыз адамдар пайда болады. Негізі, заң шын, қатал, әрі әділ болғаны абзал. Бар әдістің ең қажетті тәсілі - оқу, тоқу, қандай да бір еңбекпен қажеттілікке жарап отыру. Шындықты ажыратып, білудің нәтижесінде өзіңе сенімділік, өмірге қажеттілік мағынасы ашыла түседі. Бұрынғы көңіл тұманы сейіліп, өміріңе дұрыс көзқарас, дұрыс мақсат жолдары ашылады. Бұл құбылыстар мектеп өмірінде, еңбекте, білімнің қалыптасу жолында түрлі тәжірибелер мен жетіліп, қалып алып, күрделеніп отырады. Соғыспен, жәбірлеумен, жамандықпен



мәреге жетем деу, ақымақтық іске тең. Себебі бұзылған қала, қираған өмір, сұраусыз көңіл еш нәтиже бермейді. Оның бәрін жетілдіргенше, өсу өркенниеті дағдарысқа түсіп, даму сатысы кешеуілдейді. Мұндайға үйір, жынды, ессіз адамдардың түсінік деңгейі төмен жаратылады, оларға оқу, білім керек емес. Олар ортаны, табиғатты түсіне алмай әурелі жүреді. Әрине оларды да көмексіз қалдыруға болмайды. Ол көмек олардың табиғатына байланысты ғана болғаны жөн. Өмір қателік пен дұрыстықтан да тұратынын білгендіктен, қателескен жанды сынның астына алмай, түсініктеп, өзінің дұрысталуына көмек жасаған көп пайдалы. Уақыт өткен сайын, әр адам, өз қажеттілігін көріп, біліп, жеткен жетістігіне мағұрланып, әлі көп нәрселер жасай алатынына көзі жетіп, бұдан да басқа шаралар жасай алатынына сенімі артады.

Тәжірибе алыңыз. Оқу, білім-білгенді тәжірибеде іске асырғанда ғана нәтижесін береді. Білімді тереңінен толғап, данышпандыққа да бой салуға болар. Құп деп, қуанарлық іс. Бірақ, шынында, адам мен данышпанмын деп, айта алуына мүмкіндік жоқ. Ақымақ емеспін деп ойласа да, данышпандығын біле бермейді. Себебі түрлі тәжірибеден өтіп, ысылған шаруа басқалардың қажаетіне жарап, болашақтың қолданысынан қажет тапқанда, бұл бір данышпанның дүниесі, не айтқан сөзі екені белгілі бола түседі. Уақыт өлшеміне байланысты оны негізгі иессі көрді ме, көрмеді ме; естіді ме, естімеді ме, ол екі талайлы әңгіме.

«Артыңда бала, өміріңде із қалсын», деген осы болар.

Білгірлік пен мақынштық тәжірибемен келеді. Ойыңда: не істедім? не істей аламын? деген сауал жүргені жақсы. Ой мен тәжірибенің жалғасуы талапқа жетелейді. *«Талапты жетер мұратқа»*. Талап жүре бітсе, туа бітетін талант бар, бірақ талантты да тәрбиелеп, іске асыруға талап та керек. *«Таланттыға Нұр жауар»*, деген осы болар. Көп жұмыста тәжірибе аса қажетті болса, көп жайда мимен жұмыс ойлау үдерісі өте керек екенін дәлелдеу керек емес те шығар. Осы нарық заманына талап пен талант (талантты данышпан болмаса да), білім мен талпыныс бірдей қажет. Мұның бәрі тәжірибемен іске асып отырады. Техника тетігін меңгерген құлшыныс заманында, мектеп барлық пәннен керемет білім мен тәжірибе береді деп айту қиын, ондай оқулықтар да жетімсіз, бары басқа тілде, әркім оқып, түсіне бере алмауы мүмкін, дегенмен талпынып, ізденіп, оқып, тәжірибе алса, талай қиындықты жеңуге болады. Замануы қисабына жүгінсек,



көрнексіздіктің, бақытсыздықтың көбі тәжірибенің жоқтығы мен білімсіздіктен туындайды. Қазіргі жоғары диплом алғандар білімді деп, айта алмаймыз. Олар өздері де қандай білім алғанын, қалай алғанын біле бермейді. Кітапханаға барып, білім іздедім дегенді естімегелі көп болды. Білімсізге өмірдің заңы қатал. Білім бұдан да қымбатқа түсіп, заңды қаталдығын көрсетуі мүмкін. Сондықтан алдымен оқып, білім алып, тәжірибеде жетілдіріп, көп сауалдарға жауаптанып, сосын еңбекте өзін көрсету. Шапшаңдық, тез қозғалыс, ілкімділік, білімділік қуаныш әкеледі, қуаныш тәжірибеде ысылады, жетіледі.

***Бақытқа барар жолда жолсерігіңіз
жігерлі жетік маман болсын.***

Басқа ұлттың дінін де құрметтеңіз.

Шыдамдылық – қырлы тас секілді. Адамдардың да қарым- қатысы сондай. Бұрынғы болған, болып та жатқан наһақ кісі өлтіру, қайғы- уайым, дін қарсылықтарын тудырғанын тарихтан да, қазір де білеміз. Дінді бағаламау, өзінің де дінге деген көзқарсының айқын саналы еместігін аңғартады. Өзгенің дінін кемсітіп, кедергі жасап, қинау, көп жағдайда қиындыққа, не қайғыға, келеңсіздікке соқтырады.

Адамдар дінге сенімін көп жағыдайда ашып айта алмайды. Оған түрлі кедергілер себеп. Адамдардың тарих қойнауында өмір кешкеннен бері, дінге деген шыдамсыз көзқарастар өмір жалғасында қиындықтар келтірген, келтіріп те отыр. Ерте Грек философтарының өзі Құдай табиғаты, Адам жаратылысы, Әлем дүниесі жөнінде көп дауласып, талқылап әртүрлі түсініктерге ауысып отырған. Қазір «механистикалық қағидаға» және материализмге сүйенушілік жол алуда, бұл Ерте Египет пен Ерте Грек дәуіріне кіреді. V ғасырдан біздің дәуірімізге дейінгі бұл талас тұрақты нәтиже берген жөк, бірде религия, бірде атеизм деумен болды. Мұндай нәтижесіз тоғышар соғыстан аулақтағандар да қаншама. Осы теңіздің асау толқынында бір сөз туындады. Ол: «Адам қай дінді қабылдай-мын десе өз еркі», – деген пікір. «Біздің ойымызша белгілі бір дінді қабылдау үшін логика қажет емес, олар логикадан қашықта. Дін әр адамның өз сенімінен, тұқым негізінен, ұлттық қасиетінен, білімділігінен сүйеніп тапшақ. Өз жүрегінің сезімі мен ақиқатынан тумақ» (Б.Т). Басқаларды



мына дінге кір деп, уағыз айту жөн емес. «Дін еркіндікті өзі уағыздайды, оған өкімшілдік жүрмейді. Дін өзінің шын парасатымен сенімді, руһымен, тазалығымен, саналы күшімен білімді адамдарды тартатын Жоғары санадағы табиғи құбылыс» (Б.Т). Адам жаратылғаннан бері діннен қуат пен қуаныш тапқан. Ал Құдай жолына түсе алмай, дін парасатын түсіне алмай, түсінуге бой салмай жүргендерді жарымжан деуге, біз емес Жаратқан өзі иелік жасар. Жетпістен аса келеңсіз жылдарды сылтау етпес күн келді.

Бақытқа барар жолда басқаның дініне құрметпен қарамау реніш туғызады.

Өзіңе қаламағанды басқаға да жасамаңыз.

Алғашқы қауымдастықтағы адамдардан және Ерте ғасыр данышпаны Конфуцийден келген «алтын ереже» түсінігі көп ғасыр қолданыста болып келген. Осы бөлімнің тақырыбының аталуының өзінде жамандық жасалады,- деген ой бар. Тек, Жаратқан ғана өмір бойы адамға қастық жасамай, өмірін жалғастыруы ықтимал. Жауыздар маңайына ойланбастан қатер туғызып отырады. Кінәліні, ұятсызды былай қойған күнде, жамандықтың өзі жамандық жасағанды бірінші ұрады. Жамандықтың бәрі бірдей болмайды, кешірімсізі болады. Одан танып, құтылу мүмкін болмайды. Бұған жататыны кісі өлтіру. Біреудің жанын жойған адамның күнәсі де кінәсі де, түрмеге отырғызумен өтелмейді. Оны тамақтандырып, ұйықтатып, тәрбиелеу өлген жанның әруағына күфірлік жасау деп білген жөн.

Сондықтан, қазақ батырларының «Қанға қан, жанға жан» деп ұрандауы, дұшпанды жеңіп, бейбіт өмір орнатып, адал тұқым жалғастыру қажет деген ұғымнан туған ғой. Иаки «алтын ереже» атауы, қазіргі өркеніетті ұғыммен, жаңа негізде қоданыста болатынына сенеміз. Басқаның өмірін жоюмен өзін жойатынын білу қажет. Басқаның қуанышы мен раһатын жою - өз раһатын жойып, өмір қуанышымен қоштасу болса керек. Философиялық ой тұрғысынан сұрап көріңізші, сіз қалай ойлайсыз, сізді қуаныш пен бақыттан айрып, өмірмен қоштастырам десе не дер едіңіз, келісер ме едіңіз? Бұл «алтын ереженің» басқа беті. Ұстаз, өзінді дұрыс ұста,- дейді, немесе тәртібін нашар бағалайды. Бұған мән берместер бар. Адам кейде қате



пікірде болады, «бала бар, бірақ көрінбейді, сонда жақсы болу белсенді болмау ма?». Түсінуге де, түсіндіруге де болады. Адамдар қашаннан адамның жақсы құлықтарын бағалаған. Оларды ізгілікті, данышпан, кеменгер, деп Құдайға теңгерген. Олардың бар болуы, не жоқ екені адам мәдениеті мен қатыгездігін, жалған мен қоғам арасындағы айырманы анықтаған. Жақсының не екенін білу үшін жаналық ашу, немесе том-том кітап бетін қарау керек емес. Әркім өз деңгейінде, қажетінде көріп, біледі. Өзіңе адамдардың қалай қарағанын қалайсыз? Өзіңізге әділетті болғанын, сіз туралы жақсы ойда болғанын, өсек өтірік таратпағанын, жала жаппағанын қалайсыз. Солай емес пе? Достарыңыздың, таныстарыңыздың сізге адал, сатпайтын, алдамайтын болғанын қалайсыз. Сізді түсініп, сыпайы сыйлас, ренжіспейтін, түсінушілікпен қарайтын, қиындықта қол ұшын беріп көмектесетін үлкен жүректі, ұстамды, т.б. ережелерде құрметпен қарағанын ұнатасыз. Рас қой. Айналаңыздағы адамдардың бәрі сізге осылай құрмет көрсетсе көңіліңіз қуанышты, өмір рахатты болары белгілі. Ол адамдарға сіз де қастандық жасамауыңыз мүмкін. Адамдар қатысымында бір тамаша ерекшелік бар, біреу өзіне айқайласа, ол да солай жауап бергісі келеді, бір-біріне деген суықтық, не жылулық қатысы байқалып, ол онымен қандай қатыста екеніне байланыста болып тұрады, негізінен ол өзі үлгі көрсетіп тұрғанын біле бермейді. Сәулелі адамдар мұны байқап, біледі. Бұл да өмір құбылыстарының бірі. Өкпе, реніш, өшпенділік, тіпті жауыздық түрлері де осыдан басталуы кәдік-ау. Ал қазіргі ойдан шығарған жазбалар мен түсірілімдерде жауыз адамдарды сыпайы, қушыкеш етіп көрсетеді, ал өмірдегі шындық тіптен де олай емес. Бұған мысал әркімнің өз көңілінде сайрап, айтып тұр емес пе? Осындай һаракеттерді біле тұра, әркім өзін дұрыс тәлімді ұстағаны абзал. Бұл жақсы тәртіп үлгісін - жақсы мінез дейміз. Жақсы мінез - құлықты болу өзінді дұрыс ұстай білу. Мұның өзі қолға тимейтін, көзге көрінбейтін, исі жоқ, бірақ көңілге қуаныш әкелетін, өмірді жақсылыққа толтыратын, сезімге шабыт беретін іс-шара деп білу һақ. Қуану мен қуанту жүрегі шындыққа толы адамның ғана қолынан келетін іс. Иә, адам пенде, қателіксіз өмір жоқ, бірақ сол қателігін дер кезінде түсініп, кемші-



лігін жоюға тырысса, бұл да мінез ерлігінің бір басқышы болады-ау. Адамның бір-біріне әсер етуін – орта дейміз, сондықтан адамға кездескенде, не сұхбаттасқан да, оның тек жақсылық жағын көру, жақсы күш-қуат көзін (энергия) береді. Сол күні өз қуатыңа қуат қосылып, ерекше күйде боласыз. Өзіңіз осыны талай байқадыңыз да, тағы бір көріңізші. Ал кейбір қонақта кейбір адамдар өмір келеңсіздігін, біреудің жамандығын, атысқан- шабысқан, т.б. көңіл күйзелісін тоқтаусыз байандайды. Осы кезде өмір жаман, себебі адамдардың бәрі жаман деген сияқты ауыр ой басып, иә оны біз жойа алмаймыз ғой деп, сары уайымға салынып, еңсеңіз түседі, сол күні жаман ұйықтауыңыз да мүмкін, оны сіз тамақты артық ішіп-жеп қойдым-ау деп ойлауыңыз мүмкін, бұл да дұрыс, иаки жаңағы келеңсіздіктен аста дұрыс қортылмағаны. Ал, ойлаңызшы жаңағы келеңсіздер мен келеңсіздіктер қайдан келген? Дұрыс сөз, естіп, дұрыс іс-шараны көріп, бойға дұрыс қуат алсақ, сол дұрыстыққа ұмтылсақ, біздің де, кішкентай болса да, адамдардың жаңа ғасырға жаңа қатысымда болатын іс-шарасына үлес қостық деп, қуануымызға әбден болады.

Бақытқа барар жолда мына ереже сақталса: «өзіңізге басқаның қалай қарағанын қаласаңыз, өзіңіз де басқаға солай қараңыз»

Гүлденіңіз, үлгеріңіз.

Кейде адамдар өзгені өшіріп, арманын аздырып, өмірін өлтіріп, үмітін үздіріп, болашағын жойып, біржола құртқысы да келеді екен. Қалжыңмен қағытып, аңғармай айтқан болып, көңілін жүдетеді. Өзі содан жақсаратындай, өмірі өзгеретіндей көреді, кейде ашық қарсылық айқасқа да шығады. Кейде жоғарыға жөнсіз ұмтылатындар жолындағы өзіме кесірі тиер дегеннің бәрін құртып, жоюға тырысады.

Сондықтан оның еңбегін де, өнерін де, талантын да бағаламай, көрмеуге тырысып, ертең өзіме пәле болар, немесе орныма таласуы мүмкін деп, әлі келсе құртуға дайар тұрады. Ол адам өзінің осы арам жүрегімен өзін құрдымға сүйрейтінін, өзіне қарсы көзқарастардың көбейетінін білмейді де, өз жолын өзі қиындатады. Ал енді бірі өзінің жоғарыға көтеріле алмасын білсе де, негізгі жаман пиғыллының жолымен жамандық жасай салуы, жаман ой-пікір тарата салуы мүмкін.



Дегенмен, «Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас», деп те тек айтылмаған-ау. Дұрыс жүріс, тура тәсіл, адал жүрек, татымды еңбек жамандықты қуып, гүлденуге де, үлгеруге де жеткізеді. Мұндай жетістіктерді көрген кезде де, олар тыншымай ашық та, жабық та айла әрекеттерге кіріседі. Сізге не істеу керек? Мүмкіндік болса, қарсы тұру керек, бос белбеулік жарамайды. Ең бастысы, гүлденуіңіз бен үлгеруіңізді жоғарылыта түсіңіз, одан бас тартпаңыз. Себебі оларға қажеті де, керегі де сіздің бас тартуыңыз. Әсте оған бармай, қайта еңбегіңізді еселей түсіңіз. Сіздің өреңізді танып, өрлегеніңізді көргенде, оның жүйкесі тозып, нәтиже бермеген ісінен басын тартады.

Егер адам алдына дұрыс мақсат қойып, оны орындау жолында дұрыс еңбектенсе, түрлі әдіс, тәсіл, тәлімгерлер тәлімі, алтын ережелер сөзі мен тәжірибесін кеңінен қолдана жүрсе, міндетті түрде жеңіске жететіні анық.

Сіз өзіңізді кіммін деп ойлайсыз?

Сіз, кейде өзіңізді бір жапырақ құрлы болмадым-ау деген ойда боласыз. Жел қайда айдаса сонда ұшып, құмға қона ма, суға қонама, кім білсін. Өмір тыныштық пен үнсіздіктен, тәртіп пен теңдіктен ғана тұрады деп кім айта алар? Ал сол қайнаған өмір ішінде адам бар. Адам жапырақ та, құм да болмақ емес. Адам қандай күн туса да өз өмірінің жобасын өзі сызып, өзіне қажетті жоспарын өзі жасауға тиісті, сол жолмен жүріп өтпек. Ал бірі, жол жобасын жасауға кеш қалдым, ескі жол сүрлеуінен шыға алмадым, болашақ үшін күшім де, үнім жоқ деп ойлайды. Олай емес.

Барлық жолдың да бір нүктесі бар. Сол нүктеден болашақ жаңа жол жобасын бастауға әбден болады. Өмірдің әр кезеңі жалғасудан, немесе қайта бастаудан тұрады. Біреу сізді күлкі етсе, ертең оған біреу күлуі мүмкін, біреу сізді жарға соқса, оны да біреу жарға сөкпақ, жамандық та, жақсылық та ол адамнан болмаса да, басқа біреуден қайтуы әбден мүмкін.

Бақытқа барар жолда бар мүмкіндігіңізді дұрыс та, нақты пайдаланыңыз.

Сіз басқаға, басқа сізге керек, бұл ешкім бұза алмас өмір қағидасы.



«Адамның күні адаммен», екенін айтқан да адамдардың өзі. Өз сөзі - өз шындығын өгірік дей алмас. Адамның басты қуанышы - бақыт. Бақыттың құны өте қымбат. Қымбаттығы сонша, қанша тұратынын ешкім тап басып айта алмайды.

Оның құны да, көлемі де белгісіз. Салмағы мен түсін, мінезі мен мәнісін көруге болады. Түсі – қуаныш келбетінде, салмағы әркімнің көтерер күшіне байланысты. Мінезі салмақты, мәнісі - бақытқа барар жолында. Жалғыз кісінің басындағы бақыт тұрақты бола қоймас, қалықтың басындағы бақыт бар адамға ортақ. Себебі Жалғыздан жалпы жаратылады. Аспан, Күн, Ай, Жер, Су жалғыздарға бәріміз ортақызы, сондықтан олар жалпыға - адамзатқа тән. Өмірден қанағат, бақыт, рахым табамыз. Өмір жақсылығы адамдарға ортақ, сондықтан біз бір-бірімізге керекпіз.

Бақытқа барар жолда жолсеріктерімізді ұмытпайық.

Эпилог

Өмірге де, өзіңе де, өзгеге де қажетті жасалған іс-шара бақыт әкеледі. Бірақ бақыт үшін не керектің сізге өзіңізден басқа ешкім айта алмайды. Ал жоғарыда айтылғанның бәрі жоба, жетек, мысал үлгісі ғана. Сізге бақытқа барар жолдың қандай болатынын ескерткендейміз. Ал сол жолдардың дұрысына түсу, өз қолыңызда, өз ақыл парасатыңызға лайықтап таңдап ала аласыз. Қандай жолдың да кедергісі болады, тегіс асфальт деп ойлаған жолдың өзінде де ойшұңқыр кездеседі. Біреу құлап, тұра алмай қалса, біреу тез тұрып кете алады. Жолдан шығып кетпей, не ауып кетпей бақылап отырған адам көп қате жібермейді. Бақыттың арқауы бұзылмай әдемі қалыптасқан өмір – Бақытты өмір. Өзіңіз дұрыс болған сайын басқаны да дұрыстыққа жетелей аласыз, сіз айтпай-ақ ол сізден үлгі ала бастайды. Бұл да бақыттың бастауы.

Бақытқа барар жол жылдамдықты даңғыл болғанымен оның жиегі бар екенін ұмытпаңыз. Жол жиегінің қайда және қандай екенін жүріп өткен біледі.

Жолаушымы, жолыңыз Бақыт жолында !!!



АҚИРЕК АҚЗЕР НҰРЛЫ АҚЫЛ

*Ұлттың тегін таба алмаған ұлттар, өзге
ұлттың олжасы. Атамүрік.*

Жаза білсең ақылды елден ерек,

Роман жазып ұсақтау неге керек Ж. Ісләм.

8. Әр заманға өзінен шыққан Ұлы да, ақылы асқақ ұстазы да қажет.
10. Аспан да, Жер де, Су да барлық табиғат тірі жүріс қозғалысында, олар үнемі айналып, жаңарып, өліп, өніп, өсіп, жылап, күліп, қуанып, тоқтаусыз жүріп тұрады.
17. Земля не просто планета, на которой мы живем, а живое существо, которое способно дать, брать, убивать, рожать, рождать, плакать, утишать, дарить, т.д.т.п.
23. Аллаһның шын ниеттері:
Аллаһ сұлу. Сұлулықты жақсы көреді;
Аллаһ адал. Адалдықты сүйеді;
Аллаһ таза. Тазалықты тілейді;
Аллаһ қайратты. Қажыр-қайраттылықты қуаттайды;
Аллаһ дос. Елмен де, ермен де достықты қалайды;
Аллаһ әділ. Әділдікті уағыздайды;
Аллаһ өнегелі. Өнегелі ілім өміршеңдігін тілейді.
Аллаһ – барлық жақсылықтың тілеушісі.
25. Байлық та, алтын да жан шуағын мәңгі жылыта алмайды.
26. Байдың бар байлығын алып кедейге берсең де, теңдікті орната алмайсың.
890. Өмір атты әткеншекте тербеліп, елге келіп қосылады ел келіп.
980. Адам-құпия, адам қайталанбас тұлға.
981. Өз ақылың өз құдіретіңе қожа болсын.
361. Шіркін, қазақ-ай, тар төсекте бас қосқан, таңғы ас Тәңірден, деп, таңсәріден ас тосқан, жайсаң жүрек жандар ғой.
978. Айдынның аққуын, ананың әлдиін айала, әспетте, дүние отеди қас қағым, бір сәтте.
982. Дүние бір жатқан жұмбақ, әрі жұмақ
990. Жақсыдан жақсы қасиет жұғады.
363. Инабаттылық – тәртіптің көкесі, әдептілік - әкесі, ізеттілік – інісі, ибалы болсаң, шырағым, кем болмас, сірә, бір ісің.
365. Денсаулығы заманның - денсаулығы адамның.
366. Бастың амандығы - деннің саулығы.



979. Менің шағын әлемім адалдық, жақсылық, әдемілік кепілі,
мұның бәрі - денсаулықтың еншісі.
368. Ескіден қабарың болмаса, жаңаны немен салмақтарсың.
369. Қазақты жақсы көру үшін, оның тарихы мен мәдениетіне үңіл-
ген, кемелдікті мақсат еткен адам бақытты.
370. Жоспар құрып, жол тапқанша өмір зу етер, сол себепті ертерек
жақсы оймен жолға шық.
372. Алла берген сыйдан аспа, адам берер сыйды тоспа.
373. Екі ауыз сөзге тоқтау білмеген, бір ауыз сөзден жанжал білген -
көргені жоқ көр соқыр.
374. Жанжалы толастамас, қызығы озбас адамда келешек жоқ.
375. Қазақ-қалық. Қилы қиындықта, қызық пен шындықта көрсет-
кен бірліктерін, табан тіреген тірліктерін, ата-бабаға деген
жүрек сергін, намыс тілектерін күнделікті өмірде де көрсете
жүрсе, бұдан да ірі, Ұлы қазақ - Ұлы қалық болары сөзсіз.
376. Атақ мансап кумадым, ондай үшін тумадым.
Қалсам болар есінде, туған жер, дос, ортаның.
377. Аулақ жүр айтыс тартыстан, деніңе саулық әкелмес.
Мазасыз майдан не керек, жан жүрек оны көтермес.
378. Күстәналау, күнәлау – бойама өмір.
385. Татымы жоқ жұлдызды, құлай сүйген ұтылды.
380. Жалқау жанын жылытып жата берер.
381. Жаманға сөз қайтармағанның өзі де жауап.
384. Адамды сүю, шындықтың жолында күю.
386. Сәлеміне қарай кісіні таны.
387. Сәлемі түзудің Әлемі түзу.
388. Жүз жұлдызды қосса да Ай болмайды,
Жүз сұлуды қосса да Күн болмайды.
390. Наданды нәпсі күйелемек.
391. Көрем десең көңілді, жүрегіңнің көзін аш.
392. Жаныма келген кеңшілік бір ұйқас боп қалады.
393. Адамның ішкі Нұр сәулесінің үш аты бар: еңбекқорлық,
жақсылық, кішіпейілділік.
395. Арсыз - тәкаббарлық шексіздігі,
Аллаһ шеберлігінен аспақ емес.
396. Нағыз нәркес жаратылыс: нәзіктікке әуес, көркемге құмар.
397. Сарыарқа қастерлімсің құтты мекен,
Сұлулықты сүйгенге шабыт берген.



398. Адамның мақтаулысындай дара бол,
Тұлпардың баптаулысы дүлдүлдей бол.
400. Ақылың кең болса, мінезің тең болады.
401. Тірлік іс-әрекетінің тым көп болуы шындыққа кедергі.
402. Уақытым рауа (қуаныш), қарсы алам күнді қуана.
404. Табиғат тілін білгенге жомарт, білмегенге азап,
түсінбегенге ажал болуы да кәдік.
414. Өнер- махаббат, өмір- талас, махаббатсыз жандар ойға қораш.
415. Жақсы қалық болу үшін, жақсы текті босатпау керек.
416. Жақсы адам дегізу үшін, текті бабадан жаратылғанын естен
шығармаған абзал.
417. Тәрбиенің жаманын көр, біл; дұрысын ал.
418. Заман жаман деп, жамандыққа жүгірме, жамандықпен теңеспе
419. Өз сәнімен көрінсін уақыт ізі, десек те, сұлу болсын қазақ
қызы. Санасы салиқалы, ақылы биік, болсыншы болашақта
кыздың бәрі.
420. Отаның, отбасың ойыңнан, сәт, шықпасың, сонда ғана
қиындықты бұзасың.
421. Тулақтай туған жерің - Отаның.
422. Дүлей ажалын да дүлейліктен табады.
423. Шындықты шыншыл жүрек қана айта алады,
Меніреу, таскерен, жүрексіздер шындыктан корқады.
424. Бай мен бай дос бола алмай егеседі,
Кедей мен кедей дос болса, жетіседі,
кедей мен бай дос болса, басқа таласады,
Бәрінен де жүрек көңілі каласқан
Шын достық мәңгі жарасады.
425. Алыстағы туыстан, жақындағы көршің қымбат.
983. Парасат патшайымы - ана.
984. Ана руһымен сырлас бол.
991. Үлкенді сыйла құт – болар.
985. Иә, Әруақты түсінбеген тентіреп,
Тәңірді түсінбеген мәңгіреп.
Тәңірді сыйлап, әруақты құрметтесен
Аллаһ қуат сыйлап, Тәңір шапағатын берер.
988. Сағым жылдар, сағынсам сені жүрегім жырлар.



987. Адам көлемді деңгейді елестете алатын жерде. Ал қиалы болса, талай есікті ашып, талай шыңға шығып, талай терең көк теңізден өте алады. Сонда арманы асқақтай түседі.
2024. Білімде ұлылық, сұлулық. Білімсіз бұл өмір тұңғиық. Білімді данышпан саналы, өмірде мәңгілік қалады.
2049. Жыл өткен сайын ақылыға жалыныптымыз.
2050. Өтірік шындықты түйрейді, өтіріктен өтірік күйрейді.
2053. Уақытты қуатын адам: жетсем, ұтсам, алсам, болсам дейді, не алып, не ұтқанын біліп білмей өмірден өтеді, иаки уақыттан ұтылады.
2054. Арман, ой, тілегімізге мырзалау болайық. Ойлағанды іске асыру адамның өз күш қуатында. Еңбектен зейнет тапсақ, уақыттан оза шауып, өмір қызығына батып, тілегімізге жетеміз.
2055. Уақыт күнделік күнінің өлшемі ғана емес, бүкіл тарихың.
2056. Уақыт үнсіз ақылшың.
2057. Уақытын меңгерген адам шын биікте болады.
2157. Өмір атты эткеншекте тербеліп,
Елге келіп қосылады ел келіп.
Құтты болсын Қонысмайың, көш-қоның,
Маған берген Көңілшәйің - дос көңіл.
- «...Сөз де іс. Сөзің үшін атыласың,
Сөз де күш. Жауды сөзбен жапырасың.
Сөз өнер. Сөйлей білмей шашыласың,
Сөз ырыс. Жақсы сөзге бас ұрасың. /Ж.Ісләм/*
39. Сөзде мағына болса, сол жеткілікті.
43. Сөзі алғыр, өзі сыпайылар үнемі адамгершілікті бола бермейді.
44. Өзіңді күніне сәт-сәт тексер: ниетің шын ба, достарыңа адалсың ба, ана сөзін іске асырдың ба, әке сөзін есте ұстайсың ба, жақсылықты жадыға түйдің бе? Ойлап көр!
66. Естіген өтірік, көрген шын, қаңқу сөзбен жүрмегін.
72. Өзі бұзылғанның әуелі сөзі бұзылар.
88. Көз аясы - көл, сөз айаулысына - төр.
92. Жүректен шыққан жылы сөз жүректерге жетеді.
269. Сөзге шорқақ, есепке ортақ жандар да болады.
307. Сөз қадірлісі – жақсылық, - деп біліңіз.
306. Көкірегім- көл, созім- теңіз, жақсылықтан туады сөзім -егіз.
322. Сөз - екі өмірдің бетке шығар шырайы.



324. Бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып, жүз құбылған-санасыз бір салт шықты.
328. Сөзге тұру, уәжге жығылу, шежіреше сайрау естінің Әлеміне айналсын.
332. Дұрыс сөз- шырын, бұрыс сөз - қыңыр.
354. Сөз - атадан қалған асыл, бабадан қалған Бақыт.
355. Бір ауыз сөзге тоқтаған, бір ауыз сөзбен дау шешкен- қазақ.
359. Біреу шапқылап өсек жинайды, біреу зымырап Эссе жинайды.
373. Екі ауыз сөзге тоқтамаған, бір ауыз сөзден жанжал ашқан, көргені жоқ көр соқыр.
444. Сиқырлы сөзден сыр құйдым,
Саналы сөзден жыр түйдім.
584. Сөзде тұру, естің қалыптасуын жетілдіреді.
485. Сөз алыстырады ; сөз қағыстырады;
сөз шабыстырады; сөз жағыстырады;
сөз қабыстырады; сөз шағыстырады;
сөз жарыстырады; сөз табыстырады,
сондықтан жүректе сөз дұрысы жаратылғаны абзал.
586. Тосындық сөз ақында молырақ, жазушыда азырақ.
587. Бұралқылыққа, дүмбілездікке, селкеулікке, босбелбеулікке, қыдырымпаздыққа, жүгірімпаздыққа, жүрісшілдікке, жүгенсіздікке, т.б. желеусіздіктерге жол бермейтін сөз, негізінен ақыл, тағыда ақыл.
646. Күй қалар домбырада тартылмаған, сөз қалар ақын, ғалым, данышпаннан.
648. Сөзің толық, тілің анық болсын.
649. Сөзге сенбесең, көзге сен.
650. Өзі бетсіз, өзі сәнсіз, сөзі нәрсіз.
651. Сөз өнері асыл да, әдемі Әлем..
662. Жетер ме саған әнімнің сөзі, ақ таңда таппай отырмын төзім.
759. Сөзбен тіл - егіз Әлем.
762. Үгіт сөзге құлақ жоқ, жігіт сөзде бұрақ көп
776. Доллардың қолы ұзарып, сөзі қысқарып барады.
2026. Сөздің іске ауысқаны күт болар.
1030. Ақ сөйле, ақ сойлесең нақ сөйле.
1031. Дүние кезек, сөзге де беріп тұр кезек.
2065. Сөз - қару, қыз - ару, ер- азамат, бала - аманат, баба - мәртебе, ата - айбат, ана- қасиет, даналық - өсиет.



2066. Өмір құбылысы - сөз.
2067. Сөз - дүниенің асыл тасы.
2068. Қара сөз - қаруымен, дарын сөз - еңсесімен, асыл- сөз ұстанымымен, есті сөз-ақылмен, даналық сөз-даралығымен, бала сөзі – бал тілімен қадірлі.
- 2069 Би сөзі - билігімен, қыз сөзі- қылығымен, ана сөзі - әлдімен, әже сөзі - аңызымен, ата сөзі - қатуымен, баба сөзі-батасымен, барымта сөзі- бәтуәсімен, назым сөзі -әуезімен қасиетті.
2070. Сөздің атасы - бірлік.
2073. Жүректің сөзі - зерделіктің көзі.
2074. Сөз өлтіреді де, сөз құтқарады өлімнен..
2075. Жалған сөз азаптайды, жабайы сөз мазақтайды.
2076. Асыл сөз - әрі нұсқа, әрі қысқа болады.
2078. Сөз - дене саулығының күші
2080. Сөздің салмағы болсын.
2081. Сөзде айтқанға дейін бір салмақ, айтқаннан кейін қос салмақ болады.
2082. Сөз сауалы мен жауабының ара құндылығы болғаны абзал.
2089. Мақал, мәтел- маржан сөз, қоса көрме арзан сөз.
2090. Воля - еркіндік, свобода – бостандық, ол - екі сөз.
2091. Сөз бен тіл егіздер, бірін- бірі негіздер.
2093. Жаман сөз жаныңа кірген тікен, жақсы сөз таптырмайтын ем.
2098. Сөзім қанатым, тілім тілегім.
2099. Сөз – сұлу бұлақ, сөз – көкмайса құрақ.
2101. Әр сөзді безбендеп, салмағын саралап айт, себебі сөзді қайтара алмайсың, айтылған сөз атылған оққа тең.
2102. Әйелі, не күйеуі бәдік болса, ауыздыға сөз, аяқтыға жол болады
1104. Сөзің анық, жүрегің адал болса, өмірің жарық болып өтеді.
2132. Сөз ұғынғанды ойға жетелейді.
2134. Жақсы сөз - қанағат.
2135. Сөз қалжыңы сабырға салар.
2137. Сөз салиқасы ақылдан.
2142. Сөздің де нұры бар.
2143. Сөз нұрына ұшқан құс, жүгірген аң жете алмас.
2144. Шорқақтың аузына сөз түспес.
Сөзге шорқақ, сөзден қорқады.



2145. Сөздің бәрі асыл емес, сөзшеңнің бәрі ақын емес.
 2146. Сөз шындықтың отын жағады.
 2147. Сөз ішкі сырдың пернесі, қағысына қарай үн шығарады.
 2148. Сикырлы, сырлы сөздер-ай.
 2149. Сикырлы, сырлы, сұлу да сырбаз сөздің сырын сүйдім.
 2154. Сөзді қуа берсең, сөз де балалап туа береді екен, (мәселен, «өлді» сөзін отыз түрлі сөз тіркесімен жеткізуге болады екен).

Сөйле де, зарла қызыл тіл». /Абай/

Ұлы Дала ұраным,

Төрімде тұр құраным.

Дәнекер бол, деп тіліңе

Ұл-қызымнан сұрарым . /Тұрсынхан/

2. Тіл - үлкен мәдениеттің бастауы. Тілсіз, дінсіз мәдениет жоқ.
 6. Тілі ұзынға уайым тас төбесінен төгілер.
 70. Тілсіз, дінсіз Болашақ ойшылдыққа жарамас.
 71. Қазақтың тілі өзінің дәстүр тариһы.
 331. Өнегелі тіл - өртең тіл, өнерлі тіл- көркем тіл.
 334. Тілдің тоқсан тоғыз тарауын адаспай тоғыстырған қазақтың өз данышпандары.
 336. Тіл тәкаббарлығын, сөз зердесін, ой дарынын ғибрат биігіне көтерген қазақ ғұламалары - дала перзенттері.
 338. Өмір тілі сыртылдаған сағат та,
 Ерте тұрам, таппай тыным, тағат та.
 356. Тіл асыл да, қасиетті, киелі, қастерлей білсең, қиынды қиыстырып иеді.
 358. Қазақ тілінің сыры, жыры, нұры - тіл;
 қазақ мәдениетінің сүйеніші - тіл;
 білім, ғылым игерудің көзі – тіл;
 тәрбиенің дінгегі де, ел еңсесі, тілегі де - тіл.
 588. Кедей тілдің оралымы келте.
 589. Қордасынан қоқым, қоқымынан қорда жасайтын да сөз, оны жеткізетін тіл.
 590. Өнегелі тіл - өртең тіл.
 592. Тілдің тоқсан тоғыз тарауын адастырмай табыстыратын білімдар ғалым, дана ақын.
 593. Толғауы тоқсан қызыл тілдің шабыт шаттығын шұрайландырған - Абай.



- 594 Тіл тәкаббарлығын, сөз зердесін, ой дарынын ғибрат биігіне көтерген - данышпандар.
- 595 Жетілген ақылың - заты асылың.
- 652 Береке, бірлік мекені - тіл.
- 655 Тіл барлық адамда бар, бірақ әртүрлі: бірі жұқа, бірі қалың; бірі ұзын, бірі қысқа; мазмұнды да мазмұнсыз. Бірі әрлі, бірі әрсіз, бірі нәрлі, бірі нәрсіз, кейде сонша әлсіз. Дегенмен, тілді басқаратын Бас қой. Ал бастарға қараңызшы: түрлі-түрлі, бүрлі-бүрлі, қырлы-қырлы, сырлы-сырлы. Сондықтан болар тілдің аласы мен құласы, маңызы мен мардымы, бақұлы мен ақылы болатыны.
656. Түрлі тіл білсем де, жырым, тек, бір тілде.
2094. Тіл сорламасын, намысты қорламасын.
2095. Бөтен елмен егеспейік, өзге тілге мінгеспейік.
2096. Мемлекет тілі - Мемлекеттің мәртебесі.
2097. Тіл - тірліктің айғағы, жігердің қайрағы.
2098. Тіліміз барда тіріміз.
2099. Құрмет пен ізет тілге
2100. Елім тіліме, тілім Еліме бас иеді.
2108. Әр ұлттың мәдениеті өз тілінің, өз ұлтының ұлылығын көрсетсе керек.
2110. Тілімде кендігі даламның, тілімде мінезі анамның.
2111. Тілсіз қалық болмайды, өз қалқынсыз тіл анық болмайды.
2112. Тілді терең біліп, дамытқанда ғана тәуелсіз ел боламыз.
2113. Туған тілім - жаным, туған тілім - сәнім.
2114. Шұбалаң тіл, шолақ ой, сұлу сөзге жарытпас.
2115. Өнерлі тіл үндемей отыра алмайды.
2116. Жүрекпен тілдессен, бөтен тіл тыйылады.
2117. Тіл - қалықтың сан ғасырғы тарихы.
2120. Тілге қианат жасалған кезде тіл әлсіреп, қалық мәдениеті төмендей түседі.
2123. Әлсіреген тілді, мәңгірген мәдениетті көтеру үшін: жігер-қайрат, ой-сана, һәм үлкен руһ қажет
2124. Аспаны көк, жері майса, алтын күндей жарқыраған ашық та, айдарлы тіл - менің тілім.
2125. Менің тілім - анам тілі, қасиеті мен қадірінен айналам.
2126. Өте бай қазақ тілінің қиыны мен қисынын, сыйы мен сырын біліп, дұрыс пайдаланған жан: ақын, жазушы, әнші, сазгер.



суретші, ұста, оюшы, шебер, ғалым, кемеңгер болуына әбден-ақ болады-ау.

2127. Балдай тәтті бал тіл, сыйластыққа сый тіл, маһаббатқа ғашық тіл, сырбаз да сыйқырлы, сұһбаты сұлу, биік руһты қазақ тілі.
2230. Болашақ қазақ тілді болады деп, сенеміз. Бұған қоса ақындардың өлеңі, жазушы, ғалымдардың да тіл туралы айтқан тәлімді де тәрбиелі сөздері баршылық. «Тілім менің» атты мақаламда алпыстан аса түрін жинақтап, келтірген болатынымын.

Жасым үлкен, жүрек жас

Жолым қысқа,

жүрек һас (нақ, дәл). / Тұрсынһан./

660. Арқаның есен бөлсын ескен желі.
661. Бала кезден ақ ұлпа қанатын қақты сезім.
760. Фікірді толғай отырып, фікірдің пірін сомдадым, фікірін толғап дананың, қанатты фікірлер қомдадым.
761. Ұлтабарда жықпыл бар, жүректе терең түкпір бар.
Жақсылық жисаң көңілге, боларсың өмірдің төрінде.
68. Өз ана тілін білмеу ата-анаға сын, баланың болашағына мін.
69. Ана тілің айбатты айбалтаң болсын.
73. Не айтарыңды білмесең шындықты айт, немесе, көмейге кептеліп, тілге тіреліп, тіліңнің ұшында үршип тұрған тілегінді айт.
76. Бір қоғамдағы көптілділік ұстастырады; көпшілік қайссын кәдесіне қалай жаратуды біле бермей сапырылыстырады.
90. Бар бақыттың бастауы бақытты балалықтан басталады.
93. Әлем Қуаныш пен Бақыт үшін жаралған.
94. Уақыт желі қашан да өктем, себебі ол әр кезеңде әртүрлі соғуы мүмкін.
95. Адамдар күнделікті өмірін сағатпен есептейді. Ал сағат лездемеден (минут), лездеме сәттен (секунд), кірпік қаққанша дегеннен, тұратынын ескере білмейді-ау.
96. Жүрек сүйіспеншілігі кемшілдер сыпайылыққа жете алмайды, ұнатпай тұрады, иаки өзінің кім екенін әлі толық біле бермейді
98. Ешбір ғылым ашпаған, аша да алмасты, тек, бір жан кездейсоқ ашуы мүмкін, ол ең тыңғылықты, сезімі күрделі де тұрақты, елеусізді елей білетін ғана адамның ақыл-қабілетінен болып келеді.
99. Әр адамда «жоғарғы сана - жарық күші» бар боп келеді білем, тек біреуде аз, біреуде көп, әлдекімде жоққа тән. Бар болса,



- барды бағалай білмеудің өзі күш болар. Бұл күш-қуат Аллаһ күшімен еселенеді. Энергия - Қуат көзі,-деген осы болар.
100. Ұлы істер Ұлы оймен жасалып, ұлкен қаржымен жүргізіледі.
 101. Ұлы істі тегін жасайтын, тек, табиғат қана.
 102. Табиғат қаншама дүние-байлығын бізге текке береді, сондықтан оны ала біліп, қажетіңе жаратып, табиғатқа жақсы ісіңмен жауап жасап, қарымтасын қайтаруға тиіссің.
 103. Аллаһ сыйын (күшін) қысылғанда ғана емес, үнемі іздеп жүрсең, сонда өз ойыңмен тұрақты ісіңе орын табылады, өмірің жақсылыққа бөленіп, жарылқана жалғасады.
 104. Ақыр соңында жер де кебеді, орман да солады, адам да өледі, бәрі-бәрі өмірден отеді, ұмытылуы да мүмкін. Өлмейтін - өнер ғана қалады, ол- мәңгі жасайды.
 105. Маған байлық берме, балық аулауды да үйретпе. Мені өнерге үйрет, ойшылдыққа үйрет. Көл солады, балық жоғалады, сонда мен Бақыт жолын өзім таба алардай болайын, делінеді аңызда. (Һадистен үлгі)
 106. Дұрыс ұрпақ болуы үшін дұрыс құрсақ тап.
 111. Сұлулық Әлемді сақтайды, ал сұлулықты денсаулық сақтайды.
 112. Ашшы шындық ес сергітер, тым тәтті сөз кергітер.
 116. Сәулет пен дәулет үйлесе, өмірің болар шым кесте.
 118. Арман өмірге өскен гүл.
 120. Бабамнан бата қалмаса да, бата қалған.
 122. Аллаһ барлық істе оңдасын. Бабадан қалған жеріме бөтендер келіп қонбасын. Отанымыз бай болсын. Жүрек саулығы сай болсын.
 123. Қайырлы Қазақ елі - Ұлы Далам - Ұлысымның жері.
 124. Қазақ әйелінің шәпші ұзын, ақылы тұтқа. Мықтап ұстасаң адаспайсың.
 131. Бір ұлтқа ыңғайлы сайасат, басқа бір ұлтқа ыңғайлы бола бермейді
 132. Шындық асылы жүректен, өтірік өңештен шығады.
 133. Әр жақсы Күннің соңы адамды бақытқа бөлейді.
 135. Айта алмаған ешкімге, құпия сыр бар әркімде.
 138. Тауға шықпасаң, биіктікті қайдан білерсің. Биіктен құзға қарамасаң, тереңдікті қайдан білесің. Даналар сөзіне құлақ аспасаң, салиқалы білімді қалай білерсің.



139. Жастайынан еңбекті көріп, біліп өспеген, өмірдің заңдылықтарын біле бермейді.
140. Жазда жайлауың болсын, арайлы айлы бағың (сад) болсын, жұлдызды жұмысың болсын, еңбекпен жалғасып ғұмырың толсын.
146. Адамның да байсалы болады. Байсалының жауманы шәшінен де көп,— дейді.
148. Бартал көшті Бекпатша ғана бастайды. (Бартал көш -салтанатты көш, бекпатша - нар жақсысы).
149. Ер азаматтардың байсалымен бастас болғанына не жетер.
150. Уақыт төреші, ағайын арашапы,
151. Құлша жұмыс істесең, байша мәшине мінесің.
153. Қоғамда өтірікші көбейген сайын, шындық азайа түсуі кәміл.
154. Күн тәж киіп тұр, сондықтан дүниеге сыйып тұр.
157. Сенің де бабаң батыр, менің бабам да, атам да батыр, елдікті, ерлікті ту еткен солар, сондықтан олар айтуға тұрар.
159. Өмірдің өрі балалықтан басталады.
164. Пендесіне раббымның есімін алып жүру ауыр болар, ал әруаһ, руһтардың есімін қою, тым ерсі де, әрі қорқынышты.
165. Ұрпақ абыройлы да, айбарлы болуы үшін, орынды да тұрақты Атазаң өлшемі қажетті.
168. Өмірге келген екенсің, адамға тән ізің болсын.
170. Руһы мықтыға қиындық жоқ, ол ертеңіне жете алады.
173. Өз досың да өзің. Өз жауың да өзің.
176. Өз Абайыңды танымай жатып, біреудің Пушкинінен не табасың.
177. Өз Сәкеніңді сезінбесең, себебін өзіңнен сұра.
178. Ұраншыл Қазақ, ұрангер ұрпақ ұраныңды қазақ тілге ұластыр.
186. Любовь не искусство, а просто сама жизнь.
187. Любить надо всех и все: и природу, и людей, и животных, а самое главное себя, но с умом.
191. Заманға бәрін артпа, заманды жасайтын (өзің) адам ғой.
193. Шындықты пыншыл жүрек қана тура айта алады.
Жүрексіздер меңіреу, таскерен, ол шындықтан қорқады.
194. Ер сыйлағанның еңсесі биік.
229. Должен ли умный знать то, что знает каждый дурак?
230. Учитель не может быть бывшим.



231. Үкілі Күннен үмітімді үзбеймін,
Өзімді Таң Нұрынан өмір бойы іздеймін.
250. Дәстүр – мәңгі өзгермес заң.
251. Дәстүрлі қазақта Ұлттық міндеттер болуы да заңдылық.
254. Қандай да болмасын Әлемдік мәселе құр ұранға айналмай, мәдени рухани бірлестіктегі шындықты көздеуін қалт болмауын қадағалау аса қажет.
259. Ақыл төзімі үлкен өмір есігін ашады.
264. Жүрегіңмен тілдескің келсе, сезіміңді меңгере біл.
266. Алпауытқа да ақыл мен парасат керек, сондай-ақ бизнесменге де білім мен тәжірибе керек. Құр кеуде, жалмауыз ақша алысқа апармас. Үйрену, тер төгу де бар. Салмақты кеудеге емес, басқа, ақылға салған жөн болар.
267. Бейбітшілікті өзіңнен тапсаң, оны барлық жерден кездестіресің.
270. Туған Жердің Таңы жарық, Күні ыстық, Жері майса, Суы бал.
272. Сырым да сымбатым да - ауылым.
274. Ел қазығы - Ауыл!
277. Ғылым мен ғалым да, ағартушы мен ақын да, емші мен диһаншы да, зергері мен ұстасы да - аул перзенті.
282. Ауыл - Ел тариһы.
286. Қашанда, қайда жүрсең де ең қажет қаруың - Білім!
277. Өз тілін жақсы білген бала, басқа тілді қажетінше өзі-ақ меңгеріп алды.
779. Күпсінбе, балам, байсынып, жылқы ішінде «тайсынып», шындық көңілің бапталса, жүрек, көңіл, ар жүйрік.
782. Бала бақпа, адам бақ.
783. Әке шешеге сеніп өскен бала әке шеше бола алмас.
784. Түске дейін ұйықтаған бала, кешке дейін көзін уқалар.
785. Керек іс бозбалаға талаптылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
787. Таудан төмен құлаған су, жерге жетсем деп асығады,
Алыста жүрген Ер елге жетсем деп асығады.
788. Талапты Ер - Нұр жауған ер, талапсыз - қар жауар дер.
802. Тіл - көркем ойдың, биік сезімнің құралы.
810. Ұлтжанды азамат өзгеден бұрын өзіне талап қояды.
812. Жаны таза, намысы биік, жайсаң адамдар көп болса, Әлем әдемілене түседі.

839. Еңбекпен нан тап.
 861. Әр ұл Төлеген болса, қыздарымыздың Қыз Жібектей қылықты боларына сеніңіз.
 879. Көргенсіз кері кеткенге ереді.
 882. Талап көп, дарын біреу.
 885. Мамандықтың ең жақсысы өзіңе ұнайтыны.
 895. Құлағанды көтеру үшін еңкей.
 897. Жанұйанды жаныңнан артық көр.
 900. Адамға мейірімді, еңбекке пейілді бол.
 901. Олжасты оқысаң ойың орамды болады.

Ақындарын Елімнің бағалаймын,

Көсем сөздің көшесін аралаймын. /Тұрсынхан/

7. Ақынға қашанда алдына бас иетін Муза керек. Ақын біреуге ғашық, бір затқа құмар болмаса, өлең тумайды. Ол мінездің тұрақсыздығы емес, жүректің оттылығы, жанының нәзіктігі, қана жүйесінің ғажаптығы.
12. Романтикалық ойларға күндіз емес, түн құшағында молырақ шомудың себебі неліктен екен?! Сірә, тыныштықтан болар...
20. Жазушы заманының жоқшысы, ақын заманының сақшысы.
115. Ізденіс - шығармашылық қайнары.
163. Өнер - білімнің ұстаханасы.
206. Жазамын бүгінгіні болсын деп, ертең тарих.
220. Ақын - Әлем, ол – Индивидуум (даралық).
312. Ақынның тағдыр таңы тым ерекше.
314. Ғасыр үні - тариһы қазағымның.
315. Өлеңім ізгілікті ала келді.
316. Ақындық өнер - сөз өнерінің аса қадірлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемнің тоғысуы.
317. Ұлт әдебиетіндегі сезім мен ақын сырының шабыты астасуынан көрінетін әсемдік әлеміне, өлең сөздің қасиетті биігіне басып, оны өнер атаулының ең биігіне санап, қазақ ежелден-ақ әділ бағасын беріп отырған.
318. Өлең - ақын жанының кеудесін кернеген, жүрегін тербеген қуатты ойдың жемісі.
319. Ойды сұлу өрнектеп, көркемдеп, әсемдеп жеткізу үшін ақынның тіл шеберлігі тым қажет.



320. Жазушының жаны сөз шырайынан көрініп тұрмақ.
321. Ақын дарынының сипатын таныттар: сөзінің құлпыруы, шалқуы, күлуі, күрсінуі, сыйы мен сырлы сұхбаты болар.
323. Қазақтың асыл сөздері тамырлы, несібелі, қазыналы, қайратты
325. Ұлт ақыны ұлттық сөз топтайды, қалық ақыны қалық атынан сөз саптайды.
335. Толғауы тоқсан қызыл тілдің де шабыт паттығын шұрайландырған ақын деп танымыз.
343. Нағыз философ ақын ешкімнің алдында кішіреймейді, ештеме іздемейді, ешкімге жалынбайды, оның адамгершілік абройы бәрінен де өзіне қымбат.
352. Өлең, шіркін, қанаты жетілген жыл құсы, жүрек түбінің жан сарайында бұғынып жата бере алмайды, жетілген сәтте-ақ самғайды.
353. Назира-Назым, кешір мені, мүмкін саған кеш келдім.
Себебі: бала туып, бай бақтым, сондықтан
Поэзия жүрегінің қақпасын кеш аштым.
Анда-санда бір жазып, көкіректегі сезімнен
Бірде жылап, кейде азып, таң асырып, дір қақтым.
Жазбасыма қоймадың, түкпірінен жүректің,
Жыр маржаны жарқырап, сыйа алмай жанға
Төгіле тасып, тау-тасты жара жарыстың,
Мақтаным боп менің, мақтаны бөл елдің. Тілегім!
403. Кемел қасиеттерді жаңартушы да, жаңғыртушы да ақын.
406. Ақын мұңды жырласа көңіл кірінен арылғаны.
407. Ақын көңіл шерін жазбаса, жан күйін жарақат басып, жан дүниесі құлазып, жүрек сезімі тотыққандай болады.
435. Құпия жыр болады жазылмаған,
Құпия сыр болады айтылмаған
Құпия, сөзі болмағанда
Құпиялық та болмаған болар еді.
436. Жазирама жеткізем жырмен жылу
484. Ақын жүрек тым нәзік, мінезі бірде дауылдай,
Лүфіген жүрек басылмай, өлмесін ақын ауырмай.
485. Жетекке ақын жүрмейді, арам көз есерді сүймейді,
Дегенше уақыт зымырап, танылу жыры түлейді.
508. Ғайыптан келген шарапат, Аллаһдан келген аманат,



- Ақындықтың Әлемі даралық болар, жәмиғат.
509. Маһаббат, деген таң гүлін жүремін айтып ән қылып,
Ақын, Әлем - жалғыздық, маздатам отын ән қылып.
573. Ақындық - сөз өнерінің биік өлшемі.
574. Ұлт әдебиетіндегі сыр мен сұлулық - әсемдік әлемі.
630. Дала - дастан, өмір - кітап, мен соның бір парағы.
509. Ақынның қыран қиалы, қиаға қыран қарайды,
Жақсыны жаны қалайды, достықта ақын арайлы.
623. Жырымды біреу оқыр, біреу тоқыр, ұққаны ұғар, ұқпағанның
болады көңілі соқыр.
638. Адамның арманын өлеңмен өзіне арнадым.
Сырының мазмұнын сөзіме жалғадым.
821. Әр ақынның өз көзі, өз ойы, өз сөзі болуы керек.
850. Абай мен Мұқтарды олардың өз тілінде оқығанға жетер жоқ.
855. Ақындық, суретшілік өнер өмірден әрқашан биік.
Ол өткенді, бүгінді, болашақты көре алар дәрежеде.
1014. Жазушы мен ақын қалықтың руһани көсемі, жаны, жүрегі.
1015. Жас ақын - болашақ, қарт ақын - өткеннің үлгісі.
1039. Әр жылым - роман, әр күнім - новелла.
1059. Ақындық кәсіп емес, Алладан адамға берілген тағдыр сыйы



ТӨРТТАҒАН

- *** Қарапайым мен бір жанмын
Қалқыммен жарасамын.
Отаным аман болса,
Биікпен таласамын.
*** Ата - анадан жалқымын,
Жалқылық өмір талқысы
Мәпелеп сүйген ата - анам,
Пейіште нұрың шалқысын.
- *** Ақ жауын -ау, ақ жауын,
Айдын көкті арала.
Ақшағала аймалап,
Толқын төсін жағала.
*** Айаулы көктемім,
Күледі көкте күн,
Қалауым, көктемім,
Өзіңмен бірге көктедім
- *** Дала жым-жырт, тамаша,
Ғош иісті айнала
Гүлі өсіп, шөбі толқыған,
Сүйемін жерді балаша.
*** Нәзік те көркем гүлдерім,
Көктемде нәркес гүлдедің.
Айалап, өбіп аймалап,
Жинадым алуан түрлерін.
- *** Айлы түн астында
Ақ гүлдер қасымда.
Өзінді сүйдім,
Басқаға қимай, күйдім.
*** Тұнған ой түйсікте,
Тұншықпа сезімге
Жоқтан бар жасайды,
Жан жүрек сезінсе.
- *** Қайда барсам да,
Нені қаласам да
Менің ыстық жүрегім,
Қалады жыр төрінде
*** Туысың бере алмас,
Жақының көре алмас.



Досым бар менің қимас
Деген сөзді еш қазақ тыймас

- *** Ұлы Дала ұраным,
Төрімде тұр құраным
Дәнекер бол, -деп тіліңе,
Ұл - қызымнан сұрарым.
*** Есейгенді ер жетті,- дейміз,
Есеюді ес кірді- дейміз,
Есерлеу өткен жас дәуренді
Ата - анаға еркелік,-дейміз.
- *** Ұлағатты ақынның
Еліне тиер пайдасы.
Тентек, содыр жігіттің,
Өзіне тиер найзасы.
*** Бір тәуекел бұзады,
Қайғының бар «қаласын»
Бір жақсы сөз жазады,
Мұң көңілдің жарасың
- *** Жыр құмарлық ақынды тербетеді,
Шер толқытқан көңілді сергітеді
Сен ақын ол ақынды оқи жүрсен,
Жүрекке сыр кұйып, жанды елітеді.
*** Қуансам да жыр жазам,
Мұңайсам да жыр жазам,
Армандасам алысты,
Жыр төгемін жалынды
- *** Ақ парағым асыл дос,
Үкілетем үлгі сөз.
Ақ бетінде сырғыған,
Ақ қағазға қалам дос.
*** Өкіндірме төзімді, өктем өмір
Ізгілікті жақтайды көктем көңіл.
- *** Жақсылық пен жамандық
Бірін бірі аңдиды
Жаман пиғылды адам,
Түбі бір күн қаңғиды.
*** Жақсылықты көп жаса,
Қайырымы Аллаһдан,



- Жақсылыққа жан тұшып,
Бақ пен бірлік жарасқан.
- *** Алтын күн, күміс Ай
Жылуын, шапағын шашады.
Туған жер төріне
Бар нұрын төгеді аямай.
*** Аулақ бол айтыс-тартыстан
Деніңе саулық әпермес.
Мазасыз майдан не керек?
Жан жүрек оны көтермес.
- *** Жалғыздық та қасірет,
Басынар кейде кесір кеп.
Жабырқама жасыма,
Алдыңда талай өмір көп.
*** Ақындар, ақындар,
Ақылға жақындар.
Ақынның жан сыры
Қуатқа табынар
- *** Жүректі тербеткен,
Құлашты серметкен,
Көңіл күй базарым,
Өлең жыр ажарым
*** Ұйқыны қуады,
Таң ата туады,
Бір ғажап сиқыр үн,
Жүректі буады.
- *** Самала жұлдыздар
Таң туа тарайды.
Сылаңдап, сығалап,
Ай сұлу қарайды.
*** Керек іс бозбалаға талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Туған жер, елі үшін ер күйеді,
Отанын сүйген ұлды ел сүйеді.
- *** Көгілдір аспан, алтын күн,
Күміс айлы мөлдір су,
Құнарлы қойнау, от жалын,
Өмірдің бес ғайыбы.



- *** Қырандай алғыр,
Сұңқардай өрде, биікте.
Тылсым сыр ұғар жасы бар,
Жаны жомарт, ой терең,
Сұлу да, сырлы заты бар.
- *** Өтірік деген дұшпан бар,
Отқа сүйреп салатын.
Шындық деген досым бар,
Биіктерге тартатын.
- *** Асылдық тағдыр киесі,
Нәзіктік жанның иесі
Жақсылықтың бәрі
Адам, саған тиесі.
- *** Мен бір жан қарапайым,
Қалқыммен жарасамын,
Отаным аман болса,
Биікке таласамын,
- *** Алыптар алтын бесігі –
Жүрекке әсер қалдырған.
Мектеп білім бесігі –
Жүректен жазу жаздырған.
- *** Жылауық жыр жабыспа етегіме,
Тілектерді қосайын тілегіме,
Арманымның Аққұсы өлең болса,
Қонақтасын Аққұсым жүрегіме.
- *** Көңіл, шіркін, көкденен,
Тынбай шауып, өрлеген.
Қалды алыста бала кез,
Алда биік бес белес.
- *** Әке баласын қорғайды,
Ана сәбиін қорғайды,
Ата немересін қорғайды,
Ер елін қорғайды
Елі ерін қорғайды.
(Айғыр үйірін қорғайды,
Аққу бірінсіз -бірі көлге қонбайды).
- *** Барлық істі Аллаһ оңдасын,
Бабадан қалған жеріме



Бөтендер келіп қонбасын,
Отан ана бай болсын
Жүрек саулығы сай болсы.

*** Қыс соңынан келетін,
Жазғытұры себеле
Жаңбыры құйып көктемнің
Өзеннің толар селебі

*** Самал салқын сананы ширатады,
Сол шымырдан жүрегің ширығады.
Салиқалы сезімге қанат бітіп,
Алға ұмтылып озады жыр тұлпары

ЫКАЙАЛАР

КҮНШУАҚЕЛ

(өсиет - қисса)

Ерта, ерте, ертеде,
Береке, дарын, бақ қонған,
Базарлы, баулы, байанды,
Бір ғажайып Ел болған.

Таулары заңғар асқақты,
Қар жамылған шың басы.
Түгін тартса май шыққан,
Шүйгін дала жайқалған..

Жер шұрайы қара орман,
Мөлдір бұлақ өзен-көл.
Өзіне ғашық етіпті,
Көрмегенге арман ол.

Сол Елдің үлкен-кішісі
Үлкенін сыйлап бата алған.
Күншуақел,- деп, аталып,
Кешіпті ғұмыр бақыттан.

Күншуақел ғажайып,
Ынтымақшыл болыпты,
Жігіттері ержүрек
Қыздары - ақыл, көрікті.

Ақылына есі сай,
Қыз-жігіт көркем аққудай.



Қариалары қадірлі,
Парасат шеруін тартқандай.

Бөтен жерге қызықпай,
Қызғанбай бөтен бақытын.
Өз жерінің келбетін,
Мақтан тұтып өтіпті.

Зырғып күндер, сырғып ай,
Жылдар да желіп өтіпті.
Қанағат етіп бақытын,
Адалдық тұғырға жетіпті.

Күндерден күн озғанда...
Күншуақ елін қызғанған
Бақытына қызыққан,
Қара жүрек жау шапқан.

Қапысын тауып бас салып,
Үрейін елдің қашырған.
Қаруға қолы жете алмай,
Батырлар жүрегі қарылған.

Қапаланып қарттары,
Арулары жылаған.
Қамдана алмай қапа боп,
Тұтқынға түсіп айдалған.

Аңдыған жау алады,
Қанқұйлы дұшпан жарағы.
Қозыдай елді көгендеп,
Қорғанға үлкен қамалды.

Тас қорғанда қалың ел,
Ұшарға құстай қанат жоқ.
Телміре қарады Ай, Күнге
Құтыларға дәрмен жоқ.

Арада күндер өтеді,
Комекті қайдан күтеді.
Биік қорған, тас қамал,
Не амал, қайран бітеді.

Күндерден күн өтеді, бір күні мезгіл жетеді:

«Уа, тұтқындар!»-деп жар салды,
Мұнарадан жау елші.
Әміршінің бұйрығын
Жеткізіп, дабыл қағады.



-Бұйрыққа құлақ салындар,
Жақсылап ұғып алындар.
Құдіреті күшті Әмірші,
Мейірімі шексіз, жарлығы:

«Тұтқын болған әйелдер,
Сендерге азаттық береді,
Қолынан ұстар баламен,
Көтерерлік жүгімен, шығуына болады;
Қалған ердің азабы,
Әміршінің қалауы.
Тас қорғанның ішінде,
Ерлер ажал табады».

Мына пасық жарлығы
Күншуақ Елін жасытты.
«Іһан жарлығы екі емес», -
Деп жаршы дабыл қағады

Үш күнге мұрсат берілді,
Қан жылап, қалық езілді.
Ерлерін түгел қырғанда,
Ару, жас балаға кім пана.

Мұндай сұмдық ниеттен,
Қанаты ерлер қайрылды
Ақыл қосып, қайраты
Жұрағатқа үміт артады.

Бұл шешімнен тұтқында,
Күңіреніп ана жылайды.
Ажал күткен әкеге,
Балалар шулап қарайды.

Осы кезде ақ шәпті
Ананың даусы саңқ етті,
Ақылын айтты Еліне,
Үміттің оты жарқ етті:

«Сабыр, сабыр, бауырлар,
Көз жасы араша болмайды.
Көз жастан толса теңіз-көл
Боздақтар қайда, болмайды.

Өмір көші қатал заң,
Ақыл мен қайрат қосылсын.

Әміршінің қабары
Өз аузынан естілсін.

Сабырмен ақыл қорытайық,
Жау сөзінен қорықпайық,
Бұлжытпасқа ант етсін,
Дегенін сонда жасайық».

Ақ шәпті ана ойына
Түсініп, жете білмеді.
Үлкенді тындау дәстүрімен,
Сөзіне құрмет береді.

Тұтқындар қойған талапқа
Бәлденбей Әмірші келеді.
Жарлығын айтып, қайталап,
Һан сөзі берік!-дегені.

Ақ шәпті ана тіл қатты:
«Уа, Әмірші, ант еттің,
Шартыңды аузыңнан естідік,
Шартыңда тұр, қақпанды аш».

«Бердім уәде, анық сөз,
Көк Тәңір атынан ант еттім»,
Деп Әмірші, сілкініп,
Қақпаны аш,-деп, нұсқады.

Осы кезде ақ ана
Балаларын жетектеп,
Ақсақалын арқалап,
Қақпадан шықты Бақ қалап.

Алданғанын сезініп,
Әмірші деді: « бұл қалай»,
Ақ шәпті ана бұрылып,-деп еді,
«Көтерер жүгім осындай»,

Басқа әйел, аналар,
Ақ ана соңынан шұбырды.
Балаларын жетелеп,
Күйеу-жүкпен жүгірді.

Осылайша шықты олар,
Аман есен қорғаннан
Ақыл парасат Анадан
Күн шуағындай тараған



«Әйелдің ақыл айласы,
Қырық есекке жүк болған»,-
Деген мақал мәнісі
Таралған үлгі анадан.

Жер Анасы - Ер Ана.
Аналардың келбеті,
Сол Анадан жаралған
Күншуақ Елі ержетті.

Ұрпақтарға үлгілеп,
Қыз-келінін бұлбұл деп,
Күншуақелі сыйлайды,
Әйел ананы, тым, ерек,

Бұрыннан бетер құрметтеп,
Аналарын сыйлапты.
Сол күннен бастап Әйелге,
Оң жақтан орын сайлапты.

Ұрандап әйел атымен,
Тауға да атын беріпті,
Мөлдір бұлақ, көлге де,
Әйелдер есімін беріпті.

Ең қымбатты мұрасы -
Тілі емес пе Отанның,
Ана тіл, деп оған да,
Ана есімді беріпті.

Жер Анасы - Ана тілі,
Сүтінен ана жаралған.
Құрмет, қасиет, парасат,
Ана сүтінен нәр алған.

Күншуақел осылай,
Өмір кешті мамыражай.
Құрметтеп Әйел, Анасын
Сыйлайды жанын аймай.

Күншуақелдің қыздары
Ақылына көркі сай,
Мақтауға да тұрады
Мақтанайық осылай.

Бақытты Батыр аналар,
Ана тілдің қамқоры.

Күш беріп, ақыл жинаған
Жер Ана – ғұмыр-күш,кегі.

О, аналар, аналар, аналар,
Күн, Жұлдызға пара-пар,
Күншуақелдің төрінде,
Асыл тассың бәрінде.

Түйін: *Болашақтың қыздары,
Жақсыдан үлгі алыңдар
Жақсы келін, жақсы ана,
Алтын қақпа болыңдар!
Сланұлы Ақселеу,
жазған екен әпсана.
Оқығаннан ой туып,
Термеледім өлеңмен
Сұлу сөзбен ой түйін.
Сібірледі ақ таңда,
Дамылдайық Нұрбақта,
Аналарды, баланы,
Сақтасын, Ұлы бір Аллах!*

2012

ДІНДАР (әпсана)

Қаланың қақпа қасынан,
Даланың дауыл тасынан
Үлкен базар қасынан
Қайғы, соры басынан.
Мекке, Римнің қасынан
Күйдірген күннің астымен
Жердің басып ыстығын
Жат жерлік діндар келеді.
Майысып белі бүгілген,
Ашқарын, жарты жалаңаш
Түнеріп, көзі батқандай,
Жүрегі толы атқан таң
Соңында қалған саһара
Құмдары сыңси ән салған,
Күндері күліп шығады,
Жұлдыздар жайнап төбеде
Құстары сайрап үн қатты:



-Өмір осылай тұра ма?

-Иә, осылай болады,

«Таңқалардай дүние:
Өтірікшілер тозады
Өкпесі өшіп талады,
Мүмкін қолы жетпейтін
Шексіздіктерге толады.
Иаки, өзін де ойларсың
Мені де бір қолдарсың.

Бірінші, сен Аллаһға,

Екінші, сен өзіңе,

Үшінші, сен Еліңе

Төртінші, сен анаңа,

Бесінші, сен балаңа

Орындалсын жақсы ойың,

Қабылдансын тілегің.

Шын тілек тіле Тәңірден.

Жолдарда жолда қалады,

Жаңа жолды адам салады.

Болмасын елес айтқаным

Қабылда ұғып бағасын.

Жаратқан Тәңір пендесін

Бір өзі жебеп-желесін», –

Деп діндар, жолға қарады,

Алға басып қадамы

Дүниеден озып барады..

ТАРБАҚ (СУЫР) –АҢ

(һикаят)

Талай аң - құс жанымен

Емдейді емшідей тәнімен

Талай ауру жазылған,

Емнің дұрыс көзінен.

Талай аң - құс мекені

Дала, тауда, жазықта

Әлпі, Тарбағатайда

Тарбақ - суыр мекені.



Тарбағатай таулары,
Мекені сұлу Тарбаған *
Күйбең қағып, ін қазып,
Көктем сайын тынбаған.

Тарбақ іні-үлкен үй
Бес бөлмелі пәтердей,
Құрғақ жатар орыны,
Дәретқана бөлек үй.

Өте ұзын дәлізді,
Қысқы ұйқышың бөлмесі
Дамылдайды ұйқыда,
Бала-шаға, әулеті.

Дайындық күзден басталып,
Төсенішке шөп үйіп,
Алтай қыста ұйықтап,
Түс көреді пысылдап.

Қауіп төнер, қатер сәтке,
Арналады басқа есік.
Түске сенбес, ұйқы сергек,
Түйсіктері тым ерек.

Дұшпаны көп суырдың,
Бірі - адам, бірі - аю,
Тарбақ інін қопарады,
Тамақ іздеп долы аю.

Есігінен бірінші үйдің,
Тарбақ лебін сезеді.
Қасқырға ұқсап, аю мінез
Желжақтан иіс келеді.

Қысқы боран аяздарда,
Аю, борсық ұйқыда.
Суыр тарбақ, кірпі, жәндік
Ұйықтап өліп жатуда.

Бірақ қатер, аптық туса
Ойанар сәті болады.
Ұйқыны қуып, айла жасап,
Басқа есіктен қашады.

* Тарбаған (суыр) - Әлтінің Суыртауында және Арқа жазығында мекендейтін аң.



Жазда жазғы үй жасайды,
Көлеңкелеп жатуға
Дәретқана іннен жеке,
Сайланады аулақта.

Тарбақ аңның тазасы
Бұзбайды өзіндік қазасын.
Арам асты жемейді,
Жейді дәрі-шөп тазасын.

Қашса басын сауғалайтын,
Жайдақ іні тағы бар.
Қолға түссе, бетін басып,
Жылайды екен адамша.

Қолыменен дәнді үгітіп,
Жейді салып аузына.
«Жеті атасын» сақтағандай,
«Қыз» алады көршіден.

Азғын адам бейнесі,-деп,
Ұқсатады адамға.
Жұптасқаны пәтшағардың
Аумайды екен адамнан.

Осының бәрін көріп, білген,
Тарбаған - суыр өмірін көрген.
Сондықтан қазақ жемейді етін
Дертке қуат, ауруға ем дөп.

Септігі көп денсаулыққа,
Осыған не жетеді, -деген,
Тарбақ емші,кенші,елші,
Біледі қазақ, жетелі екен

Жүні сарғыш, жоны қоңыр,
Құйрығы қара, бауыры ақ.
Тұрқы шағын, мыртық аяқ,
Алдыңғы аяқ қолға ұқсас.

Алдыңғы тісі шығыңқы,
Бет қимылы адамдай.
Шаңқылдаған дауысы ашшы,
Жылайды екен баладай.

Тастақ жерден, борпылдақтан
Суыр інін қазбайды,



Қатты жерде жұмысы өнбей
Ит құсқа жем болмайды.

Аппақ тапқан көмірді де
Тарбақ қазып шығарған.
Шыңғыстауда ін аузынан,
Табылған тас пайза* болған

Ғылым тілде пайымы
Тарбақ екен кенші,емпі,
Аңшылардың, ғалымдардың
Толық бұған дәлелі.

*Осындай аңды бағалап,
Тарихын жазған ғалымдар.
Бұлда білім ойлағанға
Санаға ілім салыңдар!*

АҚҚҰС

(зибрат)

Алыстағы асқар шыңның басында,
Мекендепті армандай бір сұлу құс.
Сол өңірде ән шырқайды төгілте,
Әнқұмарлар сусындапты өмірде.

Шың басынан ән естіліп, төгілген
Ой толқиды сұлу Аққұс әнінен,
Тау мүлгиді, жел тыншиды елірген,
Аң аңырып, егілді аспан көгінен.

Құстың әсем әнін аңсап пенделер,
Жиналады асқар шыңның баурына,
Жиналғандар күтеді екен апталап,
Келгенінше Аққұс әнші бабына.

Әнге ынтық, жиналған ел-жұртына
Аққұс ұшып шығады екен ұядан.
Сылаң қағып, шыңға ұшып, тау асып,
Сайрайды екен әнге салып құлпырта.

Шырқайды Аққұс биік Әлем төрінде,
Самғай ұшып ашық аспан көгінде,
Маһаббаттың қуанышын,бақытын,
Шерлі жүрек жалғыздығын, қайғысын,

* Пайза-хан Шыңғыстың өз жазушыларына беретін белгісі (жетоны) болған.



Ән күдіретін ұқты ғажап табиғат,
Жан-жануар құс әніне табынад
Шер жүректің шерін басса әнімен
Сөнген жүрек ойанды үлкен сезімнен.

Маһаббаттың нәзік қылын шертеді,

Әні сұлу, маһамы бір ертегі

Осылайша үмітке от жағады.

Жиналған жұрт бір раһат табады.

Сұлу әннен дала гүлге оранды,

Тал, қайындар бүршіктерін жарады.

Аққұс әні жадыратып жаһанды,

Адам азат, Отан тыныс табады.

Арам пиғыл, қызғаншақтық қалған ба?

Ішітарлық та бел алған ғой жалғанда.

Аққұс даңқы Қарақұсқа жетеді

Жүрегі сыздап, кеудесі толды. Не етеді?

Өзінен басқа болмасын деп, жақсы құс,

Ұшып қонып байқастады маңайды.

Әнші құстың даңқы асқанын қаламай,

Қаһарға мініп, құса болып, аңдиды.

Аңдыған жау алмай, сірә, қойар ма,

Қарақұстар қара жүрек айар да.

Аңдуменен ұстап алып Аққұсты,

Бақастықпен өлтірмек боп тұрады.

Ақылды Аққұс тіл қатады жауына,

Бір датым бар, рұқсат бер, расында:

«Ен болмаса, қоштасарда өмірмен,

Соңғы әніме салып өтсем өмірден?»

Аққұс әні ғашықтарды елітеді,

Маһаббаттың жүрек қылын шертеді

Мұндай әнге Қарақұста елжіреп,

Меңзең, мүлгіп, беймаза күй кешеді.

Әнші сұлу Аққұс ақыл табады,

Ән құбылып, жүрек сырға толады.

Қош бол, - дейді Қарақұсқа, қамықпа,

Жақсылыққа арамдық жол тауып па?!



ПЕНДЕ. ҒҰМЫР. ДҰНИЕ.

(қалау байаны)

Пенде ғұмыр дүние
Талаптыға ой салар.
Пенденің жетпей есебі,
Аллаһ біледі,- деседі

Пенде ғұмыр дүние
Көшіп, қонып жүреді.
Өмірге бірі- ғашық боп,
Біреулері есіп, бөседі

Өлеңді құлай сүйемін,
Өмірге сонша ғашықпын,
Пенде ғұмырға қарамай,
Ебі жел болып ағышпын.

Өмірге терең бойлаған,
Білмедім пенде ғұмырды
Жеткізе алмай дүниені,
Жеткізер жеріне пендені.

Жалынды өмір жастықта
Өтерін ғұмыр білмейсің.
Өмір мәңгі болса да,
Ғұмырды мәңгі сүрмейсің.

Жақсыны талай жоғалтып,
Жанарларға жас тұнды.
Жазмыш солай болған соң,
Пенде ғұмыр аһ ұрды.

Аллаһға айан есебі,
Өмірден кімдер көседі.
Талай ақын, баһадүр
Ғош болып, көшіп кеткені.

Жақсының сөзі артында
Қасиет, қадірі қалады.
Жұрағаты еске алса,
Қабірі нұрға толады.

Жүректің талай бұлағы,
Тереңде қалды-ау аршылмай.
Өлең-жырдың комбесі
Ұрпаққа жетеді таусылмай.



Бізден де қалар талай жыр
Ақтұма болып апылмай,
Сол бұлақ көзін қайнардың
Уақыт ашар жасырмай.

Ақын - намыс перзенті,
Бақыттың батыл бастауы.
Шындығы - шаттық жемісі,
Наркескен сөзі баптаулы.

Ақыл-ойдың безбені,
Ақын - көркемсөз еңсесі
Еншісіне бұйырған
Сөздердің асыл термесі.

Пенденің бар-ау, көрмесі,
Өмірдің бар ғой бермесі.
Ақын нұрдан жаралды,
Ақынға өлім бермесі.

Кешпеген ғұмыры болса да,
Тұғырға шықсын таланы.
Өлеңі өксіп талмасын
Ақындар атаусыз қалмасын.

Кіршіксіз құрмет ақынға
Бұйырмас, кейде тірлікте
Бәрібір ақын өлмейді
Ғұмырлы өмірі бірлікте.

Ірі тұлға - ол - ақын,
Намысты сөзбен жаныған
Өлеңге іңкәр өмірі
Әлемге ғашық құлпырған.

Руһы биік ұрандай.
Мінезі кейде бұландай.
Арыстандай арқырап,
Жасындай жанар жарқылдай.

Ақындар жайлы аңыз көп,
Тап басып таны талантты.
Ақынсыз ғұмыр - пенделік,
Ақынын Аллаһ жаратты.

Пенде ғұмыр дүние,
Ақын сөзін сүйіндер.



Тастаса отқа жанбайтын
Асыл сөзін түйіндер.
Жауда ақынды алмаған,
Пенделік отқа салмаған.
Айылын жиып, патша да
Ақынға жала салмаған.
Пенделі өмір ғұмырлы,
Ақындар- құлы өмірдің.
Аллаһның сүйген құлдары,
Сүріндер өмір ғұмырлы!

ДАСТАН

СЕРІ АҚЫН - АҚАН

(жыр-дастан)

Атыңнан айналайын Ақан сері
Жалғапсың ата дәстүр серілікті.
Қарауыл Арғындағы сен болмасаң,
Серілік қасиетін кім біліпті.
Таныдың арабша оқып Әліпбиді,
Алмадың тоғышарлық табиғатың.
Сүйсініп дос, дұшпаның бұғып жатты.
Он үште сауатыңды сабақтадың.
Серілік жарасады ақылдыға,
Кіршіксіз, бекзада өмір, алғырлық та
Көкшенің көгілдірі көз байласа,
Серілік сөз бөлады ерек жайда.
Өмірі кіл ертегі серілердің
Сұлулықты серіден көрді жұртың.
Екпіндеп, желдей ескен жұмбақ өмір,
Секілді жалпақ жұртқа жат мінезің.
Сөз сұлу, өмір кербез егіздейін,
Серілік перілік қой дегізбеймін.
Фәрішта, сұлу сымбат, таза көңіл,
Сонымен тарих сөзін негіздейін.
Жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт,
Дос жігіт, нөкерлері жанына құт.
Мінгізіп бірдей бедеу, бүлде киіп,
Жігіттен жиырма нөкер алды жиып.



Жүргенде жігіттердің алдын бастап,
Боз киді, мінсе ерттеп бозды баптап.
Басында бұлғақтаған үкілі бөрік,
Біресе қара ат мінді мақпал киіп.

Қолына домбыра алып әнге салды,
Күрсінтіп сұлулардың пәсін алды.
Біресе торы мініп, күрең киіп,
Бұлбұлдың үнін салды тамылжытып.

Нөкерің бәрі әнші, һас палуан,
Ақанның әні өзгеше барлығынан.
Даланы күңіrentіп, ән салғанда,
Көкшенің биігінде шынар тұнған.

Тау-тасты күмбірлетті Ақан әні,
Аңырып, тыңдай қалды орман таңы
Өрмегін өредегі кемпір жиып,
Кестесін сұлу тыйып, билігін би тоқтатты.

Сүймесе тыңдар ма еді қалың елі,
Тау-тасы, орман тоғай, нулы белі,
Лақап ат, Сері,- деген елі беріп,
Ақанның әні-ай, деп тамсанды елі. ..

Атасқан Бәтима қыз қолға қонды,
Он жылда ұл-қыз келіп үйі толды.
Серілік сергелдеңге шідер түсіп,
Сайрандаған сері күн арман болды.

Серілік жоқтатпады Бәтіманы,
Әуезі - алғыр қыран, құмай тазы.
Жанымен жақсы сүйіп, баптайтыны,
Ақанның Еркекері жүйрік аты.

Жылына жүз түлкіні қанжығаға
Байлатқан Қараторғай бүркіті, әні.
Қысында жуан тоғыз қасқыр соққан,
Базаралы иті де көкжал мәні.

Атағың жерді жарды сері Ақан,
Аруға Ақтоқтыдай көңілі ауған.
Аспаннан тілегенің жерден тиіп,
Құлагер ат ерегі түсті қолға.

Қалдырып сері жайын, айалдайын,
Ол кезгі жақсылықтың бәрі уайым.



Танылған арғымақтық ат басынан,
Апай төс, салпы ерін, құлын-тайтын.
Құлагер құлын күннен бұла жүрген,
Еркесі көп жылқыдан ерге тиген.
Күртікте, қар үстінде тиген жерге,
Өлген малдай серейіп, ұйықтайды екен.
Баранды тай күнінде сыншы көрді,
Әбілторы нақ сыншы баға берді.
Тұлпардың тұлпыры әбден болады деп,
Әбіл сыншы сыналы сөзін терді.
Құлагер дөнен шықты дүрілдетіп,
Алдына қара салмай дірілдетіп.
Жүз сомға сатып алған үркеркері.
Бар аста қара салмай дара келді.
Ақан - сері, Құлагер - тұлпар еді,
Ақан десе білді жұрт Құлагерді.
Аузымен аспанда ұшқан құсты тістеп,
Барлық ас, әрбір тойда озып келді.
Ақынның жаны сұлу, күні сері,
Ойына Ұрқидай түсті пері.
Қосылды Ақан сүйген аруымен,
Үш айдай жүрді дүние дауышымен.
Ұрқиа шешек шығып, дүние салды,
Сандалып қаражерде Ақан қалды.
Жаратқан жұмыр басты жұдырықтап,
Жақсы көрген інісін және алды.
Үстіне қасіреттің қасірет қосты,
Маһаббат жүрек жазар, деді, тосты.
Айналып Ақтоқтыға келсе иіліп,
Шағы екен ұзатылар сәуке киіп.
Ақтоқты ризалық білдірмеді,
Өкпелі, бұрынғыдай күлдірмеді.
Қалайда Ақтоқтыны алмақ болып,
Улы өлеңмен айнытпақ көңіл-күйді.
«Бәрекелді Ақтоқты тапқаның ба?
Жібектен шоқ шекене таққаныңа
Бұдан артық Құдайдан не тілейсің,
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа»,



Мысқылдады күйеудің кемін айтып,
Тыңдамай, ару қызды алып қапты.
Ризалық көңіл күйін танытпастан,
Өкпелеген Ақтоқты қайрылмады.

Ашумен сүбесіне сапы салды,
Жаралы, өлмей ару тірі қалды.
Атасқан ақсағына қыз қосылып,
Серіні ыза кернеп, ашу басты.

«Ақтоқты кеткенің бе, шыныменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.
Басыңды Сарымида кесіп алып,
Өміріме даулассамшы құныңменен.

Дарианың қайраңында, қалқа бала,
Зарланып, ән шырқаймын, уайым дара»,
Деп Ақан толғанады, жапа шегіп,
Жерге төкті көзінің жасын егіп.

Дегенде, қалқа бала, қалқа бала,
Жүректі тілгіледің салдың жара...
Амалы таусылады, торығады,
Көз жасын төгіп, төгіп оңашада.

Серінің көңілін кім көтереді,
Жануар Құлагері қабақ керді.
Қос ардақ тойдан асқа табан тіреп,
Сағынайдың асына келді сері.

Барақбайдың ішінде қаны қатқан,
Үндемей тілін тістеп, ернін жапқан.
Асында Сайдалының дара келіп,
Құлагер алда болып, жұлдызпа аққан.

Барақбай қатуланды қанын тартып,
Жұмсады бір арамды иек артып,
«Алдыңғы ат бараң болмай, қылаң болды»,
Көлденең қапылыста дұшпан бақты.

Ел шулап, гуілдесіп, жат жылады,
Арамның соққысына не қылады?
Дұшпанның қастығына айла таппай,
Сорлы Ақан қара көзден жас бұлады.

Күні-түн күңіренді Ақан сері,
Құшақтап, басын сүйеп Құлагердің.



Күйінді осы асқа келгеніне,
Ерейменде қара бұлт төнгеніне.
Жарығым Құлагерім, сандалкерім,
Айтамын не бетімді туған жерім.
Көкшенің сайасында сайрандамай,
Ерейменге сені алып, неге келдім.

Мал да болсаң адамдай есті едің,
Шабарда көз жасыңды көріп едім.
Басыңды төмен салып жас бұршақтап,
Жануар бір сұмдықты сезіп едің.

Айналдым, жануарым, еркекерім,
Боларын жамандықтың білін едің.
Серілік есерлік пе, ескермешпін
Жануар адал досым Құлагерім.

Жарығым Құлагерім қолдан кетті,
Дұшпанның қастығымен қаза жетті.
Тарақты, Қаңжығалы, Керей, Алтай,
Қуандық, Сүйіндік боп намыс етті.

Қырмызы, қарақұлпы құйрығың-ай,
Сурылып тойларда озған жүйрігім-ай.
Жеріне Ерейменнің айдап келген,
Тәңірдің, қарасаңшы, бұйрығың-ай,

Деп Ақан күңіреніп, күрсінеді,
Ертесін Құлагерін жерге көмді.
Адамдай арулады ардақтысын,
Мен әлі жалғастырам дағдыр пәсін.

Жарлауыт жар басына көмді атын,
Қоштасып құлагермен, қайтты ақын.
Қасірет, қайғы арқалап Ақан сері
Келеді сүйретіліп, тосқан елі.

Қу дағдыр кейде шымыр тасбауыр ғой,
Қайғыдан қара көзі болды жауыр.
Сұм дүние жұдырықтап қос қолымен,
Айрылды сұңқардан да, тазысы өлді.

Қазақта не бір ғажап ырымдар көп,
Кейбірі ойланбастан келеді дөп.
Қалық айтса, ешқашанда қалт айтпаған,
«Жеті жұт бірге келіп, бірге қайтқан».



Ер жігіт тұлпарының тұйағымен,
Қадірлі құмай тазы, сұңқарымен.
Сылдырап аққан суды бойлай жүйткіп,
Алданар алма мойын сұлуымен,-

Дейді ғой атам қазақ мақалдатып,
Ақанды не қалды енді жұбатарлық.
Жан сүйген Ұрқиядан өлі айрылып,
Бал берген Ақтоқтыдан айрылды ақтық.

Айрылып Ақтоқтыдан санын соқты,
Сұңқар мен Құмай өлді, түк жоқ енді.
Айрылған Құлагерден қиын екен,
Қорғасындай қара түн қайғы басты.

Отызды Ақан жасы алқымдаған
Кешегі өмір өтті гүл жайнаған.
Есіктен кіріп келген жын қайғыдан,
Бықсып күйген өмірден басы айналған

Осылай сері ақын жүре берді,
Күндерде жүрегіне бір ой келді,
Көкшеде, Науан атты һазіреттен,
Жанына демеу болар сабақ екті.

Софылық дінге Ақан беріледі,
Қайғыдан сәл сейіліп, керіледі.
Малдан да, елден безіп, діндар Ақан,
Жан күйін тазартуға кіріседі.

Серілік Ақан жанын жас қылатын,
Сұлулар маһаббатпен мас қылатын.
Ол кезде сұлуларға жыр арнаса,
Енді ақын «жан тазалық» жазды жырын.

Қайғысын жойуға Ақан қадам басты
Жан жүрек жібітердей қара тасты.
Серілік қанға сіңген ыстық сезім,
Жазылмастай маһаббат күйін тартты.

Сұлулық, серілікпен ғажап дүние,
Жұрт оның түсінбейді бұл күйіне.
Ақанның ұғымсыз бір түрін көріп,
Ел арасын шарлады күңкіл дүние.

«Ақанды жын перілер айналыпты,
Серінің жан дүниесі байланыпты»,



Деді жұрт түсіне алмай Ақан жанын,
Қылығы, ісі өсеке айналды оның.
Жаз шығып, жан жануар жадырады,
Ел көшін жаз жайлауға қондырады.
Қоскөлдiң Сарыкөлі жағасында,
Ағаш үйде «алжыған» Ақан қалды.
Сарыкөл қалың қамыс зуылдайды,
Сықырлап қалың ағаш дуылдайды.
Сүреңсіз күңіренген қоңыр үйде
Ақанда күңіренген қоңыр күйде.
Түн. Тілсіз бала. Ақын қапа,
Баланың жаудырайды козі қара.
Сөзі жоқ, айтуға сөз тілі де жоқ,
Жаудырап, қарағанға көңілі тоқ.
Ақанның адамы жоқ айтатын сөз,
Күні-түн жаудырайды, тек, екі көз.
Әке мен бала көзбен қарасады
Мұң құшып күрсiнiсiп, тарасады.
Екеуі бірiн-бiрi сүйеу көрер,
Болмаса, тiрi жан жоқ, кiм бар демер,
Екеуі Сарыкөлдiң суын iшiп,
Сырт көздiң мазағынан аулақ жүрер.
Сол Ақан Жайлау жақты аралайды,
Жақсы кiм, жаман кiмiн саралайды.
Күмiс жүзiк көзiнен өткiзгендей,
Нас бедеумен жазда елдi аралайды.
Бедеудiң қос қанаты - сұлу екі ат,
Ақанның жүредi ылғи оң, солынан,
Ақанды қайда барса қошаметтеп,
Шығарып сап, жүредi тосып алдан.
Сол екі ат серi Ақанның айбынындай,
Ақанның қос жұлдызы байлығындай.
Ақанға тiрi жанды жолатпайды
Серi ақынның жүрегiн бек ұққандай.
Жүген құрық тимеген шу асаулар,
Тек, Ақанның тiзесiн сүйiп тұрад.
Ақанды шығарып сап, далада оттап,
Аттанарда алдынан тосып алад.



Ақын да әр ауылға көп бармайды,
Қарауылдың ішінен үй таңдайды.
Байыппен өзін сүйген ордалардан,
Дәм татып, ақ төсекке бек жантайды.

Сері жан қарайды үйдің жай-күйіне,
Таза ыдыс, қыл-қыбырсыз дәм түсіне.
Көрсө егер, салақ әйел, кірлеу үйді
Татпайды тамағынан не асыл берсе.

Қонбайды кір төсекке құс болсада,
Жатады шөп үстінде қыс болсада.
Аузынан пір, Аллаһны тастамайды,
Сәждеден бас көтермей аш болса да.

Жаз болса базарлайды көл жағасын,
Күні-түн күңіреніп ән жазады.
Жүрседе қу далада, әлде, ауылда,
Зарлы бір сарындармен ән салады.

Қалқы дал сері ақынның мінезіне,
Әрі жат, бәрі жұмбақ бұл ісіне.
«Жынды» деп, сөз доғарып қойар еді.
Шешен сөз, көсем түйін кемімейді.

Аузынан ақылды сөз бір қалмайды,
Ер шеше алмас түйінді Ақан шешті,
Екі жақсы қосылса, сөзі Ақан боп,
Тамсанып таңғалудан бір танбайды.

Ел көзі дағдарыстан тарылады,
Дені сау деп, сөзіне бағынады
Сөзі асыл, шешім дұрыс, әнші, ақын,
Мұсылман пері иесі боп табылады.

Өтірік өсекпенен өрбімеді,
Қате, дұрыс, не мынау жөн демеді.
Созылып, өлімсіреп, өсек өліп,
Сері өмірі аңыз боп өңделеді:

«...Сері ақын Ерейменге барған екен,
Құшақтап тұшпар бейтін талған екен,
Таң самалы салқыншалап жел соққанда,
Күңіреніп, мұңлы жырға салған екен.

Бір сәтте, қобыз қылдан саз естіліп,
Қоңыр дауыс домбыра шегін шертті,



Жан жаққа жайылғанда әлгі әуен,
Жібек желден сурылып, бір қыз шықты...
Ол келген Мұсылманнан пері қызы-
Еркесұлу Ақанның шерін сезген,
Ақанды жұбатпақ боп, желге мініп,
Мұсылман пері қызы жеткен екен.

Пері қыз мұңлы ақынды жұбатады,
Ән салып, шерін серпіп, уатады,
Сол түннен пері қызбен сері Ақан
Түнде бірге болады...», десіп жатты..
«...Жо, жоқ,...деседі енді бірі,
Ерейменде кездескен сұлу пері,
Ақанның тұқымында бар қасиет,
Келе-келе ақынға қонған екен...

Мекені перілердің Қоскөлде екен,
Әкесі Қорамса да сондай екен,
Бірнеше күн тіл қатпай, әкесі де,
Үйден шықпай бұғынып жатады екен...
Осы сәт, пері жары келеді екен,
Қорамсамен сыр-сұхбат құрады екен,
Ақанға пері қызын қосақтаған,
Шешесінің өзі де пері екен...»

Бәрін қалық «екен де екен», дейді,
«Көргендер де көзімен бар екен, дер,
Өтірік өтіріктен желбуаз боп, дегендей-ақ:
«Бір қойан бір қасқырды жеген екен».

Асылы сұлулықтың - Ақан сері
Барынан да, бәрінен айрылды енді.
Айдында зарлап жүзген сыңар аққу
Жұмбағың, сұлу сырың шешілмеді.

Ақанның жүйрік жанын шеше алмады,
Ақынның ой-дариасын кеше алмады
Аңғарып бір күш барын соқыр сезім,
Серінің өміріне кір-қоқыс жаға алмады.
Сырбаз сері өмірін кірлете алмай,
Жұмбақты ешкім тауып, кіл шешпеді.
Жанды мен жансыз пері қосақталып,
Ақын жанын өзіне билетпеді.



Өсекті дуылдатып, жел берген көп
«Тисе терек, тимесе бұтаққа», деп,
Оларды қызыл тілмен у-дай орған
Ақанның өткір тілі кінәлі дөп.

Ақынның шешен тілі удай орған,
Тиген жерін жегідей ойып салған.
Досы түгіл қасы да бетке келмей,
Пері жайлы сұрақ та қойа алмаған.

Ақанның ақылы артық дұшпанынан,
Жүрегі жаралы өмір қыспағынан.
Жақсының жақсылықтан нұры тасып,
Жорғалап үлкен- кіші ағалаған.

Ел ағалық елуге тайап қалды,
Жұмбақ өмір жасындай өтіп қапты.
Өткен күн қиалынан есі кеткен
Қиал-ғажап ертегі туып жатты.

Ешкімге ұқсамайтын ерекше паң,
Болмады Қарауылдан жанын ұққан
Досы жоқ жұбататын жары да жоқ,
Батпақшөлде қалғандай жалғыз адам.

Сол жолмен жалғыз жайау бара жатыр...
Секілді өзіне өзі жеке батыр
Табанын тас тілгілеп, қаны шығып,
Маңдайын күн күйдіріп бара жатыр...

Ойы жоқ қайда бара жатқанында,
Не үшін? Қайда? Кімге бармағы да?
Тілек те, үміт те жоқ, жоқ мақсат та,
Сезбейді қараңғының батқанын да.

Ақынның ышқынады жаны ысылдап,
Уланған, семген ойын бір ықтырмақ.
Қайғының мұзы қарып семген жүрек
Өмірден бастау алып бір тірілмек.

Тағы іздеп маһаббатты шарқ ұрады,
Қаншыл қыран қиаға көз қадады.
Өршіл өмір өлімге мойынсұнбай,
Ұшар құстай қанатын қомданады.

Үш ару бар, есінде, қиалға ерген
Шөбектің немересі - Ұрқиясы,



Шыңғыстың немере бір қарындасы,
Жамал қыз Жүсіп төренің баласы.
Үш аруға ән жазды «Үш тоты» деп,
Біреуіне байланды дара жүрек.
Ол байлау Жамал қызға тиді ерек,
Он бестен он алтыға келген, зерек.
Жамал қыз он алтыда, сұлу зерек,
Жүрісі, қимылы да сондай ерек,
Ару қыз жібек желден жаралғандай,
Құдайым, сері ақынның бағы болғай.

Алғандай тәлімдікті Жиреншеден,
Не деген майда тілі, өткір, шешен,
Бата алып Едігеден жетілгендей,
Данышпан, көңілі көркем, асыл екен.

Жүйрік жүрек сүймей, сірә, тұрар ма,
Не қосылмай, не қосылып тынар да,
Жолы болып, тауып жүрек қалауын,
Күйіп, күлден кебін кимей тоқтар ма.

Ақын жаны жас Жамалға тоқтады,
«Үш тотыдан» бөліп, жеке баптады.
Қалқа бала, деп есімдеп сүйгенін,
Жұртқа өзі жариа жырын тастады.

«Қыздарды мен қайтемін қылам-сылам,
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам,
Жаңартқан өмірімді қалқа бала,
Басы «жұм», ортасы «ми», айағы «ләм».

Бұдан соң жұрт, әрине, не демейді
Өмірде екі сүю бар демейді.
Өмірі жаһан құшпақ болған жүрек,
Сүю үшін жаралған сері жүрек.

Бағынбас сері жүрек жұрт сөзіне,
Өз жайы мәлім болар бір өзіне.
Жүйрікке құйын шабыс керек болса,
Жүрекке жану үшін сүю керек.

Өмір сәні, жүрек оты - маһаббат,
Көк пен Жердің арасы оған жәннәт
«Өмрде маһаббатсыз дүние бос,-
деген ғой, айуанға сен оны қос».



Махаббат адам жанын құбылтады,
Мұздаған жүйкелерді жылытады
Тіріліп ғашық оттан сайа тауып,
Ақынның шыбын жаны раһат тапты.

Сыртынан сүйіп, күйді, амлы не,
Жүрегі ғашық оттан жалын атты
Кемел шақ жас Жамалға тайана алмай,
Қыс пен жаздай арасы алшақ жатты.

Қиналды сүйген жүрек сыр айта алмай,
Жүрегін жалын серпіп, тайсалғандай,
Лаулаған ғашық оттан өртенді іші
Жата ма махаббаты іштен шықпай.

Өлім мен махаббаттан өте алмайсың,
Шындықты ауыздықтап, кесе алмайсың.
Күйдіріп махаббаттың ыстық шоғы,
Жүрегін Һас Жамалға жайып салды:

«Бұраң бел, жазық маңдай, сүмбілден паш,
Тартылған бойың сымдай, қиылған қас,
Ақ жүзің түстік жерден көрінеді,
Секілді жарқырайсың бриллиант тас.

Сипатың жұмақтағы Һорлығайын,
Көрген жан жамалыңа болады мас,
Сайраған қапастағы тоты құссың,
Білмейді қадіріңді бұл күнгі жас.

Айтуға тура түйреп жасың кіші,
Сыртыңнан иемденем, беу, қарындас,
Тау тасты шабыт қылған ақиықпын,
Жұтылмас сені ойласам ішкен асым», —

Деп Ақан жазды жыр-қат Жамалына,
Сәлемі, жүрек қаны қаламында
Жас Жамал Ақан жанын ұқсын қайдан,
Жазбады жылы жауап жарымжанға.

Мүмкін ғой ұққандығы сері жанын,
Ойлайды жас ару да әке жайын
Қалайша төре қызы сүйе алады,
Сүйегіне әкенің таңба салып.

Бұл мінез сері жанын тым күзеді,
Өртенді сері ақынның жан өзегі.



Жан сырын түсінбесе не өкпе бар,
Ғашық жүрек ақынды жаншып езді.
Жүректің әмірі ғой ғашық болу,
Ғашықтық сүйген жанға асық болу,
Ақынның жүрегімен сөз бөліспей,
Сүйгенін білдірмеді Жамал ару.
Сүйгенге сүю жауап болмайтынын,
Жасына жас көңілдің толмайтынын
Білді Ақан махаббаты бағасызын,
Жас ару сері ақынды ағасынды.
Сері жан іштей сүйіп, іштен күйді,
Түнеріп түн-күн демей өлең түйді
Күдіреніп жыр жазады, ән шығарып,
Жоғалтқан Тәңірісін тапқан күйі.

Толғауы махаббаттың тоқтамады,
Сүюді доғаруға оқталмады.
Тереңдеп махаббаты күн-күн сайын,
Сайрайды ертелі-кеш бұлбұлдайын.
Жамалдың ұзатылар шағы жетті,
Ойын-той айдын көлді дүбірлетті
Айдынның бұйра толқын жағасында,
Сынық қанат бір аққу мекен етті.

Жаралы аққу отыр жартас құшып,
Ескі күш ұмтылады еске түсіп.
Кетуге көтеріліп дәрмені жок,
Жылайды да жырлайды, жүрек жылып.
Бір сәуле қол созымда дара жатыр,
Күлімдеп оз жолымен бара жатыр.
Соңғы сәт жоғалады сәуле үзіліп,
Өлім мен өмір үні талас тауып.

Тұңғыық. Жаралы аққу. Жүрек сырлы.
Нал бітті. Сәуле сөнді. Өлді жыры,
Үзіліп бара жатқан жүрегінен,
Құйылды мұңды, сазды аққу жыры
Ән мұңы «Қалқа бала» - Жамалға арнау,
Әр сыры махаббаттың күйін шарлау.
Жамалға «Сырымбетті» арнады ақын
Үзілген үмітнің мәнін жалғау.



Шырқайды Сырымбетті асқақ үні,
Жылайды Сырымбеттей әннің құлы.
Естіген ел жылады осынау әнді,
Жылайды жас Жамал да ұғып мәнді.

Ән қалды қалықтаған Сырымбеттей,
Маһаббат толастар ма күні бітпей,
Мен ғашық, одан оны тілемеймін
Ғашығы әр жүректің көшкен елдей.

«Аулың қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына
Бидайыққа ылайық қалқа бала,
Бөктергіге қор болып барасың да.
а а а ау, Сәулем - ай,
енді есен бол - ай.

Аулың қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына.
Дариға қайрылмадың, қалқа бала,
Жүректің енді емі жоқ жарасына.

Алтын қайық жарасар күймесімен,
Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен
Қоскөл жаққа таныса киіп барған,
Бешпетінді бер қалқа түймесімен.»

*Пай, пай, пай, пай,
Сыңғыр бұлақ суындай,
Сырымбет әннің сұлуы- ай.*

Төре Жүсіп қонысы Сырымбет тау,
Ғашығына соғылды соңғы қоңырау.
Ақанның жүрегiнiң соңғы сыры
Ән болып қалықтады Сырымбет тау.

Ақан қалды тұңғыық қайғы жұтып,
Ғашықтықтың қайғысын жалғыз құшып.

Өмірі үнсіз, жырсыз түрге еніп,
Соңғы өмір ұғымсыз жат күйге жетіп.

Жүрегі қайғы жеді, жылап сөнді,
Дариға, жалын жүрек мұднан өлді.
Жаны терең жандар бар ойды баққан,
Ғашықтықтан өлгенді бар-ау ұққан.



...Алпысты алқымдады Ақан жасы
«Қара шекпен» қазақтың жерін басты.
Қоскөлге, Сарыкөлге салды қолын,
Амалсыз, Ақан көрді мұның бәрін.

Енді ақын жырларымен жер жоқтады,
Сарыкөлмен мұндасқан ел жоқтады,
Мұжықтар Сарыкөлге қожа болып,
Сері ақын Сасықкөлге ауа қашты.

Сері ақын сұлу жырмен «пері» күшқан,
Жетпісте жазылмады ауру дұшпан
Ұшқыр жан, жүйрік жүрек, сұлу іздеп,
Адамға үйлеспейтін мінез тұтқан.

Сері Ақан - ақын, әнші, әрі сұлу,
Шарқ ұрған ірі жүрек елде непеу?
Ғашық боп, махаббатты мәңгі іздеген,
Сері Ақан Орта жүзде жалқы, біреу,

Жетпісте сері ақын дүние салды,
Артында кербез әні, жыры қалды.
Шіркін-ай, жылы жүрек мұңға батып,
От болып жанған жүрек мұңға айналды

Эпиграмма: Серілік ержігіттің бір ермегі,
Талабы, тапқырлығы, еркелігі,
Бойында басқада жоқ өнер толса,
Өмірден тойат тапшас беу тілегі.

Өмірлер қосағымен жарасымды,
Ғашықтық ессіз, сәби бала сынды.

Дариға-ай, өмір сұлу махаббатпен
Сүйсіз дүние тілсіз, өмір мұнды

Жасымнан Ақан сырын елеп өттім,
Ғашық боп, кісілікті тірек еттім.
Әркімде болса осындай кербез өмір,
Сүйгенінің отына күйіп өтсін.

Серінің өмірі шын, бізге мысал,
Сүйгенді көзбен көріп, жүрекпен ал.
Әр заман өз тұсында зиялы ғой,
Бекем ой, ашық пиғыл, болсын тұлға.



МАЗМҰНЫ

Сөз басы.....	3
ӨЛЕҢДЕР Нұр Астана	8
Астана	8
Отан	9
Нұр Отан	9
Қазақтың елі	9
Ақиқат- өмір шындығы	10
Қазақел.....	11
Өнер ғой.....	12
Жайым бар дүниеге бос келмеген	12
Қуанамын.....	13
Билікке қалай қараймын.....	13
Сезім сыры.....	16
Мына өлке.....	16
Өмір және поэзия	16
Сүйендім саған, Тәңір.....	17
Һанқыз.....	18
Сенім	18
Осылай ғұмыр кешерміз.....	18
Өтер, кетер.....	19
Hoш иісті айнала	20
Таң рауаны.....	20
Құстар неге сайрайды	20
Басылмайды құмарым	21
Айтар әні.....	21
Жетермін бір күн.....	21
Ой	22
Ой толқыны	22
Мың сыр.....	23
Терең сыр.....	24
Жеңіс Күні жасасын.....	24
Дала менің жүрегім.....	25
Ақ бұлтым.....	26
Таң самалы.....	26
Есенбісің, көктемім.....	26
Жадыраған жаз келіп	27



Құрметті бол.....	27
Әйел! - деген.....	28
Ақын – адам.....	28
Ғибратнама, ой ғой.....	29
Нұр.....	30
Махаббат – ғашық.....	30
Болашақтың бағына.....	31
Күншуақ.....	31
Сөздің нұры.....	32
Қуаныштан жүзің жарқын.....	32
Аққулар әсем.....	33
Қарашы.....	33
Ұстаздар.....	34
Кім білген?.....	34
Несі айып.....	35
Бақыт келер.....	35
Бәрі ұйқыда, мен ояу.....	35
Таң қылып.....	36
Жеңеше – ай.....	36
Жан сөзім.....	37
Бір сөзден.....	37
Сол бейне мәңгі тірегім.....	37
Өлең – құрғақ сөздің айқасы емес.....	38
Ақын жаны.....	38
Ғашықтық.....	39
Бір тыныштық.....	39
Өмірдің кейбір сәттері.....	40
Ойпыр – ай.....	40
Мен солмын.....	40
Сұлулықсыз дүние тұл.....	41
Мейірім.....	41
Сұлу қарттық,.....	41
Әнші Жамал апайға.....	42
Алатау – Тәңір.....	42
Балалық кез ең.....	43
Тәңірге.....	44
Сөз.....	44
Қарақат түнге асығам.....	44



Оңтүстікке жол тартты	45
Жыр шашу	45
Жанарымды жақсылықпен ұштадым	45
Мұқағалиға	46
Қасым руына	46
Қазақтың асыл ұлы	47
Таулар алыстаған сайын биіктейді	48
Заманға жоқ зианы зиалының	49
...Тіл, дініміз – қазақ	50
Ел өскен	50
Нұрлы өмірді сүйемін	51
Нәзік сезім	51
Өзен ағады арнасымен	51
Мен бір жұлдызбалықпын	52
Салайын сөздің сарайын	53
Тіл тиегі	53
Сүйем сені, туған жер	54
Ғашықпын	54
Дариға-ай, шіркін	54
Тілек үн	55
Әлемнің баласымын	56
Ақылды мазалайды	56
Ақылнама	57
Үндесу	58
Шариғат	58
Иман сөзін байыпта	58
Жәмиғатқа һүсниқат	58
Өмірден көңіл айнымас	59
Өлеңге аманат	60
Құстар келді	60
Асыл ана	61
Болашаққа	61
Бұл менің ғасырым	62
Сен үшін	62
Ей, жастық!	63
Аллаһ біздің піріміз	63
Сендерді сағынамын	64
Таныс өмір	64



Жігіттер қызға ғашық, ал біз ше ?	65
Ғашықпын өмір өзіңе.....	66
Біздің үйдің бұрышы	67
Әуезді мүмкіндік.....	68
Есімде.....	68
Қызық дүние-ай.....	68
Сары белден сарғайып, таң келеді.....	69
Сауығу.....	70
Жолдау	70
К* -ге (А.С.Пушкиннен)	71
Бұлт	72
Құстар ұшып келеді	72
Шайыр ағашы.....	73
Жапырақ.....	74
Көктемгі сезім	75
Элегия - мұң әуені.....	75
Есімім қаласың ба	76
Өмірді сүй үзіле	76
Бақыт құсы.....	77
Аллаһның ғажап сыйлығы	77
Ұлы жол – ұлы күш	78
Сөйле, қазақ!.....	79
Кімге айтамын?	80
Амал не?.....	80
Бұл сөзімнің мәні бар	81
Азияда салған әнім.....	82
Туған елі.....	82
Әйел – әже	83
Сыйындым, аллаһға сыйындым!	83
Төрт түлік пірлеріне айтар мұным	85
Ерек ақыл.....	87
Көңіл іңкәрі	87
Әсем әнім шалқысын.....	88
Кербез қыз	89
Үш үміт.	89
Жусанды дала байаннамасы	90
Жайылым	91
Ақ бидай	91



Боз көде.....	91
Тәтті өмір.....	91
Күрмеуі көп дүние.....	91
Бес күндік жалғанда.....	92
Заман-ай.....	92
Өлеңімде өмір бар.....	94
Ой құрсауы.....	94
Жақсы іс.....	95
Сәресідегі ой.....	95
Ұқсау.....	98
Өйтолғақ.....	98
Болашағың ертеңің.....	99
Қазақта бәрі бар.....	99
Біреу жалғыз.....	101
Шындық үшін.....	101
Шындығым шырайланған.....	102
Мектебім.....	103
Арқа жеріндегі Арғын елінің бір тармағы болып келетін Аралбай баба асына.....	103
Ел дамуы.....	105
Ғажайып Қарқаралы.....	106
Жарық сәуле.....	107
Алпыс бес.....	108
«К» күз көңіл.....	108
Сыбдырыңнан сыр ұқтым.....	109
Дәурен.....	109
Көктем мәңгі.....	109
Өлеңге.....	110
Күз дегенін.....	110
Өмір нотасы.....	111
Толғаныс.....	111
Мата (кездеме) жайлы.....	113
Өмір, өмір.....	115
О, мать.....	116
ООВО учителі «Ұстаз».....	117
Мен қалам адам боп.....	117
Таста да бар тіршілік... ..	118
Күй тыңда.....	119




Үнсіз әуен	120
Гәте мұсылман	122
«Киелі кітапты» оқығанда туған ой	125
Рәббім Аллаһ!.....	126
Өсиетнама.....	127
Түн – әткеншек.....	128
Бір әріптен сөз бастайық	128
Нәзира, Назым.....	129
Махаббат қой тұтқасы бұл өмірдің	129
Дүниенің бар дейді бас – аяғы	130
Момынның монологі	131
Өмірдің бес ғайыбы	133
Ебінің желіндей.....	134
Есігін қағам... ..	134
Өмір айан	135
Өмір неден тұрады немесе Ескереді ертеңім	135
Ақиқатым ертеңім.....	136
Ата сертке жетеді.....	137
Ескіrmес елес.....	137
Жолымды жарылқа	137
Жаратушы жарылқа	138
Қалады елес	139
Кейде көңіл елегзіп	139
Сен менің әнімсің.....	140
Асқақтатар ауылдасы	141
Жыр күйі, шіркін, мазалы	141
Бала ғашық	142
Данышпанның сөзіне кімдер иіп, ермеген?!	143
Салқын самал	143
Әдемі аспан	144
Шабьттанам	144
Қайта оралмас.....	145
Кім ұғады	145
Бұл сенің мәңгі қарызың	146
Ата бесік	146
Сәуір сәуле шапқанда	147
Биіктеп мен де барамын	147
Дініңе сен, бағала.....	147



Бір ғасырдан өттік-ау бір ғасырға	148
Ғылымның шамын жағайық	148
Әйел ана	150
Арасы... ..	150
Ана тілі.....	150
Өмірге тез	151
Сын - ақ.....	152
Ғасыр қарымы	154
Елік тағдыр	155
Бүгін дала көңілсіз	155
Күтемін	156
Жас Отан.....	157
Құр елес	157
Алашымның даласы.....	158
Қуаныштан жайнасын жүзің жарқын	158
Ақ кептер ұстатпай ұшты – ау	159
Тыңдашы тіл қатайын.....	159
Қыз– көктем.....	160
Кездесулер	160
Мезеттік бақыт	161
Мен мүсінмін.....	162
Дүние өтеді қас, қағым, бір сәтте	162
Мені есіңе аласың ба	163
Адамзат үшін үлкен үй.....	163
Ұқсастық.....	164
Көңіл көзі	164
Тау – Төңір.....	165
Фәлсәфалық ой.....	166
ӘНГІМЕ Бақытқа барар жол.....	169
АКИРЕК АҚЗЕР НҰРЛЫ АҚЫЛ	194
Төрттаған	209
ЫКАЯЛАР Күншуақел	213
Діндар.....	215
Тарбақ (суыр) –аң	219
Аққұс.....	222
Пенде. Ғұмыр. Дүние.....	224
ДАСТАН Сері ақын – Ақан.....	226





БЕРДАЛИНА
Тұрсынхан Жақыпқызы (Сембаевна)

НҰР СИПАТЫ

*Өлеңдер, әңгіме, һикайалар,
дастан*

IV кітап

Редактор
Түзетуші
Көркемдеуші

Қарлығаш ТОҚБАНОВА
Тұрсын СЕМБАЙ
Елизавета Маринина

Пішімі 60x84/16. Көлемі 15,5 б.т.
Таралымы 500 дана. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі Times New Roman.
«Tengri ltd» ЖШС баспаханасында басылып шықты
2652 -тапсырыс.
Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау даңғылы, 84-үй
Тел. 8(7212) 431954



